




Л2005  
5848 к



ҚАЗІРГІ  
АЙТЫС

БІРІНШІ КІТАП







Л 2005 / 5818 к

БК 82.3 (2 Каз)

К 22



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҒЫЛЫМИ АПАРАТЫ

# ҚАЗІРГІ АЙТЫС

БІРІНШІ КІТАП



**KUL TEGIN**

АСТАНА 2004

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
«Еуразия» гуманитарлық зерттеулер ғылыми орталығы

Жалпы редакциясын басқарған академик  
*Мырзатай Жолдасбеков*

Редакция алқасы:

*Қойшығара Салғараұлы, Рымғали Нұрғали, Ақселеу Сейдімбек,  
Несіпбек Айтұлы, Жүрсін Ерман, Аманжол Әлтаев*

Құрастырушылар:

*Иманғазы Нұрахметұлы, Серікзат Дүйсенгазин*

Қ 22 Қазіргі айтыс құраст. И.Нұрахметұлы, С.Дүйсенгазин -Астана:  
«Күлтегін» баспасы, 2004. - 1-кітап. - 312 бет.

ISBN 9965-642-04-4

Айтыстың бірінші кітабына соңғы он бес жыл көлемінде Республикалық  
және Халықаралық деңгейдегі өткен айтыстар енгізіліп отыр.

Ел Тәуелсіздігін, ұлттық рухты жырға қосқан бұл айтыстарды қалың оқырман  
қауым жылы қабылдайды деп сенеміз.

А 4702250205 -2 - 04  
00(05) - 04

ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-642-04-4 (1 кітап)  
ISBN 9965-642-03-6

© «Күлтегін» баспасы, 2004



## АЛҒЫСӨЗ

Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша ұлттық ерекшелік, дәстүр бар. Әр халықтың туа бітті болмысына, өмір кешу жағдайына орайлас қалыптасқан осы дәстүрлердің тозығын уақыт өзі екшеп, озығын ел кәдесіне жаратып жатса, мұның өзі адамзат көшінің жарасымымен ілгері озуына септігін тигізбек. Үшінші мыңжылдықтың аясында өз кемесінің желкенін керіп шыққан қазақ халқының ешкімге ұқсамайтын бітімі мен болмысын ажарлайтын ұлттық қадір-қасиеті аз емес. Соның бірегейі есте жоқ ерте замандарда туып, қалыптасып, дамып-жетіліп, бүгінгі күннің де өжетіне жарап отырған халық ауыз әдебиеті болса, оның ең бір өміршең жанры – айтыс та ұлттың ескірмес рәміздерінің қатарында жаңа ғасырдың табалдырығынан аттап отырғаны талас тудырмайды.

Ұлы ұстазымыз М. Әуезов: “Айтыс заманында өзге елдерде де болған. Парсыда “мұшайра”, арабтарда “мұғалләкәт” деген. Арабтардың көшпенді бөдәуилері қара сөзбен емес, үнемі олаңмен сөйлескен, қазақ халқының аса бір ұлы қасиеті сол қынаптан суырып алған қылыштай қолма-қол қнып айтатын айтқыштығында, айтыскерлігінде. Бұл қай халықтың алдында да мақтануға тұрарлық өнер”, – деген еді. Осы өнер қазір тек қазақ пен қырғызда ғана қалды. Әсіресе, қазақ ішінде үздіксіз дамып келеді.

Дала демократиясының жүзі қайтпайтын қаруына айналған ақындар айтысы ақиқаттың аузын буған не бір қатаң заманның өзінде хан мен төренің, би мен бектің бетіне қасқайып тұрып тіке айтқаннан айныған емес. Осылай тәрбиеленген халық “бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” деп, оны ұлттық моральдік кодексінің темір қазығына айналдырған. Ақындардың шымырлатып, шыңғыртып шындықты айтқан шумақтары қашанда халықтың рухын асқақтатты.

Сонау Қазтуған, Шалкиіз заманынан бері қарай ақиқатты айнымай айта алатын ақындық дәстүр желісі үзілмей жалғасып келіп, Сүйінбай, Жамбыл, Құлмамбет, Әсет, Біржан, Шоже, Кемпірбай, Нұрилла, Үлбике, Орынбай, Исаларға ұласса, бұл сол ғасырлар бойы әр рухын түсірмеген дәстүр сабақтастығының жемісі. Кешегі Кенес тұсының дәмін татып, қызыл саясаттың өтінде тұрған айтыскерлерге де өкпелеудің жолы жоқ. Өйткені олар сонда да атадан балаға мұра болған ақиқатты айту дәстүрінен жаңылған жоқ. Айтыс қай дәуірде де халық өмірінің айнасындай дидарынан, демократиялық табиғатынан таймаған өнер. Қоғамдық-әлеуметтік салада

айтыскерлердің назарынан тыс қалатын қалтарыс та, бұлтарыс та болмады. Баяғыдан келе жатқан айтыстың жазылмаған, бірақ, жұрт мойындаған кодексі осы. Осы ерекшелігі жойылған жерде айтыстың халыққа еш керегі де болмайды. Айтысқа саясат, билік араласса, онда ол өзінің қасиетін, қоғамдағы орынын жояды, қадір-қасиетінен айырылады. Кешегі кешестер дәуірінде сөз еркіндігі шектеліп, ақындардың аузына қақпақ қойылғандықтан, айтыскерлер өз ойын ашық айта алмады. Жалпылама айтылған сындар болмаса, нақты мәселелерге келгенде үкіметтің ресми саяси позициясымен септесуге тура келді. Сондықтан, айтыскерлер де айтысуға ынталы болмай, айтыс дамымай, тоқырау кезеңін басынан кешірді. Оның себебін сол айтыс демократиясына жасалған қиянаттан деп білген абзал. Дегенмен, сол заманда да айтыс қоғамдық пікірдің көшбасшысы бола алды. 40-жылдардағы Кенен мен Нартайдың, Болман мен Шашубайдың, Орынбай мен Маясардың, Доскей мен Қуаттың ең таңдаулы жырлары аталы сөздің алдындағы адалдықтың көрінісі болғанын сөз танытып кісі ұғынады. Бұлар бұрынғы ұлы ақындардың көзін көрген, суырып салма дәстүрдің бастауынан нәр алған адырна жақ ақындар еді. Оларды көре қалған кейінгі ақындар да шындықты айтудың ақындық парыз екенін жақсы түсінді. Орайы келген кезде опырып айтып, тоқпе жырдың тарпаң да таза табиғатын көрсетіп отырды. Осылайша әр кезеңде алдаспанын алмасқа суарған ақындық өнер кешегі тоқырау аталған заманның да жаназасын өзгеден бұрын шығара бастағанын көзіміз көрді. Құрсауы босап, уығы ыдырай бастаған қызыл империяның үкімін 80-жылдардың басында ақындар айта бастады. Осы тұста жаңа бір серпінмен қанатын қаққан жыр додасы жылдар бойы ішіне бүккен қуат күшін қайта бұлқынтты. Сөз киелерінің алдын көрген, өнегесін алып қалған Манап, Қалихан, Көкен, Көпбай сынды саңлақтар дәл осы кезде сахна төрінде саңқылдап, айтыс өнерінің жаңа дәуірін бастап кетті. Қазақстанның 60 жылдығы дейтін ойдан шығарылған мерекеге орай откізілген айтыстың және Кенен мерейтойына арналған 1983 жылғы айтыстың дүмпуімен атамұра өнер қайта дәуірлеп, талантты айтыскерлердің тұтас бір легі санатқа қосылды. Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Қонысбай Әбілов, Шолпан Қыдырниязова, Аяз Бетбаев, Мұхтар Құралов, Шынболат Ділдебаев, Әлександр Кәуенов, Қатимолла Бердіғалиев, Шорабек Айдаров секілді дарынды қыз-жігіттер ортесіне өскен қамыстай қаулап шыға келді. Ең ғажабы дәл осы тұста Қазақ Республикасының теледидары ақындар айтысына өлшеусіз ықылас танытты. Жаңа технологиямен жарақтанған телесарна салтанатты сарайларда айтыстар откізіп, оны бүкіл республикаға көрсетіп отыруды үрдіске айналдырды. Көп кешікпей облысаралық ақындар айтысы басталып кетті. Ақындардың іріктеу сайыстары откізіліп, оның жеңімпаздары облыстың намысын қорғауға шықты. Бірнеше жылға созылған бұл жыр бәсекесінде осынау өмірмен өнерге басшылары оң көзбен қараған Шымкент, Жезқазған, Торғай, Орал, Қызылорда секілді облыстар тұтас ақындық мектеп қалыптастырып үлгерді. Ақындар келешекте өздері айтысатын облыстарына сапарға шығып, ондағы шаруа жайымен танысып, нақты өмір фактілерін айтыс объектісіне айналдыруды дәстүрге енгізді. Қазақ теледидарының редакторлары ел ішіне шығып, таланттарды іздеп тауып, оларды үлкен



сайыстарға қосып, талабын ұштады. Жеңімпаз ақынға ат мінгізу дәстүрі де осы жылдары қайта жаңғырды. Алматыдағы үлкен сарайдың сахнасында торғайлық Жадыра Құтжанованың ақбоз тұлпарды тақымға басып тұрып жыр төккен сәті өлі күнге айтыс жанашырларының жадында. Көгілдір экранның күдіретімен әр қазақ үйінің төріне шыққан ақындар айтысы ендігі жерде өз кадрларын өзі тәрбиелей бастады. Теледидардағы айтыстан ауызданып, өлең жұптаумен көмелетке толған жас буын ақындар осы кезде республиканың әр ауылынан бой көрсетті. Бүгінде айтыстың абыройын асырып жүрген Аманжол Әлтаев, Мәлс Қосымбаев, Ақмарал Леубасва, Мұхамеджан Тазабеков, Кәрима Оралова, Серік Құсанбаев, Айнұр Тұрсынбаева, Оразәлі Досбосынов, Бекарыс Шойбеков секілді даусыз дарындар дәл осы кезде қосылып, жаңа жыр өрнегін тудырды. Қоғам да айтыс ақындарына ықылас таныта бастады. Оларға мемлекеттік деңгейде марапат жасалып, әр түрлі атақтар мен сыйлықтар тағайындалды. Айтыстың көркемдік дәрежесін жаңа сатыға көтеріп, суырып салма дәстүрді жаңғыртып, ел рухын биіктетуге айтарлықтай үлес қосқан төрт бірдей айтыскерге – Әселхан Қалыбековаға, Әсия Беркеноваға, Қонысбай Әбіловке, Әсімхан Қосбасаровқа – Қазақстанның халық ақыны деген құрметті атақ берілді.

Одан бергі жерде Шығыс қазақстандық Абаш Кәкенов Қазақстан жастар одағы сыйлығын иеленсе, Аманжол Әлтаев пен Мұхамеджан Тазабеков жастардың мемлекеттік “Дарын” сыйлығының иегері атанды. Бірнеше өнерпазға Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағы берілді. Осының бәрін атамұра өнерге көрсеткен лайықты құрмет деп түсіну керек. Жыл өткен сайын айтыс қанатын кеңге жайды. Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, дербестігін жария еткеннен бері Абай мен Жамбылдың 150 жылдық, Түркістанның 1500 жылдық, Тараздың 2000 жылдық мерейтойына орай өткізілген республикалық жыр сайыстары айтыстың жаңа сапалық дәрежеге көтерілуіне игі ықпал жасады.

1989 жылы Монғолияның, Өзбекстанның, Қырғызстанның, Ресейдің айтыскерлерінің қатысуымен Алматыда төрт күн бойы өткен халықаралық айтыс ұлт өнерінің ел мен елді жалғастыратын жасампаздық күдіретін жалпақ өлемге паш етті. Іле-шала ақындар айтысы Ташкентте, Бішкекте ту тігіп, бауырлас халықтардың арасындағы рухани көпірге айналды. Осы жыр думандарын өткізуге Рахманқұл Бердібай, Тұрсынбек Кәкішев, Нығымбет Ғабдуллин, марқұм Мырзабек Дүйсенов, Серік Қирабаев секілді ғалым ағаларымыз, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев секілді айтулы ақындарымыз белсене атсалысып, халық өнерінің абыройын асыруға өз үлестерін қосты.

Қазіргі нарық қатынастары заманында айтысты өткізу, оны теледидарда насихаттау көп қаражат шығынын қажет ететіні айтпаса да түсінікті. Осындай қысылтаяң кезеңдерде ақындық өнерге қол ұшып созып, меценаттық дәстүрдің қалыптасуына себеп болған біраз азаматтардың есімін ризашылық сезіммен атаймыз. Осылардың арасында М. Құл-Мұхамед, А. Ермеғияев, Б. Сапарбаев, Д. Тұрлыханов, Б. Әбілов, Н. Сәбилиянов, К. Бижапов, Қ. Мұхамеджанов, Қ. Сатыпалды секілді ұлтжаңды інілеріміз бар. Ұлттың ұлт болып үюына, өз-өзін танып, болашағын бағдарлауына ақындар айтысы

ерекше үлес қосып отыр десек, сол айтыстың көгілдір экран арқылы отбасына жетуіне “Хабар” агенттігі жабық акционерлік қоғамының үлкен қамқорлық жасап отырғанын айтпай кету әділетсіздік болар еді. Бұл телсарна 1997 жылдан бері “Айтысты” қанатының астына алып, Алматыда және облыстарда өткізіліп жүрген жыр сайыстарын айтыс жанашырларымен үздіксіз қауыштырып келеді. 2002 жылдан бастап “Айтыс” бағдарламасы “Каспионет” спутник жүйесі арқылы халықаралық деңгейге шығып, аптасына бір рет алыс-жақын шетелдердегі ағайындардың рухани серігіне айналып отыр.

Осы заманғы ақындар айтысы мазмұн, түр жағынан да өзгерді. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап айтыстың ежелгі дәстүріне құрмет көрсетіліп, айтыскерлердің еркін ой толғап, кең қосіле құлаштауына жол ашылды. Тілінің тұсауы кесілді. Соның нәтижесінде айтыс өнері тұла бойындағы қасиетін сақтай отырып халқымызбен қайтадан, жаңаша қауышты. Ақындардың ойы да, сөзі де шешілді. Еркін ойлайтын, батыл айтатын, бетінен ешкім қақпаған кең тынысты жас буын ақындар келді. Олар қоғамдық, әлеуметтік саладағы көлеңкелі тұстарды доп басып, дәл танып, жетер жеріне жеткізіп айтуға тырысты. Жеткізіп айтты да. Ақындарға бұл тұста айтар тақырыпты да доуір өзі даярлап берді. Арғы бодаңдық қамытын алған киген кезеңді айтпағанда, кеңестер одағының құрамында болған 70 жылдық саяси тар шеңбер, экономикалық қысым, рухани бұғаудан енді құтылған жас мемлекетімізге кемелденіп толысудың жолы бұралаң болды. Алдында ауыр міндеттер тұрды. Тәжірибенің аздығы, экономикалық, өнеркәсіптік негіздің әлсіздігі салдарынан алғашқы жылдарда қоғамдық құрылыста жаңсақ басылған қадамдар, жетенсіз жерлер үнемі кездесіп отырды. Ол тек қана мемлекеттің емес, жеке кәсіпкерлердің де, саяси тұлғалардың да басынан өтті. Бұғаудан құтылған жұрт болса, елдің бір-ақ күнде дүниедегі озық елдердің қатарынан көрінуін армандады. Осы ойдың кошбасында ақындар жүрді. Сойтіп, ақынның айтамын, жеткіземін дегенін заман өзі жасап берді. Сондықтан айтыскерлер ел өміріне қатысты кемшіліктерді айта қалса, жұрт қолдап өксітіп отырды. Бұл ақындардың ел алдындағы беделін көтерді. Еркін ойды ақтара айтқан, көксііндегісін тапқан ақындарын жұрт аңсап қарсы алды. Ақындардың ағат басқан, асыра сілтеген, байыбына бармай байбалам салған, жеткізе айта алмаған кездері де болды. Оған да жұрт кешіріммен қарады. Тіпті, айтыста көркемдік тәсілдерді пайдалануда көбінесе теңсуді келсіп-келмесін қолдана беру, жылтыр сөз, арзан ұйқас қуалау екінің бірінен кездесіп жатты. Айтыскерлердің өлеңдерінде логикалық бірлік болмай, ұйқасқа мән береміз деп өлеңнің ішкі тұтастығын жоғалтып алып жатты. Ақындарымыздың біразы жандай шабуға, дастан айтуден өуестеніп, ой ұстап, ұстасып айтысуға машықтана алмады. Бір ақын халық тұрмысының көлеңкелі жақтарын, әлеуметтік саладағы олқылықтарды айтса, екіншісі де соны қайталаумен өуестенуде. Екі ақын бір пікірді жарыса жырлау дағдыға айналды. Қарсыласы қоғамның көлеңке жағын сынға алса, екіншісі оны ақтауға тырыспайды. Тіпті соның айтқаны ақиқат болған күннің өзінде де тапқырлықпен оның ойына тойтарыс бере алмайды. Осы талапты біз ақындарға айтыс үстінде қоя алмаймыз, азды-көпті әлеуметтік саладағы кемшілікті айтқан ақынға жығыла кетеміз де,

халықтың рухани және әлеуметтік саладағы серпілісін айтқан ақынды саясаттың құлындай көрсеміз. Ақынның шешендігін, тапқырлығын бағалау керек. Қоғамдық, әлеуметтік саладағы кемшілікті айтатын ақындар түгел тапқыр емес, олар айтып отырған кемшіліктер журналистер өлде қашан-ақ жем қылып езіп тастаған фактілер. Ақынның айтқан ойының дұрыстығына ғана емес, логикасының күшіне де, тапқырлығына да мән берген жөн. Осындай себептерге байланысты ақындардың тапқырлығынан гөрі әртістігі басым орысқа шығып барады. Айтысып отырған ақын жайына қалып көпке арнап толғау айту әдетке айналып барады. Ақынның қарсыласына айтқан ауыр сөзін өріптесі де, бағалаушылар да, тыңдаушы жұрт та дұрыс қабылдай алмайды. Айтыс дегеніміз аяушылыққа құрылған өнер емес, ол қайткенде де бірі жеңіліп, бірі жеңетін өнер. Бұл өнер сайысы. Күрескен екенсің жығуың керек, сонда сенің күшті скенінді ел таниды.

Қазіргі айтыстарда қайталау көп, әсіресе сөзге өуестену басым. Бір айтқанын ұмыттырып жіберіп, басқа айтыста түгел қайталау дағдыға айналып барады. Ауыздан шыққан сөздің елге тарайтынын және де оны жұрттың көбінің есте ұстайтынын задында ақындар ұмытпағаны жөн.

Ақындарға тән олқылықтың бірі – ырғақтағы кедейлік. Осы кезде ақындардың үнемі айтып жүрген ырғағын бірнеше топқа бөлуге болады. Серік Құсанбаевтың ырғағы, Мұхамеджанның ырғағы, Мэлстің ырғағы, Аманжолдың ырғағы, Ақмаралдың ырғағы, Оразөлінің ырғағы. Бұлар да ақындардың өздері жасап алған ырғақ емес, көбіне халықтық ырғақтар. Айтыскерде өзіндік бет болу, айтыста сол өзіндік бетімен көріну баяғыда дәстүрге айналған. Қазіргі ақындардың өзіндік “мені” әлсіз. Көбі қарсыласын мақтаудан бастайды. Айтыскер қарсыласын мақтаған кезде оны өз мақсатына жету үшін ғана мақтау керек. Мақсатсыз мақтай беру – өзін-өзі кемсітудің, орынсыз қорланудың бір түрі. Өзіне сенбеген, қарсыласын өзінен жоғары қойған ақыннан жеңіс күтуге болмайды.

Айтыскерлерге тән тағы бір кемшілік – қоғамның жақсылығын көрмей, ылғи ғайбаттау. Қоғамның мінін айтқан теріс емес, бірақ, тауып айту керек. Содан қорытынды шығатындай етіп айту керек. Тәуелсіздіктің елге берген құндылығы аз емес, біздің ақындарда осы жағын айту жетіспейді. Өз жетістігімізді өзіміз айтпағанда оны кім айтады. Ақындарсыз да аяқтан шалатын күншілдер қоғамда жетеді. Ақындардың парызы – аталы сөз айту. Артына өнегелі сөз қалдыру. Дайын іске мінші көп дегендей, кемшілік айтуға, қоғамды сынауға бәрі де шебер. Ұрпаққа, келешекке қалар аталы сөзді кім айтады. Жоқты-барды сахнада езіп отырып алу қаншалықты қажет? Қоғамға қазір өрелі ой, көшпелі сөз керек болып тұр.

Осы айтылғандардың бәрі бүгінгі айтыстың табиғатын, болмысын танытады.

Баяғыда айтыс жиналған елдің ортасында өткен, уақыттан шектелмеген, ақындар қандай ырғақпен қалай айтса да өз еркінде болған. Қазір айтыстың бәрі уақыттың құрсауына түсті. Жарты сағатта ақын не айтарып білмей сасқалақтайды. Сондықтан да келсін-келмесін алдын ала жұптап келгендерін айтады. Басқасын қайдам, біздің ақындарымыз бұған әбден төселіп алды. Төселгені сонша, екі сағат айтысасың десе, сол екі сағатта айтатын сөзін

түгел жаттап келеді. Халыққа жаттанды сөз емес, суырып салып айтатын, көз алдында туатын нағыз өнер керек.

Айтыста өлең айту өз алдына, айтқан сөзін халыққа жеткізе білу ақыннан үлкен шеберлікті талап етеді. Біреулер осал сөзінің өзін жеткізіп айтып, жұрт ықыласын аударып жатса, біреулер тәп-тәуір сөзін жеткізе алмай жатады.

Айтыскерлердің ішінде ерекше бағалайтын жігіттеріміздің бірі – Бекарыс Шойбеков. Ол маған ұтымды, нақты айтатындығымен, дәмді сөзімен ұнайды.

Әсиямен айтысында жеңешесінің жасы келіп қалғандығын “Базардан келе жатып жолықтың-ау, Базарға бара жатқан баламенен” деп қалай өдемі айтқан.

Мұхамеджан Тазабековпен бір айтысында Алматы қаласының тозып бара жатқанын:

Алдамшы қорлар менен қулар да көп,  
Қалың елге баратқан азабы өтіп.  
Бұл жақта сендер бар деп сенуші едік,  
Көрінгенге қоймас деп мазақ етіп.  
Япыр-ау, ару қала Алматымды,  
Не күйге түсіргенсің, Тазабеков, –

деп жеткізіп айтады. Бұл айтылған олықшылықтардың бөріне Тазабеков айыпты емес, алайда, Алматы қаласының атынан айтысып отырған соң кінәні Мұхамеджанға таңып отыр. Жалпы Бекарыстың айтыстарында мұндай опырып айтатын тұстар жетерлік. Айтысқа ең керегі не дегенде осындай ұтымдылықты айту керек. Неге екені белгісіз кейбір ақындарымыз секілді бұл інім де айтыстан бірте-бірте қалып барады.

Айтыс қашанда халық өмірінің айнасы дегенде айтыста көтерілетін өлеуметтік тақырыптарға байланысты ғана айтуға болмайды. Айтыста тіл тазалығы да ерекше көңіл бөлуге тұратын фактор. Бұл жағынан келгенде Оразәлі Досбосыновтың көбінен шоқтығы биік. Әсіресе, ауыл өміріне қатысты келісімді сөз тіркестерін, ұмыт болып бара жатқан ескі сөздерді тірілтіп ұтымды пайдаланып, халықтық образды сөйлеу үрдісін айтыста тапқырлықпен жетілдіруі көп жерде ақынның мерейін үстем етіп жүргені жұртқа аян.

Халықтың рухани өміріндегі ауытқулар мен серпілістер де айтыскерлердің назарынан қалмайтын негізгі тақырыптардың бірі. Мұхамеджан Тазабеков, Бекарыс Шойбековпен айтысында: “Мәсінің қонышындай тар заманда, Кебежедей көңілін кең сақтаған” – депті. Бұл жерде Мұхамеджан өтпелі дәуірдің қиыншылығын көріп, экономикалық қыспақта отырса да, халықтың рухани байлықтан айырылмаған дегдар тектілігін айнытпай өрі өте өсерлі жеткізген.

Қазіргі айтыстарда бұрынғыдай ақындардың бірін бірі кеміту, азаматтың намысына тиетін ауыр сөз айту жоқ. Бұл айтыстың моральдық жақтан толысып, кемелдене түскенін көрсетеді. Баяғы айтыстарда ақындар рудың сөзін сөйлеп, сойылын соғатын; сондықтан рудың намысына тиетін ауыр сөздер айтылатын. Қазіргі ақындарға ондай ымырасыз қазысудың қажеті шамалы, өйткені қазір ру атынан емес, ұлт атынан сөйлеу дәстүрге айналды. Бұл тұрғыдан алғанда айтыстың көшін бастап жүрген ақындарға айтар өкпе

жоқ. Айтыскерлердің көбі жұрт күткен межеден шығып жүр.

Елге өнеге боларлық бөтуалы сөз айтып, үлкендерге ой салып, жастарға үлгі болған Мұхамеджанды қазіргі айтыстағы құбылыс десе де болады. Айтыстың туын желбіретіп, көкке көтерген де осы Мұхамеджан. Оның ойы да терең, сөзі де терең. Мұхамеджан жұртты елең еткізіп, жарқ етіп шықты. Айтысып отырған ақынға мін тақпай, көшелі ой толғау, елдің рухани толысуын айшықтап көрсету, ел ішіндегі келеңсіз құбылыстарды да дәл басып, тайға таңба басқандай қылып, маңдайға ұрып отырып айта білу Мұхамеджанға тән қасиет. Бекарыс Шойбековпен айтысында:

Қазағым, кейде рас, Құлагерсің,  
Құлагер қашанғы енді құлап өлсін.  
Жарнамаға алданған жастарымыз,  
Көңіліне қалай иман шуақ елсін.  
Патшаға шындықты айтар ақсақал жоқ,  
Оған да, халық, өзің куәгерсің.  
Шал басымен қыз қуып, шарап ішсе,  
Аузында қайдан оның дуа болсып, –

деп, қоғамдағы етек алған дертті дәп басып, дәл айтады. Айтыс өнерінің мақтанышына айналған ақберен ақын Аманжол Әлтаевтың тыныстылығы, тапберме тапқырлығы да, ата салтымен айтысатын қасиеті де халықтың көңілінен шығып жүр.

Айтыс – еріккеннің ермегі емес, биік өнер. Ол – сөз бен ойдың, тапқырлықтың шыңы. Сондықтан да айтыскерге терең білім, үлкен даярлық керек. Айтысқа әр ақын өзінше дайындалады. Бұл баяғыдан солай болатын. Тарихты зерделейді. Қоғамдық ой қалыптастырады. Ата сөзін жинайды. Шежіре ақтарады. Азаттық таңы астындағы ақындар осы үрдісті оған ары дамытып, халықтық мәселелерді көтеруді айтыстың ажырамас бөлігіне айналдырды. Түре айтыс па, сүре айтыс па, бөріңде де әлеуметтік мәселелер кең қамтылады. Бұл үрдістің орнығып қалыптасуында атақты ақын Мұхамеджан Тазабековтың орны ерекше. М. Тазабеков – айтысқа күшті даярлықпен келетін ақын. Әр кезекте өзі туралы, қарсыласы туралы және тыңдарман жұрт туралы қатарынан ой қозғап отыру Мұхамеджанның айтыстағы өзіндік стилі болып қалыптасты. Осы заманғы айтыстың көшбасшысы болған ақынның тағы бір ерекшелігі айтар сөзге де, ойға да бірдей мән беріп, қапысыз даярлық жасауынан көрінеді. *“Серкесіз өрген қойдай бытырайды, Ақылсыз айтылған сөз айтыстағы”*, – дегені ақынның айтыстағы ұстанымын танытады. Әр ақында осындай талап, осындай ұстаным болса, айтыс өнерінің еңсесі түсе қоймасы анық. Айтыстың мазмұнын байытып, көрік берген Мұхамеджанның да жанкүйерлерін айтыстан адастырып кеткені өкінішті-ақ.

Айтыскер қыздардың қатарынан Ақмарал Леубасва мен Айнұр Тұрсынбаеваны ерекше атауға болады. Артық, бос сөзге көп бара бермейтін, тапберме қалжыңымен-ақ қарсыласын сүріндіріп, тұқыртып отыратын Айнұр Тұрсынбаева кейінгі кездерде ұсақталып барады. Айнұрды біз бір рудың қызы деп құрметтемейміз, қазақтың ақыны деп құрметтегенбіз. Ақмарал болса өзінің шыққан биігінен еңкеймей, айтыстың дәстүрін сақтап.

тыңдаушының жетесіне жеткізіп, сүйегінен өткізіп айтып жүр еді. Неге екені белгісіз, кейінгі кезде коштен қалған тайлақтай, Ақмарал да айтыстан қалып барады.

Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі айтыс мектептерінің өзіндік ерекше белгілері де жоқ емес. Бұл ежелден келе жатқан айтыс дәстүрінің жалғасын танытады. Арқа мен Шығыстың ақындарының олеңдері баяғы Дулат, Кемпірбай, Әсет, Жанақ, Көрібай, Біржан, Ақан, Арғынбектер салған жолмен төрт аяғын тең бастырып айтатын, ұйқасы да, логикасы да шымыр өлең өлшемімен көрінсе, Оңтүстік Қазақстанда Сүйімбай, Жамбылдар салған токпе, шұбыртпалы ұйқасты, кең тынысты жыр үлгісі тараған. Батыс Қазақстанда жыраулық пен жыршылықты қатар ұстанған эпикалық сарын басым. Осы дәстүрді ұстанған Мәле Қосымбасовтың да айтыста өз өрнегі бар. Жауаптасудың арасында еркін көсіліп, толғау айтып отыратын айтыстағы бұл үрдіс те тыңдарманды желпіндіріп отырады. Қазіргі заман айтыскерлерінің тағы бір ерекшелігі – әр дәстүрді бірдей меңгерген ақындар шыға бастады. Бұл ретте Шығыс пен Батыстың дәстүрін қатар ұстанған Дәулеткерей Көпұлын ерекше атауға тұрады.

Қазақ айтысының заманға сай жетістіктерінің бірі – тыңдаушысын күлкіге қарық ететін сатиралық деңгейінің айтарлықтай жоғары көтерілуі. Бұл да қыз бен жігіт өзілдерінде көп қолданылатын бұрыннан бар үрдіс. Бірақ осының деңгейі көтерілмей келеді. Айтыстағы сатира мен жеңіл өзіл тыңдарманды желпіндіріп, сергітіп тастайды. Бүгінде көрермендердің көбі айтысқа демалысқа бола баратыны жасырын емес. Өзіл-қалжың аралас айтыстың дамуына әжептәуір үлес қосқан Есенқұл Жақыпбеков пен Балғынбек Имашевтардың орны бөлск. Әлеуметтік саладағы келеңсіздікті де, қарсылас ақынның қалт кеткен осал тұсын да қас-қағымда өткір сатираға түсіріп үлгеретін, қарсыласының жанын ауыртпай, көрермендердің көңіліне қаяу түсірмей, күлкіге қарық қыла отырып, жеріне жеткізе айтатын Балғынбектің естен шыққысыз талай шумағы бар. Бір айтыста Иманғазы Нұрахметұлына:

Монғолдан келді ағайын,  
Монғолды ертіп келген жоқ.  
Пәкістаннан келді ағайын,  
Ұрдуды ертіп келген жоқ, –  
деп термелсей келіп,  
Сен келіп ең артыңнан,  
Қара қытай қаптады,  
Сен кімсің деп тергеу жоқ.  
Шынын айтам ағасы,  
Ағайынның өзіндей,  
Құйрықтысын көргем жоқ, –

деген шумағы өлі күнге жұрттың есінде.

Проблеманы көтеру, әріптесінің жанды жеріне тигізіп айту бір басқа, соншалықты ауыр сөздің салмағын түсірмей әрі ащы өжуамен айту да есті кісіге үлгі болардай.

Ринат, Рүстем, Сарадай жастарымыздың бұлттап шыққан күндей жарқырап шығуы – айтыстың үзілмейтін алтын жіп, қордалы өнер скендігінің, ата мұраның жалғаса беретіндігінің куәсі.

Жаңа шыққан жас ақынды жалт еткен бір ауыз сөзіне бола аспандатып жіберу өдетке айналып барады. Жастарды қолдаған дұрыс, бірақ, артық марапат, орынсыз қолдау таланттың түбіне жететінін де ұмытпауымыз керек.

Айтыс – қазақ халқының ежелден тұтынып келе жатқан төл өнері; хан деп, қара деп бөліп жатпай, мінін бетіне басып, шыбын жанын шырқыратып шындықты айтатын дегдар өнер. Сондықтан да оған алақанына салып өлпештеп ұстайтын, шындыққа тура қарай алатын дегдарлық керек. Шүкір, бұл дегдарлық біздің халқымызда бар. Халқымыздың бүгінге дейін айтысты асқақтатып, өлпештеп отырғаны ұлттық демократиямыздың жоғары деңгейін көрсетеді. Қытай жазбаларында Таң патшалығы дәуірінде түркілердің “қыса” (қаса-қазақ) тайпасы домбырамен айтысады деп жазылғанын ескерсек, айтыс өнерінің тарихы біздің халықтық тарихымызбен тамыры бірге, тереңде жатқанын көреміз.

Айтысқа жанашырлық, қамқорлық керек.

Халқымыздың осы төл өнеріне тұтас саналы ғұмырын арнап келе жатқан азаматтың бірі, бірегейі – Жүрсін Ерман. Жүрсін айтысты тұралап жатқан жерінен демеп тұрғызды, жабыға айналған (жаттап алып айту дәрежесіне түсіп қалған) саңлақ өнерді бақты, қақты, бабына келтіріп бәйгеге қосты, салтанатын асырды. Айтыс өнерінің бүгінгі деңгейге жетуін Жүрсін Ерманның еңбегінен бөліп қарауға болмайды.

Айтыс дегенде делебесі қозатын бәйге атындай тыпыршып тұра алмайтын нағыз айтыс сүйгіш қазақтың саны бүгінде азайды. Оның парқын білетін, айтысты қолтығынан демей алады-ау дейтін жігіттер, неге скені белгісіз, осы өнерден сырт айналып қашып жүр. Тіпті айтысқа қатысуды ар санайтын бауырларымыз да арамызда жоқ емес. Олардың осынысы өз ата-бабаларының рухына, аруағына еңжар қарайтындықтарын байқатады. Ілгеріде айтыс ақындарын доулеттілер үкілеп, алақанына салған. Сөйтіп сайысқа қосып отырған. Ал, біздің бүгінгі қолының кірі бар інілеріміздің ата мұрасына мойны бұрылмай отыр.

Айтысты өсіретін – орта. Ендеше, айтыстың рухын көтеретін биік деңгей, ықыласты көпшілік, зиялы қауым керек. Бұл бір ғана Жүрсіннің меншігі емес, ұлттың, халықтың ортақ мұрасы. Айтыс қай заманда да ел жиналған, ел ағалары, игі жақсылар қатысқан ұлы жиыш-тойларда өткен. Айтыстың өзі оқиға болып саналған. Қазір айтыс ауыл аралап кетті. Кез келген жерде домбырасын құшақтап жүрген ақындар ел ақтаған диуананы еске түсіреді. Бір жетіде үш-төрт айтысқа қатысатын ақындар бар, ондай ақын елге не айтады, ондайлардан не күтуге болады?

Халық үшін өнер қуып жүрген ақындардың өнер көрсеткені де, өзіне лайық сый-құрмет көргені де жөн. Оны ешкім қызғанбайды. Айтыстың көп өткеніне емес, сапасының томендеп бара жатқанына алаңдаймын. Бір ақынмен бір ақын қайта-қайта айтыса бергеннен не пайда? Баяғының ақындары өмірінде бір-бірімен бір-ақ рет кездескен. Және ол айтыс тарихта

қалған. Сүйінбай мен Қатаған, Айкүміс пен Жамбыл бір-ақ рет айтысқан жоқ па? Айтысты да, айтыскерді де жұрт сағыну керек. Қазір айтыстан жұрт жалыға бастады. Айтыстың қадірін кетіріп алмауды қатты ойлағанымыз жөн.

Айтыстағы өлең мінсіз болу керек. Өлеңінде ұйқас, ойында тиянақ жоқ, өресі төмен ақындарды ел алдына шығармау керек. Нені, қалай айтуды екшейтін де мезгіл жетті. Нашақорлықты, жезөкшелікті, ішімдікті, тіл тағдырып қашанғы айта беруге болады? Жаңартып айтса бір басқа, өбден тапталды болған жоқ па? Заман өзгерді, ақындар да өзгеру керек.

Айтыстың ендігі болашағы қалай болады деген мәселе де толғандырмай қоймайды. Қазақпен бірге жасасып келе жатқан осы бір аяулы өнер – айтысты мемлекет қамқорлығына алатын кез жетті. Айтыскер ақындарға тәрбие де керек, қамқорлық та керек.

Ақындық мектептерді ашып, ақындардың өздерін де оқытып, білімдерін де жетілдіріп отырған жөн.

Тәуелсіздік таңы аясында өткізіліп келе жатқан ақындар айтысын теледидардан көріп, тамашалау халықтың рухани қажетін қанағаттандырғанмен, айтысты зерттеуге ынтасы ауған жастардың қажеті отелмей келеді. Оның үстіне айтыс бүгінгі тыңдарманның ғана дүниесі емес, ертең келер ұрпаққа керек мұра. Теледидардағы айтыс мәтіндері жазылған касеталар тозып, ондағы айтыстар жойылып барады. Қазіргі айтыстың екі томдығын даярлау үстінде көптеген қиындықтарға кезіктік. Әуелгі, сексенінші-тоқсаныншы жылдардағы елді елең еткізген, қалың елаңсап қайта қауышқан айтыстар қолымызда жоқ болғандықтан, бұл жинаққа енбей қалды. Оның біразы ошкен, бірқатары табылмады. Табылып жатса, алдағы жинақтарға енгіземіз деген үміт бар. Бабалардан қалған аталы өнерді кейінгі ұрпаққа табыстау – бүгінгілердің міндеті. Сол игіліктің басы болсын деп айтыстың екі томдығын жариялап отырмыз.

Осы айтыстарды сақтап, жинақтап қағазға түсірген, баспаға әзірлеуде қол ұшын берген Жүрсін Ерманға, Несіпбек Айтұлына, Иманғазы Нұрахметұлына, Серікзат Дүйсенғазинге шын жүректен алғысымды айтамын.

*Мырзатай Жолдасбеков*







## АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВ ПЕН ЖІБЕК БОЛТАНОВАНЫҢ АЙТЫСЫ

### АМАНЖОЛ:

Армысың, қалың қараш, ардақты елім,  
Армысың, қарт Алатау, саңлақ белім.  
Сиынып ата-баба аруағына,  
«Ақжол!» – деп сөз бастайды әр уақта ерін.

Кеудемнен ақтарылған алтын өлең,  
Ақынның біреуі едім нарқы берен.  
Алдыңда басымды иіп тағзым еттім,  
Ордалы ақындардың салтыменен.

Алаштың аян тұттым баталарын,  
Даламның тұғыр тұттым жоталарын.  
Иіген аруанадай асыл халқым,  
Алдыңа келді, міне, боталарың.

Кең болсын әр қазақтың керегесі,  
Ешкімнен кем болмасын кенересі.  
Есігін жаңа ғасыр ашар сәтте,  
Алланың аз болмасын берекесі.  
«Ағайын, құтты болсын!» деп айтамын,  
Елімнің Тәуелсіздік мерекесі!

Айбын бар қазақ деген арыс елде,  
Төзім бар қазақ деген талыс елде.  
«Аллалап!» керуенді біз түзедік,  
Іргелі қадам басып алыс өрге.

Әлемнің көшін бастап жерұйыққа,  
Айшалар күн тусыншы барыс елге.

Бұл ағаң жақсылықты байыптады,  
Ақынның арзап болмас айтқаны.  
Еркелеп Алатауға кеп отырған,  
Армысың, Жібек сұлу, Жайықтағы.

Жігіт ем нөкер сайлап жорық құрған,  
Өнердің қасиетін мол ұқтырған.  
Алдыма ару ақын кеп жатқанда,  
Кезім жоқ ақ тілектен торықтырған.  
Мінеки, Аманжолмен бір сырласшы,  
Жібек қыз, бек шағында толып тұрған.  
Алланың ақ ниеті дұрыс екен,  
Қайтадан екеуімізді жолықтырған.

Ақындар Алатауға жол қылғандай,  
Керуенді салтанатын мол қылғандай.  
Дегенмен, мәз-мәйрам боп мен отырмын,  
Қолыма көгілдірді қондырғандай.

Мен болсам бір ағаңмын нар атандай,  
Сен болсаң, ақын қызсың дара таңдай.  
Томпиып отырысың қаңдай жақсы,  
Жарыққа жаңа шыққан балапандай.

Шырақты Алатауға жақшы дедім,  
Толқының толастамай ақшы дедім.  
Ал, енді тізгінімді мен тартайын,  
Қанатты көгілдірім қақшы дедім.

### **ЖІБЕК:**

Әнменен, олеңменен таңды атырған,  
Думаншыл менің халқым сан ғасырдан.  
Исатай, Махамбеттің ұрпағымыз,  
Сойылды ат үстінен алмастырған.

Абыздар астаналық есен бе екен,  
Асыл ой, ардақ сөзді жалғастырған.  
Ақ басты Алатауым, ар ма екенсің,  
Төрінде Алматының малдас құрған.

Қазағым ақылға бай, көсемсің ғой,  
Ал, енді тілге келсең, шешенсің ғой.  
Айналған алты алаштың арманына,  
Алматы мәңгі жұмақ мекенсің ғой.  
Астана ауысқанымен Ақмолаға,  
Орнында Алатауым екенсің ғой.

Көзінде қыздарының күлкі ойнаған,  
Думанды жігіттері түн тойлаған.  
Сәлемін алып келдім Ақ Жайықтың,  
Қой бағып, түйе сауып, жылқы айдаған.

Ауылдан келген едім дауылдатқан,  
Далаңнан келген едім жауындатқан.  
Атамыз қазақ біздің жат адаммен  
Бас қосып бір шай ішсе бауырласқан.  
Ағайын, армысындар, қар түскенде  
Соғымды дәмететін ауылдастан.

Көңілі халқымыздың ортаймаған,  
Уәдеден дос бұзылып, жар таймаған.  
Екі ақын айтысқанда ортасында,  
Дариға, қымыз қызып, шай қайнаған.  
Сол кезде ақсақалдар тақиясын  
Қиықсыз қолына алып пай-пайлаған.  
Жайықтан ақын қызың тағы келді,  
Өлеңді айтқан кезде айқайлаған.

Армысың, Аманжолым, ардақты ағам,  
Әр сөзін таразыдай салмақтаған.  
Қомданып отырсың ғой екі көзің  
Секілді қыран бүркіт қан қаптаған.

Менсінбей қарайсың ғой аласаға,  
Өзіңе тәкаппарлық жараса ма?  
Қамкөңіл мына біздің халайықты  
Батырып кетеміз бе тамашаға.  
Армысың Аманжолым деп айтайын,  
Ел-жұртың, аман ба екен, бала-шаға?

Дүйім жұрт ел-халқыңды саялашы,  
Сезімді жылы менен аямашы.  
Жарыққа талпынамын балапандай,  
Ал, енді күн болып сен аялашы.

### **АМАНЖОЛ:**

Қыз едің қырдағы елдің ырысындай,  
Жақсы ақын әз алаштың тынысындай.  
Жібек қыз, жанарыңнан айналайын,  
Жарық еткен Махамбеттің қылышындай!

Толқындап кемеріме сыймай тұрмын,  
Әзірге айылымды жимай тұрмын.  
Қырандай көз қанталап кетсе-дағы,  
Бүруге сені, қалқам, қимай тұрмын.

Жақсы ақын қарт Бұқардай кең толғайды,  
Перзентін тұғыр болып ел қолдайды.  
Алашқа жақсы сөзді тарту етсең,  
Ауылдың соғымынан кем болмайды.

Сауықты ағаң енді құратындай,  
Керуенін саған қарай бұратындай.  
Ал енді “Аллажарлап!” – мен шабайын,  
Кешегі Ақандардың құла атындай.  
Өзінді, Жібек сұлу, көрген сәтте,  
Қырық күн аш жүрсе де тұратындай.

Жарқ еткен жөні бөлек ақ алмастың,  
Шабьтсыз арғымақтай шаба алмаспын.  
Жер шарын жеті айналып шықсам-дағы,  
Шаһарды Алматыдай таба алмаспын.

Болсын деп жақсылықтың бастамасы,  
Арқаға көшті елдің астанасы.  
Арқаға астанамыз көшкенімен,  
Алматы – алты алаштың бас қаласы.

Сөзіміз, Жібек сұлу, теңіз болсын,  
Арқаға Алатаудан бек із болсын.  
Әлемді сәулетімен таңқалдырған,  
Алматы Астанамен егіз болсын.

Қырандай ағаң қанат қомдап еді,  
Аласа ұлы өнерде болмап еді.  
Жайықтың Жібегіне сәлем айт деп,  
Сарыарқа сағынышын жолдап еді.

### **ЖІБЕК:**

Төселген шарпысуға ақындардай,  
Отырмын алдында өзір батылданбай.  
Қолыңа бұл айтыста қондыратын,  
Сарадай сұңқылдаған тотың қандай?  
Жылынып жүрегім де бара жатыр,  
Біржанның өзі келіп отырғандай.

Төңірдің түзу түсіп бүгін ісі,  
Төгілсін кестедей боп жыр үлгісі.  
Белгілі аспандағы ақиыққа,  
Жердегі ақ түлкінің жүгірісі.  
Ұтылып арзан сөзден қалмас деймін,  
Мәншүк пен Әлияның сіңілісі.

Аңшыдай саят шығып құс салатын,  
Келеміз ақындықтың ұстап атын.

Қанша шешен болса да Жиреншені,  
Қарашаш хан алдында құтқаратын.

Кімдер бар көктем келсе жасармаған,  
Дүрсілін жүрегiнiң баса алмаған.  
Кемеңгер, данышпан боп Аязби де  
Әйелдiң ақылынан аса алмаған.

Келемiз бiз жастықтың желiменен,  
Жастық та жарасады теңiменен.  
Көргенде Ақжүнiстей аруларды,  
Ер мiнез Ертарғын да емiренген.

Нарқыздар жауға шапса қайтпас едi,  
Аңыз қылып ел бекер айтпас едi.  
Қыздарға табынбаса Мұқағали,  
Арызын Фаризаға айтпас едi.

### **АМАНЖОЛ:**

Айналдым, қарындасым, көрегенiм,  
Тiлеймiн кең болғанын керегенiң.  
Қарындас, өзiңе сай болсын деймiн,  
Өмiрде таңдап тапқан Төлегенiң.

Мен көрдiм бұлбұл күсты ормандағы,  
Тотының табылмайды тордан бағы.  
Жiбек қыз, өзiңменен толықсыншы,  
Кешегi қыз Жiбектiң армандары.

Жетiсу хан түсетiн жер емес пе,  
Iргелi қазақ деген ел емес пе.  
Қарашаш, Меңдiсүлу болсаң-дағы,  
Қалқам-ау, ердiң аты ер емес пе!

Ризамын, қарындасым, толғамыңа,  
Өмiрде айналайын қорғаныңа.  
Ағаңның алдын кесiп не қыласың,  
Соңымнан ере бiлсең болғаны да.

Аманжол аталы сөз толғай келсін,  
Алашқа қазынасын жолдай берсін.  
Жайықтың ерке қызы Жібекжанды  
Ағасы ықыласпен қорғай берсін.  
Мәншүк пен Әлияның аруағы  
Өлеңнің майданында қолдай көрсін!

Жалғашы аналардың ізгі арманын,  
Тілеймін ел үміті қыз болғанын.  
“Аман бол, қайда жүрсең!” – деп тілеймін,  
Алаңсыз бүршік жарған, қызғалдағым.

### **ЖІБЕК:**

Мен бүгін Жайық болып тасынамын,  
Ағажан, әзіл сөзге жасымағын.  
Қарындас қылығынан қымсынбасаң,  
Еркелеп, мойыныңа асыламын.

Айтыстың әліппесін жаттағанмен,  
Үмітін анашымның ақтағанмен,  
Қыз бала оң жақта көп отыра ма,  
Бал беріп, балапандай баптағанмен.

Көздері жігіттердің көп түскесін,  
Сүттің де дәмі кетер көп піскенсін.  
Оң жақта омалып көп отырмадым,  
Қып-қызыл жүрегіме шоқ түскесін.

Келін бе ерте тұрып, жай жатпаған,  
Шоқ салып самаурынға қайнатпаған.  
Қолыма шелек ала жүгіремін,  
Бұзауды байлап қойып ойнақтаған.  
Қолымда бірде кесе, бірде қалам,  
Шайымды кім ішпейді қаймақтаған.

Ағажан, басқан ізім білінбейді,  
Қазандық әуенімен уілдейді,  
Тасқұман мені көрсе күлімдейді.  
Қолымнан түспеген соң сыпырғыш та,  
Таянсам босаға да дірілдейді.

Теріні ширықтырар ій дейді ғой,  
Қыздарды қырық үйден тый дейді ғой.  
Табаға салған кезде бауырсағым,  
Қосылып маймен бірге билейді ғой.  
Содан соң секіргенде табағыма,  
Ішінде біреуі де күймейді ғой.

Көңілін алғанымның табамын деп,  
Әйтеуір шабамын кеп, шабамын кеп.  
Ертемен шай құюға асығамын,  
Атамның батикасын аламын деп.

### **АМАНЖОЛ:**

Куәмін қыз сандығы ашылғанға,  
Намысым биік еді басымнан да.  
Қасқайып хан ұлындай мен тұрайын,  
Жібек қыз мойныма асылғанда.

Шығайын асуына биіктердің,  
Арманы сол емес пе сүйікті ердің.  
Абайдай оң қолымды ұсынайын,  
Тоғжан боп бір кесе шай құйып бергін.

Білемін батыстағы тұрағыңды,  
Білемін Ақжайықтай бұлағыңды.  
Мінеки, Алатауға бүгін жақтың,  
Жібек қыз, өнердегі шырағыңды.  
Жігіт боп сырлы кесе мен тосайын,  
Жібек-ау, қолыңа алшы құманыңды.



## ЖІБЕК:

Жаңа айттым: ерте тұрып, жай жатамын,  
Ас үйде өнерімді байқатамын.  
Шайын сен сахнаның не ғыласың,  
Үйіме келсең, аға, қайнатамын.

Сөзіне қарындастың сенбеймісің,  
Өзің біл, терлеймісің, тергеймісің.  
Жайыққа қонақ болып келіп-кетіп,  
От жаққан жерімді, аға, көрмеймісің?

Болмаса аю басқан тас құлағың,  
Өзінді бір Аллаға тапсырамын.  
Қыздырып Дина әжемнің күйлеріне,  
Мұхиттың әндеріне мас қыламын.

Ұсынып қайта-қайта ой табағын,  
Қонағым көңілденсе жай табамын.  
Махамбеттей өзіңе қайрат беріп,  
Сырымдай шешен етіп қайтарамын.

Көрген мен білгеніңді байыптағасын,  
Өзің-ақ өнерімнің айт бағасын.  
Ал, енді мына халық не дер бізге,  
Ел жайлы бір ауыз сөз айтпағасын?

Заманнан түңілмелік, суынбалық,  
Біз де сол уақыттан туындадық.  
Адам ата, Хауа ана жаралғалы  
Қойдан қоңыр емес пе біздің халық?  
Атымтай жомарт сынды қазағымды  
Қыспаққа алып отыр бүгін нарық.  
Замана түлкі болып құбылғанмен,  
Біз сірә тазы болып туылмадық.

Қайтеміз қайта-қайта шулап енді,  
Қалайша Абай, Мұхтар тумақ енді?

Төсінде құс сайраған, мал айдаған,  
Тулақтай тоздырдық па туған жерді.  
Кей кезде Алдаркөсе секілденіп,  
Болуға Қожанасыр тура келді.

Кездесіп қиындықтың орманына,  
Қазағым тағы батты сорға мына.  
Бір кезде Жәнібекке Асанқайғы,  
Көл бедері кетер деп болжады ма?  
Бір кезде Абылайға Бұқар жырау,  
Бетке айтып елдің жайын толғады ма?  
Қаңғыған бұл заманда көше кезіп,  
Адам мен ит тағдырлас болғаны ма?

Жұлдыздар жанар шақта жана алмай жүр,  
Табаны тиген тұлпар шаба алмай жүр.  
“Адам басы – Алланың добы” деген,  
Кей бастар өз иығын таба алмай жүр.

Сырын біз тыныштықтың ұғамыз ба,  
Бұлақтай бастауынан тұнамыз ба?  
Бұл кезде тіл сайрамай, пұл сайраған,  
Болашақ ұрпақ сенбес бұл аңызға.  
Ішінен “Мың бір түннің” нарық деген,  
Адам боп, не пері боп шығамыз да!

### **АМАНЖОЛ:**

Сұлусың тереңнен сыр шертетіндей,  
Бір сөзің бір ғасырға жететіндей.  
Жібектің бес саусағы тимеген соң,  
Шытынап шыны құман кететіндей.

Қазақтың таныса да затын ғалам,  
Жоқтықтан үрейленіп жатыр далам.  
Шегірден қалғаныңды шетел алды,  
Жұртым-ау, неміз қалды сатылмаған?!

Бірі кеп сатып алды темірінді,  
Бірі кеп сатып алды көмірінді.  
Барасың, қазақ елі, қайда кетіп,  
Өзгеге жетектетіп өмірінді.

Халықты қағып қойып арқасынан,  
Жатқысы келеді әркім шалқасынан.  
Шетелден келіп жатқан инвестиция  
Аспайды шенділердің қалтасынан.

Нар болып көш бастасын бозтайлағың,  
Көтеріп көкке биік көк байрағын.  
Түбінде қазақ мықты бола алмайды,  
Жарқырап шықпайынша өз байларың.

Жері бай ел болсаң да даласы тоқ,  
Қалтаңа басқан пұлдың бағасы жоқ.  
Шенділер шетелдерде емделеді,  
Ауылдың дәрі алатын шамасы жоқ.

Елімнің бірлік еді таңдағаны,  
Баспасын қара түнек паң даланы.  
Көп болды ауылдағы оқырмандар  
Қолына газет-журнал алмағалы.

Өтсе де замананың ақтабаны,  
Өмірдің жұмбақ болды мақтағаны.  
Көп болды ауылдағы дархан халық,  
Қуатын электрдің жақпағалы.

Сөйлейтін тереңінен оқталғансың,  
Керуені өр Алаштың тоқталмасын.  
Ашқаны қарынының оқасы жоқ,  
Рухани ашаршылық боп қалмасын!

### **ЖІБЕК:**

Бір заман қыздарының арын жұтып,  
Бір заман халқымыздың зарын жұтып,  
Кешегі желтоқсан да кетпеді ме,  
Желбіреген жастардың қанын жұтып.  
Замандар ала құйын өтіп жатыр,  
Әйтеуір шоқ түсіріп, жалын жұтып!

Бұйрықтан адам әсте аса алмайды,  
Бұйрықсыз аяғын да баса алмайды.  
Әйтеуір жоңғар шапты, қалмақ шапты,  
Арылды басымыздан қашан қайғы?!  
Таба алмай жерұйықтай жұмақ мекен,  
Өтті ғой күңіреніп Асанқайғы.

Кім қарсы тұра алады келген оққа,  
Әр заман өз пендесін жеңген жоқ па?  
Жәңгірден жылу таппай Махамбет те,  
Соңынан Исатайдың ерген жоқ па?  
Жалғаннан жан таба алмай сырласатын,  
Қоштасып қызғыш күспен өлген жоқ па?

Бозторғай туған жерде самғайды ма,  
Бедесін, бетегесін таңдайды ма.  
Жайықтың жаны жайсаң қариялары,  
Өлеңді құйып берген таңдайыма.  
Қазағым, дін аман боп жүріндерші,  
Мойымай қиындықтың қандайына.  
Сендердің табаныңа кірген шөнге,  
Қадалсын менің мына маңдайыма!

### **АМАНЖОЛ:**

Қазағым, қайда жүрсең қасымдасың,  
Сен барда серт – бастан сөз асырмасым.  
Қазаққа бақыт қонар деп тілейін,  
Есігі жас ғасырдың ашылғансын.

Сөзіңді қалың қараш ұғар деймін,  
Бойыңа киелі өнер жұғар деймін.  
Намысы, жігері жоқ жасық бала,  
Жеткенде сырттан дұшпан бұғар деймін.  
Қазағым бірлікпенен қадам басса,  
Жерұйық алдымыздан шығар деймін.

Қорғаның бекем болар бегің барда,  
Үмітің алып шығар сенімді алға.  
Шөңгелер маңдайыңа қадалмайды,  
Мен барда, қазақ деген елің барда.

### **ЖІБЕК:**

Домбыра күйге келер бұрағасын,  
Жас шығар соқыр көзден бұлағасын.  
Елімнің шаңырағы биік болып,  
Ішінде жас сәбилер жыламасын.  
Жәнібек, Керей хандар салып кеткен,  
Ошағы қазағымның құламасын.

Қыз едім үлкендерден сый алатын,  
Өленді артық кетпей, тия алатын.  
Аманжол, ардақтаған ағам едің,  
Алдыңды кесуге де ұялатын.  
Көбірек мақтанғанмен қарындасты,  
Бәйгені түрің жоқ қой қия алатын.

### **АМАНЖОЛ:**

Мен жалғыз қарындассыз қыр асам ба,  
Аруға бақ тіледім құба таңда.  
Жібек қыз, бір басыңа қияр едім,  
Арқаның тең жартысын сұрасаң да.

### **ЖІБЕК:**

Атымтай ер болған жоқ атақ үшін,  
Ақтардай азамат ең ата күшін.  
Шынымен Сарыарқаның тең жартысын,  
Қиналамай бір қыз үшін сатамысың?!

### **АМАНЖОЛ:**

Көңілінде бұла қыздың шер болар ма,  
Мырзалық танытпаса ер болар ма,  
Еркелеп ел шетіне сұлу келсе,  
Бір шетін бөле алмаса ел болар ма?

Жібек қыз, көзімді анық байлауыңа,  
Ризамын сандуғаштай сайрауыңа.  
Арқаның құлан жортқан құба белі,  
Айналсын Жібек қыздың жайлауына!

## **АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВ ПЕН ЖӘКЕН ОМАРОВТЫҢ АЙТЫСЫ**

### **ЖӘКЕН:**

Ал, сөзімнің басы – Біссімиллә, рахмани рахим,  
Жаратқан ием жар болса, кең көсілер бұл ақын.  
Өзінен ауыр сөзі бар, байқаңыз қуат-қыратын,  
Шабыты келсе шайырдың,  
Тыңдаған құлақ тұнатын.  
Елге қызмет ету еді,  
Әуелгі парыз-мұратым.  
Ақ жүрек халқым, армысың,  
Ұстаған жерден сынатын.  
Түнектен шыққан түлпардай,  
Түлектен шыққан сұңқардай,  
Кезіміз болар бұл біздің,  
Ауалап көңіл тұратын.  
Орындайын, иншалла,  
Мұхаммедтің сүннатын.  
Ассалаумағалейкүм,  
Отырған жәміз жұратым.

Ал, бәйгеге қоссаң жүйрік деп,  
Батагөй халқым расында.  
Шапқан сайын ширадым,  
Жиһадқа шыққан батырға.  
Алладан деген ұйғарым,  
Мыңнан бірге берілген,  
Болмағанын тілейін,  
Ақындық деген сый да мін.  
Арыстан Баб, Қожа Ахмет,  
Бұл күнде шүкір сырласым.  
Хикметтерін сіңіріп,  
Бағыштап құран тұрғасын.  
Солардан ұлың ұсынсын,  
Тергені менен жиғанын.  
Бұл дүниеден іздерім,  
Атақ та емес, даңқ емес,  
Шын дүниелік иманым.  
Ұмытпастай әдепті,  
Аршығандай сәдепті,  
Алла салса айтайын,  
Ауызыма сыйғанын.  
Ақ самай ардагерлерім,  
Халал боп хақың ұрпаққа,  
Құтты да болсын мейрамың.

Ал, адамның исламнан үлгі алмағы,  
Арылып кірден, ия нұрланбағы.  
Харам менен халалды ажыратпаса,  
Қонады өзі оралып шыңнан бағы.  
Парыз, уәджип, сүннәтті түгендеген,  
Пенденің жаннатқа бір шын бармағы.  
6666 аятты, Алла сүйген құлға арнады,  
Бірер жыл шекара асып ілім көрдім,  
Жігіттің әуелдегі бұл да арманы.  
Сағынған ел мен жұртын қайран жүрек,  
Пақырдай алас ұрар зындандағы.  
Сүйсініп әңгімеңе ғалам барша,

Көп сөйлеп түсірмессің бағанды онша.  
Ол дүние, бұл дүниені қатар ойлап,  
Аманжол, айтысайық адамдарша.

Көп шығар айтпағаның айтқаныңнан,  
Домалап кетіп жүрме байқа қырдан.  
Баласы мұсылманның тілі орамды,  
Періштең биік тұрсын шайтаныңнан.

### **АМАНЖОЛ:**

Ақжол! – деп сөз бастасам аруақтанам,  
Үл едім ордалы ойын салмақтаған.  
Тұрлаулы тұлпар елдің түлегі едім,  
Алқынып аламанда шаң қаппаған.  
Үкілеп бата беріп аттандырды,  
Саңлақ Сарыарқадай ардақ далам.  
Қасқайған қарт бабамдай, Алатауым,  
Қонсыншы биігіңе тандап балаң.  
Қазақтай қайсар елім аманбысың,  
Ақынның жолын тілеп «аруақтаған!».

Алаштың атқа мінсе ұландары,  
Айтылар «Аллажарлап!» ұрандары.  
Ержүрек ұлдарымен асқақ әр кез,  
Күмбірі күнге жеткен Тұран бағы.  
Берлиннің қақпасында ат ойнатқан,  
Армысың, қырық бірдің қырандары.

Ерлікпен емдеп көңіл күйіктерін,  
Баукендей батырлармен биіктедің.  
Мерейің аса берсін, майдангерлер,  
Жеңісің жасай берсін, сүйікті елім.

Аталар айбын тұғар асқарларым,  
Сұңқардай қырық бірде аспандадың.  
Шебінді бұза-жарып жау келгенде,



«Алла!» – деп алға ұмтылып жасқанбадың,  
Әлемге айбат шеккен Гитлердің,  
Ұшырдың мәңгілікке бастан бағын.  
Жүз жылдың мұғдарында болған емес,  
Сендерден асқан батыр, асқан жалын.  
Тілерім аман-есен аттаңыздар,  
Келешек жаңа ғасыр баспалдағын.

Үлкендер ұрпаққа үлгі бергенсіңдер,  
Қан кешіп тарланбоздай желгенсіңдер.  
Бес жылда дұшпаныңның белін үзіп,  
Жеңістің боларына сенгенсіңдер.  
Бірлік пен рухтарың мықты болды,  
Дұшпанды сондықтан да жеңгенсіңдер.  
Жаңбырша жауған оқтан аман қалып,  
Шапағын бейбіт күннің көргенсіңдер.  
Мерейің арта берсін, әкелерім,  
Ғасырдың Алпамысы сендерсіңдер.

Бірі едім шыққан ұлдың қара жолға,  
Кездестім өзіңменен дара жолда.  
Өлеңін құранымен қатар өрген,  
Жәкендей аманбысың, бала молда.

Көзге ілмей боз даланың сары атанын,  
Менменсіп сөйлейсің-ау, балақаным.  
Ағанды домалату оңай болмас,  
Ойланып көрсең қайтед, балапаным?

Ақтарсаң ақиқатпен ақылыңды,  
Болады қарашаға атың үлгі.  
Қансонар күнде мұндай бола бермес,  
Бауырым, жалғастырғын нақылыңды.

### **ЖӘКЕН:**

Ағасы, жерім жоқ ед менмендеген,  
Менмендік жолдас қылар шермендемен.

Ескендір жердің жүзін билегенмен,  
Менменсіп ешқашан да сенделмеген.

Жақын тұт алыстатпай арамызды,  
Сыйладық мына сіздей ағамызды.  
Ал, енді салған жерден сен жабысып,  
Жаппастай отырсайшы жалаңызды.

Арқадан келген ақын өрден асып,  
Сөздерің емес сенің елге қашық.  
Осылай сыпайылап отырып та,  
Кететін кездерің бар белден басып.

Аманжол, неменеңе жымиясың,  
Бір өзің билегендей жыр ұясын.  
Айтыста мына сендей аптыққанның,  
Шығарып жаттыққанбыз шілиясын.

#### **АМАНЖОЛ:**

Сөйлейсің ыңыранып шепті бүзбай,  
Қарайсың шалға қосқан кекті қыздай.  
Қомданып, бір серпіліп отырсайшы,  
Аң көрген, қиядағы текті құстай.

Санамды тоқсан сұрақ мазалады,  
Толғансам іштегі шер тазарады.  
Жәкен-ау, айналайын күліп отыр,  
Молдадай тымыраймай қазадағы.

Кетпесін басындағы бағың үркіп,  
Сөйлейін аузымынан жалын бүркіп.  
Ақтангер ағасымен айтысам деп,  
Алмасын Жәкен бала таңын жыртып.

Тілдессең көш тоқтатып далалықпен,  
Тебіреніп үн қатады даналықпен.  
Көрсетсең ізетінді інілікпен,  
Ашайын құшағымды ағалықпен.

Ақындық қасиетім қанымдағы,  
Сайраймын сандуғаштай бағындағы.  
Жұма сайын бәйгеден олжа салған,  
Елімнің жүйрігі едім бабындағы.  
Атадан асып туған айбарлы ұл,  
Әркімге басын иіп жалынбады.  
Дін жайлы ойыңды айтшы, Жәкен інім,  
Ұл едің Рәтбек қажы сабындағы.

### **ЖӘКЕН:**

Ал, әуелде Адам Ата – ұлық бабам,  
Нәпсісін зікірменен құлыптаған.  
Өсиет тындап жұртым әр айтыстан,  
Жүрсе екен қасиетін біліп ғалам.

Құранның түскені рас анық көктен,  
Алланың өмірі мен дәріпті еткен.  
Уаһидті Жебірейіл мезгілімен,  
Мұхаммед пайғамбарға алып жеткен.  
Құраннан алты харам көрдім, аға,  
Қоғамда біздің мына дамып кеткен.

Дертінді кәләм-шариф анық басар,  
Оқыған ғалым жұртқа жарық шашар.  
Жегенде доңыз етін, сол хайуанның,  
Мінезі мен құлығы қалыптасар.

Болмайық ал, ағасы, ғаріп тағы,  
Ақынсың ел алдында жарықтағы.  
Арақты ішкендердің ақырында  
Малдан төмен боларын анықтады.

Парақор адамдарға тірек болған,  
Сөйлейтін ислам жайын жүрек болған.  
Әбеке, сен жалғастыр құран білсең,  
Ашсайшы ел жүрегін түнек болған.

## АМАНЖОЛ:

Байқалсын аруанадай шайқалғаның,  
Байқалсын бәйтеректей жайқалғаның.  
Қазіргі дін жайында сұрап едім,  
Мардымды ешнәрсені айта алмадың.

Имансыз ел емеспіз құдайы жоқ,  
Бітімсіз емес едік шырайы жоқ.  
Қажысы Алматының көбейгенмен,  
Мешіттің бітетұғын сыңайы жоқ.

Әзірге ісі оңға басар емес,  
Жемқорлық жанымыздан қашар емес.  
Бір өзі еңбек етіп мешіт салған,  
Кешегі Құнанбайлар осал емес.  
Бұл күннің қажысы мен қалталысы,  
Халқына ондай рахым жасар емес.  
Халқының садақаға берген пұлы,  
Мүфтидің айлығынан асар емес.

Тәңірдей сырласпасаң дара күшпен,  
Жаныңа жазылмастай жара түскен.  
Қазіргі кей қазаққа таңқаламын,  
Меккеге барып келіп арақ ішкен.

Мықтыны заман өзі даралайды,  
Жаманның жалған ісін қаралайды.  
Меккеге барып алып кейбір қазақ,  
Қыдырып дүкен, базар аралайды.  
Осындай имансыздың қылықтары,  
Жүрегін Жаратқанның жаралайды.  
Парамен, жемқорлықпен тапқан ақша,  
Қажылық ырымына жарамайды.

Ілімнің бойла, інім, тереңіне,  
Ел сонда иланады дегеніңе.  
Алаштың мұң мен зарын айта алмасаң,  
Молда боп бұл пәниде керегі не?

**ЖӘКЕН:**

Әбеке, біз байқадық қарқыныңды,  
Көрсеттің қарқыныңмен әр қырыңды.  
Молдаға тіл тигізбей отырсайшы,  
Ойламай мәртебенді жарты күңгі.  
Інім деп жалымыздан сылап-сипап,  
Жуасытқың келеді жалпы кімді?  
Біз-дағы қара жаяу емес едік,  
Атыраулай берместен ал тілімді.  
Толтырам алдыңызды қадірімше,  
Отырам жете біліп артығымды.

Жетерлік білімің бар бір басыңа,  
Ұсындың ел-жұртыңа мұнда шыға.  
Мешітің бітпей жатса өкпелегін,  
Әбеке, Рекендей дінбасына.

Әр сөзді айта білсең сауап болар,  
Қажыны шын мұсылман тауап білер.  
Барып кеп арақ ішсе ол, Әбеке,  
Шын дүние болғанда өзі жауап берер.

**АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВ ПЕН ЕРМЕК ЖҰМАТАЕВТЫҢ  
АЙТЫСЫ**

**АМАНЖОЛ:**

Қолына домбырасын алды өренің,  
Тілімнен сорғалатып бал беремін.  
Мұрагер перзентімнің біреуі еді,  
Алашқа арнап айтқан арлы өлеңім

Теңіз жырдың толқыны бір туласын,  
Тұлғасын теңселтетін нар кемеңнің  
Сәт келді жарқылдайтын екеумізге,  
Алдаспан қылышындай хан Кененің.

Армандап тәуелсіздік арда күнді,  
Сары алтыннан сайладың балдағыңды.  
Хан Кене, жүрегіңмен сүйіп өттің,  
Қалың елің, қазағың ардағыңды.  
Ұлтымды бодандыққа бермеймін деп,  
Абылайлап қоздырдың аруағыңды.  
Оң жағыңа ертіп ап қол бастадың,  
Ағыбай, Наурызбайдай тарланыңды.  
Шен таққан ақ патшаның өкілдерін,  
Көрмеуші ең қарқылдаған қарға құрлы.  
Өз бауырың қырғызың тор құрғанда,  
Өкініп шайнап едің бармағыңды.  
Азаттықты аңсаған, кемеңгерім,  
Алыстан болжапсың-ау алдағыңды.  
Бүгін, міне, тәуелсіз қазақ болдық,  
Нұрағаң орындады арманыңды!

Бел буған тәуелсіздік жолға бекем,  
Батырлар ел-жұртының қорғаны екен.  
Күшіне ақылы сай Ағыбайдың  
Иығына бақ құсы қонған екен.  
Ағыбай қол бастаса хан Кененің,  
Сапары сүйіншілі болған екен.  
“Аты ұранға айналған Ақжолым!” – деп  
Көңілі хан Кененің толған екен.  
Он жыл бойы шайқасқан ақ патшамен,  
Шынымен бабаларым ордалы екен.

Ереке, аманбысың кәрі студент,  
Тоқыраудың түсында бар студент.  
Жиырмасыншы ғасырдан келе жатқан,  
Екі беті табақтай нар студент.

Ұлы едің Алатаудың арыс маңдай,  
Қабырғаң “халқым” десең қайысқандай.  
Апайтөс Сарыарқаның даласында,  
Тұмарлы екі тұлпар жарысқандай.  
Тартымды айтыс болсын арамызда,  
Ағыбай Бөлтірікпен сайысқандай.

### **ЕРМЕК:**

Туған жоқ әңгімеңіз тың боп онша,  
Жауап берем тұрмаса да сын боп онша.  
Табак бетті қайтесің әңгіме қып,  
Бойымызда басқаша мін болмаса.  
Қиналып жүр жұртымыз кім де болса,  
Миллионерге жатпайсыз сіз де онша.  
Қиналғанда табак бетті бір жалап қайт,  
Майланып аузың жүрсін тым болмаса.

Жатса екен қалың жұртым бағымды ашып,  
Тағы бір жыр төгейін жалындатып.  
Алдыңа жиі-жиі шыққаннан соң,  
Ақын да қалады екен бауыр басып.

Киелі Жетісудың жеріненмін,  
Жыр алыбы Жамбылдың еліненмін.  
Балқашқа алғаш рет келіп едім,  
Киелі Қызыр қонған төңірегім.  
Ақжарқын пейіл көріп елден мынау,  
Аулынан шықпағандай сезінемін.

Аманбысың, Аманжол, қарсыласым,  
Аузын ашса көмейден шаң шығатын.  
Мен сені құрметтеймін кітап жазып,  
Тарихымның қойнауын аршығасын.  
Бүгін мына ел-жұртпен кездескенде,  
Аузыңнан жырдың сөлі тамшыласын.

Көбейіпті ақынның сорттары,  
Ішінде аздау бірақ толықтары.

Келбетіңнен, Аманжол, айналайын,  
Бұлайда күтіп баққан қорықтағы.  
Айтысқандар толық деп тиісуші еді,  
Жөн болды көлемдісі жолыққаны.

Сүйінбай басынан сөз асырмаған,  
Сөйтіп оның тарихта аты қалған.  
Пошымың маған ұқсас тегін емес,  
Дұрыс қой істің басын ашып алған.  
Сүйінбай ел аралап көп жүруші ед,  
Тұқымы емеспісің шашыраған.

### **АМАНЖОЛ:**

Берерсің жігіт болсаң сертіңізді,  
Алмайын сетінетіп шетіңізді.  
Қой сойып, бермесеніз етіңізді,  
Қайтейін жылтыраған бетіңізді.

Өзіңді жақсы ақын деп даралаймын,  
Сүйінбай ұрпағы деп бағалаймын.  
Жетісудың жерінде берік өскен,  
Бірісің тамыр жайған қарағайдың.  
Белімді бекем буып мен де шықтым,  
Жерінен Бұқар жырау, нар Абайдың.  
Тоңмай жалап қоңданған жан емеспіз,  
Мың жылқының арасын аралаймын.  
Сүйкімді сыландаған қыз болмаса,  
Табактай бетіңізді жаламаймын.

Сақтадым жүрегімде дала сырын,  
Табанға таптатпайды алаш ұлын.  
Екі ақын шықты, елім, алдыңызға,  
Секілді маңдайдағы қарашығың.  
Жамбыл менен Шашубай айтысқандай,  
Табайық жақсы сөздің жарасымын.  
Тегімді сұрасаңыз мен айтайын,  
Таза қанды Арғынның баласымын.



Алпауыт Алатаудың айбарысын,  
Басылмас бек шағыңда сайран ісің.  
Боздауыңда бөгделеу үн бар екен,  
Десем де Жетісудың тайлағысын.  
“Ч, ч” деп сөйлеуіңе қарағанда,  
Жоқ па еді қырғыздармен байланысың?

Бір Алла тарылтпасын ұғымыңды,  
Алмасын елге деген жұғымыңды.  
Үндінің баппен құйған шәйі сынды,  
Өленде шығарып айт шығыныңды.  
Ереке, жұлмасам да жұлыныңды,  
Мұрныңа келтірейін шыбыныңды.

Қонақ боп келгеніңде көшемізге,  
Қымыз құйып күтерміз кесемізге.  
Шикілік болмаса да әкеңіз де,  
Байланыс болған шығар шешеңіз де.

Әзілдің айта берсе шегі болмас,  
Жақсының жүрегінде кегі болмас.  
Салауатты сұңғыла сөз айтпасаң,  
Жайдақтау жауабыңның себі болмас.  
Ереке, сөздің басын сен бастадың,  
Сұрап алған аурудың емі болмас.

### **ЕРМЕК:**

Мен емес сіздің сөзге көнетұғын,  
Сіз емес бізді оңай жеңетұғын.  
Баласы Сүйінбайдың Ермек едім,  
Тереңнен жыр маржанын теретұғын.  
«Арғын» десең ел-жұртың қол соғады,  
Осы ғой біздің елді бөлетұғын.

Сен келдің, Аманжолым, Астанадан,  
Мен кеп қалдым бұрынғы бас қаладан.  
Құр бекер кеп кетпейік қырдан қарап,  
Ат үстінде кісідей жоқ қараған.

Өнбес ел ер жігітті өсірмейді,  
Өсетін ер елдің шоғын өшірмейді.  
Сөзімді отқа жығар ішің сезіп,  
Шындықты айтпай бұғанаң бекімейді.  
Астанада Балқаш жайын көтермесең,  
Ағыбайдың аруағы кешірмейді.

Ақын ба екен жүректе жыр болмаса,  
Өлең бе екен ішінде сын болмаса.  
Бастықтарды ақырын жұмсақтамай,  
Қатты-қатты айтайық тым болмаса.

### **АМАНЖОЛ:**

Болмайды асыл ерді бағаламай,  
Көзіме көрінесің бағанадай.  
Мейірімнің жаямын ақ кілемін,  
Сөйлейін парасатпен табаламай.  
Өзіңе Балқаш елі қол соғады,  
Алыс жердің ұлы деп алаламай.

Қазақ елі көтерер бір жүгіміз,  
Алаласақ қанайды кіндігіміз.  
Қайғының тамшысына шомылмасын,  
Алашым, азат күнде кірпігіміз.  
Бәріміз бір қазақтың баласымыз,  
Ағайын, жасай берсін бірлігіміз.

Сыр ұғып өткен күннің елесінен,  
Аттадық жаңа ғасыр белесінен.  
Бір кезде Балқаш көлі шалқар еді-ау,  
Жүзгендей Нұх пайғамбар кемесімен.  
Табиғат ластанғаннан Балқашымның,  
Бұл күнде құс ұшпайды төбесінен.

Шындықты өзек етіп дастаныма,  
Ақ үмітпен қарадым жас таңыма.

Табиғат - ұлы анадды ардақтамай,  
Адамзат, шыға алмайсың асқарыңа.  
Балқашымның ауасы дұрысталып,  
Құстарым қайтып келсін аспаныма.

### **ЕРМЕК:**

Елімнің берік қылсын бұғанасын,  
Аманжол да тындасын бұл ағасын.  
Ауыз бірлік еліңнен кеткен болса,  
Келген-кеткен жеп кетер сыбағасын.  
Татулығың нығайсын, асыл елім,  
Жетімің шетке кетіп жыламасын.

Тағдыры бермегенде көп несібе,  
Кейбіреу жетімдерін шеттетуде.  
Шетелге кеткен жетім балалардың,  
Кім кепіл бөлшектеніп кетпесіне?

Біз тағдырдың сынында тұрғандаймыз,  
Сында тұрып, салтанат құрғандаймыз.  
Шыныменен, ағайын, бүйте берсек,  
Отан деген сезіммен кімді алдаймыз.  
Бүйте берсек алпауыт АҚШ тұрмақ,  
Адамзаттың алдында сыйланбаймыз.

Жетім пана таппаса аулымыздан,  
Не пайда аулымыздың барлығынан?  
Бүйте берсек, мен ашық айта алмаймын,  
Жарқын болашақ бар деп алдымыздан.  
Жетімдердің қамқоры бола алмасақ,  
Не пайда хандығыңнан, нарлығыңнан?

Ал, Аманжол, інімсің кем демейтін,  
Дүбірде жүйрік болмас терлемейтін.  
Осы жерден тоғысып бір түйейін,  
Ал, Бауырым, ары қарай сен не дейсің?

## АМАНЖОЛ:

Жөнделіп келе жатыр сыңайымыз,  
Бірлікпен күн кешейік ұдайы біз.  
Батыстың даласында ер жетпесін,  
Анадан текті туған құмайымыз.  
Бейкүнә жетімдерді шетке берсек,  
Қазақты кешірмейді құдайымыз.

Ермек-ау, жылылық бар есімінде,  
Кең пішкен береке бар кесімінде.  
Жетімдердің тағдырын ойлап айтқан,  
Ақыл бар, өнеге бар шешімінде.  
Іңгәлап дүние есігін ашқан сәби,  
Жүрмесін өзгелердің есігінде.  
Құрсақтан қазақ болып туған бала,  
Өзінің тербетілсін бесігінде.

Ағасы, сөз жолдадың назарыма,  
Мен сенің құлақ түрдім ғазалыңа.  
Қасым мен Мұқағали ағалардай,  
Төзерсің бұл өнердің азабына.  
Ол рас, Алашымның төл перзенті  
Өзінің жақын болсын қазанына.  
Аяулы Алматымның төрт құбыласы,  
Айналмасын Қытайдың базарына.  
Заманның қиындығын жеңіп шығар,  
Рух пен иман берсін қазағыма.

Сұңқардай самғап ұшып абат белден,  
Тектілер биігінде қанат керген.  
Хан Кененің соғысын компартия,  
Феодалдық қозғалысқа балап келген.  
Қанаушы деп жазғырып хандарымды,  
Өздері қалың елді қанап келген.  
Сананы бұғаулаған қызыл империя,  
Ұлтымның төл тарихын талақ көрген.  
Тәуелсіз азат күнде ел табысты,

Ағыбай, Наурызбайдай қанатты ермен.  
Ұлтын сүйген ұландар өсе берсін,  
Рухты қазақ деген талантты елден.

Хан Кене өлерінде ән салыпты,  
Сөзіне барша қырғыз тамсаныпты.  
Тәуелсіздік жолында күрескенін,  
Толғанып жырмен айтып жар салыпты.  
Жүрегiнiң түгi бар арыстаным,  
Ажалды да өлеңмен қарсы алыпты.

## **АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВ ПЕН АҚМАРАЛ ЛЕУБАЕВАНЫҢ АЙТЫСЫ**

### **АМАНЖОЛ:**

Болғанмен ат үстінде ғаламат паң,  
Көңілі қазағымның дала жатқан.  
Батагөй қариясы бар халықпыз,  
Рухты ұрпақ тілеген дана хақтан.  
Аруана – ақ жаулықты аналарым,  
Ақ найзаға сүйеніп бала тапқан.  
Емен белді ерлерім арыстандай,  
Қастасқан дұшпанына қан асатқан.  
Осындай аяулы елмен амандастым,  
Жаралған тұла-бойы парасаттан.

Танытса қас жүйріктей өрде қарқын,  
Тұлпардың шығарарсың төрге нарқын.  
Сөби өлең әкелдім күндақтағы,  
Бесік қып жүрегінді тербе, халқым.

«Аллажар!» сөз бастадым арлы үнменен,  
Қызыл тіл аман болса нарқым берен.  
Өнердің мұхитында еркін жүзгін,  
Арманға сапар шеккен, алтын кемем.  
Ғаламға ұлт болмысын байқатамын,

Көнеден жеткен өнер, салтыменен.  
Ұлттың ұлы жүрегі қабылдайтын,  
Айта алсам, арманым жоқ тартымды өлең.  
Елімнің қай кезде де даңқы шыққан,  
Абыз қарт, абзал ана, мәрт ұлменен.  
Толқының боп тулайын көкке ұмтылып,  
Телегейдей тербелген, халқым терең.

Тәуелсіз Қазақстан, жолың болсын,  
Ғаламда өзіңе сай орын болсын.  
Сары алтын, қара мыс пен болат, темір,  
Ұрпағыңа жететін қорың болсын.  
Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап,  
Тамыздағы бағыландай қоңың болсын.  
Сүйіншілеп кеп жатқан қой жылымыз,  
Депутат ағалардай момын болсын.

Құлпырып қызғалдақтай қырдан жүлған,  
Дидарың төңіректі нұрландырған.  
Ал, енді Ақмаралға көз салайын,  
Құлжадай ғазиз басын шыңнан бұрған.

Бұғы бел, бұлан қасты, бұла сәулем,  
Жал сипатпай арда өскен бір асау ма ең?  
Ел мақтаған аруды ер жақтайды,  
Жұртымның жүрегіне ұна, сәулем.  
Жарасып қыз-жігіт боп айтысайық,  
Мөңгі бұлай тұрмайды мына дәурен.

Ұлыбике, Саралардың ізі екенсің,  
Қисайғанды жырменен түзетерсің.  
Ұлардай ұядағы өлеңінді,  
Ұлытау етегінде түлетерсің.  
Ер жігіт айлы түнде іздеп барып,  
Отауына кірердей қыз екенсің.

Ер едік берік тұрар сертімізге,  
Қарадым назар салып зерлі жүзге.

Күш алса шалқар шабыт, асау сезім,  
Біздерді қояр ма екен еркімізге.  
Ақырын әдеппенен кезек бердім,  
Қыз қалқа не дейді екен енді бізге?

### **АҚМАРАЛ:**

Жаратқан бар қылатын жоқтан ісін,  
Жан берген адамзатқа хақтан үшін.  
Төңірден қолдау күтіп топқа түсем,  
Бағымды балапандай баптау үшін.  
Отырарды қорғаған Қайыр хандай,  
Оңтүстік қорғап келдім от-намысын.  
Қаратау қолын бұлғап қала берді,  
Болған соң қарт Ұлытау бетке алысым.  
Ырым ғып тұмар өлең тағып кетем,  
Өзгенің тіл-көзінен сақтау үшін.  
Армысың, қалың елім, тағы келдім,  
Тілімнің аманатын ақтау үшін.

Осы елдің секілденіп бек түлегі,  
Сөйлесем елжірейді ет жүрегі.  
Сарыарқаны мәңгілік мекен еткен,  
Тындасын асыл сүйек, тектілері.  
Алаша хан, Жошы хан белгісі бар,  
Күмәннің ашылсын тек көп түнегі.  
Қашанда Қарағанды жақсы істің,  
Басында жүретінін көп біледі.  
Таңбасын тасқа қашап жазған елдің,  
Тарихқа тәу еткені деп біледі.  
Еңсегейдей көтеріп ел еңсесің,  
Көгертсін көсегесін көп түлегі.

Алтынды күм ішінен таба алмассың,  
Қауыз жармаған гүлді ала алмассың.  
Отауымның он жерде құлыбы бар,  
Ойын ойлап отырсың оралмастың.  
Одан да түндігімнен түспеймісің,  
Жарқылдап сәулесіндей ақ алмастың.

### **АМАНЖОЛ:**

Аламан басталғанда алаң қылған,  
Бел буып топқа түсті балаң қырдан.  
Тегім түркі, ордалы ұлтым қазақ,  
Тасты кітап, қанжарды қалам қылған.  
Махамбет шыққан елдің түлегі едім,  
Рухын дұшпан бұзбас қамал қылған.  
Күмбірі күнге жеткен көшпелі елге,  
Көк аспан мейірленіп жамал бұрған.  
Ардақты Ақмаралдай ақын қызға,  
Жауабын қайтарайын ғазал жырдан.

Айша қыз сыр бөліскен Қараханмен,  
Сал Біржан айтысыпты Сара апаңмен.  
Қызды ауылға кеш бата келген жігіт,  
Ауылына қайтады ала таңмен.  
Есігің жабық болса керегеден,  
Қол созып оятармын алақанмен.

Оятып айтқан кезде есімінді,  
Көрер ең керегеден кесімімді.  
Қара жер, жұлдызды аспан құп көреді,  
Сол сәтте сен ойлаған шешімінді.  
«Мырзаш-ау, ебін тауып келдің бе?» – деп,  
Асығып ашпайсың ба есігіңді?

Қыз ашса ақ отауға кірмейсің бе,  
Сезімін жанарынан білмейсің-бе?  
Тұлпардың тұяғымен соқпақ салып,  
Кеп-кетіп қызды ауылға жүрмейсің бе?  
Бал қымызды ұсынып кесеменен,  
Іліп шапанымды ілмейсің бе?

### **АҚМАРАЛ:**

Қыз бала шуақ жырға бөлене ме,  
Құяйын қымыз өлең тегенеге.  
Шынымен жүрегіме жол салсаңыз,



Қаларсың бәлесіне неменеге?  
Бір амалын Аманжол іздегендей,  
Таба алса бір шаттыққа кенеле ме?  
Ол ойыңның реті келе қоймас,  
Қыз емес жеңге жатар керегеде.

### **АМАНЖОЛ:**

Үміт бар, парасат бар сезімінде,  
Жастықтың ұнамайды кезі кімге.  
«Келем» – деп сертті жігіт келмей қалса,  
Тоса-тоса сарқылар төзімнің де.  
Қасындағы күзеткен жеңешеміз,  
Қыз болғанын ұмытпас өзінің де.

Кеш батса қызды ауылға шаппаймын ба,  
Шырағын бал дәуреннің жақпаймын ба.  
Ықыласы болмаса қыз қалқаның,  
Рұқсатсыз қыз есігін аттаймын ба.  
Ата-салтпен жеңгеннің иығына,  
Төгілтіп жібек мата жаппаймын ба.  
Ол аз болса қойнымнан алып шығып,  
Құлағына сырғасын тақпаймын ба.  
Жеңгенің қанша қатал болса - дағы,  
Көңілін сөйтіп Марал таппаймын ба?

Кім қолын созбас дейсің сендей гүлге,  
Таң атқанша жанармын сөнбей бірге.  
Ақандай Маңмаңкерге қамшы басып,  
Асығып ай астында желмеймін бе?  
Сал-сері бабалардың дәстүрімен,  
Қол ұстар, шаш сипатар бермеймін бе?

### **АҚМАРАЛ:**

Бәйгеге үйренгенсің жарау түсіп,  
Ішіңе кетті, Аманжол, алау түсіп.  
«Жеңгенің де амалын табам» – дейсің,  
Дәнекер болар ма екен қалау түсіп.

Ауыл итін шулатып азуынан,  
Қалмасын балағыңа жамау түсіп?

Жарайтын жеңге болса сертке, Аманжол,  
Жолыңнан жығылмасың текті, Аманжол.  
Арқаның бар байлығын аруларға,  
Таратып аламанда кетпе, Аманжол.

Сен шықсаң желе-жортып маған қарай,  
Қыз жатпас ақ отауда алаңдамай.  
Жеңгеден асып бізге жеткеніңше,  
Белгілі боп қалады шамаң қалай.

Жеңгемен мықталған соң керегесі,  
Қазақтың отау болған берекесі.  
Осы айтыстың арқауы ауыл еді,  
Таусылмас әзіл менен мерекесі.  
«Қазақы қалжың» – дейді мұның атын,  
Емес бұл жел сөзбенен келекесі.  
Қазақтың қыздарына үлгі болсын,  
Жеңге мен қайынсінді өнегесі.

Жүрмессің болашақты уайымдамай,  
Майыспас емен жаққа қайың қалай.  
Аманжол, осы сөздің түп астарын,  
Бекерге отырмасың пайымдамай.  
Ауылдың қыз-жігітін сөз етейік,  
Бүгінгі жастар жайлы ойың қалай?

### **АМАНЖОЛ:**

Сайға әкеп атын түсар сертті жігіт,  
Арудың сырын ұққан текті жігіт.  
«Ауыл иті шулар» деп алаңдама,  
Келгенін байқатпайды епті жігіт.

Ұрпаққа үлгі болсын күн бүгінгі,  
Түрерсің таң атқанда түңлігінді.

Ер жеткен үл мен қызда рух болса,  
Ешқашан қанатпайды кіндігінді.  
«Келем» – деп сері жігіт сертін берсе,  
Қақпассың айлы түнде кірпігінді.  
Қимай-қимай қоштасып аттандырып,  
Үстарсың сайға барып шылбырымды.

Жеткенде уағдаласқан ырымды күн,  
Аулына жігіт барар бұрымдының.  
Ақылмен, әдеппенен сыр бөліскен,  
Дәстүрі қандай ғажап бұрынғының.

Біз айттық өнеге қып мұның бәрін,  
Бармайды жас дәуренде ұрынға кім.  
Жігіттер арақ ішпей қымыз ішкен,  
Ұлтына лайық етіп ұғымдарын.  
Ар-намыс, ұяты бар қазақ қызы,  
Шолпы тағып өсірген бұрымдарын.  
Қазіргідей тал-түсте құшақтасып,  
Будақтатып тартпаған шылымдарын.  
Ұрпақтан үміт күткен, қазақ елім,  
Жөн болар бұны дұрыс ұғынғаның.  
Батыстың әлегіне еліктемей,  
Ата-салтпен ер жетсін құлындарың.

### **АҚМАРАЛ:**

Ойымды қиял қалай ала қашпақ,  
Сөзіміз енді жақын араласпақ.  
Батыстың әлегіне еліктесек,  
Болмайды армандаған ғаламат шақ.  
Күн көруге көшті ғой әйел түгіл,  
Еркек те ен байлығын жалаңаштап.  
Қалаймын бүгінгі ұрпақ көктесін деп,  
Бел буып, болашаққа беттесін деп.  
Батыстан келіп жатқан бөтен қылық,  
Тілеймін «ауыл жаққа жетпесін» деп.

## АМАНЖОЛ:

Күн ұяға батады бір айналып,  
Жүрдек-ау жалған өмір ұдай жарық.  
Ауылдан шыққан ұл-қыз адал болса,  
Туған жер көркейеді шырайланып.  
Ерлердің елге деген көзқарасын,  
Бақылап тұрар көкте құдай бағып.  
Азаматтар ауылыңды, халқыңды ойла,  
Бұл жөнінде бір Алла сұрайды анық.

Балапанын ұшырып қиясына,  
Туған жер жол тосады жиі асыға.  
Ауыл-ана ұлына хат жолдайды,  
Сағынышын сіндіріп сиясына.  
Окуды тамамдаған жас мамандар,  
Өзінің қайта қонсын ұясына.

Жақсы ұлық жолыңды ор етпейді,  
Осал ұлық жолыңды кең етпейді.  
Ауылдағы ананың балалары,  
Бір сиырдың сүтімен қоректейді.  
Қалада өскен кей біздің министрлер,  
«Сол сүтке салық салу керек» – дейді.  
Қарақұсова секілді шала қазақ,  
Ұлтымның көсегесін көгертпейді.

Ауылым, бір мен үшін жаһұт жолсың,  
Бір Аллам ұлтымызға бақыт берсін.  
Жусан исін иіскеп боз даладан,  
Бар әлем бауырсақ дәмін татып көрсін.  
Сапырған Сарыарқаның сар қымызын,  
Францияға сататын уақыт болсын.

Қолыңа тәуелсіздік қонды құсың,  
Болжайық бұл заманның оң-бұрысын.  
Жүн өңдеу, ет-сүт өңдеу, тері өңдеу,  
Ауылдың дамытайық өндірісін.

### **АҚМАРАЛ:**

Парасатпен, Аманжол,  
Ауылдың жайын шолып тұр.  
Бізді қойып көңілі,  
Француздарда болып тұр.  
Балға тыққан бармағын,  
Кедейді байлар сорып тұр.  
Теңгелі жерде теңдік жоқ,  
Теңселген заман болып тұр.

Бағынды үстем, етейін,  
Түспе, Аманжол, уайымға.  
Ақ орамал жырымды,  
Асайын әкеп қайыңға.  
Екеуміз де сөз айттық,  
Киелі ауыл жайында.  
Байлығың көп жігітсің,  
Жеңгеме көйлек дайында.

## **АЙТБАЙ ЖҰМАҒҰЛОВ ПЕН РҮСТЕМ ҚАЙЫРТАЙҰЛЫНЫҢ АЙТЫСЫ**

### **АЙТБАЙ:**

Жерінді анадайын сүй деген ел,  
Отан үшін отқа түс, күй деген ел.  
Ақынына тамшыдай жырың болса,  
Халқыңның қазынасына күй деген ел.  
Абылай алты алашқа хан болғанда  
Бұқары ақылшы боп сүйеген ел.  
Қалмақтың қонтайшысын сан қақтырған,  
Қазыбектей ел данасы билеген ел.  
Жарылғап жұрты үшін жанын беріп,  
Ағыбай жауға найза түйреген ел.  
Үлкендері үлгісін көрсете алып,  
Нүркендері фашисті илеген ел.  
Тоқтардай батыр ұлды айға ұшырып,

Нүрекендей елбасын түлеткен ел.  
Букетовтей білімді биік ұлды  
Әлемде қалмады ғой білмеген ел.  
Жүсіпбегі жүректен ән жеткізіп,  
Тәттімбеті күйлерін күйлеген ел.  
Мәдидің әндерімен рухтанып,  
Қасымның өлеңімен күйге енген ел.  
Шашубай, Маясар, Доскейлерден  
Айтыста шындықты айтып үйренген ел.

Алатау биік тұрған асқаралы,  
Өзіңмен сырласады аспан әні.  
Бауырыңа басымды иіп келіп тұрмын,  
Бір кезде бермесен де баспананды.  
Қасым да қиып сені тастамады.  
Өйткені алаштағы бар жақсылық,  
Алматы бір өзіңнен басталады.  
Кешегі желтоқсанда не көрмедің,  
Соны ойласам, көзімнен жас тамады.  
Бодандықтың боданын бұзып бердің,  
Ұмытқан жоқ сол күнді жастар өлі.  
Көктем келді, көңілді көтерейік,  
Жырменен гүлдендіріп бас қаланы.

Тектілер көп туылған даламызда,  
Қарасаң даналар мен бабамызға.  
Дүбірі додаңыздың естілген соң,  
Арнайы ат кеп қостық қалаңызға.  
Айтысты амандықпен аяқтайын,  
Ақындар да аз емес арамызда.  
Хабардың журналисті секілденбей,  
Созып алмай сөйлейік шамамызға.

#### **РҮСТЕМ:**

Биікте болғаннан соң ұқсағаның,  
Киелі қылқаламды ұстағанмын.  
Қасиетті құранға қол созғандай,  
Аузымнан бісімілләні тастамадым.

Құдайдан бір-ақ тілеу тілейміз ғой,  
Шарапат, шапағатын нұсқағанын.  
Өр Алтай Алатауға сәлем айтты,  
Көне түркі мекені мыс қаланың.  
Алтайдан бала қыран ұшып келді,  
Көрермен, қолдасандар күш талабын.  
Айтбайдай аманбысың, асыл аға,  
Жырыңның жолдағайсың қысқарағын.  
Мына жұртты тастайық тамсандырып,  
Буындай бұрқыратып түшпараның.  
Себебі, жолға түскен балаң едім,  
Жүзіндей ұсталмаған ұстараның.

Күмістей ала алмайсың мысты үгіттеп,  
Күлкіні ала алмайсың күшті үгіттеп.  
Әрине іс бірігіп жүру үшін,  
Әрине іс бірікпек, күш бірікпек.  
Жығылғанға жұдырық жұмсағандай  
Үшкірікке қосылды үскірік кеп.  
Көктемге аман-есен жеттіңіз бе,  
Өмірдің ой-шұңқырын түшкіріктеп.  
Көк түріктің ұрпағы емеспіз бе  
Тағы да танылсыншы күш бірікпек.

Қажетін сөйлемесек қараң қалар,  
Әр қиял ұшталмаса тамамдалар.  
Соғыста “өлем” деген оққа ұшып,  
Жалғыз-ақ жау жүректер аман қалар.  
Бұл айтыста жеңуім мақсат емес,  
Өнерімді көрсету маған хабар.  
Мысалы көлеңкеге қарап тұрып,  
Кісіге көйлек тіккен жаман болар.  
Апайтөсті Айтбаймен айтысқанда,  
Көңлім әр нәрсеге алаң болар.  
Арыстаннан жеңілсем арманым жоқ,  
Күшікке де таланған заман болар.

Өнердің сүйрегені өрге емес пе,  
Елі менен ерінің серті емес пе.  
Журналистер сияқты сөйлеме деп,  
Ағамыз ақылды көп берді емес пе.  
Бұйырса арландармен айтысам деп,  
Айтысқа Айтбай ағам келді емес пе.  
“Кішкенемен айтыстым” деп өкінбеңіз,  
Ол деген апарады зор егеске.  
Қасқыр түгіл қоян атып алсаңыз да,  
Қанжығаңыз майланса болды емес пе?

### **АЙТБАЙ:**

Қалайша бар өнерді жойып бағам,  
Сауалды отырсың ба қойып маған.  
Арқаның баптап өскен қыраны ем,  
Бір жеген азығымнан тоят алам.  
Арқардай ағаңызды күшік дейсің,  
Бұл сөзді жамандыққа қояр ағаң.  
Арқаның түлеп ұшқан қыранымын,  
Өзіндей қасымдағы қоянды алам.

Қамсыз ел қайдан білсін бұзық жауын,  
Болмаса жаумас дер ем қазір жауын.  
Өз ақын әншілерін құрметтемей,  
Сырттан келсе беруге әзір бәрін.  
Қол жетпей Республика сарайына  
Жүрсіндер жүрген жоқ па әзер, қауым.  
Сайран сап кеткен жоқ па сол сарайда  
Жамбылды жамандаған Розенбауын.  
“Ит жоқта шошқа үреді” сарайында,  
Қалайша қайнамайды қызып қаның.

Бұл бала алты алашқа әсер еді,  
Сөзіне қарап тұрсам өсем еді.  
Ағасы інісіне жол береді,  
Білмеймін сөзі оның бәсең еді.  
Оны-мұны айтуға келген жоқпыз,  
Көтерейік ел алдында мәселені.



## РҮСТЕМ:

Көңілін Рүстемнің кестім деме,  
Шапаның жарасып тұр кескінге де.  
Арқарды атпай тұрып ет тұздайсың,  
Сүргіні салмай тұрып кестім деме.  
“Ұлық болсаң, кішік бол” деген бар ғой,  
“Қыранмын” деп ағасы бөстің неге?  
“Қоян алам” деп тұрсың мына жерде,  
Өткір болсаң жақсы ғой өттім деме.  
Бірақ та Алла да даяр алып,  
Аспаннан бере салмас ешкімге де.

Қазағым қалған жоқ қой жарты ұяда,  
Біз деген кеткенбіз ғой әр қияға.  
Жаңағы сөздеріңе қарағанда,  
Компаньон боп жүрсің бе мафияға?  
Арендаға сарайды аламыз деп,  
Халықты қалдырдың ғой қапияға.  
Айтатын сөздерінді айта берші,  
Бұл сарай тар кеп тұр ма тақияңа?

Сөзімнің болып жатса жайлысы көп,  
Ақынның айтарсыздар ойлысы деп.  
Бұл өмір бара жатқан сияқты ма,  
Адамдардың аламан бәйгесі боп.  
Пендеге екі бөлек қараймыз ғой,  
Ананы жай, ананы бай кісі деп.  
Қарапайым күн кешкен жақсы кісі  
Қораңда тұрмаса да тай кісінеп.  
Керемет бай болғанда жаман кейде,  
Өйткені малы көптің қайғысы көп.

Мен бүгін ағамменен жасымаймын,  
Жырымменен өзімді асыраймын.  
Маған қарап қолыңды жая берме,  
Арқанды өзім барып қасымаймын.

Биязы, бидай үрпек боп отырсың,  
Иісін иіскегендей насыбайдың.

Қалтырап жасырамыз неге шынды,  
Адырнасы үзілген жебе сынды.  
Ойлар көп көкіректі қарсы айырған,  
Амалсыз айтып жатыр деме сынды.  
Есірткімен уланған есіріктер,  
Қасіретке қағылған шеге сынды.  
Қызына қырық үйден тыйым салған,  
Тәрбиенің шөлмегі неге сынды?  
Бетсіз кеткен бұзақы балалар көп,  
Бұлақтай бұзып кеткен бөгесінді.  
Аурудың алдын алмай жатқанымыз,  
Амалсыз жыртатындай өңешінді.  
Ағайын, мұртқа өкпелеп жүрген кезде,  
Сақал шығып көрмейік көресінді.

### **АЙТБАЙ:**

Қазағым көрікті ғой көгімде елмен,  
Көркінді көріп талай көңілденгем.  
Алаштағы алғашқы сен боласың,  
Тарихта қара шаңырақ білім берген.

Ұлылардың ұясы сен деп білем  
Өмірі өнегемен өрнектеген.  
Ғалымдар мен ғұлама дарындардың  
Ғаламат еңбектері ғылымға енген.  
Жолдасбеков ағамыздан жалғасыпты,  
Дәстүрлі ұлы өнерге көңіл бөлген.  
Төлегендей ағамызға мың рақмет,  
Айтысқа азамат боп төрін берген.

Інішек, қарсыласпай талапты ер бол,  
Жағаға жармаспа, сен, санатты ер бол.  
Ағаңыз асықпайтын арлан сынды,  
Демеймін маған еріп қара тер бол.

Сабақты салмақты боп, жақсы оқып,  
Осында көп кешікпей талапкер бол.

Халқыма жыр арнайын пайдам бардай,  
Мәуелі бәйтерек бір жайқалғандай.  
Қоғамда өзгерістер боп жатқанда,  
Ақынның айтар сөзге жай қалғанба-ай.  
Кейбір біздің көкелер мәз болады,  
Орынға министрлік сайланғанға-ай.  
Арасында ел сенімін ақтаған бар,  
Қалың елін асыраған ер Қамбардай.  
Мысалы: Құл-Мұхамед Мұхтарындай,  
Халықтың тұмарына айналғандай.  
Тілі үшін алысып жүр Мұхтар ағам,  
Діні үшін алысқан пайғамбардай.

Осындай аман болса ағаларым,  
Алаштың әлі талай жағар бағын.  
Бұл өмір әр пендеге сынақ болар,  
Таймасын бұл өмірде тағаларың.  
Мұхтар ағам қызметке кіріскен соң,  
Жайлау боп жатқан жоқ па жағаларың.  
Мұхтардың теңіз ойын түсінбей жүр,  
БАҚ-ынды батпақ қылған бақаларың.

Біз-дағы жалғайықшы сөнген ізді,  
Көтеріп ел алдында еңсемізді.  
Қазақша болғанымыз кімге керек,  
Көлденеңнен кеп керсе керемізді.  
Үкіні қастерлейтін ел болсақ та,  
Үкіге баламасын өзге бізді.

### **РҮСТЕМ:**

Ағамыз енді ғана телегейдей,  
Айтыс бізге тәңір берген тең өнердей.  
Кезек берген уақытты алдың ғой сен,  
Өткізіп бір нәрсені төлегендей.

Арнауың мен зарлауың бітпей қойды,  
Алты қазбен арыздасқан Төлегендей.

Ағажан, тартып сөйле сөз айылын,  
Жаңалық айтады екен не жайлы інің.  
Тай мен құнан сияқты қосылдық қой,  
Ағайын, бола білсек көзайымың.  
Құдайым сақалыңа қарамайды,  
Жағаңыздан ұстасам өз айыбым.

Жар болған соң өнерге жарап ағам,  
Ақындар ақындарды тағалаған.  
Айтысты қыздырып біз кетейік деп,  
Қайта-қайта айтады аға маған.  
Айтысты қыздырмадың ей, ағасы,  
Айға қарап отырдың ба бағанадан.

Ал, енді бастаған соң аламанды,  
Салмақтап сырлы сөз де сараланды.  
Жаңағы жаңалықты естігенде,  
Жүректе жазылмас бір жара қалды.  
Ғабиден Мұстафиндей текті ағалар,  
Талантымен табындырған бар ғаламды.  
Жанпозың жүзге келіп жатқан кезде,  
Жағын ашпай жатыр ғой Қарағанды.

### **АЙТБАЙ:**

Аға мен іні бұрын арбаспаған,  
Қашаннан бір болған ғой қандас бабам.  
Іні боп ағаларға ізет көрсет,  
Бұрын да іні жағаға жармаспаған.

Ел бар ма ер ерлігін жақтамаған,  
Делебем қозып мен де арқаланам.  
Тәуелсіздік он жылы барысында  
Құлпырып гүлденді ғой дархан далам.

Фабиденнің жүз жылдығы тойланады,  
Айтысқа сонда сені шақыра алам.

### **РҮСТЕМ:**

Алысқа көз жеткізер көрегендік,  
Ақын боп ел алдында неге келдік.  
Қой аузынан шөп алмас ел едік қой,  
Жылқысын жау алса да демеген түк.  
Жағаға жармаспашы дейді аға,  
Мына жұрт көріп тұрған не деген құт.  
Момындықтың опасын көріп келдік,  
Алғанша ақ жарылқап егемендік.  
Ал, бүгін жаңа заман, жаңа өмір,  
Үйретіп қойды емес пе тебеген ғып.

## **БАЯНҒАЛИ ӘЛІМЖАНОВ ПЕН АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВТИҢ АЙТЫСЫ**

### **БАЯНҒАЛИ:**

Жер шоқтығы Көкшеден,  
Көл үлкені Балқаштың  
Даласына бір сәлем!  
Осы тойға кеп отқан,  
Ата менен ақ шашты  
Анасына бір сәлем!  
Облысыңның басшысы -  
Камалтиндай ағамыз.  
Алтын тонның осында,  
Жағасына бір сәлем!  
Тоқтар батыр ағадай,  
Ағыбайдың бүгінгі,  
Жалғасына бір сәлем!  
Алдыңызда әлгінде,  
Мың бұралып ән салған,  
Баласына бір сәлем!

Өткен бір күнді ойласаң,  
Жаралы болды жан неге?  
Қаралы болды хал неге?  
Зарлы болды ән неге?  
Төгілді судай қан неге?  
Азаттық деген ұлы арман,  
Қол жеткізбес емес қой,  
Алданатын әрнеге,  
Түйінін бұғау шешем деп,  
Шешілмесе кесем деп,  
Азаттық үшін алысып,  
Армандап өткен бабалар.  
Жасындайын Наурызбай,  
Ақжолтайың Ағыбай,  
Кемел ойлы хан Кене.  
Орындалған секілді,  
Атадан қалған ұлы арман,  
Барлық қазақ бұл күнде,  
Айналып қана кетпей ме,  
Ағыбай деген ұраннан.  
Қарағанды, Жезқазған,  
Кең Балқаштың ұлы елі,  
Мың рахмет айтамыз,  
Ағыбайдың тойында  
Ұран салып, ту алған,  
Томдап кітап шығарған.

Аманжол, құтты болсын кітабыңыз,  
Айтыста талай-талай бұрқадыңыз.  
Ғалым боп атаң жайлы кітап жазып,  
Бір жаңа биікке енді шырқадыңыз.  
Кітабың құнды болып айналайын,  
Мәңгілік мұра қылсын ұрпағыңыз.

Ойлап бір, шіркін, қарасаң,  
Абылайдың нәсілі,  
Азаматтың асылы —

Бекмаханов Ермұқан:  
Кенесары, Наурызбай,  
Ер Ағыбай жайында  
Келісті кітап жазғанда,  
Ер парызын атқарып,  
Сол үшін кеткен сотталып.  
Жығылғанға жұдырық,  
Жабылып біз де даттадық.  
Есенберлин Ілияс,  
“Көшпенділерді” көркейтіп,  
Келістіріп жазғанда,  
Лениндік сыйлық аларда,  
Мейманасы тасқан Мәскеуге  
Вагон-вагон арыз боп  
Бақа-шаяндай қаптадық,  
Жабылып сонда даттадық.  
Өлтіріп алып екеуін,  
Арысым деп жоқтадық.  
Естімес жерге кеткен соң,  
Рухани ерлік жасаған  
Данышпаным деп мақтадық.  
Ойланып тұрып қарасаң,  
Қайран менің, қазағым,  
Қайшылығы неткен көп халық.  
Сол секілді, ағайын,  
Өкініп қалмай күні ертең,  
Атасы жайлы қос кітап  
Жазып келген бұл тойға,  
Аманжолдай балаңды,  
Қол соғып қане мақталық.

### **АМАНЖОЛ:**

Жүруші ең Көкшетаудың асқарында,  
Самғадың алты Алаштың аспанында.  
Манас пен Қобыландының рухы бар ед,  
Баянғали ағамның дастанында.  
«Ау, ау» – деп екі мәрте айғайладың,  
Байеке, оныңыз не, сасқаның ба?

Ақын деген қазақтың ырысы еді,  
Ал, батыр қылшылдаған қылышы еді.  
Ақын менен батыры бірге болса,  
Ұлтымның тарылмаған тынысы еді.  
«Ау, ау» – деп екі мәрте айтқаныңша,  
«Ақжол!» деп ұрандаған дұрыс еді.

Сапарға Ақжолтайлап аттаныпшын,  
Ақауыз, Көкбестідей баптаныпшын.  
Жырымды қарашаға арнап айтып,  
Халқымның табысына шаттаныпшын.  
Қынаптан қылыш шығып үлгергенше,  
Тоқтамға келтірер сөз ақтарыпшын.  
Жігіттің пәнидегі салтанатын,  
Көне ғұн мен сабырлы сақтан ұқтым.  
«Алла жар! Ағыбайлап!» сөз бастайын,  
Алдында қазақ деген мәрт халықтың.

Үкілі баласы едім елік қырдың,  
Өнерді өміріме серік қылдым.  
Тұлпарымды тұмарлап, Қарағандым,  
Торғынды сауытымды берік қылдың.  
Бұл күнде Астанада жүрсем-дағы,  
Еркелеп есігіңе келіп тұрмын.

Арнадым Ағыбайға ғұмырымды,  
Өнерде лайламадым тұнығынды.  
Қараөткелдің бойында жүрсем-дағы,  
Туған жер, қимай жүрмін тұғырыңды.

Артында асылдардың соқпақ қалған,  
Жолменен жолбарыстай жортпақ балаң.  
Тоқтардай ағамызға сәлем бердім,  
Ақжолтай Ағыбайды жоқтатпаған.

Қанаты қыран құстың күнді керген,  
Ақыны қарашаның тілді келген.



Айды да әуенімен тербетіп ед,  
Сар даламда қозғалған сырлы керуен.  
Ақжолтай Ағыбайын сағынған соң,  
Қазаққа Тоқтардайын ұлды берген.

Байеке, сөзді бастап сыр ұқтырдың,  
Мөп-мөлдір өлеңінді тұнық қылдың.  
Соңыңнан ерген біздей бауырыңды,  
Бойдағы жігеріңмен шынықтырдың.  
Өзіндей шабыты зор ағамменен,  
Араға сегіз жыл сап шығып тұрмын.

Кезім жоқ жігеріңнен сынатындай,  
Інің ем сауық-сайран құратындай.  
Байеке, көсілетін кезің келді,  
Кешегі Ақандардың құла атындай.  
Ышқынып бір түрлі боп кетіпсіз ғой,  
Ініңді иегінен ұратындай.

Таймайды тұғырынан аруақты өлең,  
Өзіндей жақсы ағаны сандақ дер ем.  
Бекмаханов, Әуезов бастамасын  
Бүгінгі ұрпағы боп жалғап келем.

Қалың ел тілеу тілеп қолдағасын,  
Батырлар қорғап өткен боз даласын.  
Доскей, Иса, Хамиттей ақындарым,  
Қаймықпай айта білген сөз данасын.  
Әуезов, Есенберлин, Бекмаханов  
Шындықпен айтып кеткен көзқарасын.  
Тарихтан өз бағасын ала алмай жүр,  
Нысанбайдай жырауым, енді Алашым.

### **БАЯНҒАЛИ:**

Мен сенен тұрған жоқпын сасайын деп,  
Айтыстан және бүгін қашайын деп.

«Ау, ау» – деп айғайласам мен ойлаймын,  
Ел мұңын естімейтін астаналық  
Дөкейлердің құлағын ашайын деп.

Аманжол ата салтын жалғап кеткен,  
Бір сөйлесе ұзақтан толғап кеткен.  
Сегіз жыл бұрын мұнымен айтысқанда,  
Аңқитып бұл ағасын алдап кеткен.

Аманжол бұл айтыстың жартасындай,  
Шетелге көрсететін маркасындай.  
Көк жұлдыз боп жарқырап жеке дара,  
Тұрады шоқ жұлдыздың ортасында-ай.  
Құладай мен көсіліп бір көрейін,  
Болмасаң Батыраштың балтасындай.

Бұл бала байқап тұрмын оқымысты,  
Сөзінен біраз жүрттың іші пысты.  
Түйіп айтса қайтеді бабасындай,  
Бұзатын бір-ақ сөзбен бекіністі.  
Қош келді Тоқтар батыр ағам мұнда,  
Өтеген сан ғасырлық өкінішті.

Ғарышқа да бір өзі  
Барып келген Тоқтарым,  
Көкке жолды ең алғаш  
Салып берген Тоқтарым,  
Көк түріктің көп жылғы  
Қайтпай келген есесін  
Алып берген Тоқтарым.  
Қайратты да мейірлі,  
Айбатты да зейінді,  
Болған-ақ шығар әлемнің  
Батырлары осындай,  
Бұрынғы мен кейінгі.  
Алақаны күректей,  
Саусақтары білектей,

Абыроймен келеді,  
Туған елін жүдетпей,  
Атлас батыр секілді  
Көк күмбезін құлатпай,  
Ұстап тұрған тіректей.  
Аманжол, шошынасың қырасың деп,  
Ағаңмен қан майданға шығасың кеп.  
Шыға сала неге сонша зәрең кетті,  
Ініңді иегінен ұрасың деп.  
Тарихтың қызық-қызық доңғалағы,  
Ақынды ақын сыйлар жөн болады.  
Алдында қалың елдің біз отырмыз,  
Тудырған мені менен сен баланы.  
Байекең оң қолымен бір-ақ тартса,  
Аманжол, бауырым-ау нең қалады?  
Сендей-сендей томпиған  
Балаларды бір кезде  
Алақанға салғанмын,  
Арқасынан қаққанмын,  
Жайын тауып баққанмын.  
Тайрандап келіп алдыма,  
Кеудесін керсе жуандар,  
Иектен де қаққанмын,  
Қарыннан да қаққанмын.  
Неғыламын алдында  
Ағайындар, бөсіп мен.  
Менің атақ-даңқымды  
Қырғыз-қазақ есіткен.  
Талай-талай дөкейлер  
Кететұғын алдымнан,  
Қалмайтынмын шошып мен.  
Сендей сендей жуанды  
Бір-ақ тартқан кезімде,  
Жібергенмін тесіп мен.  
Нанбасаң сұра, Аманжол,  
Мына отырған Жүрсін мен  
Анау Көпен, Несіптен.

Көкшеден көп-көп сәлем ала келдім,  
Алдында әсем әнге сала келдім.  
Аралап кең Балқашты емін-еркін,  
Дос-бауыр мен өзіме таба бердім.  
Балқаштың дархан жұрты жомарт екен,  
Бәріңе мен жоғары баға бердім.  
Сонан соң “Барыс” дейтін комплекске,  
Оған да, айналайын, бара келдім,  
Жировтың өзі қолға түспеген соң,  
Тарсылдатып мешогын соға бердім.

Жар болсын қазағыма бір құдайым,  
Алдында ағыл-тегіл ағылайын.  
Аманжол қытығыма тиіп кетсе,  
Мен неге құтырынып, қағынайын.  
Айтыстың үзілмеген үміті едің,  
Мен сені қинап қатты нағылайын.  
Балалар бізден соңғы өсе берсін,  
Әрдайым жырларыңды сағынайын,  
Жиров та бөтен емес, ағайындар,  
Оған да жар болсыншы бір құдайым.  
О дағы Қазақстан бір баласы,  
Тұқымы болғанымен Сарыбайдың.  
Әлемде озып-жарып келе жатыр,  
Аруағы қолдаған соң Ағыбайдың.

### **АМАНЖОЛ:**

Көліме алты Алашым ғашық еді,  
Талайлар жырдан шашу шашып еді.  
Шашубайдың әндерін тындап өскен,  
Бұл өңірдің құлағы ашық еді.

Балқаштың келдің, міне, сарайына,  
Інінің сөз айтып ең талайына.  
Сары алтындай бағалы ағам едің,  
Мен сені теңемеспін қалайыға.  
Ортада Тоқтардайын батыр барда,  
Батыраш жоламайды маңайыңа.

Басталған Көкшетаудан жол болыңыз,  
Інілерге келгенде мол болыңыз.  
Қырғыздың дастандарын айтушы едің,  
Киелі Манастардай зор болыңыз.  
Иектен Аманжолды ұрамын деп,  
Сынып кетіп жүрмесін оң қолыңыз.

Осалдық мінезінді елің көрмес,  
Сүрініп, тайғаныңды жерің көрмес.  
Көрікті Көкшетаудың өр баласын,  
Балқаштың асыл халқы тегін көрмес.  
Қазақтың қарапайым сөзі бар ғой,  
Елуде еңкейгенмен ебің келмес.

Байеке, ағам едің қырықтағы,  
Шортандай жылжисың ғой тұнықтағы.  
Айбарлы отыздағы Аманжолдан,  
Ағаның жөн болады сыр ұққаны.  
Ағыбай атам құсап айбарлансам,  
Қасқырша қыңсыларсың құрықтағы.

### **БАЯНҒАЛИ:**

Ағайын, бұл інімнің жолы болсын,  
Жырына әрдайым да көңіл толсын.  
Ал, қане, бәс тігейік осы жерде,  
Бұл жерде жекпе-жекке Аманжолдың  
Бір емес маған десе оны келсін.

Аманжол, мен өзінді ұнатамын,  
Аруақты баласы едің бір атаның.  
Мықтымын деп мақтанба, айналайын,  
Ұрғанда бұқаны да құлатамын.

Жүрегі ақындардың күпті болса,  
Жазылады жан жарасы жұрты болса.  
Ал, енді ішінде миың болмай тас маңдайың,  
Көрермін бұқадан да мықты болса.

Аманжол бұл айтысты жолға салды,  
Емес қой ағайындар егес салды.  
Сен маған Ағыбайлап ұрандама,  
Артымда тұрған кезде Кенесары.

Аманжол, керегі не дау, егестің,  
Байқаймын сен де бүгін сау емессің.  
Ағыбайлап қарсы маған шабатындай,  
Мен саған сырттан келген жау емеспін.

Жырымды туған елге арнап жүрмін,  
Ел мұңын әрқашанда толғап жүрмін.  
Мұхтар атам, Шоқан мен Әлкейдейін,  
Арасын қырғыз-қазақ жалғап жүрмін.  
Қырғыз-қазақ жырын мен жырлаған соң,  
Тоқтарға да жырымды арнап жүрмін.

Тоқтардың қасиетті затын көргем,  
Оны мен елден ерек батыр көргем.  
Тоқтардың айтысында анау жылы,  
Ақбозат өз қолынан атын Берген.

Мен оны үлкен-үлкен тәртіп көрем,  
Содан бері, ағайын, шалқып келем.  
Тоқтар ағам мінгізген ақбоз атты,  
Мен сенің он машинаңнан артық көрем.

Құрметтеп Баянғали ағасына,  
Сәлем айтты елімнің анасы да.  
Байекеңді Балқаштың қолдап жатыр,  
Еңбектеген кішкентай баласы да.  
Байекең шалқып-тасып қызып кетсе,  
Түсірер Аманжолды сабасына.  
Бірақ та онша қатты тиіспейін,  
Сүйкімді жігіт еді-ау ағасына.  
Қиратып мен тастасам несі қалар,  
Керек қой бұл Алаштың баласына.

## АМАНЖОЛ:

Демессің бауырымнан ырқым басым,  
Ұсындың Аманжолға жырдың басын.  
Саңлақ Сарыарқаның төскейінде,  
Қараша бізден текті сыр тыңдасын.  
Менен гөрі, Байеке, үлкендеусің,  
Көрдің ғой қырық деген қырдың басын.  
Сөзімді ести алмай Байекеңдер,  
Жүрсіннен сұрап алып тың-тыңдасын.  
Отыздағы інісін көрген кезде  
«Шаба алмай көртаң тарлан сылпылдасын».

Киелі мен өзімнің жерімдемін,  
Аяулы қазақ деген елімдемін.  
Отыздағы ордалы азаматтың,  
Байеке, көріп пе едің шегінгенін.  
Айбарлы Ағыбаймен шайқасам деп,  
Білерсің Баят шалдың жеңілгенін.

Ежелден қазақ деген іргелі елміз,  
Ақжолтайлап шайқасқа кірген ерміз.  
Тіземізді батырмай көршілерге,  
Көшпелі бейбіт өмір сүрген елміз.  
Толғатып Толағайдай батыр туып,  
Бағасына жете алмай жүрген елміз.

Кіндігін жаңа күннің жасын кесіп,  
Басыңнан өтті талай ғасыр көшіп.  
Елім деген ерлерді ер жеткізген,  
Аналарым тербеткен асыл бесік.  
Ереулі атқа ер салған Махамбеттің  
Алмап па ед өз қазағың басын кесіп?

Құпия өткен күннің көп дерегі,  
Бірліктің құламасын көк терегі.  
Бурадай буырқанған батырлары  
Өркешіне оқ тиіп шөккен еді.

Даламның қас батыры Иманжүсіп  
Заманының тарлығын шеккен еді.  
Сайыңнан сайғақ құрлы сая тапшай,  
Мәди де кудаланып өткен еді.

Көтеріп кетсе - дағы айбатынды,  
Батырлар қыршынынан жайратылды.  
Еркек тоқты құрбандық болып кеткен,  
Желтоқсан тоңдырмап па ед Қайратыңды.

Күндестік деген бізді дерт торлады,  
Кей-кейде қиянатта шек болмады.  
Жанымызға батады Әбдісалан,  
Қарақшының қолынан мерт болғаны.  
Досыма сілтемедім шоқпарымды,  
Батырлар тандандырған көк тәңірді.  
Біз бүгін бағаламай жүргендейміз,  
Хас батыр ортаңдағы Тоқтарымды.

Сұңқарың қайда халқым аспандағы,  
Құлжан қайда қасқайған асқардағы?  
Еліміз тәуелсіздік алған шақта,  
Батырдың аумасыншы бастан бағы.  
Бүгінгі әуе күшін еліміздің,  
Жөн болады Тоқтардың басқарғаны.

### **БАЯНҒАЛИ:**

Ағайын, дәйім жақсы күйің болсын,  
Той болып, дәл осындай жиын болсын.  
«Әумин!» деп барлығымыз бет сипайық,  
Сөзіне Аманжолдың түйін болсын.

Жарысып көрдік біз де мұныменен,  
Айтыла жатар әлі бұрынғы өлең.  
Ағалары сыйлайды інілерді,  
Ағаны да сыйласын іні деген.  
Сақтасын біз жұлқысып алысқаннан,



Жазбасын жақсылықпен табысқаннан.  
Кенесары, Наурызбай, Ағыбайлар  
Жарбандап бір-бірімен алыспаған.  
Аталар қасиетті қайда кетті,  
Күн сайын бізден ары алыстаған?

Қағынып бара жатыр бүгін заман,  
Адам жоқ бұл қазаққа ұрынбаған.  
Әбдісалан ағамыз өткен кезде,  
Несіп қана жоқтау айтып шырылдаған.  
Қазағым, етек-жеңің жинай білші,  
Кім тоқтатар итгерді ырылдаған?  
Келген соң бұл Балқашқа өлең айтып,  
Мен - дағы жақсылыққа ырымдағам.  
Маған да қолдарыңды соғып қойшы,  
Аманжол сияқты бөтен емес мен де балаң.  
Қайта айналып келгенше ортаңызға,  
Болып тұр, қайран елім, есен-аман.

## **БАЯНҒАЛИ ӘЛІМЖАНОВ ПЕН ДӘУЛЕТКЕРЕЙ КӘПУЛЫНЫҢ АЙТЫСЫ**

### **БАЯНҒАЛИ:**

Тойға келген құрметті,  
Елге сәлем береміз.  
Жер шоқтығы Көкшетау,  
Жерден сәлем береміз.  
Ынтымақты көп ұлтты,  
Елден сәлем береміз.  
Хан ордасы Көкшетау,  
Ән ордасы Көкшетау,  
Қай қиырдан шетелден,  
Келген мейман бәрісі,  
Айтатұғын жер ғой деп,  
Мақтап барған Көкшетау.  
Кемел ойлы хан Кене,

Найзағайдай Наурызбай,  
Табыннан шыққан Бұқарбай,  
Шапырашты Бұғыбай,  
Иман, Жәуке, Төлебай –  
Батырлардың барлығын,  
Бір заманда аңырап,  
Жоктап қалған Көкшетау.  
Қамшы батып сауырға,  
Кеудесін тосып дауылға,  
Жүрегінен қан саулап,  
Түренмен төсін тілсе де,  
Түп-тамырын қиғызбай,  
Дін мен тілін қазақтың  
Сақтап қалған Көкшетау.  
Қасиетті, киелі,  
Ел боп келген Көкшетау.  
Кене атамның тойында,  
Жақсыларын көрсетіп,  
Өрнектеген Көкшетау.  
Кенекемнің тойында,  
Елдің басы Нұрсұлтан,  
Тон жағасы Нұрсұлтан –  
Қасиетті кісі кеп,  
Құрмет көрген Көкшетау.

Кенекең жастайынан тереңдеген,  
Елінің ертеңінен елеңдеген.  
Бас ұрмай бодандыққа бұзып шыққан,  
Далада еркін өскен өрендермен.  
“Алған беттен қайтпаймын халқым үшін,  
Керемет ерлік жасап өлем!” – деген.  
Батырлық жолдан таймай мерт болғанда,  
Алаштың шерлі жүзі төмендеген.  
Алашқа азаттықты Алла беріп,  
Жырлаймыз біз мақтанып өлеңменен.  
Арманы орындалып хан Кенеңнің,  
Мемлекет болдық, міне, кемелдеген.

Айналайын, ағайын,  
Төгілсін бүгін жырымыз,  
Жарық та болсын күніміз.  
Қасымызда бір жүйрік,  
Дәулеткерей ініміз.  
Көптен бері білеміз,  
Бірімізді біріміз.  
Елге арналсын, шырағым,  
Бүгінгі біздің жырымыз.  
Айналайын, інім-ау,  
Жүйрік аттай шаптың ба,  
Ой арнасын бақтың ба?  
Отызға келіп бұзатын,  
Ордаң менен күні ертең,  
Алатұғын, шырағым,  
Қамалыңды таптың ба?  
Жә, болмаса бір өзің,  
Қой қораны бұзғанға,  
Мәз-мәйрам боп жатсың ба?  
Айналайын, шырағым,  
Жастарға еріп бүгінгі,  
Апиын, наша таттың ба?  
Базарларда қағынып,  
Жұрт қалтасын қақтың ба?  
Жә, болмаса, шырағым,  
Ел-жұртыңның бір нұрын  
Аспанға сен жақтың ба?

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Бісміллә, оңғарылса тілім хақтан,  
Жұртыма жыр ұсынам тың ырғақтан.  
Ассалаумағалейкум, арда қазақ,  
Бабасының бақытын ырымдатқан.  
Көк тәңірге сүйкімді Көкше халқы,  
Бақытын құдай қорып, қыдыр баққан.  
Ұраның ер Абылай емес пе еді,  
Құлағың қуаныштан шыңылдатқан.

Жарымай жүргенінде ынтымаққа,  
Абылай тікпеп пе еді туынды ақтан.  
Қапыдағы қазасы хан Кененің,  
Алаштың ақ жүрегін шымырлатқан.  
Нар туған намысты ерің Наурызбайға,  
Көкшедей көк сенгірің тұғыр, мақтан.  
Хазіреті Науанның дұғасында,  
Бостандыққа ұмтылған үнің жатқан.  
Нұрсұлтандай еріңнің арқасында,  
Тәуелсіз - тәубелі атқан бүгінгі ақ таң.  
Талқыға салатынды мен салайын,  
Қаршыға қанатындай суыл қаққан.  
Армысың, Абылайдың жайлауында,  
Күн дидарлы көрермен, күлім қаққан.

Басында бақ тұрғанда бірігесің,  
Алтын мен мыстай болып кірігесің.  
Қапыда ынтымағынды ыдыратсаң,  
Қанжілік болған аттай жінігесің.  
Жолдасы Қыдыр болып қадам бассын,  
Елбасы жетелеген ұлы көшің.  
Бейбіт күннің бағалап берекесін,  
Ақыныңнан алапат жыр үдесін.  
Танауынды көтерсең бірақ та, елім,  
Көрмей қап, тасқа келіп сүрінерсің.  
Енді еліме керегі бірлік қана,  
Алашыма Алланың нұры келсін.  
Хан Кененің қайғысы ортақ болса,  
Қазақ енді ішінен ірімесін.  
Далиып жатқан мынау далама кең,  
Иелік еткен қазақ бала ма екен?  
Кешегі хан Абылай заманында,  
Қабанбай қараша елдің қамалы екен.  
Бөгенбайлар бөріше жортып өтіп,  
Жауына жолбарысша шабады екен.  
Хан Кененің тұсында Ағыбайлар  
Тарландай тастан таймас тағалы екен.

Намысы найзағайдай Наурызбайың  
Атасынан асылдай бағалы екен.  
Сол батырлар жауына аттанғанда,  
Әжелер бойтұмарын тағады екен.  
Ақсақалдар әлхамдап бата тілеп,  
Иығына сауытын жабады екен.  
Қолтығынан көтеріп арғымаққа,  
Арулар аттандырып салады екен.  
Аруақты ердің тойында айтыс болса,  
Ақындарға көңілің алабетен.  
Өйткені мұның бәрін заңдылықпен,  
Саралаған қазағым саналы екен.  
Жауды жеңіп келгенде хас батыры,  
Ақын аттан түсіріп алады екен.

Байқасаң айтыс деген бас киімдей,  
Басыңда тұратұғын бақ түйіндей.  
Балпаң-балпаң баса бер, Баян аға,  
Жаратқан жанарыңда жасты үйірмей.  
Ініңе ірілікпен сөз арнасаң,  
Ол - дағы адал жүрек ақ сыйың ғой.  
Мен дағы қолдауымды көрсетемін,  
Намысты Наурызбайдың жас күніндей.  
Шұрайлы сөз айта алсаң ел риза,  
Құдайдың құранының тәпсіріндей.  
Алашты тағы да бір сүйсіндірдің,  
Арқадағы ақындардың дәстүріндей.  
Өйткені Көкшетаудың қыраны едің,  
Қоймайтын қоян түгілі қасқыр ілмей.

Бұйырса бәйгеңде озып, жүлденді алдым,  
Бекітем ынтымақпен іргемді әр күн.  
Базаршылап жүрсің бе деп айтасың,  
Өмірімді өз бетімше сүрген жанмын.  
Апиын, нашаңызда шатағым жоқ,  
Ағызам майын мен де тілден балдың.  
Домбырамды қолыма ап ел алдында,  
Өлеңнен бақыт тауып жүрген жанмын.

## **БАЯНҒАЛИ:**

Ініміздің өлеңі  
Бірте-бірте жөнделді.  
Тілеулес ағаң мен едім,  
Емін-еркін өркендеп,  
Өссін деген сендерді.  
Жасың кіші болсаң да,  
Асқар таудай ағаңыз  
Сені өзіне тең көрді.  
Қоян түгілі қасқырды  
Құтқармайтын ағаңыз,  
Сендей жақсы бауырға  
Салмайды ғой шеңгелді.  
Көп тарих ел басынан өткен еді,  
Жақсылар өткен істі ескереді.  
Ақжолтай Ағыбайын ұмытқан соң,  
Қазақтың жолы болмай кеткен еді.  
Аруақты бабаларын еске алған соң,  
Елімнің орындалды көксегені.

Айналайын, қарағым,  
Мен де біраз шабайын.  
Кенесары, Наурызбай,  
Ақжолтайым Ағыбай  
Есіме мен де алайын.  
Бодан қылған еліңді,  
Басып алған жеріңді,  
Ақ патшамен алысып,  
Дауылпазын қақтырып,  
Дабылдың отын жақтырып,  
Алты құлаш ақ найза  
Алты қырдан асыра,  
Ақыра сілтеп лақтырып,  
Алашқа болған дұшпанның  
Ажалды сәтін таптырып,  
Зіркілдете аттырып,  
Алауыз болған ағайын,

Барлығын да жат қылып,  
Азаттық үшін алысқан  
Аламанды шат қылып,  
Дауыл мен желді серік қып,  
Көшпенді жұртқа тақ құрып,  
Тағына халқы тақ тұрып,  
Дүрілдеп өткен Кенекен,  
Алаштың азат дәуренін  
Отар боп қалған Отанға  
Мәңгі армандай шақ қылып.  
Аңсаған бабаларың елдігінді  
Кей біреу көре алмайды бірлігінді.  
Ініміз әлгінде айтып кеткендейін,  
Бірлікпен жасай берші тірлігінді.  
Азғырғанның тіліне еріп кетсең,  
Қазағым, кінәлайсың енді кімді?

Азаттық ата жолы жалғаса ма,  
Біреулер балағыңа жармаса ма?  
Қан кешіп аталарың армандаған  
Елімнің осы күнгі азаттығын,  
Кім көне, айырбастайды колбасаға?  
Мұңшылдық апиынын ішкендейміз,  
Зарлаудың жарысына түскендейміз.  
Кінәлап сынаймыз кеп бәрін даттап,  
Бірақ та өзіміз түк істемейміз.

Әлемге танытуға қазақ атын,  
Көтеріп еліміздің ғажап атын.  
Қазақтың еркіндігін нығайтуға,  
Сен өзің не бітірдің, азаматым?

Елің жүдеп жатқанда тоқ жүрсің бе,  
Тойғаныңа мәз-мәйрам боп жүрсің бе?  
Қолда барын купон мен кулар құртқан,  
Жұмыссызға көз қырын сап жүрсің бе?  
Болмаса ұрылармен әмпей болған

Ұлықтардай жұртыңды жеп жүрсің бе?  
Халқына пайдасы жоқ шенеуніктей  
Қауқиып азаматпын деп жүрсің бе?

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Байқасам Баянғали жүлделі екен,  
Ақ бозын Ағыбайдың мінген екен.  
Әрине, барыңды сап айтып жатсың,  
Айтысы хан Кененің күнде ме екен?  
Жиырма бесте жалындап сөз айтайын,  
Тіркестер келмесінші тілге бөтен.  
Ағамыз елдің жайын айтып жатыр,  
Есіне бірдемелер кірген екен.  
Сен мені Наурызбай деп тани алсаң,  
Ақылың дариядай іргелі екен.  
Кешегі хан Кенелер елі үшін,  
Білегіне қалқанын ілген екен.  
Тар кезеңде табаны тайқып кетіп,  
Ала ауыздық танытқан кімдер екен?  
Хан Кенедей көтеріп мәртебенді,  
Жүректегі шоғынды үрлеп өтем.  
Атамыздан дарыған ақ батадай,  
Сені жауға тастамай бірге кетем.

Тілеуі Алашыңның ақ болып тұр,  
Көкшетау, басыңызға бақ қонып тұр.  
Хан Кененің тойында ақ жүрекпен,  
Патшаңыз қадам басып тап келіп тұр.  
Қымсынбай, Баян аға, қамшы басып,  
Інінді іргендегі ақкөбік қыл.  
Өлі разы болмай тірі байымайды,  
Бабалар жүзімізден шат көріп тұр.  
Ханның басын сыйласаң, қалың елім,  
Сіздерді құдай сыйлар сәт келіп тұр.

Айтыстың ақ қамбасын ақтарғасын,  
Ағасы, тіл сүрініп, жақ талмасын.



Мен ұстазбын анықтап аяқ басқан,  
Шәкіртке тәлім беріп жатқан басым.  
Өйткені ұстаздығым ата кәсіп,  
Әріден үрдіс болып сақталғасын.  
Бәйгеден, Баян аға, көрініңіз,  
Бағың мен бабың бірдей бапталғасын.  
Көкшеде көкжал ақын өзің едің,  
Айтыста алмас тілің сақталғасын.  
Әміріңе сенің мен бағынбаспын,  
Қадіріме жетпесең қапталдасым.

### **БАЯНҒАЛИ:**

Сөз айтамыз халыққа  
Екеуіміз де жылдам боп.  
Бұл ағаңыз білесіз,  
Сен сияқты ініні  
Беттен сірә ұрған жоқ.  
Ақыл айт деп өзіңіз  
Келіп тұрған алдыма  
Қадірің білмей бұл аған,  
Әй, шырағым, біліп қой,  
Әмір беріп тұрған жоқ.

Бәкеңнің еліне айтар жыры бар-ды,  
Ашылар талай-талай сыры бар-ды.  
Ақ бозын Ағыбайдың мініп едім,  
Құттықтар дәл осындай іні бар-ды.  
Ағайын ақ боз атты мінгеніме  
Қуанып айтып жатыр, тілі балды.  
Бір қызды мінгізем деп кеше мен де  
Пәлені сау басыма қылып алдым.  
Жеңешем оқтауменен қуалап бір,  
Ақыры бәрінен де құры қалдым.  
Аяғында қыз да жоқ, келіншек жоқ,  
Екі шал, екі кемпір мініп алды.

Жырымды ел-жұртыма шашып жүрем,  
Әрдайым ақ жүрекпен ашық жүрем.  
Ағыбайдың ақ бозын аямаймын,  
Шал-кемпірдің барлығын тасып жүрем.

Айналайын, ағайын,  
Айтыс дейтін тамаша.  
Болмасын де бұл жерде,  
Батырлардың егесі,  
Болсын дейік бұл айтыс,  
Жақсылардың кеңесі.  
Айналайын, шырағым,  
Түр-түрпатын қарасам,  
Кешегі өткен Наурызбай –  
Дәулеткерей елесі.

Наурызбай – жер-жаһанның жолбарысы,  
Бөлек екен ел үшін толғанысы.  
Оң қолында төрт кісі күші бопты,  
Найзаны бөлек екен қолданысы.  
Ақырған алты Алаштың арыстаны,  
Кененің қысылғанда қолғабысы.

Жарқылдап жиырма бес-ақ жасында өлген,  
Есенгелді, Саржан мен Қасым да өлген.  
Құтыларға болса да мүмкіндігі,  
Ел үшін Кенесары басын берген.  
Қай бастық басын беред халық үшін,  
Осы күні көп сөйлеп, қасын керген?

Дұшпанмен халық үшін алысқанда,  
Бөтен ой болмаған ғой арыстанда.  
Әділет, ақиқатқа жүгінер деп,  
Хат жазды Кенесары орыстарға:  
“Жаһанға жетсе-дағы күшің, - депті,  
Жер-суды атамыздан қалған біздің  
Тартып ап, жасап тұрсың қысым, - депті.

Халқымды бөтен жұрттың езгісінен  
Құтқару менің ұлы ісім, - депті.

Түйінді семсерменен кесейін бе,  
Ақиқат, ақылменен шешейін бе?  
Қор болып бодандықта өтейін бе,  
Алысып азаттыққа жетейін бе?  
Өздерің қайтер едің басқа бір жұрт,  
Басып ап билік құрса Ресейінде?”  
Кененің кемеңгерлік бұл сұрағы,  
Әлі түр аз ұлттардың көкейінде.  
Ағылшын, қытай, орыс, араб болсын,  
Мейлі ғой қайсы құрылық болса - дағы,  
Астамсыған жұрттарға сабақ болсын.

Алпауыттар әрдайым тұрады өрлеп,  
Аз халықтың тағдырын қылады ермек.  
Мемлекет теңдігі жоқ елдер барда,  
Кенекендей күрескерлер шыға бермек.  
Халықтың теңдігі үшін, елдігі үшін,  
Аждаһадай ашылған аранына  
Көк найзасын әрдайым тыға бермек.

Айналайын, ағайын,  
Ақындарың тынбасын,  
Кеңінен бүгін толғасын.  
Дәулеткерей ініммен  
Екеумізді, ағайын,  
Көкте құдай жар болып,  
Жерде халқым қолдасын.  
Айналайын, шырағым,  
Ұстазбын деп отырсың,  
Шәкірттерің жақсы боп,  
Кенесары, Наурызбай  
Батырлардың кешегі  
Жолын алға жалғасын.  
Саған - дағы тілегім

Наурызбайдай бола бер,  
Наурызбайдай тек қана,  
Жасың қысқа болмасын!

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Мен сізді құрметтеймін ардағымша,  
Талантты таразылап талғауымша.  
Бал-бұл жанып барады екі бетің,  
Сақталған сабандағы сар қауынша.  
Келіншектен таяқты жедім дейсің,  
Ол - дағы күдірет қой Алла қылса.  
Көкеннен соң Көкшеде кәрі ақынсың,  
Жиналған құрметіңе ел залға мұнша.  
Кеу-кеулеп өзіңе өзің айқайлайсың,  
Бұрынғының серісі, салдарынша.  
Аман-есен айқайлап айтыса бер,  
Қақиып қатқан қара болғаныңша.

Төбенде төңкерілген бөркің - аспан,  
Көкшетау - келбетің мен көркің асқан.  
Наурызбайға сен мені теңеп жатсаң,  
Хан Кене ағасына серті ұнасқан.  
Көкшетау қасиетті мекен екен,  
Басынан замананың дерті қашқан.  
Сол батырлар аруағы емес пе еді,  
Қолынан жауларының еркі қашқан.  
Тектіден қалған түяқ сіздерсіздер,  
Қасиетті қазандай кемпір асқан.  
Осы батыр бабалар баяғыда  
Азаттықтың түңілігін желпіп ашқан.

Еріне айтпайды ма ел мінажат,  
Қайтейін қайтармалап елді қажап.  
Манасшылап кеткенде Баян ағам,  
Ешкімге бола қоймас енді мазақ.  
Қабырғасын ел үшін қайыстырған  
Ерлерің көрді емес пе қорлық, азап.

Баба көрген қорлықты бала көрмей,  
Керемет бостандық күн келді ғажап.  
Осыншама опасыз тағдыр кешкен,  
Сорлы қазақ сол болсын соңғы қазақ.

Басымнан сыпырылса ақ томаға,  
Шабытқа Баян ағам шақ бола ма?  
Аталардың арманына біздер жеттік,  
Құдайым, бұдан асқан бақ бола ма?

### **БАЯНҒАЛИ:**

Бұл інім барлық елден ерек шығар,  
Ойы да алабөтен, зерек шығар.  
Ағасын қауын дейді мына бауыр,  
Бауыр десең бірақ та бөлек шығар.

## **БАЯНҒАЛИ ӘЛІМЖАНОВ ПЕН ТЛЕГЕН ӘДІЛОВТИҢ АЙТЫСЫ**

### **БАЯНҒАЛИ:**

Тудырған не бір жайсаң марғасқаны,  
Армысың, бауыр елім, Балқаштағы.  
Ұранын Ағыбайдың шақырғанда,  
Даланың дүр сілкінді тау-тастары.  
Көкшетау көп-көп сәлем айтып қалды,  
Шырқалған Ағыбайдың алғашқы әні.  
Кенесары кеңескен Ағыбаймен  
Көкшенің сәлем айтты жартастары.  
Жүзіңнен мынау жарқын танып тұрмын,  
Тот баспапты Ағыбай алдаспаны.  
Тойларың тойға ұлассын айналайын,  
Қараменде, Сана би жалғастары.

Балқашқа келді көп ақын,  
Ағыбайдың тойына.

Жарқырап бізді Балқаштың  
Елі-жұрты қарсы алды  
Вокзалында күлімдей.  
Оркестр құрып алдымнан  
Өрендеп салды әніне  
Балдардың салған сол әні  
Манарбек пен Күләштің  
Аққуға жеткен үніндей.  
Мұнды сазды шертетін  
Мағауияның күйіндей.  
Өрімталдай сол балдар  
Көзіме ыстық көрінді  
Әлихан мен Әлімхан  
Аталардың гүліндей.  
Сол балдарды басқарып,  
Балпандап шықты алдымнан,  
Әкімдерің Қасымхан  
Ағыбайға ілескен  
Көп сарбаздың біріндей.  
Бауырларым жарасып,  
Әрқашанда жасай бер,  
Белдеріңіз бүгілмей.

Алматы мен Астана  
Ақындары елге кеп,  
Жайылып жатыр кереге,  
Астанадан шықпаса  
Бұл өнерің өне ме?  
Ақындар келсе бұл жаққа  
Балдарға тисін өнеге.  
Айтысы, міне, қазақтың  
Жайып та жатыр кереге.

Ұл-қыздары Балқаштың  
Біздерді кеше жүздіртті  
Мінгізіп алып кемеге.  
Мың рахмет айтамын

Ел-жұртына Балқаштың,  
Ағыбайдың тойында  
Ақындарын қазақтың  
Тік көтерген төбеге.

Алашты азаттыққа шақырды кім,  
Ақырып аждаһаға атылды кім?  
Теңіздей толқығанда төре-қара,  
Жол нұсқап айтты оларға ақылды кім?  
Кенесары, Наурызбай, Ағыбайлар  
Көтерген қазақ рухын, батырлығын.  
Кім кәне күңіреніп солар құсап,  
Ел үшін жанын қиып жатыр бүгін?

Кенекен кемеңгерің елдің басы,  
Ағекен ақжолтайың қолдың басы.  
Жасындай жарқылдаса жас Наурызбай,  
Тербелген жердің беті, таудың басы.  
Бұқарбай, Иман, Жәуке, Бұғыбайлар –  
Көненің көбе бұзған көк найзасы.  
Танабай, Көлебай мен ер Меңдібай,  
Секілді іріктелген сайдың тасы.  
Толыбай, Дулат, Шыңбай тізе қосқан,  
Ерлердің жолбарыстай жан жолдасы.  
Жолықса жортуылда жаугерлерге,  
Еріксіз аттан түскен дос пен қасы.  
Шындықты орыстардың өзі жазған,  
Патшасы болса - дағы пәле басы:  
Рухани қуатына сол ерлердің  
Қызығар деп европалық сан қолбасы.  
Сол рухани, сол ерлігің бар ма қазір,  
Ойланшы, қазағымның кәрі-жасы?

Е-ей, айналайын ағайын,  
Ағыбайдың тойында  
Тағы да бір ағайын.  
Қасыма келген Тілеген

Ақын бала секілді.  
Ағыбайға ілескен  
Батыр бала секілді.  
Мұны да бір қағайын,  
Қас-қабағын бағайын.  
Айналайын, Тілеген,  
Тұлғаңыз да бар екен,  
Сұлбаңыз да бар екен.  
Күмпіп неге отырсың,  
Әскерден қашқан солдаттай?  
Айналайын, Тілеген,  
Әскерге өзің бардың ба?  
Отаныңды қорғайтын,  
Көк темірде көп өнер,  
Меңіреп әбден алдың ба?  
Жә болмаса жан бағып,  
Үйде бұғып қалдың ба?  
Айтыла берсе таусылмас  
Ебеп-себеп ертегің,  
Кімге дәрі балалар  
Құр секірген селтеңің.  
Әскерге балдар бармаса,  
Еркіндігіңді кім қорғап,  
Байтақ жатқан даланың  
Кім қорғайды ертеңің?

### **ТІЛЕГЕН:**

Көсіліп шабытымның барында шын,  
Ал, енді көңіл, шіркін, арындасын.  
Бір Алла тіл мен жаққа қуат беріп,  
Қарағай қос ішекті бабындасың.  
Ассалаумағалейкум, ардақты елім,  
Сен менің бағымд - асың, арым - дасың.  
Аруағыңнан айналдық, батыр баба,  
Өшпейтін мәңгілікке жадымдасың.  
Тойында Ағыбайдай ер бабамның,  
Жорға тіл жүрісінен жаңылмасын.



Армысыз, Баянғали, алтын аға,  
Көзімнің сізге салдым қарашығын,  
Басың алтын, кеудең күміс ағам едің,  
Ешкімнің аттамаған ала жібін.  
Өмірде сіздей ағам көп болса екен,  
Осылай ардақтайтын Алаш ұлын.  
Ал, енді шартпа-шұрт айтыс қылам,  
Көңілде ызыңдатпай қара шыбын.

Жетерлік қиялға да арманға өзің,  
Қырандай қия шыңнан салған көзің.  
Қазақ пен қырғызыма алтын көпір,  
Бел буып, бекемделіп барған да өзің.  
Қазақта сіздей ақын көп болса екен,  
Халқына семсер де өзі, қалқан да өзі.  
Қарға, күзғын жүре алмас маңайынан,  
Қаршығаның қыраны жалғанда өзің.  
Әзілменен анау-мынау жан тұта алмас,  
Азуы алты қарыс арлан да өзің.  
Шапқанда тұяғына таға тұрмас,  
Аман-есен келдің бе, тарланбозым?

Тыныштық, тәуелсіздік арманы елдің,  
Жыр айтсам арманым да бар ма менің.  
Жырыңның жанарында былшық тұрып,  
Ушықтырып мені де алма дедім.  
Санаңызда қалса егер қылшық тұрып,  
Тұншықтырып тастайды талғамы елдің.  
Жырыңды айналдырсаң ұршық қылып,  
Кішілікке барармын ыршып тұрып.  
Ағыбайды тереңнен толға дедім,  
Дариядан жайын ілер қармақ едің.  
Көкейінде қалатын сөз айтшы, аға,  
Көкірегін көк түтін алған елдің.

Бұл өнер жарқыраған айым еді,  
Тербелген айтыстағы қайың еді.

Әскерге бардыңыз ба деп отырсыз,  
Бұл - әншейін сұрақтың пайымы еді.  
Мен барғам жоқ, Байеке, ел қорғауға,  
Сіздей болсын ағасы қай ұл енді.  
Бірақ та ел шегіне жау келгенде,  
Найзамыз ұстайтұғын дайын еді.

### **БАЯНҒАЛИ:**

Шырағым, керек сөзді айтсаң болды,  
Айтысты өрге қарай тартсаң болды.  
Еститін мақтауымды естіп алдым,  
Осымен мен үйіме қайтсам болды.

Уағалейкумассалам, Тілегенім,  
Бастамай жатып сен де жүдемегін.  
Баласың жастан шыққан от қайратты,  
Отырған мынау елдің тілегі едің.  
Алаштың айтулы бір ақыны бол,  
Ғаламға тарай берсін нұрлы өлеңің.

Жырла деп айттың маған Ағыбайды,  
Ағыбай аузына алған бір құдайды.  
Жауға шапқан әскер оны ұран қылған,  
Алдымен айтқаннан соң Абылайды.

Қолында Ағыбайдың шолақ найза,  
Ақ сауыт жарқылдаған күн мен айға.  
Ағылса арғымақпен а, құдайлап,  
Жаулары жапырылып қашқан сайға.  
Өзі үшін пайда кумай, халық үшін  
Жан пида қылатұғын ерлер қайда?

Алысып өткен ел үшін,  
Қаны мен жанын аямай  
Арман қылған аталар,  
Азат болған ел қандай?  
Айдынды шалқар көл қандай,

Саудаға түскен жер қандай?  
Бәрін айт та бірін айт,  
Тұлғасы таудай болғанмен,  
Әскерге бармай жүрген бұл  
Тілегендей ер қандай?  
Бермейтін атын бөтенге,  
Сардарың қандай бұрынғы?  
Самолет сатқан шетелге,  
Генерал қандай бүгінгі?  
Жүрекке жүрек қосатын,  
Білекке білек қосатын,  
Сарбазың қандай кешегі?  
Бүгінгінің солдатты  
Бір-бірін сабап әскерден,  
Қашып та жатыр деседі.  
Ала ауыз болса шалдарың,  
Әлжуаз болса балдарың,  
Еркіндігінді кім қорғап,  
Елдігің қалай өседі?

Біз көрдік өндірістің өртгі лебін,  
Тілеген, айтып тұрсың көп тілегін.  
Ағыбай, Кенесары баяғыда  
Алысып елі үшін өтті дедің.  
Көкше теңіз күресті көк түгінмен,  
Қаланың тазартам деп көкірегін.  
Өзін-өзі өртеген өндірісің,  
Қайтейін, осы боп тұр дертті жерің.

Біз де келіп айтысқа,  
Талай да талай іс қылдық.  
Барлық ақын жиналып,  
Ауасын жұтып Балқаштың,  
Түні бойы түшкірдік.  
Балқаш дейтін киелі,  
Қасиетті жер екен,  
Байтақ жатқан ел екен.

Бір күн жұтып ауасын,  
Ауырып жатыр ақындар.  
Күнде жұтып ауаны,  
Жетпіс, тоқсан жасайтын  
Бұл Балқаштың ел-жұрты  
Шынында да ер екен.

### **ТІЛЕГЕН:**

Берсеңіз енді бізге ер кезегін,  
Домбыра қолыма алып ел кеземін.  
Баяндай баянды ағам келгеннен соң,  
Қасында Тілегендей елгезегің.  
Жебе жырды тарттым сізге желмен бірге,  
Жараланып қалмасын желбезегің.

Ақындар жиналға соң санасы бар,  
Алла қолдап жүрген соң бабасы бар.  
Тілеген қалай бүгін жүдейді екен,  
Қасында Баянғали ағасы бар.  
Баяғыда шалдар да айтушы еді,  
Ағасы бардың деуші еді жағасы бар.  
Ал, енді Тілегенің көсілсінші,  
Қасында Алатаудай панасы бар.  
Артыңнан өңшең жастар келе жатыр,  
Құласы бар ішінде, аласы бар.  
Жастардың тайы озса өкпелеме,  
Олардың өлеңге де таласы бар.

Ақынның біреуі едің есі кірген,  
Тербеліп сәби жырдың бесігімен.  
Көк түтінді айттыңыз, Баян аға,  
Тақырыбың болсыншы осы мүлдем.  
Ол жағын халық түгел айтуда ғой,  
Дөкелейлер сығалатпай есігінен.  
Балалар жеті айлық боп туып жатыр,  
Ол да сол көк түтіннің кесірінен.  
Көңпіс қазақ қайда болса көнеді ғой,  
Бәріне қарап жүр ғой кешіріммен.

Оралсақ Ағыбайдай ұлы есімге,  
Ақындар арлы-берлі жыр есуде.  
Ұлытауда туған ұл, Қойсанадан  
Жаралған дұшпанымен тіресуге.  
Қазақ үшін қан жұтып қас батырың,  
Өмірі өткен еді күресуде.  
Ал, соның ұрпақтары тойын жасап,  
Бабамның қабіріне гүл өсуде.  
Текті атаның текті ұлынан айналайық,  
Тектісін тастамаған күресінге.

Сарыарқа өрісі кең мал кетпеген,  
Төсінен ақыл айтар шал кетпеген.  
Азаттық деп алысып ақ патшамен,  
Қаһарлы хан Кенеге жан жетпеген.  
Сарыарқада хас батыр қол жинады,  
Қаусаған шал, бала үшін еңбектеген.  
Дулығалы батырлар басын қосты,  
Кілең жүйрік мінгені жел жетпеген.  
Ақжолтай бас батыры хан Кененің —  
Арқада Ағыбайға ер жетпеген.  
Шашырап сан батыры кетсе-дағы,  
Ағыбайдай қасынан ер кетпеген.  
Біздер үшін бабамыз қан жұтып ед,  
Тұлпарының сауырынан тер кеппеген.

Атағы ұласқан соң сан ғасырдан,  
Ағыбай ақжолтайға хан бас ұрған.  
Хан Кене еркелетіп ақжолым деп,  
Аруағы басым еді сан батырдан.  
Торсықтан ораза ашып біздер үшін,  
Тұлпарының үстінде танды атырған.  
Жауының жүрегіне жебе қадап,  
Қылышының ұшына қан қатырған.

Дұрыс қой тәуір ойды қозғағаның,  
Қалайша бүгін сірә қозбағаның.

Сақтығын берсең - дағы сауысқанның,  
Пиғылын берме құдай тазқараның.  
Ал, аға, сізге кезек біз берейік,  
Жүйріктей қырат белге көз қададың.  
Ал, енді айтарыңды айтып қалшы,  
Бұзуға келгеннен соң сөз қамалын.  
Ағыбайды жырлашы тереңірек,  
Қимылын көрсеткендей бозбаланың.  
Желмен бірге жырлашы, жырмен бірге,  
Жез киігі секілді боз даланың.

### **БАЯНҒАЛИ:**

Балаға ұзақ айтса кешірімді,  
Ұзақтан сілтей-сілтей есі кірді.  
Бұл күнде барлық қазақ есіне алды,  
Хан Кене, ұмытылған есіміңді.  
Тақ үшін жаратылған асылзада,  
Іздедің ат үстінен несібінді.  
Өзіндей халық үшін басын беріп,  
Қай бастық жатыр екен осы күні?

Ақжолтайың Ағыбай  
Хан Кененің құрдасы.  
Қалжыңдасқан көсесі,  
Сірә да жаудан қайтпаған,  
Келсе де қаптап нешесі.  
Ағыбайлап ұран сап,  
Қайтқан да екен есесі.  
Өзің айтқан, шырағым,  
Абылай туын ұстаған  
Байғозының нәсілі  
Қойсана батыр шешесі.

Өткен күн өреліге ой салады,  
Тарихтың өнеге емес қай сабағы.  
Алты ұры тонамақшы болды дейді,  
Анасы Ағыбайдың Қойсананы.

Аяғы ауыр екен Ағыбайға,  
Жан бағып, үйде отырар шағы қайда?  
Сескеніп айбатынан ер ананың,  
Кетіпті алтауы да домаланып.  
Әйелдің айбаты емес бізді жеңген,  
Күші депті іштегі шарананың.

Ағыбай асып туған алты арыстан,  
Жаулары жанын күтіп жалтарысқан.  
Байғозы, Наймантайдың батыр қызы,  
Анасы Қойсананың заты арыстан.  
Ағыбай іште жатып қуғын көріп,  
Жауымен тумай жатып арпалысқан.  
Сиынып аруағына Ағыбайдың,  
Не бір өрен қазақтан кеп табысқан.

Тілеген шырақ, бері қара,  
Айтып та өттің ашынып  
Дертті туған баланы,  
Әрең келген шаланы.  
Одан да сұмдық айтайық,  
Далада болған шараны.  
Елірген бүгін кей біреу  
Ақшасы көп шетелге  
Сатып та жатыр баланы.  
Дәті барып дөкейлер  
Баланы қалай сатпақшы  
Мөлдіретіп көздерін?  
Аз болды ма сатқаны  
Алтыны менен жездерін?  
Байтақ жатқан даламыз,  
Жемі де еді өзгенің.  
Баламызды сатқанның,  
Даламызды сатқанның,  
Ақшасы көп шетелге,  
Сатар ма еді өздерін?  
Елім деген бір ұғым,

Халқым деген бір ұғым  
Желкөкірек шендінің  
Жетесіне жетпейді.  
Патриоттық сезімі  
Жүрегінде болмаса,  
Санасына қонбаса,  
Босаған қалай көктейді.  
Көбік сөзді көсемдер  
Аукционға салсаң да  
Бізден басқа бір елге  
Көк тиынға өтпейді.

Байқап та тұрмын, ағайын,  
Бұл Тілеген балаңыз,  
Айтыс дейтін өнерге  
Үшталған бала секілді.  
Айтатын сөздің арнасы  
Нұсқалған бала секілді.  
Собалаңдаған бойы бар,  
Одан да биік ойы бар,  
Мұғалімі тарихтың.  
Жөбір көріп жұмыстан  
Қысқарған бала секілді.

Ақынымыз қазақтың,  
Достықты дәйім ән қылған.  
Өлеңнен теріп маржанды,  
Өлеңнен күмбез салдырған.  
Інілерді көргенде  
Нұрға толы жүрегім,  
Жырларым да аумайды,  
Менің нәсер жаңбырдан.  
Қарағандының дөкейі  
Ералы інім осында,  
Орынбасары әкімнің.  
Қасымхан да мұнда отыр,



Әкімі екен Балқаштын,  
Сендерге қандай дауа бар?  
Мұғалімді қысқартып,  
Жұмыссыз мүлде қалдырған.

Айта түс деп Байеке,  
Менен де халық тілеп тұр.  
Мұғалімдер қысқарып,  
Жұмыстан әбден жүдеп тұр.  
Және де біздер естідік  
Балқаштағы қазақ мектебі  
Балдары симай олар да  
Үлкендеу үйді тілеп тұр.  
Үлкен мектеп ашқан соң,  
Қасымхан балуан ағамыз  
Азуды көкке шіреп тұр.  
Қазақша мектеп жағдайы  
Оншалықты болмай тұр.  
Соған көмек қылсын деп  
Халық, міне, тілеп тұр.

## **БЕКАРЫС ШОЙБЕКОВ ПЕН МЭЛС ҚОСЫМБАЕВТЫҢ АЙТЫСЫ**

**МЭЛС:**

Келгенін бүгін қарашы,  
Домбыра тартқан күйімнің.  
Алқалаған өлеумет,  
Айтыс деп бізге бұйырдың.  
Сыбағасы сол болар  
Көрсетер бүгін сыйымның.  
Әуелі Алла, бір құдай,  
Талабымды онда деп,  
Ер Бекетке сиындым.

Ағайын, айтыс десе бір тоймадың,  
Білемін алдарыңда мың той барын.  
Келеге түсетұғын кер үлектей,  
Кешегі Бекарыстай сұр тайлағың.

Көңілі көрерменнің кең сияқты,  
Қошеметтеп отырған ел сияқты.  
Айтысып екеуіміз көрелікші,  
Үзеңгі мен құйысқан тең сияқты.  
Оңтүстіктен келгенмен ақын інім,  
Солтүстіктен соғатын жел сияқты.

### **БЕКАРЫС:**

Армысың, Мэлс аға, батыстағы,  
Әлі де туылмаған атұстары.  
Біраз жыл болыпты ғой сіз айтысқа,  
Арқалы ақын болып қатысқалы.  
Жүгіріп Шымкенттен мен де келдім,  
Айтулы ақыныңмен айтысқалы.

Мәреге ұмтыласың дәмең барда,  
Сөйлейміз әділетке әлем зарда.  
Тайпалаған жорғасың ғой, Мэлс аға,  
Келе жатқан жоқсың ғой әрең-зорға.  
Талтандап Мэлс ақын шыққан кезде,  
Балпандап өлең айтпай, бәлем бар ма?

Сөзіңіз мына бізге екен үлгі,  
Білемін өлең-жырда мекенінді.  
Аштың-ау азаматтық ажарыңды,  
Шырай-жырмен кіргізіп шекерінді.  
Делдиген танауыңнан танып тұрмын,  
Тынысы кең тұлпардан екенінді.

Кез келді енді бізге байқасатын,  
Алысып бір-біріміз айқасатын.  
Сыбағам дайын шығар сіздің жақтан,  
Қыз емессің күрендеп шай тосатын.

Махамбеттің ұрпағы емес пе едің,  
Қасық қаны қалғанша шайқасатын.

Жиналыпты биіктер өресі кіл,  
Солардың еншісінде келесі жыр.  
Атпалдай ағалармен жағаласып,  
Шымкенттің шикіөкпе немесі жүр.  
Сипап сөйлеп отырған жұрттың бәрін,  
Қайдан шыққан ақылғөй демеші бұл.  
Сен тұрғанда қуанған ел емес пе,  
Сол елді қуанышқа бөлеші бір.

### **МЭЛС:**

Ал, інім, көңіліңді қайтармаймын,  
Жауқазын жырларыммен жайқалғанмын.  
Бәйгеге бір түскесін шегінбеймін,  
Қорқақтап аттың басын тарта алмаймын.  
Балпаңдап сен де отырсың қасымызда,  
Келгесін туған жерге талтаңдаймын.

### **БЕКАРЫС:**

Сен біздің болашаққа үмітсің ғой,  
Ал, енді сырт көздерге күдіксің ғой.  
Өлеңіңе қарасам мін тапшаймын,  
Ешкім суын ішпеген тұнықсың ғой.  
Және ешкімнің шамына тиіспейтін,  
Саясаткер болатын жігітсің ғой.

Елінде демеу берер дүрлерің көп,  
Менің де шабытымды үрледің кеп.  
Өзіңменен шамалап айтыспасам,  
Бері қарай бұрылатын түрлерің жоқ.  
Сөздің шынын айтамын, Мэлс аға,  
Өмірде ілгенің мен білгенің көп.  
Әйтпесе мақтап-мақтап мына сенің,  
Қызыңды алайын деп жүргенім жоқ.

## МӘЛС:

Кейбіреу көңіліне дық сақтайды,  
Ұлттың көп мәселесі ұқсас қайғы.  
Саясаткер деп мені мұқатасың,  
Ініміз бұдан басқа түк таппайды.  
Билік – бит болған кезде, саясат – кит,  
Биттің көлеңкесінде кит жатпайды.

Алдыңа арқыраған Мэлс келді,  
Шабысын Бекарыстың тегіс көрді.  
Бұл халық үміт күтіп отырған соң,  
Дүние айтыспенен тегістелді.  
Ал, енді осы жерде көрсетейін,  
Мысалы керіскен мен келіскенді.  
Үйде жатқан кінәсіз сәби ғой ол,  
Аламын деп желікпе періштемді.

Әй, Бекарыс, Бекарыс,  
Алдыңда жатқан сияқты  
Айтыста мың шақырым.  
Кешірмейді көрермен  
Ақынның кеткен ғапылын.  
Тепсініп келгенде  
Мықты болсын тақымың.  
Бұйырған қызды аларсың,  
Жететін болса ақылың.  
Махамбеттің ізінде  
Қалған бір ұрпақ болған соң,  
Семсер сөздің сапымын.  
Топан жырдың астында  
Көп сөйлесең қаларсың,  
Абайла, байқа, ақыным.

Саған да менің дауым жоқ,  
Сүр жебедей қадалсаң.  
Жанартаудай лапылдап,  
Өлеңіммен жана алсаң.

Қанекен деген ұстазың  
Алпысқа толар жақында,  
Бір той болса, хабар сал.  
Арманың бүгін жоқ шығар,  
Ағаңа бір ілесіп,  
Арғымақ аттай шаба алсаң.

### **БЕКАРЫС:**

Қырандай қияларды шолыпсың ғой,  
Біздерге қорғансың ғой, қорықсың ғой.  
Көркем сөздің көсемі деген сайын,  
Ештеңе де ұғынбай толыпсың ғой.  
Мен сенің өз қызыңды сұрағам жоқ,  
Өзің бір мақал бұзғыш болыпсың ғой.

Көкейден ағыл-тегіл жыр атқасын,  
Ел – халық көңілінде тұрақтасын.  
Айтысып отыр едім қызық үшін,  
Мына жұрт екеуімізді сынатқасын.  
Сұрамаған қызыңды қызғандың-ау,  
Құдай сенен бізін де сұратпасын.

Сөйлейді інің енді сенер болсаң,  
Өзің біл, жыр-додаға көмер болсаң.  
Ақылға келерсің-ау, Мәлс аға,  
Өлеңнің қисынына көнер болсаң.  
Қанекеннің тойына шақырайын,  
Қызғанған қызыңды ергіп келер болсаң.

### **МӘЛС:**

Ей, Бекарыс, Бекарыс,  
Көңілің бүгін көктем боп,  
Жапырақ жайып гүлдесін.  
Өлеңнің өзің еншілеп,  
Бөлекше бекіт іргесін.  
Айтысқа бүгін шыққанда  
Асқарлап ойдың мәнісін,

Айтамын ғой білгенсін.  
Қос атқа жегіп шаптырдым  
Көңіліңнің күймесін.  
Сәби деген періште,  
Аузыңды қисайтып  
Киесі ұрып жүрмесін.

Айқайлап келіп қол соққан,  
Ағайын мына аламан.  
Жақсы айтатын ақынды  
Хас тұлпарға балаған.  
Дүрсілдеп қазір кететін,  
Жүрегім менің – барабан.  
Мен емеспін өзінді  
Жоқ сөзді айтып талаған.  
Қызыма тілің тигізбе,  
Байқап тұрсаң, Бекарыс,  
Осы отырған бар халық  
Бір қыздан барып тараған.

Бекарыс, саған тимесін,  
Бүгінгі күні қырсығым,  
Жалғанға келген жарық етіп,  
Өзіндей мен де жыршымын.  
Тиіспе маған, інішек,  
Көлдей болар өзіңнің  
Көздей тесік-жыртығың.  
Өлеңнің қазір жарғызшы,  
Жайқалтып барып бүршігін.  
Мынау байтақ қазаққа,  
Естілген дүбір-дүрсілім.  
Кім осал да, кім мықты,  
Арасына салайық  
Халық деген сыншының.  
Аталы сөзге тоқтамай,  
Айқайлай берген адамға  
Айтатын сөзің – құр шығын.

### **БЕКАРЫС:**

Теңеуші ем, Мэлс аға, жаныңды айға,  
Сабыр сақта, ашуға салынбай да.  
Сен мені кінәлі ғып отырсың-ау,  
Әділеттен аттамас арың қайда?  
Киесі ұрады деп қорқытпағын,  
Періште де құдайға бағынбай ма.

Мен сенің періштеңнен күнді көрдім,  
Періштемен ұстасқан кімді көрдің?  
Періштенің әкесі, Мэлс аға,  
Періштемен қоса енді ұлды болғын.

Біздерге тігіп отыр құлағын жұрт,  
Мәлістен поэзия бұлағын күт.  
Қоңыңыз көтеріліп қалыпты ғой,  
Әсте майдай жаққан-ау мұғалімдік?

### **МЭЛС:**

Бекарыс, шабысыңды танығанмын,  
Намысыңды әдейі жанығанмын.  
Сен маған семізсің деп тие берме,  
Әуелден уызыма жарығанмын.

Таңдайды тақылдаған тіл тебеді,  
Мылтығым әуел бастан білтелі еді.  
Баяғы бабалардың айтуында,  
Ағасы – ай, інісі – үркер еді.  
Айменен үркер келіп тоғысқанда,  
Аспаннан ала бұлтты бүркер еді.  
Тоғысып, татуласып тарасайық,  
Ақындар сөз түсінген сүйтер еді.

### **БЕКАРЫС:**

Ағасы, әр сөзіңді анықтайсың,  
Түсіндіріп жатуға жалықпайсың.

Қоңыр әуен, келісті сөздеріңмен,  
Поэзия аспанында қалықтайсың,  
Уызға жарып өскен үл болсаңыз,  
Ұлтыңды да уызға жарытқайсың.

## ӘСИЯ БЕРКЕНОВА МЕН БЕКАРЫС ШОЙБЕКОВТЫҢ АЙТЫСЫ

**ӘСИЯ:**

Сарқылмай елім барда тұрар сабаң,  
Наурыз да келді бүгін жыл аңсаған.  
Аналар ақ жаулықты, құрбы, жеңге,  
Армысың, ағайындар, жыр аңсаған.

Алматым, аман ба екен әр отауым,  
Ақындар жырға қосқан дара тауым.  
Астана Ақмолаға көшсе-дағы,  
Қадірі хан тағындай Алатауым.

Алдында өз халқымның сыр ақтарам,  
Нәр берген шабытыма бұлақтаған.  
Орыстың ортасынан ойып шығып,  
Ақ туын Қостанайдың құлатпаған.

Ақынмын ардың жүгін арқалаған,  
Сабасын сұлу сөздің сарқа да алам.  
Алашым айтыс десе асын қойып,  
Думаның өлең-жырсыз тарқамаған.

Қыз едім нәр алатын түз гүлінен,  
Тегеурін төзім жібін үзді білем.  
Шашамын жырдан шашу баршаңызға,  
Ұстаса шабыт тұлпар тізгінінен.

Ақын ба айтыс жолын нық баспаған,  
Көңілін жақсы жанның жықпас па адам.



Бекарыс, бағаң бөлек бір ұлсың ғой,  
Өзің де, өнерің де ұқсаспаған.

Жігітсің сабыр кілтін иеленген,  
Сөзің бар жібек оймен жүйелеген.  
Салмақты сөзді екеуміз сайысқанда,  
Келген соң Түкістандай киелі елден.

### **БЕКАРЫС:**

Ал, бізді Алла қолдап, бақ қарасын,  
Әлеумет бере жатар нақ бағасын.  
Балам деп Әсия апам толғанғанда,  
Егіліп кетуге де шақ қаласың.

Сіздерге Қыдыр дарып, бақ қарасын,  
Сондықтан ақ сырынды ақтарасың.  
Армысың астаналық, қадірменді ел,  
Көрген талай бақ пенен тақ таласын.  
Айтыс айтыс бола ма айтындаршы,  
Аруақтар аунап түсіп жатпағасын.

Өлеңі келе жатқан тегі үзілмей,  
Кәдімгі ұлы Каспий теңізіндей.  
Армысың, Әсиядай апам менің,  
Лебізі өз анамның лебізіндей.  
Сіз кейде мына маған көрінесіз,  
Әселхан апамыздың егізіндей.

Өмірдің неше түрлі құбылысын,  
Арманда отырса деп біліп ішім.  
Қияға қанат қаққан бір ұлың ем,  
Ұяда көргенімді ілу үшін.

Апасы кеп баласын жебеуші ме ед,  
Сол кезде періштелер демеуші ме ед.  
Азуы алты қарыс апам менің,  
Бармақтай мына бізді елеуші ме ед.

Дегенмен жұмыс жасап көрейікші,  
Әркім өз бұйырғанын жемеуші ме ед.  
Өмірде көресіңді көріп алмай,  
Көрге де кіре алмайсың демеуші ме ед.

### **ӘСИЯ:**

Шын жүйрік шапқан сайын желдетеді,  
Шын ақын шабыт қысса селдетеді.  
Каспийдің жағасында тумасам да,  
Толқыны тобығымнан тербетеді.

Айтыста қос аққудай сәніміз бір,  
Айтылар өз халқына әніміз бір.  
Егіз боп тумасақ та Әселханмен,  
Өнерде рух пенен жанымыз бір.

Шабытым келген кезде тия алмаспын,  
Тізгінді тұлпар кессе қия алмаспын.  
Азулы апаңнан сен қорықпағын,  
Жұтуға сен шабақты қия алмаспын.

Шабыты шалшықпенен шектеспедім,  
Кем айтса кемшілікпен шеттеспедім.  
Баулитын бөлтірікті бөрі болар,  
Бір оқпен атып әсте кектеспедім.

Сұлу сөз қатпарларын қазып бүгін,  
Кеңітті көңілімнің жазықтығын.  
Арқаның ақпанындай ажарынан,  
Көрсетші сен жаныңның нәзіктігін.

Қалыбын бұл апаңның аңдай біліп,  
Салмағын сұлу сөздің талғай біліп.  
Сайыссам саған бүгін бұрыс емес,  
Көрсетем көп алдында балдай қылып.

Айтысар жөнің бар ғой әдейі іздеп,  
Серілік бұдан қалған әдемі із деп.  
Балаға жараспайды жеңіл сөйлеу,  
Сыйластық сыбағадан дәмені үзбек.

### **БЕКАРЫС:**

Ал, апа, бермен қарай беттегейсіз,  
Сөзбенен балаңызды ептегейсіз.  
Еркелеп қаншама сөз айтармын мен,  
Сіз бірақ сол еркімді шектемейсіз.  
Балам, балам деп алып, апа, менің,  
Басымды балға тығып кетпегейсіз.

Сеніммен қарайды ғой саған да әркім,  
Сөзіңнен көрініп тұр адал қалпың.  
Балаңа бал жырыңды арнап жатсаң,  
Апажан, түсіп қалмас содан нарқың.  
Егер де шеше тұрып қыз сөйлесе,  
Бойжеткені дейтұғын оған халқым.  
Ал, бүгін сіз тұрғанда мен сөйлесем,  
Балаңның ержеткені болар бәлкім.

Құдайым бергеннен соң маған өлең,  
Айтысам інімен де, ағаменен.  
Жаратқанның жазғаны осы шығар,  
Мәжілістес боп қалдық анаменен.  
Сыбағамды әкелген шығарсыздар,  
Сары қымыз әкелгендей сабаменен.  
Кейінгі жас бөрілер жаман, апа,  
Күшіңізді жұмсамасаң шамаменен.  
Базардан келе жатып жолықтың-ау,  
Базарға бара жатқан баламенен.

Жиналып жатқаннан соң текті кілең,  
Табаның қызып, апа, кетті білем.  
Аямай Әсия апам осы жерде,  
Көсесін мына мені от тілімен.

Апамнан хал сұрайын асыл мына,  
Өзіңсің төрге сүйреп басымды да.  
Аман ба Қостанайдың қалың жұрты,  
Табиғаттың қақпағы ашылды ма?  
Айдаһардай айылын жимай тұрған,  
Бұрқыраған бораның басылды ма?

Демеймін апа сізді шек қылып ем,  
Одан да өлеңіме сеп қылып ем.  
Ұшырып әкетпесең жарар еді,  
Еліңдегі боранның екпінімен.

### **ӘСИЯ:**

Ақын ба қияліменен қыр аспаса,  
Шабыттың шарасынан сыр ашпаса.  
Көтерем, жаным балам, еркелікті,  
Еркелік есерлікке ұласпаса.

Сенімін бұл анаңның ақтайсың ба,  
Шабыттың жас тұлпарын баптайсың ба.  
Басыңды батырсам мен бал түбіне,  
Шырынын сорып сонда жатпайсың ба.

Дәметпек деп үлкенді күлқын асын,  
Тайлақтай шудадағы жүлқынасын.  
Бесіктен белің шықпай не бәлесің  
Алдында бұл апанңның бұлқынасын.

Өзіңше пайдаланып жыр алаңын,  
Көрсеттің күлкіден ой құрағаның.  
Бекарыс, шалғай сонау алыстағы  
Не пәле боран жайлы сұрағаның.

Отырып мына топтың ортасында,  
Жүйріктей шеттен шыққан жортасың ба.  
Аман-сау келдік, міне, ортаңызға,  
Сен бармай, сол бораннан қорқасың ба?

Мен-дағы дауылдайын дүрілдеген,  
Болсам да аруана – жыр білінбеген.  
Ерітем сұр қарыңды Оңтүстікте,  
Ақпанның боранымен, жырымменен.

Арнасын ақындықтың анық біліп,  
Бағасын отыр мынау халық біліп.  
Ұсақ сөз тілге тиек етіп сірә,  
Алмайық көрерменді жалықтырып.

Сарайын сұйық сөздің ашпағайсың,  
Жеңілге інім, сірә, баспағайсың.  
Емессің қаңбақ құрлы налып кетер,  
Ауырлау сөздерімнен қашпағайсың.

### **БЕКАРЫС:**

Апасы қисынсыз сөз тауып отсың,  
Балаңды үйтіп-бүйтіп қауып отсың.  
Бесіктен белің шықпай бұлқындың деп,  
Арадай мына мені шағып отсың.  
Бесіктен бел шықпаған балаңа кеп,  
Басыңызды ауыртып нағып отсың?

Қайталап неғылайын тобам барын,  
Қажет-ау әлгі жайға оралмағым.  
Бораннан қорқасың ба деп отырсың,  
Шығып кетсе көрейін содан жаным.  
Сіз мені білесіз бе Қаратауда,  
Қарабастың өтінде жаралғанмын.  
Арыстан-Қарабасқа алдырмай кеп,  
Апамызға алдырсам не болғаным.

Алтыннан да ардақты затыңыз бар,  
Әрине, ұрсуға да хақыңыз бар.  
Баста десең бастайын бір бәлені,  
Әйтеуір еркек деген атымыз бар.

Жан едің өнер жолын ұштап жүрген,  
Әрдайым елге қажет істі ап жүрген.  
Үйдегі әкемізден айналайын,  
Өмірдің түзу жолын нұсқап жүрген.  
Әсиядай апамды әлі күнге,  
Қызғалдақ бойжеткендей ұстап жүрген.

Алдында еркелесем балаң құсап,  
Ақ ниет танытарсың анам құсап.  
Біраз жерге барарсың деп ойлаймыз,  
Алдыңа алаңғасыр балаңды сап.  
Жадырап, жайраң қағып қойсаңызшы,  
Кәдімгі тойға келген адам құсап.

Сөйлейін ел алдында еркін жандай,  
Болмасын көкірекке шер тұнғандай.  
Апамызға әзілдеп айта салсам,  
Жауабы келеді екен бертін қандай.  
Қырықтың қырқасына шықсаң-дағы,  
Әлі де қыз Жібектей көркің қандай.  
Сызылып сыр алдырмай отырсыз ғой,  
Біреуге беріп қойған сертің бардай.

### **ӘСИЯ:**

Баламның төгілгенде ғасыл жыры,  
Жапырақ жайды, міне, жасыл гүлі.  
Апаңды қыздай қып ұстай алған,  
Ауылдағы ағаңның асылдығы.

Маржанын сұлу сөздің терер едім,  
Шуағын шабыт күннің көрер едім.  
Дәл мендей ұстай алсаң келіншекті,  
Бір қызын Қостанайдың берер едім.

Айтысқа төрін берер біз емес пе,  
Суық сөз жан тоңдырар сыз емес пе?  
Несіне қыз дегенді қимай тұрсын,  
Кемпірдің шыққан тегі қыз емес пе?

Ізетті іні білсе үгіт пайда,  
Санасы жүрегінді жылытпай ма.  
Қыздардың ерке-қыңыр қылығына,  
Жігерін жани білер жігіт қайда.

Жаманға ешкім жақсы қимас жанды,  
Онсыз да қыңыр сөзің қиғаштанды.  
Жымыиып оқ атқаннан өмірде мен,  
Қалаймын суық түспен сыйласқанды.

Беймаза отырсың-ау жайға қалып,  
Пейілің болып отыр айдан анық.  
Дәл саған оңай болса мен осында,  
Көрейін қызығыңды пайдаланып.

Қыз болсам білгін саған назым барын,  
Ор болып дәл алдына қазылғанын.  
Орамын өтімді ойдың таба алмасаң,  
Көерсің пешенеге жазылғанын.

### **БЕКАРЫС:**

Дедің-ау қыз қуаныш жүз емес пе,  
Адамның шыққан жері қыз емес пе?  
Адамның шыққан жері қыз болғанмен,  
Бірақта бізсіз өмір күз емес пе.  
Мысалы қаншама ащы болғанменен,  
Астың дәмін кіргізер түз емес пе?

Болсам да дұрыс балаң, зиятты інің,  
Қиуы келер бір күн қияқтының.  
Орамалды үйіме кіріп келер,  
Әзірге ол жағынан ұяттымын.  
Адам бол деген елдің тілегімен,  
Адам боп келе жатқан сияқтымын.

Апажан, балаңды кеп басынбайсың,  
Демеймін өнеріме бас ұрғайсың.

Егер де жақсы күйеу бола алсам мен,  
Бір қызды береріңді жасырмайсың.  
Сомадай басымызды көріп тұрсың,  
Ертерек сол қызыңды асырғайсың.

### ӘСИЯ:

Білген соң мен жайыңды бұрындардан,  
Күтіп ем тәтті балдай шырынды алдан.  
Жүйкені жұқартады-ау кермек дәмі,  
Сөздерің сүзбедейін сығымдалған.

Тартса егер еліміздің түз дәмі ұдай,  
Жақындар Қазығұрттың құздары да-ай.  
Өзі іздеп еш жігітке келмеуші еді,  
Арқаның кеуде керген қыздары да-ай.

Көңілің сірә, балам, қаяумысың,  
Құлауға мына тақтан таяумысың.  
Қызыңды асыр дейсің маған қарай,  
Қыз алар атың да жоқ жаяумысың?

Жырыңа қосқан кеше белің қайда,  
Аяулы Отырардай жерің қайда?  
Бір атты мінгізбесе келін алар,  
Киелі Қазығұрттай елің қайда?

Ер жігіт намысы үшін алыспай ма,  
Ауылы айбаттының алыстай ма?  
Әкеп бер деп отырсың қызыңды сен,  
Шымкенттік жігіттер-ау, намыс қайда?

Бөрікті көп ұлыңды құрайықшы,  
Айтыстың басын басқа бұрайықшы.  
Бұл заман қай заман деп айтып жатыр,  
Заманға енді бетті бұрайықшы.

Ойласам өмір жайын жанар денем,  
Өз халқым өз бақытын табар деп ем.



Еріксіз сүймесіне қосқан қыздай,  
Жүрміз-ау үйлесе алмай заманменен.

Еліңе тәтті сөзді арнасайшы,  
Жел сөздің базарына бармасайшы.  
Осымен доғарайын мен сөзімді,  
Өзің-ақ бірер сөзді жалғасайшы.

Өнерді тек өресіз қызғанады,  
Өзінді деуші ем айтыс мұзбалағы.  
Есті сөз ел есінде қалдырсайшы,  
Шыбыннан шырын жүкқан із қалады.

### **БЕКАРЫС:**

Тәңірі беріп қойса бар киесін,  
Ойламаған жерден де жар сүйесің.  
Қостанайдың бір қызын берейін деп,  
Босатып ең балаңның жан жүйесін.  
Жеме-жемге келгенде, апажан-ау,  
Өз қызынды берердей бәлсінесің.

Апамыз желдіртеді, желдетеді,  
Өзің ең ақындардың ең бекемі.  
Бір қызды алатындай халіміз бар,  
Ат емес ақын сөзін селдетеді.  
Меселімді қайтармай бұл наурызда,  
Ала ғой десең, апа, нең кетеді.

Жылжысақ жылжиықшы ілгері біз,  
Әзірге жығылмасын жүндеріңіз.  
Заманды айтпай кетсек сахнадан,  
Кем болып қалатындай бір жеріміз.

Ұмтылмай жүргендіктен ниетті сап,  
Айналып өзімізге тиед пышақ.  
Өтпелі мынау заман өтпей қойды,  
Тамаққа тұрып қалған сүйек құсап.

Шаншыла қалатұғын шапса нәлет,  
Қайда әлгі бір кездегі бақша мәлет.  
Тұралаған заманды тұрғызсақ деп,  
Бүгінде басшы да әлек, басқа да әлек.  
Айлықтың аруағын күтуменен,  
Бұқара сақтап отыр асқан әдеп.  
Жылы-жылы сөзімен алдарқатқан,  
Үкіметтің бұнысы жақсы-ақ әдет.  
Тыныш жүрсең тиын да көрсетпейді,  
Көтеріліс жасасаң ақша беред.  
Соны көріп тілеймін бір құдайдан,  
Дұғаңның табасына тастама деп.

Мемлекет аяқ-қолын мықтаса екен,  
Сағы сынып, жігерін жықпаса екен.  
2030 деген бағдарламаң,  
Босаған уықтарды мықтаса екен.  
Барыстың бойындағы қасиеті,  
Түлкінің қулығы боп шықпаса екен.  
Отыз күн оразасын тұтқан елім,  
Енді отыз жыл ораза тұтпаса екен.

Ал, апа, осыменен қоштасалық,  
Шаршаған болмайықшы босқа шауып.  
Кикілжің болғанменен арамызда,  
Соңында қол алысып достасалық.

Кетпейік бұл сүреңсіз замандай боп,  
Қалайын мына сенің балаңдай боп.  
Дәл осы қалыбында қала берші,  
Тумасаң да туғандай - анамдай боп.

### **ӘСИЯ:**

Айтыстың қызды деп ем майдандары,  
Хабарды бердің сен де жайдан-дағы.  
Жырыңның балауызы таусылды ма,  
Күн шықса нұр қашады айдан-дағы.

Айтыссам тап боламын шүрегейге,  
Қайтеді енді Әсия дүрелей ме.  
Азамат арқа сүйер деп отырам,  
Таудағы тасқа табан тіремей ме.

Бұл апаң айбын сөзден бұға алмайды,  
Болса да сөзің семсер ыға алмайды.  
Айтыссаң жігіттермен сахнада,  
Қыз бенен тоқалдан тек шыға алмайды.

Буддадай будақ-будақ бұйратылып,  
Қалмаспыз осы жерде қиратылып.  
Сөздерің жаңа, балам, келе жатыр,  
Шыңдыққа таяп, жаңа ширатылып.

Табармыз түлкі заман амалын-ай,  
Қалмасақ бұл заманның қамалында-ай.  
Тілегім тек ұлтымның тектілігі,  
Тексіздің тапталмасын табанында-ай.

Күдікті жүрміз бе тек жиып бекер,  
Бұл сөзім көрерменді күйікті етер.  
Зарласа ақыл берер ақыны да,  
Ер қайда ел еңсесін биіктетер?

Теңгелікке теліме жамбасты ұрар,  
Бұл ғасыр мұң ғасырды алмастырар.  
Қазақтың қасиеті көк бөрідей,  
Бабасын баласымен жалғастырар.

Арының ақын, балам, басылмасын,  
Айтылмас анық болса, асылға сын.  
Сапырма сұйық сөздің сабасын тек,  
Тау жаншып, тас илейтін жасындасың.

Баспасын мұнардайын мұң даланы,  
Ақынның сөз болмасын бұлдағаны.  
Шабытың шарықтасын шаңға бөкпей,  
Шын жүйрік шабыстарда шыңдалады.

## МҮХАМЕДЖАН ТАЗАБЕКОВ ПЕН БЕКАРЫС ШОЙБЕКОВТИҢ АЙТЫСЫ

### МҮХАМЕДЖАН:

Жарамас ізгі өнерді жандандырмай,  
Айтыстың ауылында шам жандырмай.  
Ассалаумағалейкум, абзал елім,  
Артына сөз қалдырған, мал қалдырмай.  
Мейрімінді көріп мен иілемін,  
Меккеге жеті ай жүріп барған құлдай.  
Иманды сөзім сіңсін жүрегіңе,  
Әулиеге әуеден тамған нұрдай.  
Көптің көңілін қалдырған жан емеспін,  
Шөптің шөлін қандырған ақ жаңбырдай.  
Салмақтап, салиқалы ой тастайын,  
Сары майдан суырып алған қылдай.  
Алладан жәрдем тілеп сөз бастайын,  
Намаздан жаңылмаған нар Жамбылдай.

Салтанат күрсаң, елім, мен шаттанам,  
Сен үшін тілім – келі, келсап болған.  
Ниеттестер жиылып қалыпсыздар,  
Алғысы алтын тақтан кем соқпаған.  
Мәсінің қонышындай тар заманда,  
Кебежедей көңілін кең сақтаған.  
Иманды елдің ұрпағы емес пе едік,  
Анасы – ар, бабасы – жер сатпаған.  
Билері бәтуасыз сөзге бармай,  
Ұстасы ескі ағаштан ер шаппаған.  
Жамағат, жанашырым сіздерсіздер,  
Сабырына сүйеніп жан сақтаған.  
Таңдайымнан тәтті сөз төгілгенде,  
Маңдайыңнан ащы тер моншақтаған.  
Айдың нұры түскендей жарқ етейін,  
Ақ найзаның ұшы едім ел саптаған.

Айтыс деген айтулы ой жарысы,  
Екі ауыз сөзден қозған ел намысы.  
Египетті билеген ер бабам бар,  
Бірақ ондай бұл күнде қайда кісі?  
Соған сөзі ұқсаған сен отырсың,  
Тұлпардай теуіп тұрған бойда күші.  
Армысың, алты алаштың Бекарысы,  
Айтыстың алтын айдар Бейбарысы.

Жол білер жігіт едің жөн ұққандай,  
Сені көріп отырмын болып дардай.  
Кестеленген сөзінді айт, ал, бауырым,  
Төп-тәтті жігіт едің өрік тандай.  
Ентелеп екеуімізге ел-жұрт отыр,  
Қызықты қайтамын деп көріп қандай.  
Бейне бір күш атасы – Қажымұқан  
Балуан Шолақпенен жолыққандай.

### **БЕКАРЫС:**

Айтайын келген сөзді тіл ұшына,  
Қансыншы көп құлақтың құрышы да.  
Ағайын, армысыздар Алладан соң,  
Ақынға отыратын нұр ұсына.  
Баһорым – мерекенің айы емес пе,  
Жүгінсек әңгіменің дұрысына.  
Аналар, өткен мейрам құтты болсын,  
Айып қой айтпай өту мұны, сірә.  
Мұбарак болсын құрбан айттарыңыз,  
Табарак ырыс қосып ырысына.  
Наурызда Тәңіріден тілейтінім –  
Сабыр берсін батыс пен шығысыңа.  
Мейрамды үйіп-төгіп бере салған  
Құдайдың мында шүкір мұнысына.  
Құттықтаулар осымен тәмамдалсын,  
Мен енді кірісейін жұмысыма.

Армысың, Алматының сөз ұстары,  
Өзгеге қарағанда көп ұстамы.  
Жұртың сені капитан сайлапты ғой,  
Командир қойғандай ғып соғыстағы.  
Япыр-ай, қызық болды-ау басымыздың  
Ғасырлар тоғысында тоғысқаны.

Тәңірім біреулерге мал бақтырған,  
Ал, енді біреулерге жан бақтырған.  
Ал, енді біреулерге ой бақтырып,  
Өмірін ізгілікке арнаттырған.  
Сен де сол соңғылардың ішінде едің,  
Қолтығынан демеу боп аруақ тұрған.  
Жақсының жақсылығын айт деген бар,  
Ел-жұртың атыңды айтып ардақ қылған.  
Кәрі құлақ ақынның біреуі едің,  
Тай кезінде-ақ құнанды шаң қаптырған.

Тірлікті әрі де ойлай, бері де ойлай,  
Жатырмыз ертелі-кеш салып ойбай.  
Төріне ақындарды жинап алған,  
Ау, Мұқа, Алматыңның халі қандай?  
Кеше біраз ақындар сөз сынасты,  
Байқасақ, қара өлеңге бәрі байдай.  
Бізді әлде қандай ғып осы кешке  
Сақтапты бүйендегі сары майдай.  
Жадырап жас адамша сөйлейікші,  
Маңырап қала бермей кәрі қойдай.  
Жұртқа жөн сілтейтіндей ой айтайық,  
Күн менен күліп шыққан жарық айдай.

Біздерді табыстырған өнер шығар,  
Өзіңнен осындай да өлең шығар.  
Шығарса Шолақ пенен Қажымұқанды,  
Бірі өліп, бірі қалсын деген шығар.

## МҰХАМЕДЖАН:

Бекеңнен әлі талай жырлар шығар,  
Сүренің ақыны еді тыңнан шығар.  
Бірі өліп, бірі қалсын десе егер,  
Алдымызда шын майдан тұрған шығар.  
Ыбрайым пайғамбардың баласы да  
Алланың ризалығы үшін құрбан шығар.

Бекарыс, сен көзіме жылы ұшыра,  
Бауыр ғой деп ойлайын мұны сірә.  
Келген жерден кезекті ала салып,  
Кірісем деп отырсың жұмысыңа.  
Бір кіріссең, сен қатты кірісуші ең,  
Қалқан қойып көрейін қылышыңа.

Оңғарылса екен деп бақ-талабым,  
Мен осы өнеріммен бақ табамын.  
Жарасып Бекарыспен отырғанда,  
Тілеймін ізгілікті сақтағанын.  
Сөз ұстары едің деп Алматының,  
Майдай жағып барады мақтағаның.  
Мақтап-мақтап мақтадай жұмсартып ап,  
Қысындай қысып жүрме Ақмоланың.

Алматы бар қазаққа төр секілді,  
Қорғайтын аяз, желден тон секілді.  
Сұрадың Алматының жай-жапсарын,  
Жауап беріп көрейін ел секілді.  
Талай қазақ қаңғып жүр бұл қалада,  
Балығы қалқып шыққан көл секілді.  
Басқа тартсаң, аяққа жетпей жатыр,  
Етектен кесіп алған жең секілді.  
Алматының астында метро бар,  
Жүрсең – жол, ал жүрмесек – көр секілді.  
Көктен Құдай қазақты сақтаса екен,  
Алатаудан қорқары сел секілді.  
Қазақтың қызын алған Храпунов,

Жан қалтаға жасырған мөр секілді.  
Қазанның құлағын ол ұстаған соң,  
Қазақтың несібесі кем секілді.  
Күйеуді бас қалаға басшы қойған  
Нұрсұлтан ағамыз да ер секілді.

### **БЕКАРЫС:**

Күтерміз талай-талай кеңесті алда,  
Болдырма алдында әлі белес барда.  
Күйеуін өкім қойса не қылады,  
Пайғамбардың үмбеті емес пе ол да.

Деуші еді Алматыны байтақ екен,  
Көңілі кең даладай жайпақ екен.  
Осында келіп көріп-білгенімді  
Жасырмай мен де бүгін айта кетем.  
Жылағанға өкірген жолыққандай,  
Сенікі менікінен сойқан екен.

Қаланды араладым аз-ақ өтіп,  
Жаңылсам ескертерсің жаза кетіп.  
Рахмет, мешітінді бітіріпсің,  
Күмбездерін көмкеріп, ғажап етіп.  
Бір терінің пұшпағын илейміз ғой,  
Бір мешітте жүрген соң намаз оқып.  
Бірақ кейбір жайларды айтпай болмас,  
Ішімді жатқаннан соң қажап өтіп.  
Кришнаит болып кеткен қазақтар бар,  
Ала алмай жүрсек біздер қазақ етіп.

Алдамшы қорлар менен кулар да көп,  
Қалың елге баратқан азабы өтіп.  
Бұл жақта сендер бар деп сенуші едік,  
Көрінгенге қоймас деп мазақ етіп.  
Япыр-ау, ару қала Алматымды  
Не күйге түсіргенсің, Тазабеков?



Көктемде бәйшешектей бүршік атып,  
Басында бар қазақтың жүрші, бақыт.  
Күйшілер күмбірлетіп күйін тартса,  
Термесін төгілтуде жыршы жақұт.  
Тақымын қысқан елім шыбын жанын  
Шүбірекке түюде шырқыратып.  
Ау, Мұқа, біз екеуіміз бұл доданы,  
Әудем жерге тастайық бір шұбатып.  
Сүрленген сөзбен емес сыбағаның  
Берейік ыстық буын бүрқыратып.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Кептері көңілімнің өрге қонса,  
Деп тұрамын жақсылық елге болса.  
Тазабеков, не қылдың деп отырсың,  
Елемей жұмыр басты пендені онша.  
Алматыны жайнатып жібермекші,  
Зиялы азаматтар ерге қонса.  
Мына менің қолымда не бар дейсің,  
Көкірегім қайтейін шерге толса.  
Жетісуды жұмақ қып жіберер ем,  
Дүниенің дінгегі менде болса.

Жігіттің жастық шақта еркі жеңер,  
Сеніммен ұсталмаса сертің егер.  
Аллаға – құл, адамға – үл болу ғой,  
Намазға кеп түйіссе тең тізелер.  
Ақын намаз оқыса хақты танып,  
Алдымен аузындағы сөз түзелер.  
Он күнәнің тоғызы тілден екен,  
Сөз түзелсе, иншалла, ел түзелер.  
Қазаққа бақ пен дәулет қайтып келер,  
Шарасыздар жүр бүгін шалқып нелер.  
Құдайдан қорықпайтын болып алдық,  
Жаратса да құлым деп артық көрер.  
Құдай деген ол бізге құда емес қой,  
Қызы ұнамай қалса егер қайтып берер.

Бекарыс, қай жағдаймен мақтанайық,  
Сақтансақ, кришнадан сақтанайық.  
Түбім-түрік, ал дінім-ислам ғой,  
Солай қарай сеніммен аттанайық.  
Заман азып, заң тозып бара жатыр,  
Қай тірлікпен, Бекарыс, шаттанайық?  
Бұрынғының ұраны – “Аллаһу акбар”,  
Бүгінгінің ұрпағы – “ап қояйық”.

Біз, қазақ, бұл күндері кіммен доспыз?  
Адасып айдалада жүрген көшпіз.  
Арабтың тіліндегі дінмен емес,  
Арақтың түбіндегі жынмен доспыз.

Ұрылардың ұсағы түрмеде жүр,  
Ұрылардың үлкені іргеде жүр.  
Байланысып шекпенді шенеунікпен,  
Кісі өлтірген бүгінде кірме де жүр.  
Ауыз айтып бергенмен, ақыл сенбес,  
Ібілістің үлкені іргеде жүр.

Жалғандық қоғамдағы жасытты елді,  
Жаратқан сырын өзі ашып берді.  
Мешітің құтты болсын деп жатырсың,  
Ол бүгінде алды ғой ашық төрді.  
Он жылда әрең біткен қасиетті үй,  
Жалғанға жарық нұрын шашып келді.  
Жартылығын қойынға жасырғандар,  
Молданың да моласын қазып келді.  
Мешіт салып берді деп мәз қыламыз,  
Харамнан қаржы жиған кәсіпкерді.  
Дінге бас-көз боп жүрген Тәжин көкем,  
Тартты деп айта алмаймын таспиқтерді.  
Қазақтың діндарлығы сол емес пе,  
Мешітін де Храпунов ашып берді.  
Сүндеттелген көсемің жоқ па еді деп,  
Сүйегіме таңбасын басып берді.

### **БЕКАРЫС:**

Қашаннан болмас сүйек сірә тілде,  
Елді ойлаған ақынды ірі акын де.  
Жеріне жеткізбесе айтқан сөзін,  
Жағын сауған жыршыдан рақым не?  
Оншақты ақыныңмен топқа түстің,  
Ау, Мұқа, сонда сенің мұратың не?  
Оныңыз жабылғанда бір ауыз сөз  
Өткізе алмайсың ба бір әкімге?

Демейін ұлып қалған ұларсындар,  
Сатуға сонша неге құмарсындар?  
Жақында французға суды саттың,  
Әлі де тоқтамайтын шығарсындар.  
Ноқалай жезделерің аман тұрса  
Бақадай бақылдайтын шығарсындар?

Бағасын ақындардың беретін жұрт,  
Жоғалсын төбемізден төнетін бұлт.  
Ал, Мұқа, шабытыңды шақыра бер,  
Біз сізге қайта мұрсат бере тұрдық.  
Қазақтың қажетіне жарамасақ,  
Қазақтың баласы боп неге тудық?

Ағайын, ұлы арманды ұлт едің,  
Жұмсартып жағдайыңды жібітемін.  
Қанеки, домбыранды қолыңа алшы,  
Сен де бір қазағымның үміті едің.  
Етектегі еліңнің тағдырына  
Дүрбіменен қарайтын жігіт едің.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Ел сөзін айта білер десек кейде ұл,  
Сөйлейік уақытты бос етпей бұл.  
Ноқалай жезден жәйлі айтып жатсың,  
Дәл бүгін етек-жеңді есептей біл.

Назынды маған емес әпкеңе айт,  
Құшағында жатыр ғой көжектей бір.  
Храпунов мырзаға Ләйла апаннан  
Басқа бір еш қазақтың сөзі өтпей жүр.

Мұсылмандық – дін емес қорек қылмас,  
Қазақтан ол ешқашан бөлек тұрмас.  
Құдайды ойлап көрмеген құрметсіздер,  
Оны ойлап, өз халқына себеп қылмас.  
Қазанның қайнағанын аңдидындар,  
Азанның айдағы әнін керек қылмас.

Имансыз бұл қоғамда не істелмей тұр,  
Қалталылар қалғанын көзге ілмей тұр.  
Пайдасы өз басынан аспайтындар,  
Халықтың көз жасынан сескенбей тұр.  
Бесік жыр естімеген белсенділер,  
Бес күндік екеніне дес бермей тұр.  
Құранды сыйға тартсаң алмайтындар,  
Құдайдың бар екенін ескермей тұр.

Адамның таза болса ой дәптері  
Басына бақ пен дәулет қонбақ тегі.  
Бір кезде Тұрғұт Өзал намазға кеп,  
Тұрғанда ел көңілі толмап па еді.  
Кешегі Димекең де жұманы оқып,  
Шарифатты білген ғой бойлап тегі.  
Тек Құдайдан қорыққан текті атамыз,  
Мәскеудің сан қаулысын жоймап па еді.  
Өліктерді өртейтін Алматыда  
Крематорий салғызбай қоймап па еді.  
Сол Алматы бұл күнде тәнін сатқан  
Тірі өлікке толар деп ойлап па еді?

Қазағым, кейде рас құлагерсің,  
Құлагер қашанғы енді құлап өлсін.

Жарнамаға алданған жастарымыз,  
Көңіліне қалай иман-шуақ енсін.  
Патшаға шындықты айтар ақсақал жоқ,  
Оған да халқым өзің куәгерсің.  
Шал басымен қыз іздеп, шарап ішсе,  
Аузында қайдан оның дуа болсын.

Нар халқым отыр бүгін налымай түк,  
Кетпес деп Түркістанға дарымай күт.  
Өкінбеу үшін ертең осы бастан,  
Қапқа – қазы, қарынға – сары май тық.  
Түркінің түп қазығы Түркістанда  
Той боп жатса, қызбайды қаным қайтып?  
Шақырып алматылық ағайынды,  
Сауап үшін келдің бе сауын айтып?

### **БЕКАРЫС:**

Алматым ақындардың басын қосқан,  
Төбеңде ойнақтап тұр жасынды аспан.  
Шалын да, аямаған шауқанын да,  
Айналдым, дәл өзіндей асыл достан.  
Ау, Мұқа, халық бізге иланады,  
Өйткені, асыл – тастан, ақыл – жастан.

Түркістан – түркілердің түп Отаны,  
Туғызған талай-талай ұлы атаны.  
Қанша ғасыр қараусыз қалып қойды,  
Сол түркінің жүрегін жылатады.  
Әзірет Сұлтанымыз әрленіп тұр,  
Сол ғана жанымызды жұбатады.  
Яссауи бабам барда Түркістанның  
Атпауы мүмкін емес құба таңы.

Бұйырса үлкен тойды ел көрсе екен,  
Ойымды менің дұрыс меңгерсе екен.  
Әбіржіп қалған мынау әлеуметтің  
Әл-ауқаты тезірек жөнделсе екен.

Шерағаң елге асар жариялады,  
Осыны барша қазақ жөн көрсе екен.  
Қондарынан ет кесіп бермесе де,  
Қолдарынан келгенше дем берсе екен.

Соқтықпай қайдағы мен жайдағыға,  
Біз де қол созған жоқпыз айдағыға.  
Сауыннан бұрын сауап тірлік керек,  
Кездесем десең ұлы тойда мына.  
Түркістан – бар қазаққа ортақ қала,  
Осыны жиі ала жүр ойларыңа.  
Сен де сәлем айтарсың, Мұхамеджан,  
Киркоровпен кіндіктес байларыңа.

## **МҰХАМЕДЖАН ТАЗАБЕКОВ ПЕН БАЛҒЫНБЕК ИМАШЕВТЫҢ АЙТЫСЫ**

### **БАЛҒЫНБЕК:**

Ақын ағам тараздық, келші бермен,  
Алматыдан шықсаң да ерсі көрмен.  
Қайрап-қайрап кім салды сені маған,  
Ұрлап алған балтадай көршілерден.

Таба алмадым өзге тең,  
Сен емессің көзге кем.  
Солақайдан құтылғам,  
Оңқай ақын сөз бе екен?

Мұхамеджан ақырып жолда түр ғой,  
Аты әйгілі алашқа ол да ақын ғой.  
Атақтымен көрейін арпалысып,  
Көз – қорқақ болғанмен, қол – батыр ғой.

Мұхамеджан ағаммен  
Түстім бүгін егеске.  
Затынан гөрі шайтанның  
Аты үрейлі емес пе?

## МҰХАМДЖАН

Ащы тер шыққан кезде жон арқадан,  
Шабыттың тізгініне қол арта алам.  
Ойлы халқым, орныңда отырмысың,  
Нәр алып айтыс деген омартадан.  
Мақпалдың бағын ашқан көкем отыр,  
Қонаққа ат мінгізіп дәл ортадан.  
Әншіні, бишіні де қарық қылған,  
Заман ағам не деген жомарт адам.

Түйең де, кеудеңдегі түйең де сен,  
Табылса, керуенінді сүйрер көсем.  
Ат сүрініп болғанша ақыл тапқан,  
Елдің құты ежелден – би мен шешен.  
Екіленіп Жамбылдан не ғып келдім,  
Езуімнен ел-жұртқа сый бермесем.  
Балауса Балғынбегім, аманбысың,  
Шығар ма едің өнерді игермесең.  
“Бәрежелді!” деп сені жетелермін,  
Ине боп қадалғаннан именбесең.  
Су жорғадай қасыңнан өте шығам,  
Күл шығарған кісідей күйбендесең.  
Құрметсіз сөздеріме жолығарсыз,  
Сүндетсіздің ұлындай сүйрендесең.

Тұғырына жігіттің туын іліп,  
Айтар сөзді алтынның буы қылып,  
Айтысты қазан қылып қайнатайық,  
Жанымыз қуырдақтай қуырылып.  
Бөрідей жігіт болсаң, бөгелмей айт,  
Ел тыңдасын аузының суы құрып.  
Азу басып көр енді арыстанға,  
Тиген жерде тіс қалсын суырылып.  
Өзінді көрейінші ойнап тұсап,  
Жаяйын еркелетіп айлап құшақ.

Бірімізді-біріміз жаныықшы,  
Кәдімгі пышақ пенен қайрақ құсап.  
Оңқай ақын не тұрар деп отырсың,  
Бойыңнан белгі беріп айбатты шақ.  
Күн жарықта сілкініп қайдан келдің,  
Шөмелеге түнеген бойдақ құсап.

**БАЛҒЫНБЕК:**

Мен де сендей ағадан ақыл күткем,  
Заман-ағам ісіне батырлық тең.  
Жомарттығын асырды ел алдында,  
Заманбектей болмай ма әкім біткен.

Аламанға ең алғаш қатыссақ та,  
Алып кетті бір ақын “отставка”.  
Жасың үлкен, таңдауды сен ала ғой,  
Алыспақ па, керегі атыспақ па?

Қасым ата, сексенге тақадыңыз,  
Құтты болсын құрметті атағыңыз.  
Нұрғисадай атаға дәл соны айтам,  
Жырмен жабар бұл біздің шапанымыз.

Қасым атам партизан болды зерек,  
Нұрғиса атам өнерде орны бөлек.  
Аяқ асты Балғынбек байып кетсе,  
Мұхтар құсап сіздерге “Волга” беред.

Мына біздей кейінде  
Буын барын біліңдер.  
Біздің өмір алда ғой,  
Тұлпарды да мініңдер.  
Байығанша Балғынбек,  
Аман-есен жүріңдер.



## МҰХАМЕДЖАН:

Жарқырап жаныма кеп бір айдай боп,  
Отырсың-ау, Балғынбек, шырайдай боп.  
Болашақта жарылқаймын деп отырсың,  
Уәдесін ұмытпас ұландай боп.  
Басыңа – жай біткен соң, астыңа – тай,  
Кетпеймісің шық бермес Шығайбай боп?

Сайыстан өтерміз-ау сүрінбей тек,  
Ілестіріп отырсам інім ғой деп.  
Айтыстың ажарына айналайық,  
Жайнайықшы жантақтың гүліндей боп.  
Тасқындаған талайды тоқтатқанмын,  
Тасқа басқан етіктің бүріндей боп.  
“Хай-ләйлімің” құлақта жаңғырсыншы,  
Үңгірдегі үкінің үніндей боп.  
Оқыс қимыл жасайсың оқта-текте,  
Үнділердің бас иген піріндей боп.

Балғынбек, бозбаласың боз мақпалдай,  
Кеуденің талай шерін боздатқандай.  
Өз сөзіңе отырсың өзің күліп,  
Қораз тауып, қошқарды қоздатқандай.  
Тәсірлі сөзді айтсаң қуанайын,  
Тас үңгірден тарихи сөз тапқандай.  
Түгел сөздің түбірін қопарып айт,  
Майқы биге мавзолей орнатқандай.

Балғынбек айтыстың жас желегіндей,  
Өрнек деп қабылдайық өлеңін кей.  
Хас туған азаматтар қасында жүр,  
Ұлтымыздың рухани қорегіндей.  
Айтысты жарылқаушы Мұхтар боп тұр,  
Шведтің миллиардер Нобеліндей.  
Атадан асып туған бір ұл екен,  
Атымтайдың бүгінгі дерегіндей.

### **БАЛҒЫНБЕК:**

Сөзін айттың, ағасы, жөн еместің,  
Шығайбай, Қарынбайдай көң емеспін.  
Айтыс сайын дөметер бір мәшине,  
Араны кең ашылған сен емеспін.

Ауыздықпен алысқан тұлпардаймын,  
Көп шайқаймын басымды, бұлтармаймын.  
Басып жейтін қарақұс мен емеспін,  
Шашып жейтін алғанын сұңқардаймын.

Бар өңгіме осында,  
Жарқылдайын жасымда.  
Сескенейін мен кімнен,  
Сен отырсың қасымда.  
Қарасайдың асында  
Жер тепкілеп аяғым,  
Тыныш тұрмас басым да.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Көз салсақ Балғынбектей інімізге,  
Мәлім ғой ініміздің сыры бізге.  
Байдың асын байқұс кеп қызғанғандай,  
Мәшине лаң салды-ау түріңізге.  
Сен де әлі мінерсің талай тұлпар,  
Тікен кірмей жетілсең тіліңізге.  
Қарғадай басып жейді деп қорладың,  
Бір ызғар араласып үніңізге.  
Інішек, сұңқардайын шашып жатсаң,  
Көрерміз олжа алған күніңізде.

Топ жарған ақын сөзін толғайды екен,  
Ізетті іні ағасын қорлай ма екен?  
Бағың жансың, Балғынбек, талай жерде,  
Озба дейтін ойым жоқ ондай бөтен.  
Бар дененің дірілін басу үшін,  
Енді саған үйленбей болмайды екен.

Олжанды озып талай өңгерерсің,  
Сол жерде өз-өзіңе өң берерсің.  
Мықтыны да дәл бүгін ықтырам деп,  
Өзіңе өзің бекер жел берерсің.  
Жауына да мейрімді Қарасайдың  
Қасиетін сен қашан меңгерерсің?  
Болашақта болаттай берік болғын,  
Әлі талай мерейлі ел көрерсің.  
Маңайыңа қарайсың суық көзбен,  
Мандайың тасқа тиіп көрмегенсін.

Болғанда айтыс – кеме, өлең – теңіз,  
Жаңа толқын болармыз өлеңге біз.  
Айға қолын сермеген батырлармен,  
Тым биіктеп кеткендей кең өлкеміз.  
Қарасайдың тұлғасы тұтасқанда,  
Күндік жерге түседі көлеңкеміз.

Ақиқатты бұрмалап жатқан күнде,  
“Азаттық” радиосы қақпан кімге?  
Қарасай – батыр тұлға болмаған деп,  
Тарихтан өшірмекші таптап мүлде.  
Бақайынан бас алмай жүрген біреу,  
Балтасын ап жүгірді батқан күнге.

Бабамды бірдей көріп балапанмен,  
Бастыра салмақ екен қара талмен.  
Ол кісі сан ұрпаққа күн секілді  
Ақ шапағын шашатын жаңа таңмен.  
Жиылса да қанша адам күннің бетін,  
Көлегейлей алмайды алақанмен.

Балғынбек, бізден жасың кіші ме еді,  
Кішілікті кісі қашан түсінеді?  
Суырдың ініне аяқ тыққанынша,  
Кішілік кеудеге нан пісіреді.  
Мен сенің талабыңды қолдайыншы,

Ақын деген айрықша мүсін еді.  
Бабаларға бас иіп біз тұрғанда,  
Сезеді Балғынбектің іші нені?  
Қолдайтын Қарасайы бар халықтың  
Қара шайы қайғысыз ішіледі.

### **БАЛҒЫНБЕК:**

Білем дейсің, сен маған күлесің бе,  
Бойдақ емес бұл інің, білесің бе?  
Сол ақылды алдымен өзіңе айт,  
Өмір бақи мәшине таңдап жүресің бе?

Қызғанбаймын, шабытты қыздырыңыз,  
Алғаш шықтық, бұл біздің қыз күніміз.  
Мәшинеден жинаушы ең коллекция,  
“Волганы” да бұл жолы сіз мініңіз.

Талғат ағам ғарышкер мынды үйірді,  
Тағы бір бақ қазаққа шын бұйырды.  
Ғарышкер жоқ қазақта дегендердің,  
Екінші рет аузына құм құйылды.

Осы күнге жеткізген  
Егемендік емес пе.  
Әлем болып қазақты  
Елегендік емес пе.  
Елбасы өзі қарсы алып,  
Мерейін ердің асырса,  
Көрегендік емес пе.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Балғынбек, сен сөйлерсің барыңменен,  
Алаң болып толғайын жаныңда өлең.  
Суық көзді қадауды қоймадың-ау,  
Жарылсам да жүректің ағыменен.

Тақымың тайға тиіп көрмеп еді,  
Әлі жүрсің қырдағы сағымменен.  
Мәшине, мәшине деп қоймадың-ау,  
Тауықтың бар арманы тары деген.

Мұндайда бірлікті істі қылатын да – ер,  
Қарасайдай ерлерді туатын – бел.  
О, тәңірім, қазақтай елімізге,  
Жеңілмес батырлықтың жұратын бер.  
Қазыналы Қасымдай атамызға,  
Құлқуалла аяттың қуатын бер.  
Залда отырған жайқалған жас қауымға,  
Мұхаммед пайғамбардың мұратын бер.

Ертең ақын боларсың ісі алымды,  
Жөндеп көрсең киелі түс-әрінді.  
Жолың болсын өнердің сапарында,  
Біздер кестік, Балғынбек, тұсауыңды.  
Жаңа ғасыр тағында жолығармыз,  
Ағаңа ашып тұрсаң құшағыңды.

Өнерің бар бойыңда байқайтұғын,  
Сары қымыз секілді шайқайтұғын.  
Сен екеуіміз ұрпаққа үлгі қылып,  
Талай-талай айтармыз ой татымын.  
От ала келіп қайтқан әйелдің де  
Отыз ауыз сөзі бар айтатұғын.  
Абысынмен сырласып отырғандай,  
Балғынбек, түрің жоқ қой қайтатұғын?

### **БАЛҒЫНБЕК:**

Мерейімді ел өсірсін,  
Қолын соғып көсілсін.  
Сахнаға шыққан соң,  
Томағам да шешілсін.  
Сөзі батып жаныңа,  
Балғынбектей періден  
Құтыла алмай отырсың.

Ұланының тойына  
Қуанып тұр Алатау.  
Құтты болсын, ағайын,  
Жарқылдаған жаңа атау.

Айналайын, Мұқажан,  
Ағамсың бас иетін.  
Баласы едің халықтың  
Өнерінді сүйетін.  
Пейіліңе мың алғыс,  
Қабыл болсын ниетің.

## **МҰХАМЕДЖАН ТАЗАБЕКОВ ПЕН ҚУАНЫШ МАҚСҰТОВТЫҢ АЙТЫСЫ**

### **ҚУАНЫШ:**

Мың тақпақтан бағалы ұрандары,  
Белгілі өшпейтіндей бір ән бары.  
КСРО-ны құлатып таңқалдырған,  
Армысың, желтоқсанның қырандары.  
Мұхамеджан, мезгілдің құрдасысың,  
Сөзге – мәйек, айтыста – жыр басысың.  
XX ғасырдың соңындағы  
Айтыстың дара туған тұлғасысың.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Ақылым азуымды қайрағандай,  
Жүзім де сізді көріп жайнағандай.  
XX ғасырға тұлға дедің,  
Ақындықтың түйінін байлағандай.  
Жылы сөйлеп жұмсартып отырсың-ау,  
Уықты қазы маймен майлағандай.  
Мақтау жақпас маңғазың мен емеспін,  
Әйтсе де отыра алман ойға қалмай.  
Мақтап-мақтап далаға тастап кетпе,

Жуас атты жусанға байлағандай,  
Үкілеп топқа қоссаң үздік ұлды,  
Ізетпен жеткізейін ізгі үнімді.  
Сөйлей алмай арманда кеткендердің  
Сөнбей қалған отымыз біз бүгінгі.  
Еліме жүректен сөз ағытайын,  
Желіден босатқандай жүз құлынды.  
Топырақтай құнарлы қазағыма  
Жапырақтай иілем күзді күнгі.  
Қызырлы елдің бәйгесін қыздырайын,  
Қызыл желге ұстатып тізгінімді.  
Бұл қазақ жиырма ғасыр жер шолғандай,  
Жылдардың тақымынан тер тамғандай.  
Желтоқсан елдігінді айқындайды,  
Төрт түлікті төліне ен салғандай.  
Қайрат даусы қазаққа қуат берді,  
Қажып жатқан қарияға дем салғандай.  
Алатау, Алтай, Арқа дүр сілкінді,  
Арғымақты жаратып ер салғандай  
Қазақ енді бірлікті қазық етсін,  
Бір Алладан бөлінбес енші алғандай.

Жылдарға тасып өткен кінә жаппа,  
Қырандай қыздар берген бұл қазаққа.  
Түркінің батыр қызы Томиристің  
Ерлігі қонған екен Ләззатқа.  
Жан әпке, жатқан жерің жаннат болсың,  
Тағдырың тап келсе де шын азапқа.  
Қосармын есіміңді мінәжатқа.  
Қылыштай қыз, құрыштай ұл туғызған  
Қара орман қазағың бар мына жақта.  
Жалынды сөз айтқан соң жас шағында,  
Қалықтамай бола ма аспаныңда.  
Армысың, Қуаныштай ақын аға,  
Айқайлап ақыл айтар аш қарынға.

Сусыған сары алтындай ағам едің,  
Жүретін дау-дамайдың бас жағында.  
Егерде сабырлылық сақтамаса,  
Сары алтынның еруі қас-қағымда.

### **ҚУАНЫШ:**

Інімсің қарасам көз тоймайтұғын,  
Ағадан кейде жылдам ойлайтұғын.  
Ұмытпа, сары алтынның ерісе де,  
Ешқашан қасиетін жоймайтынын.

Сен шегенді суы мол құдық болсаң,  
Мен қауғамын тереңге бойлайтұғын.  
Мөлдірді сен екеуміз танытайық,  
Тас қоқым түсірмесе тоймайтұғын.

Алға шығып кетесің баяу жүріп,  
Жұрт тындасын сөзіңді ояу жүріп.  
Желтоқсанда Жансая Сәбитова  
Апамыз күрес ашқан жаяу жүріп.

Үлгі алсын жастар біздің өткеннен де,  
Желтоқсанды іздедім көктемнен де.  
Тарихшылар жазбайды желтоқсанды,  
Милары суға айналып кеткеннен бе?

Жағдайым жаман емес шүкір менің,  
Халықтың көз алдында бітіргенім.  
Біледі декабристердің тарихшылар  
Қай иттің түмсығына түкіргенін.

Ұмытпайды ер ұран салған күнді,  
Есінде дүниенің қалған күнді.  
Қасиетті сағаттай қастерлейді,  
Балконская Сібірге барған күнді.



Осындайды Мұхамеджан көрді ме екен,  
Ел ішінен аңызды терді ме екен.  
Әйел түгіл желтоқсан боздақтарын  
Маңдайынан бір сипап көрді ме екен?

Қуаныш бұл айтыста берік отыр,  
Алдында желмаядай желіп отыр.  
Сол сотталған қыздардың сәбилері  
Бүгін де мүшел жасқа келіп отыр.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Бұл аға інісіне бет бұрғандай,  
Қазағымның бар қамын жеп тұрғандай.  
Желтоқсан боздақтарын еркелетер  
Азаттықтың ақ таңы кеп тұрғандай.  
Оң жағыңнан көресің үш бейнені,  
Қазақтың бірлігіне сеп қылғандай.  
Үш жүзім бірлігіңе берік бол деп,  
Үшеуінің аруағы кеп тұрғандай.  
Елдігіңнен егерде айырылсаң,  
Суретке айналарсың деп тұрғандай.

Ашылмай жатса кейде аз мұрамыз,  
Бірімізді-біріміз жазғырамыз.  
Көре алмай көш бастаған көсемдерді,  
Іңірдегі шайтандай азғырамыз.  
Өз табанын жалаған аю құсап,  
Өзімізді өзіміз аздырамыз.  
Бүйте берсек, бүйректтей бөлшектеніп,  
Бірлік құрмай біз кімді мөз қыламыз?

Ғасырлап адамға адам зорлықты сап,  
Өзгенің қолындағы болдық пышақ.  
Қазаққа қашан көрсең тыныштық жоқ,  
Асау атқа байланған торсық құсап.  
Ел болып есімізді жия алмадық,

Түмсыққа соққы тиген борсыққа құсап,  
Енді-енді ойдан-қырдан бас құрадық,  
Бір тамшыдан жиылған көлшік құсап,  
Бізге де бір күн туар балпаң басып,  
Жүретін балға тойған қонжық құсап.

Тәуелсіз ел болған соң көш үлкейді,  
Ел болды деп кім бірақ есіркейді.  
Жылқы мінез қазағым қамсыз болсаң,  
Қорқаулар қоң етінді кесіп жейді.  
Басқа қандай қателік жіберсең де,  
Жастар барда отынды өшірмейді.  
Ал, енді азаттықтан айырылсаң,  
Келе жатқан еш ұрпақ кешірмейді.

Жалғанның өтетінін мойындамай,  
Жасармыз ән мен жырдың тойын талай.  
Саясаттың салқыны тиген ұл ең,  
Көкежан, сайлау жайлы ойың қалай?

### **ҚУАНЫШ:**

Сұрадың ағаңыздан сайлау жайлы,  
Қаңтарда ел жасайтын байлау жайлы.  
Толғау айтып қайтейін тойда отырып,  
Ойлаймын ел жігерін қайрау жайлы.

Үлкен елге бәрі де жарасады,  
Сыйласқан бір-біріне қарасады.  
Билікті қандай пенде жек көреді,  
Қараша хан тағына таласады.

Біреулер түскір дейді шалқасынан,  
Біреулер нәр емеді малтасынан.  
Тек сайлаудың шығыны өтеледі,  
Қажыған қалың елдің қалтасынан.

Біреуі жүр еш пара алғам жоқ деп,  
Ұрандауда қатардан қалғам жоқ деп.  
Біреуі жүр елуге келгенімше,  
Кір жуатын қатын да алғам жоқ деп.

Ондайларға өз басым қарамаймын,  
Жігітке де толымды баламаймын.  
Көріктіні сүймеген бөріктіні,  
Нағыз еркек екен деп санамаймын.

Біреулер дән егеді бақшасына,  
Патшалардың қызығып шақшасына.  
Бес катерді батырған біреу жүр ғой,  
Дауыс жинап дұдамал ақшасына.

Елден қашты бос мылтық атылғанда,  
Табылмайды қатардан шақырғанда.  
Үкіметті билеген сол емес пе,  
Бар байлығым шетелге сатылғанда.

Аңсарым жақсыларға ауған екен,  
Биіктік төбеде емес таудан екен.  
Бір ұлың Мәдинаға барған күні,  
Шөл далада ақ нөсер жауған екен.  
Арабтың шайқылары дәл сол сәтте,  
Таңданып күдіретке қалған екен.  
Аңызакта сен жаңбыр жаудырдың деп,  
Алақанға аялап салған екен.

Осыны жердің жүзі көрсін депті,  
Жемісінді жамиғат терсін депті.  
Ал, енді тілегінді айт дегенде,  
“Қазағыма амандық берсін!” - депті.

Атымды қазығыма байлар едім,  
Ел қамын ертелі-кеш ойлар едім.  
Өз басым Алла нұрын жаудырғанды,  
Елімнің басшысы етіп сайлар едім.

## МҰХАМЕДЖАН:

Шындықтың тұмсығында тұмылдырық,  
Сөйлеу керек уақыттың уын біліп.  
Бекем ақын маңызды ой тудырап,  
Бекіреден алғандай уылдырық.  
Ал, сен болсаң мардымсыз сөйлейсің-ау,  
Шың басына келгендей туынды іліп.  
Мөлдіреген сөзді айту қажет бүгін,  
Жан дүниесін жұртыңның жуындырып.  
Сөзіңнің сіңірі бар, сірнесі жоқ,  
Отырғанмен жұртты өзіңе сұғындырып.  
Сере шыққан семіздей сөйлей білсең,  
Тыңдар едім аузымнан суым құрып.

Қуаныш, жарығың жоқ таң атқандай,  
Таңдайға дуа қонбас талаптанбай.  
Әр нәрсені бір шалып айтқаныңмен,  
Ойларың жоқ елге үлгі таратқандай.  
Халықтың қамын жеген болғаныңмен,  
Өлеңінде өрнек жоқ қаратқандай.  
Сұлу сөйлеп, сыпайы болар кез бұл,  
Алдымыздан азаттық таңы атқандай.  
Тәсірлі сөз тереңнен айта алмадың,  
Уәжің жоқ тағы да қолақпандай.  
Құнарсыз сөзді судай сапырасың,  
Саптыаяққа сары алтын жалатқандай.

Кім патша болатыны ірі сұрақ,  
Төрт үміттің лаулайтын бірі – шырақ.  
Ошақтың үш бұтындай қазақ үшін,  
Бұл сайлау – ғасырдағы ірі сынақ.  
Тәңірдің тәспісіне ілінеді,  
Кім жүзге бөлінсе егер жүзі шыдап.  
Болаттай берік тұлға керек қазір,  
Болашақ қарауы үшін жылы ұшырап.

Ағайын, алды-артынды түгендесең,  
Даяр болсаң бұрынғы жүгенге сен.  
Қызыл туға оранып қыз-қыз қайнап,  
Ильичтің ізіменен жүрем десең.  
Кедей де емес, бай да емес, ақтан сопы,  
Орта құрсақ өмірді сүрем десең,  
Компасынан жаңылып қалса-дағы,  
Компартияға берілген үл ем десең,  
Орақпен құшақтасқан балғадай боп,  
Әбділдинге дауыс бер бұл жерде сен.

Тазарсын коррупциядан қоғам десең,  
Кетіп қалып жүрмесін оған да есең.  
Қытайға темір сатып, тері сатып,  
Тау бөктерлеп тәуір үй соғам десең,  
Кең көсілітіп қазақша үйренбей-ақ,  
Елге сіңіп, халыққа жағам десең,  
Қасқырлықтың үлгісін көрсететін,  
Қасымовқа дауыс бер одан да сен.

Жеті жыл артта қалды ырым қылар,  
Тәуелсіздік жанынды жылындырар.  
Назарбайдың президент немересі  
Ол да үміткер, әр сөзі – жұғымды бал.  
Данышпан ел мұңайтпас Нұрсұлтанын,  
Көп тірлік тындырды ғой тығын қылар.  
Жаңадан кеп қосылған жолдастан да,  
Ескі досың ертерек сырынды ұғар.  
“Үйренген хан иленген терідей” деп  
Бекер айтты дейсің бе бұрынғылар.

Ал, Қуаныш ,ағам ең сыйлайтындай,  
Жайың да жоқ айылын жинайтындай.  
Азырақ сынап едім мұңаясың,  
Ыдысына артық сөз сыймайтындай.  
Айтыс деген өнердің майданы ғой,  
Азды-кем бірін-бірі қинайтындай.

Талқыға мен де түстім талай мәрте,  
Қыздарменен қырқысып ымдайтындай.  
Аяма қолдан келсе бұл іінді,  
Қайыңмын иілсе де сынбайтындай.  
Болмаса бұл іінді мақтап отыр,  
Үйде жатсам құлағым шулайтындай.

## **МӘЛС ҚОСЫМБАЕВ ПЕН МҰХАМЕДЖАН ТАЗАБЕКОВТЫҢ АЙТЫСЫ**

**МӘЛС:**

Келеді жыр моншағын қатар үзгім,  
Батасы қабыл болсын атамыздың.  
Ал, енді, Мұхамеджан, арқырайық,  
Шапаны шабыт берсін апамыздың.

**МҰХАМЕДЖАН:**

Шапаны шабыт берсін апамыздың,  
Өтеуі секілденіп батаңыздың.  
Дегенмен әр нәрсені орынымен  
Киейікші ізіндей аталы іздің.  
Қазақтай кім ұғады дәл киені,  
Киелілер босатар жан-жүйені.  
Басындағы қалпақты мұрап дейді,  
Мұрапты тек патша мен хан киеді.  
Жөн-жосықты білмейтін бұл заманда,  
Келінінің кебісін шал киеді.

Сен едің Мәлс ақын Оралдағы,  
Ойыңның өзгермепті орамдары.  
Маң-маң басып жүруші ең Маңғыстауда,  
Ол арманың Оралдан оралмады.  
Толағайдай деп сені не ғылайын  
Ізге түскен аңшыдай сонардағы.  
Екі үйдің ерке ұлы секілдісің,  
Етегіне сап жейтін он алманы.

Сыртқа сырғи бермей күм секілді,  
Тигізейін от шықса тілге тілді.  
Еділдің еркесіне сәлем бердік,  
Шайырлар шамалы ғой бұл секілді.  
Ал, аға, тамырыңнан нәр алайын,  
Жантаққа жапсарласқан гүл секілді.  
Домбыранды көтеріп кеп қалыпсың,  
Бөренені көтерген піл секілді.  
Шығысқа келгеннен соң шырайыңды аш,  
Түнеріп жүре бермей түн секілді.

Еңсең бар ел алдында ер іспетті,  
Атағың алты алашқа тегіс жетті.  
Пірдің соңы Бекеттің ұрпағы едің,  
Бірінші боп сыйынсақ неміз кетті.  
Маркс, Энгельс, Ленин мен Сталиннің  
Басын қосып атыңды Мэлс депті.  
Тегінде затың қазақ болғанменен,  
Әттең-ай, атың бірақ келіспетті.

### **МЭЛС:**

Сөйлеткен біздей ақынды,  
Қылыштай қызыл тіл менен  
Құдай берген жақ шығар.  
Бәйгеден бүгін байқасаң  
Бағы шапқан ат шығар.  
Бағасын берер отырған  
Жамиғат пенен жақсылар.  
Басыма киген мұрабым,  
Мұхамеджан, байқасаң,  
Осы айтыста бүгінгі  
Басыма қонған бақ шығар?

Біз жүрміз бес күн тірлік жалғаншыда,  
Алданбай жылтыраған алдамшыға.  
Табиғаттың жәудірін таңнан сұра.  
Қаңтардың қаттылығын қардан сұра.

Рас-ақ атым Мэлс екендігі,  
Осы аттан баяғыда-ақ алғам шүбә.  
Атымды өзіме өзім қойған жоқпын,  
Үйдегі кемпір менен шалдан сұра.

Айтыста алауласын лапылдап ой,  
Екі ақын жүйріктердің сапында ғой.  
Баланың үйренетін өнегесі,  
Бабаның жазып кеткен хатында ғой.  
Мұхамеджан, білесің бәрін өзің,  
Әңгіме атымда емес затымда ғой.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Серілер сөз бастасын сайраннан кеп,  
Мэлс те сөйлеп жатыр қайраңнан кеп.  
Мұхамеджан атымды мен ескерсем,  
Онда ертең кетем де пайғамбар боп.  
Тартып ем суыртпақтап сыр ағадан,  
Салқын қарап қалғандай сірә маған.  
Жайдақ сөзге соншама мән бердің-ау,  
Құлайтын адам сынды мұнарадан.  
Менің айтқым келгені қазағымның  
Тарихы да осылай бұрмаланған.  
Басқа түгіл атың мен фамилияңа  
Саясат өз шегесін сыналаған.  
Ал, сен болсаң ауырдан аулақ қашып,  
Айналаңнан іздейсің кінәлі адам.  
Әйтпесе, Мэлс түгіл кім десе де,  
Кеп-кетер ештеңе жоқ мына маған.

Сара жол сап берген соң сақ бабамыз,  
Байыппен жүреміз де бақ табамыз  
Биыл – ұлттық тарих жылы деп жатыр ғой,  
Пайымдаулар парағын ақтарамыз.  
Қазақты жою үшін не істемеген,  
Оны ойласаң жылауға шақ қалармыз.



Горбачевқа дейінгі тарихында,  
Тар жол, тайғақ қалды ма баспаған біз.  
Ату, асу, айдалу, ашаршылық –  
Құдай сақтап біз аман қап қалғанбыз.  
Ақиқаттың атасы арам өліп,  
Мәскеудің айтқанынан аспағанбыз.  
Лениннің беті ашық жатқанымен,  
Шындықты көрге көміп тастағанбыз.

Тарихта қай тұнбадан былғанбадық,  
Мысалды отырғам жоқ тыңнан алып.  
Орысша оқымаса өспейді деп,  
Баланың тәрбиесін бұрмаладық.  
Ресейлік Алланың әнін сүйіп,  
Ал, Алланың құранын тындамадық.  
Қазағымның Болатын “Бутя” деп,  
Ана тілдің ақ жүзін тырналадық.  
Абайдан Пушкин мықты дегендердің  
Қолын алып, төсіне гүл қададық.  
Желтоқсанның жеңісі болмағанда,  
Судай боп сіңер едік құмға барып.

### **МӘЛС:**

Ағысы қатты өзендей  
Ақын едің екпінді.  
Берен жырды баптасаң,  
Аямай тіпті бет тілді.  
Жаңағы айтқан сөздерің  
Қылыштан да өткір-ді.

Айланың түрі көп екен  
Әуенге басып бұрынғы,  
Шыққан соң мына финалға,  
Бастадың “заготовкінді”.

Алдарында ақындар  
Қас тұлпардай ойнақтап,

Көсіліп кеткен сияқты,  
Мерейінді халайық,  
Өсіріп кеткен сияқты.  
Өлеңнің бүгін түбі де  
Тесіліп кеткен сияқты.  
Ақындар айтқан сөзбенен,  
Жаратқанның жұмбағы  
Шешіліп кеткен сияқты.  
Сөз түсінбес біреулер,  
Ақын-ақын дегенге,  
Есіріп кеткен сияқты.  
Үстіндегі шапанмен,  
Мұхамеджан, шабытың  
Шешіліп кеткен сияқты.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Кішілер ер жетуге асығады,  
Үлкендер шаштың ағын жасырады.  
Шешілмей мына маған не көрінді,  
Бар кезінде бабамның асыл әні.  
Мэлстейін жігіттер мың жасасын,  
Жеткендей боп құлаққа ғасыр әні.  
Жас ақындар бір-бірін іліп-шалса,  
Бойларында күшінің тасығаны.  
Қорада қошқарлардың сүзіскені –  
Бір-біріне мүйізін қасығаны.

Уа, Мэлс, тектілікке сай болалық,  
Бұл айтыс шайқасатын майдан анық.  
Шыққасын тәуекелдің тәжін киіп,  
Отырғын белді бекем байлап алып.  
Арғы атаң найза ұстаған батыр еді,  
Атқан оғы тиетін айға барып.  
Іркес-тіркес іріден сөйлесеңші,  
Әңгіме айтқан жан болмай шайға барып.  
Қайран біздің қазақтың ұрпағы да,  
Май шабақтай барады-ау майдаланып.

## МЭЛС:

Ойласаңыз, ағайын,  
Кәрілік пенен жас қандай.  
Алдыңызға келген соң,  
Сөйлейін енді мастанбай.  
Байқасаңыз, халайық,  
Айтыс деген асқардай.  
Асқарды қарап тұратын,  
Бұл халықтың көңілі  
Биіктегі аспандай.  
Қошқарды қайдан шығардың,  
Шабытыңды шашқандай?  
Ендеше сенің сөздерің,  
Суырып айта алмасаң,  
Қотырдан өлген қошқардай.

Өлеңнің май толады жілігінде,  
Саған – аға, біреуге – інімін де.  
Өмірде тимей қалмас деп ойлаймын,  
Ақынның алмас қылыш тілі кімге.  
Майдаланбай,  
Мен үлкен махаббатпен  
Мен өлемін өзімнің биігімде.

Кейде мен қауіптенем бөстім бе деп,  
Жұмбағын жаратқанның шештім бе деп.  
Батыр елдің ұрпағы деп айтасың,  
Байқасаң бұл қазақта кескін бөлек.  
Қаншама сен қиялға берілгенмен,  
Айды атып құлатқан ешкім де жоқ.

Алыс тау бұлдыраса жақын емес,  
Бұл айтыс емес сірә ақыл егес.  
Ай дегенің белгісі табиғаттың,  
Біле - білсең ешкім де батыр емес.

## МҮХАМЕДЖАН:

Ағам деп талай сені елегенмін,  
Інілік ізетіммен жебегенмін.  
Суырып салмайсың деп кінә артасың,  
Көсемі секілденіп көрегеннің.  
Өзімнің биігімде өлемін деп,  
Өзің сөзін айтасың Төлегеннің.  
Біреудің шаңырағын аласартпа,  
Тарлығын білмей тұрып керегеннің.

Биіктен бергеннен соң ұлт серпінді,  
Бұл ініңнің қанаты күрт жетілді.  
Күркіреп келгеніңмен жауа алмадың,  
Тауды айналып жөңкілген бұлт секілді.  
Менің сенен күткенім биік еді,  
Жайбарақат айттың-ау жұрт секілді.  
Оза сөйлеп көрейін осы ағамнан,  
Сақалдан бұрын шыққан мұрт секілді.

Толағай көрінгенмен сыртың маған,  
Шыңнан биік екен-ау, шіркін, бабаң.  
Махамбет Жәңгір ханға тепсінсе де,  
Бұқараның алдында бұлқынбаған.  
Баймағамбет сұлтанды басынса да,  
Жұртшылықтың алдында жұлқынбаған.  
Ал, сен болсаң, ініңе кінә артып,  
Желдей болып тиесің түр-тұрлаған.  
Бабалардан байсалды мінезді алмай,  
Ашуды жұқтырыпсың бұрқылдаған.  
Япыр-ау, Мэлс, сондай жігіт пе едің,  
Қуырған бидай құсап шыртылдаған?

Інің едім додаға жарап қалған,  
Қадамым бар биікке санап барған.  
Ағам ғой деп әспеттеп отыр едім,  
Талабымды қайтардың қанаттанған.

Әлі де мен қайтпаспын, Мәлс аға,  
Тасқа шеге қағады талаптанған.

**МӘЛС:**

Басталды дүбірлі той, дүйім егес,  
Басқаным айтыстағы шиыр емес.  
Қайтесің жала жауып басымызға,  
Мұхамеджан, ақындық тіліңе көш.  
Сақалдан ерте шығып кеткенімен,  
Мұртты қағып тастау да қиын емес.

Шабыты келмес ақынның,  
Ұйқасын сірә тоздырған.  
Бес күн тірлік опасыз,  
Басымнан дәурен оздырған.  
Байсалдымын атамдай,  
Сабырлы жерге келгенде,  
Салиқалы сөз қуған.  
Сол атамның аруағы  
Айтыста арқа қоздырған.

Өнерді біздер көрсеттік,  
Алқалаған әлеумет,  
Қуанасың мұхитта,  
Айтыстың ақ кемесі  
Аман-есен жүзгенде.

Мың жасаймыз Лұқпандай  
Айтыспенен біздер де.

**МҰХАМЕДЖАН:**

Осылай өткізген соң алаш бәйгі,  
Қалайша ордалардан ой аспайды.  
Інілердің орыны бөлек болар,  
Інілерсіз ағаның бағы аспайды.  
Алып тастау оңай боп көрінгенмен,  
Мұртсыз сақал иекке жараспайды.

Осынау сен отырған төрің қандай,  
Қайда жүрсен, Мэлс-ау, жолың болғай.  
Ардақ тұтып ағамдай мен сыйлайын,  
Пейіліне елімнің шомылғандай.  
Екеумізді тудырған құрсағы алтын,  
Мына отырған мейірбан елің қандай.  
Екеуміз кім болар ек бұл айтыста,  
Еміреніп тыңдайтын елім болмай.

Ақындар елге жырын жолдаса екен,  
Қанатын қыран құстай қомдаса екен.  
Ақмолада айтыс бар деп естідік,  
Ақындар сонда жырын сомдаса екен.  
Ондағы шала қазақ ағайындар,  
Сіздердей боп айтысты қолдаса екен.

Ташкент Төлебимен есте қалған,  
Орынбор от секілді пеште қалған.  
Қызылорда қызыл ту көтергенде,  
Қазақтағы тұтанды өшкен арман.  
Ал, Алматым, ап бердің азаттықты,  
Миллионнан асып бүгін өскен орман.  
Ақмола енді қанат жайып жатыр,  
Аққанат көгершіндей төске қонған.  
Бәрібір, күт-береке сіздерсіздер,  
Қара қазан секілді көште қалған.

### **МЭЛС:**

Айтыста туар менің мүмкін айым,  
Бұйырған биігіме ұмтылайын.  
Өзіңнің сөздеріңе жауап беріп,  
Жусанның иісіндей бүркқырайын.  
Арыстаннан алтау туғанның,  
Абдан болар біреуі.  
Жылқыдан алтау туғанның,  
Тарлан болар біреуі.

Қасқырдан алтау туғанның,  
Арлан болар біреуі.  
Атадан алтау туғанның,  
Заманның көшін сүйреген,  
Ақылмен елді билеген,  
Нұрсұлтан ағам секілді  
Заңғар болар біреуі.

Шалшық су жиналғанмен көл болмайды,  
Тоғыз шапан кигенмен тон болмайды.  
Махамбет айтқан сөздің мәні бөлек,  
Етектен кескенменен жең болмайды.  
Тозған қазды топтанған қарға алады,  
Құдайым, басымызға берме ондайды.  
Үш жүздің басы бүтін отырғанда,  
Үшы үшкір найзаңыздан кем болмайды.  
Бес күн мақтап жүреді кейбіреулер,  
Бесті қымыз сапырып берген байды.  
Шабысы бөлек еді шалдарымның,  
Жүйріктей тартып алған желден бәйгі.  
Есек мінген адамға күлкі болып,  
Ешкіменен жер жыртқан ел болмайды.

Ей, дүние, бізден де озамысың,  
Топан ойдың сен кейде тозаңысың.  
Адамзаттың баласы арпалысқан,  
Мына бес күн тірліктің базарысың.  
Менің шерлі елімнің шежіресін,  
Тарих ата, қайтадан жазамысың?  
Арманың болмас еді өлең сенің,  
Ағайынның жұбатсаң азаласын.  
Келін – заман, кемпір-шал – ауыл болса,  
Қазақстан – жалғыз ұл қазақ үшін.

Жаңылмай табиғатым таза қыстан,  
Біріксін басын қосып аз арыстан.  
Барыс жылы басыңа бақыт қонып,  
Жортқанда жолың болсын, Қазақстан!

Үшінші рет шыққанда  
Шабытанып кеттім ғой,  
Шалқығандай бүгін мен.  
Түндігі де айтыстың,  
Ақындарменен түрілген.  
Мына өзің сияқты  
Нағыз ақын сөйлесе,  
Тізе біткен бүгілген,  
Тұяқ біткен сүрінген.  
Айналдым, інім, мен сенің,  
Алмастай өткір тіліңнен.

Уайым-қайғы ойласаң,  
Өміріңіз қысқарар.  
Тұлпар мініп, ту алған,  
Семсерін сертке суарған  
Атаңнан қалған нұсқа бар.  
Аспанға барлап қарашы,  
Адам түгіл, мысалы,  
Тіршілік үшін қам қылып,  
Бірігіп ұшқан күс та бар.  
Заман деген желмая,  
Бұйдасын түріп қашқанмен,  
Бұйырған күні ұсталар.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Ақындар ел алдында тасынғандай,  
Еркелеп мойыныңа асылғандай.  
“Тіліңнен айналайын інішек” - деп,  
Жақсылар бір-біріне бас ұрғандай.  
Тіліңнің тіркестері жаңқа болып,  
Моншақ терің меруерт шашылғандай.



Сендей ұлдар қазақта көп туса екен,  
Батысымның құрсағы асыл қандай.  
Мәлстің алтын шапқан сөзін естіп,  
Жалбыз иіскеп, аңқамыз ашылғандай.

Қазақтың күйі келмес күйінгенмен,  
Сүйеніш те таппайсың сүйінгенмен.  
Қарагөз қазақтарым байыса екен,  
Айғырдай азып-тозбай үйір көрген.  
Ертең сонда елге олар көмектесер,  
Сақтасын тек мұрынын шүйіргеннен.  
Елде болса, ерінге тиер деуші ед,  
Ақтарылған ақ ұндай диірменнен.  
Батыстың байларындай болмаса да,  
Мейманына маймылдың миын берген.

Жалқаулық жаратқанға ұнамайды,  
Қамсыз қазақ қартайтқан ұлы Абайды.  
Балақ түріп, қарекет қылғандардың,  
Бақ келіп есігінен сығалайды.  
Еріншектің етігі көлеңкеде,  
Соқасы күн астында тұралайды.  
Көршіңіз байып жатса қуаныңыз,  
Қуанғаннан намысың құламайды.  
Өйткені, сізге бөліп бермесе де,  
Қол жайып, ештеңенді сұрамайды.

Ресейдің әлі де жоқ алыстығы,  
Нарық – заман сынап тұр намыстыны.  
Қарт Каспийдің асты-үстін бөлісе алмай,  
Көкейдің құрты боп тұр табыс түбі.  
Байқоңырдың төбесін тесіп бітті,  
Төленбестен жалға алған ғарыш құны.  
Тек оны Елбасымыз ондай алар,  
Құдай қолдап биылғы Барыс жылы.

# ҚОЙЛЫБАЙ АСАНОВ ПЕН ӘНУАР ОМАРОВТЫ АЙТЫСЫ

**ӘНУАР:**

Түбіне ел жиналса Көктөбенің,  
Көңілім өсер ме екен көкке менің.  
Көп болды-ау елдің мынау алдына кеп,  
Нөсердей жырларымды төкпегенім.  
Халықтың өзі берген қазынасын,  
Болмас-ты өз-өзінен шеттегенім.  
Жігерді босқа ұрлап жатыр ма деп,  
Опықсыз өткен күнге кектенемін.  
Қаңтардың қаһарына қабақ шытпай,  
Армысың, наурызға жеткен елім.

Баратын бір бидайдың масағындай,  
Қойлыбай, ақын едің қосағымдай.  
Жезқазған дүркіретіп тойлар жасап,  
Жатушы ед шаңырағынан дос арылмай.  
Абай мен Жамбыл тойын дүбірлеттік,  
Қазаққа нәр беретін қос ағындай.  
Сәкеннің тойын жасап берген едік,  
Айбынын ел көзінен таса қылмай.  
Түс-түстан ақындарым келуші еді,  
Әйгілі Қабанбайдың жасағындай.  
Бұл-дағы уақыттың бір сыны ма екен,  
Табылмас жебеушісі аса мұндай.  
Дегенмен айтыс көшін әрі қарай,  
Бастайық кедергіге ошарылмай.

Бұл ақын талай елдің жайған атын,  
Киелі өнерім ғой айналатын.  
Бір кезде күндер болған азаматтың,  
Тағдыры жебе сөзге байланатын.  
Қабірін таппастай боп жоғалды ма,  
Сол кезде сұңқар Сәкен, Тайжан ақын.

Әлихан, Міржақып, Әлімхан шыққан шыңға,  
Қарауға көптің басы айналатын.  
Солардан айырылғанда түнек басып,  
Болғандай боп еді ғой айнала түн.  
Бүгінде есімдері жарқылдады,  
Алмастай тасқа салсаң қайралатын.  
Ұлтының жүрегіне жазғаннан соң,  
Ұлының ел ұмытсын қайдан атын.  
Есімін елге мынау етене етпей,  
Біздің де жөніміз жоқ жайланатын.

Уа, шабыт, жердің жүзін шарлаттырғыз,  
Ақынның қызық тілін зар қақтырғыз.  
Ақынның лебіменен ерімесе,  
Қабағын мынау елдің қарлап тұр мұз.  
Биыл да аруақты тебірендіріп,  
Бұл тойды ер Мұхаңа арнап тұрмыз.

Жырақтап қалар болсақ көшпен жүрмей,  
Маңайды түнек басар өшкен күндей.  
Бұл елге осы күні бірлік керек,  
Қоя ма біріккен ел сескендірмей.  
Мұхаңның аты мәңгі ұмытылмас,  
Болмайды жібек арқан еш кендірдей.  
Мұхаң да жаратылған жұмбақ бір жан,  
Абайдың қабіріне өскен гүлдей.  
Абайдан нәр алған соң жердің жүзін,  
Тілімен жаулады ғой Ескендірдей.

Қарсылас бауырымдай Қойлыбайсын,  
Қарасам сары атандай, ойлыдайсың.  
Қашаннан сыр мінез боп жүрген жанбыз,  
Білесің шыны қайсы, ойыны қайсы.  
Білемін қиындықтан қажымай бір,  
Осынау сарыатандай мойымайсың.  
Ал, енді ініңнің бұл мінезіне,  
Басқаша кәне, қандай ой құрайсың?

## ҚОЙЛЫБАЙ:

Не жетсін пейілдердің ыстығына,  
Кім жеткен қара өлеңнің үштығына.  
Бастайық бұл айтыстың әлқиссасын,  
Қолдасын Тәңір, шіркін, биссімілла!

Бақ қонып, құт дарыған құтпан белім,  
Ұлытау ұлылықты ұққан жерім.  
Жезқазған жүрегіме сондай ыстық,  
Айтыста тұсау кесіп шыққан жерім.

Есімде өткен күннің кермиығы,  
Ақынға тұғыр болған өз биігі.  
Жүректен қалай ғана ұмытылсын,  
Жездінің желіп шыққан жезкиігі.

Демеймін жүйрік едім, керім едім,  
Халқыма жақұт жырды беріп едім.  
Шынболат бас ақын боп бастағанда,  
Соңына жас ақын боп еріп едім.

Жүректен жалынды жыр лаула деймін,  
Жүйріктей тура жолдан аума деймін.  
Мінекей, содан бері он жыл өтті,  
Тәңірім осыңа да тәубә деймін.

Бір сәлем Есіл, Нұра жағасынан,  
Шайтанкөл, Қарқаралы даласынан.  
Мың сәлем жезқазғандық бауырларға,  
Қалың ел бес Мейрамның баласынан.

Жезқазған сұлулықты ән қылған жер,  
Сәкендей серілерін сән қылған жер.  
Тойында ұлы Абайдың дүбірлетіп,  
Айызын тыңдаушының қандырған жер.

Айтамын өлең сөздің бағыланын,  
Сен де бір топтан озған оғыланым.  
Кіріптар басқаларға болмайықшы,  
Самғашы биіктерге, Әнуарым.

Салайық жырдан көпір дарияға,  
Бас иіп өскен елміз қарияға.  
Жезқазған комбинаты кіріптар боп,  
Қап жүрмесін Оңтүстік Кореяға.

Арайлы алтын күнің атқандай ма,  
Бұл заман қабырғаңа батқандай ма.  
Ұлытау ғасырлардан желі тартып,  
Естіліп бүгінгіге жатқандай ма?

Әлі де мықты болсын айтарымыз,  
Осындай ашық болсын ойларымыз.  
Он тоғыз облысқа үлгі болған,  
Жезқазған, құтты болсын тойларыңыз!

### **ӘНУАР:**

Тілің бар кімді болсын түйрегендей,  
Саласың бұл інінді күйге нендей.  
Шымболаттың соңына көп ергеннен соң,  
Болмасын шапағаты тимегендей.  
Қойлыбай, осы күні екеуміз де,  
Ақын болдық айтысты алға сүйрегендей.

Бастаған жыр екпіні түрі мықты,  
Бұл жағдай назарыңа ілініпті.  
Демейсің Жезқазғанның комбинаты,  
Көрістің қолтығына кірігіпті.  
Осы жолы ұлы тойға үлес қоспай,  
Қолының қаттылығы білініпті.  
“Сағынып жүрмін бе әлде соңғы кезде,  
Түсімде жиі көрем Урумовты”.

Мәселе елді мұнда нала қылған,  
Көз салып бұған қала, дала тұрған.  
Осындай жер байлығын қорғаймын деп,  
Сан ғасыр болмап па еді баба құрбан?  
Бұл да бір байлығымыз біле - білсең,  
Бабаның сүйегінен жаратылған.

Менімен сахнада терлес деймін,  
Сөзіме менің кімдер ермес деймін.  
Осындай мәселелер туыпты деп,  
Жүргенде жер аралап елде естимін.  
Басында елдің бар ғой ағаларым,  
Тізгінін түріп қоя бермес деймін.

Біреулер әлде мұны мін көреді,  
Біреулер тауқыметін мың көреді.  
Осындай ел алдына шыққан кезде,  
Ешкім де демес маған үндемені.

Тап келер осындайда қызаруға,  
Бұл тілді айналдырдық біз қаруға.  
Байлығы жер астының халықтікі,  
Болмайды өз-өзінен қызғануға.  
Көмірге астындағы қолың жетпей,  
Сенің де табаныңды мұз қаруда.

Айтпаса ақында тіл кесіледі,  
Сан ақын ел алдында есіледі.  
Үмітпен қарай-қарай жоғарғыға,  
Халықтың қайран көзі тесіледі.  
Бірақта бағыт дұрыс, ел де тыныш,  
Болса егер бұл мәселе шешіледі.

### **ҚОЙЛЫБАЙ:**

Әнуар, бұл жағдайды бөлісерміз,  
Қысылсақ бір жұтым су бөле ішерміз.

Қаптаса үнді, кәріс елімізге,  
Орыспен әлі-ақ жылап көрісерміз.

Демейміз бізге бақыт өзге берер,  
Тәңір де жақсылығын бізге бөлер.  
Көмірге табандағы қол жетпесе,  
Қазаққа қи да жағар кез де келер.

Ақын боп ел сенімін ақтап ұдай,  
Қашанда жақсылықты жақтадым-ай.  
Байлық деген оралып келер ертең,  
Жер сатып, ар сатқаннан сақта, Құдай.

Өленді маржан қылып тізбелейік,  
Көктем көңіл кірмесін күзге кейіп.  
Тілегін бабалардың құрметтейік,  
Сүйегін сұм заманнан іздемейік.

Шабыттың биік ұшсын қасқалдағы,  
Халықтың осы болар басты арманы.  
Қаншама тілек пенен рух жоғалды,  
Дұрыс қой бүгін соның ақталғаны.

Өлең сөз, қызыл тілге сүйрік едің,  
Тура сөз әділ болса билік едің.  
Жасындай сөз нөсерін селдетші бір,  
Әнуар, топтан озған жүйрік едің.

### **ӘНУАР:**

Біз қалай сөз асылын пісірмейік,  
Халықты салқын сөзбен үсірмейік.  
Одан да болашақтан үміт күтіп,  
Жарқын таң, барлық күнді мүсіндейік.  
Біздерден рух күтіп келген елдің,  
Қойлыбай, қабағын енді түсірмейік.

Бұл өлең ақындардың жан бұлағы,  
Сусасаң мейіріңді қандырады.  
Ұлытаудың тауына кеп айқай салсаң,  
Уа, халқым, мықты бол деп жаңғырады.  
Етектен еміреніп суын ішсең,  
Жігер беріп, мейіріңді қандырады.  
Түстікке барсаң онда мейман болып,  
Сүйікті ақындарын паң қылады.  
Сондықтан шаңырағың шайқалар деп,  
Айтқан сөз бос жандардың сандырағы.

Болмай ма ел алдында жалындаса,  
Ыстыққа күйіп, мұзға қарылмаса.  
Қазақтың айы оңнан туа қоймас,  
Кертартпа, жалқаулықтан арылмаса.

Ас ішіп, бүркенбейді көрпе кімдер,  
Ер болса еңіреніп ертеңім дер.  
Былтырлар естілді ғой егін салып,  
Қызғанып бір-бірінен өртегендер.

Не түсер құр бекерге тарылғанға,  
Бір бүгін екеу болып жарылғанға.  
Қазақтың айы оңынан туар деймін,  
Күндестік қызғаныштан арылғанда.

Айтпайды ақындардың сөздерін кім,  
Мұны мен тебіренген кезде білдім.  
Уа, халқым, жылай берер заман емес,  
Тағдырың қолдарыңда өздеріңнің.

Айтқан соң елге қалың жайылады-ай,  
Айтпаймыз мынау жұртқа оны қалай.  
Қойлыкеке, тілші болып жүр деп еді,  
Айтшы бір, газетіңнің жайы қалай?



## ҚОЙЛЫБАЙ:

Әрдайым жақсысына сыйынған ел,  
Той болса думандатып, жиылған ел.  
Даласы киелі еді Жезқазғанның,  
Жошы ханға топырақ бұйырған жер.

Андасаң кей заманның анығы жоқ,  
Жүректің зерделесе танымы көп.  
Қазақша газетің бар ал, бірақ та,  
Халықтың оны оқитын жарығы жоқ.

Алаң отыр көңілде, алаң отыр,  
Ойланып өткен күнге балаң отыр.  
Шүйкесін жамап, шіркін, тоқал тамда,  
Қамығып қараңғыда анам отыр.

Айналып замананы өте алмаған,  
Қиындықтан қазағым кете алмаған.  
Қара шал қара жолда қамығады,  
Аурухана үйіне жете алмаған.

Өлең сөз көкірегімде тасқындады,  
Көп болды осынау дерт асқынғалы.  
Қорқауы қорадағы қойды жесе,  
Одан бетер адамның қасқырлары.

Көңілім содан кейін тынып қалды,  
Жоқшылық бірте-бірте сырықталды.  
Ақтылы қой өргізген ақсақалдың,  
Қолында қамшысы мен құрық қалды.

Бұл заман қарап тұрсаң тайғанақтау,  
Кешегі шаттық қайда, қайда мақтау?  
Жаңаарқа бір ауылы есінде ме,  
Алпыс мың қой өргізген қайран Ақтау.

Осынау халқымды кім аяйды,  
Күтеді үмітпенен туар айды.  
Кешегі ақтылы қой өрген, шіркін,  
Құба жон үнсіз мүлгіп, мұңаяды.

Демеші бұл Қойлыбай мұң айтады,  
Әнеке, бұл Қойлыбай шын айтады.  
Қойшының мынау жайын сахнада,  
Қойлыбай, мен айтпасам, кім айтады?

## **БЕКЖАН ӘШІРБАЕВ ПЕН ҚУАНЫШ МАҚСҮТОВТЫҢ АЙТЫСЫ**

**БЕКЖАН:**

Нарықтың алау оты шарпылғалы,  
Тондырды-ау саясаттың салқын бағы.  
Татулық төре болса әр ісіңе,  
Толады дән қырманы, ән қырманы.  
Ақ сөзді аға тұтқан әлет едің,  
Бағалар былапытсыз боп тұнбаны.  
Сөйлесін сағыныштар кеудеңізде,  
Көктемші Айбергенов атындағы.  
Аттанды сахнаға саңлақтарың,  
Боп қалар бір тойына шақырғалы.  
Ақиқат, әділдіктің оғы болып,  
Музыкалық Аврорадан атылғалы.  
Аспанға әмір етер аты қыран,  
Баулысын балапанын артындағы.  
Үш үтір ғана, шіркін бөліп тұрған,  
Армысың, азат елім, нар тұлғалы.

Қазақтың қадір тұтып әр мұрасын,  
Көңілдің асқарынан ән құласын.  
Шаттықтың оркестрі сөйлегенде,  
“Дари-дай” тартып кетсін домбырасын.

Мұржасы жоқ үйлердің мырзалары,  
Мәскеудің сағынбассың қалдық асын.  
Ағайын, айттарыңыз қабыл болсын,  
Үяңа қайта оралған қарлығашың.

Отырмыз атсалысып ұлы ағысқа,  
Шабады кім жақынға, кім алысқа?  
Әр сөзін ұқыпты айтқан ақын едім,  
Тарихы айтыстағы жүдә қысқа.  
Әйтеуір мұсылманды жобалаған,  
Тағдырым тап болыпты Қуанышқа.  
Қаралар Ар сотында иман ісі,  
Отанның тіреушісі үй намысы.  
Ағатай, пәтуәлі айтысалық,  
Қылмастан ата-аналар жиналысы.

Ұлтыңнан аямасаң жүз көмекті,  
Әкелмес келбетіңе күз деректі.  
Ал, енді шабытына қамшы басқан,  
Қуаныш, микрофон сізге кетті.

### **ҚУАНЫШ:**

Сәттерден мына өмір тұрады екен,  
Қара сөз саналының құралы екен.  
Рухын түсіп кетсе тіршілікте,  
Басынып байқаусызда ұрады екен.  
Ауылда жатқан қазақ сондай кезде,  
Мойынын Алматыға бұрады екен.  
Таңдары қазағыңның арайланып,  
Алдымен Алматыда шығады екен.

Барымды, жоғымды да ойласын деп,  
Жүрегім білімдерге бойласын деп,  
Жүріп ем Жүрсін ағам айғай салды,  
Телевизордан: «Сары Қуаныш қайдасың?» деп.

Аяқта талтаңдамай берік тұрдым,  
Сұраса әр нәрседен беріп тұрдым.  
Ақмола астана боп кеткенменен,  
Алғаш рет Алматыға келіп тұрмын.

Еңбекпен ырзық келер бойда жоқта,  
Бірлігің көрінеді тойда жоқта.  
Күйеуі сұлу тоқал алып кеткен,  
Бәйбішедей мұңаймашы ойда жоқта.

Бар ақын Алматыны жырлайды ғой,  
Ұйқыңды сұлуларың ұрлайды ғой.  
Армысың, Алматымыз – ару қала,  
Париж сенің тырнағыңа тұрмайды ғой.

Айтысты бастап кеттің жол басындай,  
Түзу жолдың аққұба “Волгасындай”.  
Ей, Бекжан, кез болдың ғой салмақтым-ау,  
Сақаға күйіп қойған қорғасындай.

Айтыссаң қадіріңе жетер едім,  
Тата алсаң таңдайдағы шекер едім.  
Қыз болсам, ақ сүйекті іздегенсіп,  
Бір түнге жоғалып сенімен кетер едім.

Осы боп бұл айтыста табатының,  
Белгілі шабыттансаң шабатының.  
Ұмытпа әрқашанда терең өзен,  
Айғайламай тұнық қана ағатының.  
Қанекей, сандығыңды аш сақтап жүрген,  
Көрінсін бұл айтыста салатының.

### **БЕКЖАН:**

Азат таң құлпырады лала гүлден,  
Аузына ағайынның тоба кірген.

Қуаныш, қысқа-нұсқа айтысалық,  
Тыңдалар тыңдарманың бола білген.  
“Салады”, “Қаладыны” ұйқастырып,  
Болмақпыз сахнада мола бірден.  
Күшіктер шәуілдесе қой күзетіп,  
Итке де икемсіздеу олақ үрген.

Тастайын шұғыламды лақтырып,  
Тұрсын да дидарыңа шуақ күліп.  
Бастайын өзіңізді шымшылауды,  
Байыппен отырыңыз құлақ түріп.  
Байқасаң, әр нәрседе махаббат бар,  
Керек қой қызметте де тұрақтылық.

Ғаламды сауықтырсын түсінігің,  
Оралсын арманыңның құсы бүгін.  
Әкімдік орыныңнан түсіп қалып,  
“Репрессия” көріпсің кіші-гірім.

### **ҚУАНЫШ:**

Белгілі шымшымаға салғандығың,  
Әрі-бері тарихқа барғандығың.  
Аспан асты толған жоқ па даусына,  
Танытайын бөрінің қалғандығың.

Әрқашан асыл сөзде құн болады,  
Айтатын әрбір ойы сын болады.  
Көкбөрінің тұқымы сөйлегенде,  
Төбеттері талайдың жым болады.

Ортаңда шабыттанып бекіп қалдым,  
Азырақ айқайладым, жекіп қалдым.  
Әкімдіктен мені ешкім алған жоқ қой,  
Ол жерден өз еркіммен кетіп қалдым.

Көңілінде көргенсіздің хош болмайды,  
Тілегім саған айтар бос болмайды.

Жадында сақтағайсың, інішегім,  
Ақындық әкімдікпен дос болмайды.

Халықтың қасіретін ұға алам деп,  
Арқама аумайтұғын жүк алам деп,  
Мен кеттім “Караваннан” артық тұрар,  
Қазақтың төл газетін шығарам деп.

Кедергі, тосқауылды жойып берді,  
Өз орнын баспасөзден ойып берді.  
Риза боп Елбасы да сол газетке,  
Алғысын ақ ниетпен қойып берді.

Шабытқа бұл Қуаныш батып отыр,  
Беделім осылайша артып отыр.  
Бекжан-ау, шымшымаға көп барасың,  
Қай оғың тағы мені атып отыр?

### **БЕКЖАН:**

Ойламай ұлттың қамын ұлы соқыр,  
Қалайша намазыңды дұрыс оқыр.  
Құдайдан қолхат алып келсең-дағы,  
Қуаныш, сахнада тыныш отыр.

Болсаң да тірлігіңе тыңғылықты,  
Күте бер қарсыластан шын күдікті.  
Айналардың алдында дайындалған,  
Ағасы, қоймайсың ба жындылықты.  
Ерманов бұл айтысты қолға алмаса,  
Бақсы боп кетер ме едің, кім біліпті?

Бекжанды қай мақсатқа үгіттедің,  
Айтқайсың әр сөзіңнің ұғып тегін.  
Ақындық әкімдікпен дос емесін,  
Креслода отырғанда біліп пе едің?

### ҚУАНЫШ:

Сөйлейсің бар нәрсені білгендей боп,  
Сұңқардай құлдилата ілгендей боп.  
Сахнаға келгенде өзгеремін,  
Мұсылман кеп мешітке кіргендей боп.

Ибалы бір-біріне қарасады,  
Әрқашан татулықпен тарасады.  
Шабыт қысқан сәттерде ақындарға,  
Алаңсыз отырған да жарасады.

Сен мені үйретпеші тыныштық деп,  
Бағалайын өлеңді тым ыстық деп.  
Ақылды тентек керек бұл қазаққа,  
Айтатын үлкен ұран пірім-құт деп.  
Бір кезде жау шетіме келген кезде,  
Қабанбайдай қасқайып тұрыстық деп.  
Райымбек бабамыз сияқтанып,  
Ел болып, жауға бетті бұрыстық деп.  
Содан соң шарбағында отырады,  
Киындық запыранын бір іштік деп.  
Қарсылас, не айтсам да барым осы,  
Сыйлай бер бұл ісімді дұрыстық деп.

Ал, Бекжан-ау, тентекпін,  
Тентек те болса еркекпін.  
Айтысқа мынау шыққасын,  
Шайқасуға серт еткін.

Шарапты әркім ішеді,  
Өмір деген түс еді.  
Аузымен жүрген пенделер,  
Сыртыңнан тон пішеді.

Сен екеуміз – қарағай,  
Орманға от түскенде,  
Биікте тұрған алдымен,  
Қарағайға түседі.

### **БЕКЖАН:**

Қыранға қиярмысың жеке өлімді,  
Айтыста тапқандайсың мекенінді.  
Сен сонда Арқа жақтан келіп пе едің,  
Айтуға тентек ақын екенінді?

Ордалы озбырлықтың бітсін демі,  
Болашақ сабыр сақтап күтсін мені.  
Қоғамдық махаббатқа толғанайық,  
Бұл баста құлақ болса, шықсын бері.

Даламның тарих жатыр әр тасында,  
Қуаныш, тауқыметін тартасың ба?  
Ауылдың ақиқаты қайтыс болды,  
Өзіндей әкімдердің арқасында.

Оқталса зұлматтардың зеңбірегі,  
Геноцид орнайтынын ел біледі.  
Басшылық қызметке ренжіп қалған,  
Кентауға енді қашан рең кіреді.

Алданып саясаттың сипасына,  
Тәуелсіз ел болудың сиқы осы ма?  
Жалқаулық атыменен жоқ Жаңатаста,  
Қазақтың айналыпты ит асына.

Тағдырын қағаздағы қаулы жеңіп,  
Қос қала опырылды тауды керіп.  
Ол жайында Қуаныштар жазар еді,  
Болып тұр газетінің аузы берік.

### **ҚУАНЫШ:**

Бекжан-ау, айтыс болмас қайрамаса,  
Асауын арсыздықтың байламаса.  
Қазақтың болашағы көркеймейді,  
Әкімді халық болып сайламаса.



Айтайық мәселенің тоқ етерін,  
Қазақтың күйдірмесін шок ертеңін.  
Білерсің жергілікті басқарудың,  
Әлі де дұрыс заңы жоқ екенін.

Басшылық бақуатты, өрісті де,  
Тойлайды жеңілісті, жеңісті де.  
Қаншама облысты қосар кезде,  
Халықпен, айтшы солар, келісті ме?

Азамат танылмайды сүймейінше,  
Шынығып, от пен суға күймейінше.  
Жергілікті басшылық тірілмейді,  
Өзіне өз билігі тимейінше.

Басшылық сенімді жойып кетті,  
Шындықтың екі көзін ойып кетті.  
Щуткин деген әзілдеп жүрді-дағы,  
Қазақтың есебінен тойып кетті.  
Аттары қандай жаман, орнына оның,  
Хитрин деген біреуді қойып кетті.

Халықтың қуанышын жұптайды ма,  
Бағасын болашақтың нықтайды ма?  
Нұрсұлтан жалғыз жүр ғой ел ішінде,  
Бір өзі күллі елді мықтайды ма?  
Ағайын, бірлік болмай – тірлік болмас,  
Осыны мына Бекжан ұқпайды ма?

Ақындар ақиқатты жағалайды,  
Тұлпарын тектіліктің табалайды.  
Бұл күнде Абай түгіл, Мұхтар түгіл,  
Басшылар газет-журнал қарамайды.  
Қуаныш ондай жерде сабасаң да,  
Әкімге орынбасар бола алмайды.

## БЕКЖАН:

Биліктен кеткенінде қолың босар,  
Халықтың сағынышы жолыңды ашар.  
Қуаныш, әкім емес ақындықта,  
Болсайшы мына маған орынбасар.

Бабымда отырайын осы дәйім,  
Несіне шабыт келсе тосылайын.  
Кеттіңіз көп жайлардың басын шолып,  
Келгенше шама-шарқым қосылайын.

Ой салсын он әулетке отау біздің,  
Тұрғанын танып білгін тақау күздің.  
Рельстен шығып кетті реформатор,  
Құрмалас сөйлеміндей сақау қыздың.

Орнатпай есігіне ілгек іштен,  
Диханшы оралады түнгі егістен.  
Бар малын сатуменен күнелтеді,  
Су ішпес шөлдегенде кім кебіспен?  
Әкімдер ештеңеден қорықпайды,  
Суретке Нүрекеңмен бірге түскен.  
Тәуелсіз тәуліктері, тоны келте,  
Аздырмас азат ұлды жолы демде.  
Төрі ортақ, дәстүрі озық ел едің ғой,  
Бабасы бұқа мүйіз, бөрі кеуде.  
Аталар зираты бар заңды жерді,  
Хақың жоқ қара шекпен төрі деуге.

Заманның сұранысын заңдастырып,  
Айтайық ақиқатты алмас қылып.  
Қуаныш, шабыттанып отырсың ғой,  
Төрінде Алағаудың малдас құрып.  
Өзекті мәселеге ой жүгіртіп,  
Кезекті әкетсейші жалғастырып.

### **ҚУАНЫШ:**

Шабытым сахнада тасып жатыр,  
Көп сырды қарсыласым ашып жатыр.  
Бұл күнде шенеуніктер шетел кезіп,  
Отанның қарғысынан қашып жатыр.

Әкімдер аспанынды тіреп тұрар,  
Халыққа екі қолын білеп тұрар.  
Елбасы келген кезде бейшара боп,  
Жүретін көшелерін күреп тұрар.

Халайық саясаттан жеріп кетер,  
Жарлы ел тезектерін теріп кетер.  
Әкімдер науқанына кіріскенде,  
Қыстағы қарыңыз да еріп кетер.

Болашақ бізге есік ашпай жатыр,  
Қазаққа қарай қадам баспай жатыр.  
Реформа дегендерін ауыл жақта,  
Науқандық сипатынан аспай жатыр.

### **БЕКЖАН:**

Бұл кезек айтыстағы түйін екен,  
Шабыты ағамыздың құйын екен.  
Ауылдың мәселесін сөз етелік,  
Дәл қазір құлазыған күйін екен.  
Әкім боп тұрғанынды біліп тұрып,  
Шешпей-ақ кеткендігің қиын екен.

Ақынның арналғанда сәтті өлеңі,  
Әр күнің Қуанышпен әктеледі.  
Ғасырлар тоғысында күтіп алдық,  
Азаттық аталатын ақ кемеңі.  
Тарихын танымаса келесі ұрпақ,  
Пәрменді болашақтың жоқ дерегі.  
Хан Кене аруағын әжуалар,  
Қазекең саясатта актер еді.

Бабамның басы жатыр Эрмитажда,  
Кім оны Петербордан ап келеді.  
Төренің тұқымы ғой деп кешегі,  
Сәулетті көшесінен ат береді.  
Барыстың ұлты қазақ болмайынша,  
Таусылмас өміріңнің әттегені.

Сауатсыздық суытқан атты лезде,  
Түсіністік түнейді тәтті сөзге.  
Осымен бұл айтысты доғарайық,  
Өлгенің де сәтті ғой сәтті кезде.

### **ҚУАНЫШ:**

Нарықтық соғып тұр ғой бораны өлі,  
Ол қашан әрекетін доғарады.  
Бір күні тайқазандай хан Кененің,  
Басы да ауылымызға оралады.

Ақын ба әжетіңе жарамаса,  
Шабытын күдіретке баламаса.  
Біздер де барыс болып шығамыз ғой,  
Еуропа иттері таламаса.

Атажұрт ажарланар бақ қараса,  
Біреудің ала арқанын аттамаса.  
Біздер де барыс болып шығамыз ғой,  
Орыстың аюлары таптамаса.

## **ОРАЗАЛЫ ДОСБОСЫНОВ ПЕН БЕКАРЫС ШОЙБЕКОВТИҢ АЙТЫСЫ**

### **ОРАЗАЛЫ:**

Армысың, алты алаштың іргелі елі,  
Беделі бес қарудай іргедегі.  
Айттарыңыз бүгінгі қабыл болсын,  
Ақ ниеттің ағытылсын түймелері.

Бекжан, аман-есен кеп қалдың ба,  
Жамбылдағы айтыстың жүлдегері.  
Табаның тесілгендей көрінеді,  
Жамбылдың бас бәйгесін сүйрегелі.  
Құдай сүйер құлдың да біреуі едің,  
Тербетіп бесігінде сүйген елі.  
Қазір мен аруақ деп айқайласам,  
Батырлар дулығалы түргеледі.  
Армысың, ақ самайлы апаларым,  
Қадірі хан қызындай күймедегі.

Көрсеткен көк түйғындай іреңділік,  
Ал, сөйлеші ендеше, күрең жігіт.  
Дүбірді естіп тұлпардай кеп қалдың ба,  
Тыпыршып тұра алмастан жүгенді үзіп.  
Табаның мықты болса тас уатшы,  
Аттай баптап айтысқа жіберді жұрт.  
Тас уат дегеніме жар жағалап,  
Абайсыз ақсап қалма тізеңді ұрып.  
Тұлпар болсаң көрейін жайдақ шауып,  
Екі өкпенді кетпесін үзеңгі ұрып.

Айтқыштық атам қазақта үлкен өнер,  
Қарқынды сөз қамырдан күлшенелер,  
Қалт етпей халық отыр деген оймен,  
Біздерге ой асылын кім шегелер.  
Ал, енді адымдай шап тұлпар болсаң,  
Мен емес үрейленіп үрке берер.  
Желдей үрлеп, желкеңнен жетелейін,  
Желкендей көтеріле білсең егер.

### **БЕКАРЫС:**

Сөзімді бісімілләдан бастап едім,  
Бұйырса жырдан шашу шашпақ едім.  
Айтыңыздың алғашқы күндерінде,  
Осылай қарай қадам басқан едім.

Сәлемін Оңтүстіктің жеткізейін,  
Аман ба, Алатауым, қасқа белім.  
Бір жылды арттарына тастаса да,  
Алматым әлі күнге жас па дедім.  
Армысың отыз күндей ораза боп,  
Ауызын айтыспенен ашқан елім.

Бір сәлем осы отырған қауымыңа,  
Бір сәлем Ораз деген бауырыма.  
Қолдаумен қолпаш беріп жұртым отыр,  
Сән қоссақ дегендей-ақ сауығыма.  
Тыпыршып тыншың бітіп қалған шығар,  
Кезіксек деп қара өлең дауылына.  
Байқаймын, айттап кеп отырсындар,  
Айтыскер ақындардың ауылына.

Ағайын, айттарыңыз құтты болсын,  
Алдымен саулығыңыз мықты болсын.  
Барыс жылы босанған жеңгелердің,  
Ұлдарының жүрегі түкті болсын.  
Саған да айтатыным, Ораз аға,  
Үйдегі жеңешеміз жүкті болсын.  
Барыс жылы бар ісің оңға басып,  
Халықтың қуанышы жұпты болсын.  
Алты жыл уызына жарытпаған,  
Үкіметтің сиыры сүтті болсын.

Осы күнгі адамның ойы базар,  
Аудартпайды ақынның жайы назар.  
Мәделі, Майлы менен Құлыншақтан,  
Тындаған елдің кедей, байы ғазал.  
Әселхан, Қаныбек пен Тәушендерім,  
Өлеңімен кіргізген тойыңа ажар.  
Солардың жолын қуып келеміз ғой,  
Тұлпары озған елдің тайы да озар.

Жарасар шаңбозыңды шабытты етсең,  
Бір басқа жөні бөлек бағытқа өтсең.

Шақырсаң аруағынды шақыра бер,  
Көрерміз қаңбақ кұрлы қағып кетсең.  
Бір кұдайдан көрерміз тілімізді,  
Кәлимаға келтірмей алып кетсең.

Оразжан, додалы айтыс талай болар,  
Ақынға үмітпенен қарайды олар.  
Аруақтанған сөзіңді айтып жатсың,  
Тышқанды қорқытуға жарайды олар.  
Бекарысты келдің де Бекжан дедің,  
Ақын адам сөзіне абай болар.  
Мысалы сенің атың Ораз екен,  
Оразды қораз десем қалай болар?

### **ОРАЗАЛЫ:**

Алдында айтыс десең жайыламын,  
Бекарыс-ау, мен-дағы жай ұғамын.  
Қораз десең не айып, айта бергін,  
Тауық қып бүгін сені қайырамын.  
Аруақты айттың тышқанды қорқытад деп,  
Олай айтсаң аузыңды айырамын.

Ел едік сеніп өскен аруағына,  
Жырының кұлақ салған тармағына.  
Тағы да үміттеніп отырмысың,  
Жолықтың осы жолы арналыға.  
Кәлимаға тіліңді келтіремін,  
Бірақ та жеткізбеймін арманыңа.  
Ал, енді кұлақ салып тындап отыр,  
Қасындағы Ораздың талғамына.  
Мен енді әрі қарай көсілейін,  
Ау, Беке, жалтақтама жан-жағыңа.

Бос сөзге бой алдырып бұрмаланбай,  
Кұнды ойды жіпке тізгін қылқаламдай.  
Кұлақтардың кұрышын қандырайын,  
Ақынның Кұлагері тулағандай.

Тыңдаушыңды алмағын жалықтырып,  
Сыны мен сыры бөлек сырлы адамдай.  
Ал, енді асыл сөзді сен ағытшы,  
Меккеден Мұхаммедті тыңдағандай.  
Жүзге дейін санап шық сабыр болар,  
Халге түссең сөзіме жынданардай.  
Шауып түсер сөз айтқын шамаң келсе,  
Шалғысын шалдың өзі шындағандай.  
Баладайын балбырап отырсың ғой,  
Ш-ға тілі жаңа кеп ширағандай.  
Таудан биік, теңізден терең сөйле,  
Сынапты сыпырындыдан жинағандай.

### **БЕКАРЫС:**

Сөздерің ө дегеннен ірең беред,  
Бас жағы айтқан кезде түгел боп ед.  
Ораз ақын алдында айбаттанып,  
Өзінше Бекарысты жүгендеп ед.  
Ақын қып аттандырған Оңтүстігім,  
Тауық боп қайтасың деп жібермеп ед.

Ақынның жолықтырды амалдысын,  
Бұзуға жарайтындай қамал-күшін.  
Аруақ емес біледі жаратушым,  
Осы айтыста жолықса жаналғышым.

Жұртымыз жүрсе-дағы назаланып,  
Жетеді мақсатына қазақ анық.  
Кешегі отыз күнгі оразада,  
Жаныңыз қалған шығар тазаланып.  
Ораз-ау, елге барсам сұрайды ғой,  
Ал, енді Алматыда не жаңалық?

### **ОРАЗАЛЫ:**

Жатырмыз біздер барыс боламыз деп,  
2030-ға дейін оңамыз деп.



Багтитып сөйлеп едің бастан келіп,  
Ау, Беке , бара жатсың добал із боп.  
Тауық боп қайт деп сені жібермесе,  
Қайтесің бұл Ораздан қораз іздеп.

Сиқырын түрлендірсем сырлы әуеннің,  
Жырласам жаңалығын туған елдің.  
Әйтеуір халқым аман-есен отыр,  
Жатырмыз біз тілегін тындап елдің.  
2030-ды ойға жиі алады,  
Көңілі көншігендей сұңғақ елдің.  
Сары бидайын сапырған сары қымыздай,  
Сұлыға зар болып түр қырманы елдің.  
Мемлекеттің бар малы жоқ боп жатыр,  
Тоз-тоз боп тоқымындай сынған ердің.  
Шаршаған жұрт көңілін құлазытпай,  
Айтыспен көтергелі мұнда келдім.  
Қызылшаны сүбедей сүйкеп отыр,  
Қызыл егі таусылып қырдағы елдің.

Тілегі бір халқымның, арманы бір,  
Сөзімізді тындап отыр залдағы дүр.  
Әйтеуір ашық-жарқын ниеттері,  
Асқақтап Алатаудай арманы жүр.  
Біздердей балаларын баптап келіп,  
Додаға осындайда салғалы жүр.  
Көбейген коммерсанттар Алматыда,  
Әйтеуір әйтіп-бүйтіп жан бағып жүр.  
Қытайдың қызылына өзі алданып,  
Содан кейін халқың көп алданып жүр.  
Баяғы импортсондық заманыңыз,  
Елес боп түсте көрген қонғалы жүр.  
Бесіктен танығанын тастап бала,  
Есіктен аңдығанын алғалы жүр.

Бекарысқа қарасам батыр екен,  
Айтатын сөздері де асыл екен.

Ақын болсаң, ел мұңын көтеруің –  
Әрқашан да айтыста ақыл екен.  
Өзіңнің еліңізде не жаңалық,  
Әкімдерің ауысып жатыр екен?  
Сынған, шіркін, шипырын алып тастап,  
Шатырын елің жамап жатыр екен.

### **БЕКАРЫС:**

Айтылып бүгінгі мен өткендегі,  
Шығып бара жатқандай шектен бері.  
Ел мұңын жырлағанда Ораз ақын,  
Дауысың осыншалық өктем бе еді.  
Айтатын адамыңа жолыға алмай,  
Ішің толып қалыпты-ау көптен бері.

Бүгін біз егеменді ел дейміз де,  
Сол елдің жағдайына келмейміз бе?  
Бұйырса келер ғасыр ширегінде,  
Көркейген қазақ елін көрмейміз бе?  
Нострадамус болжаса сенеміз де,  
Назарбаев болжаса сенбейміз бе?

Сұрадың Оңтүстіктей жақын жерді,  
Ел жайын сұрағаның ақыл болды.  
Әзірге жаңа әкімім жайлы боп тұр,  
Сол жағын қалың қауым мақұл деді.  
Сең бұзылды деп жатыр зиялылар,  
Бізге бір алып дене батыр келді.  
Сеңді де, тонды да бұзатұғын,  
Бізге бір мұз жаратын әкім келді.

Болсаңыз жағдайды шындап қыстар,  
Шешуін таппай жатқан мың шақты іс бар.  
Жаңа әкім осы кезде атқа мінді,  
Ісіне болып қалдық бір сәт құштар.  
Бүгін де тегеуірінді тың тірлікке,  
Оразжан, осы отырған ұрпақ құштар.

Тәспісінен жаңылып бара жатса,  
Менсіз де жетеді ғой мін тапқыштар.  
Естиміз, жаңа әкімді ер көңіл деп,  
Парасат, пайымына сенген ұл деп.  
Келе сап зиялымен қауышам деп,  
Абыройы асты да ерледі көп.  
Оңтүстікке жақсылық жасаймын деп,  
Жаман болған адамды көргенім жоқ.  
Жарасар жағдайды саптай тізсек,  
Жасауға әкеледі жаппай тізбек.  
Тірлікке ұмтылатын ерлер де бар,  
Халықтың аманатын ақтаймыз деп.  
Кертартпалық жасайтын кесір де бар,  
Басшыларға қаламыз жақпаймыз деп.  
Оңбастан қаншама рет опық жедік,  
Ауруды ішімізде сақтаймыз деп.  
Бізге біткен басшының бағы да бар,  
Тірісінде көзіне мақтаймыз кеп.  
Соры да бар, өйткені өлгеннен соң,  
Ит терісін басына қаптаймыз кеп.

Қазақта жаны дархан жан аз емес,  
Жер аз емес, Оразжан, мал аз емес.  
Ал, соны тіршілікке жаратуға,  
Іс керек қой алдыменен, қағаз емес.  
Өмірде бірде олай, бірде былай,  
Екі басын тең тартқан таразы емес.  
Сондықтан дер кезінде қам қылмасаң,  
Қазасын өтей салар намаз емес.

Ұшталған қаламсабы қаламгердей,  
Алдында сөз сөйлейін табанды ердей.  
Кім білсін, бұл өмірден өтеміз бе,  
Мемлекетке риза адам көрмей.  
Түбі біздің түзелер түріміз жоқ,  
Үкіметтің тізгінін саған бермей.

## ОРАЗАЛЫ:

Айналайын, Бекарыс,  
Жалынды сөйле жаңылмай.  
Сабылған сансыз сағымдай,  
Ақыннан асыл сөз шықпас,  
Отанына табынбай.  
Жылып етіп аунап түсті ғой,  
Суға түкен сабындай.  
Жұмыр болсын сөздерің,  
Күмпеленген қамырдай,  
Бірікпей кетіп жүрмесін,  
Ыдырап кетер қарындай.  
Төбетімді аштың айтысқа,  
Қуырылған өкпе-бауырдай.  
Кезек бер енді бізге де,  
Жоғалған түйе секілді,  
Жалғыз өзің жайылмай.

Зардап бар бұл заманда, зобалаң жоқ,  
Аш болса да сөйлейді тоқ адам боп.  
Тізгіні тұра берсін ел басында,  
Доғаға жармаспайық додадан кеп.  
Бесіктен белің шықпай айға ұмтылып,  
Ойлайсың әр кезде сен оңалам деп.  
Әйтеуір ауыл байғұс шыдап отыр,  
Жерге еңкейсем жемімді тере алам деп.  
Елбасының ардақты жоспарымен,  
Келеді екі аяқты тең алам деп.  
Көтерем бас көктем кеп бір-бірінше,  
Көскітіп көлденеңдеп тебе алам деп.  
Осындай үміті бар халқым барда,  
Қайтейін тізгінді кеп мен алам деп.  
Қасқырға да қарпитын қара қалмай,  
Есегін ұрлады елдің қорадан кеп.  
Есегі жоқ ешкімен жерін жыртып,  
Әйтеуір іргелі боп түр ел аман боп.

Ал, жырымның байланып арқанына,  
Сөзіңнің сала бердің арқауына.  
Бұл күнде оқыған көп, өнерлі аз,  
Қайтқалы жүр қаршығалар қайта ауылға.  
Қарттың сөзін құрандай құптаған ел,  
Ақшалының бас байлар дарханына.  
Бас қайда, құлақ сонда болмай ма екен,  
Қарттың сөзі күл болды қалталыға.  
Қалталылар халқын емес қарнын ойлап,  
Шана шекті шалы мен шауқанына.  
Бас аман боп барысқа жетсек екен,  
Бақай сиып тұрғанда байпағына.

Енді әзілдесейік түзу келіп,  
Айтысқа аздаған бір қызу беріп.  
Алпыс екі айлалы түлкідей ең,  
Маржандай шашылатын жырың келіп.  
Бозарып өңің кетіп бара жатыр,  
Қызды ауылға жүргендей ұрын келіп.  
Бірақ та тіс қаққан сен ақын едің,  
Көрмеген сара жолы сүйірленіп,  
Қызыл түлкі ін қазып тұмсығымен,  
Құйрығымен кетеді ізін көміп.

Асау өзен адасса ағысынан,  
Тұлпар да жаңылады шабысынан.  
Заманды айтып біз зарлап отырмайық,  
Бақ туады қазаққа бақ ұшынан.  
Қазірше заман тыныш, ел аман ғой,  
Жер-ана айырылған жоқ тобасынан.  
Бүлінген дәл қазірше ештеңе жоқ,  
Қатын өліп, қамшының сабы сынған.

Тұрса егер дәл осылай елім ерен,  
Барысқа айналғасын жері кенен.

Компьютерлік заман боп бара жатыр,  
Тезек - қабы, ал, теңдер – теңіменен.  
Келесі жолы айтыста, Бекарысжан,  
Пультпенен айтысамын сеніменен.

### **БЕКАРЫС:**

Оразды ақындардың нақ басы де,  
Әділет атаулының қақпасы де.  
Бозарып отырғанға қуансайшы,  
Сазарып отырғаннан сақтасын де.

Үміт артып арайлы таңдарға да,  
Үміт артып шықпаған тауларға да,  
Оразжан, барыс болам деп отырсың,  
Жетерміз бір күні ол заңғарға да.  
Халқымызды барысқа айналдырар,  
Дәл өзіңдей жанашыр жандар ғана.  
Үкіметтің басына келмеймін деп,  
Тағы да жайып салдың бағдарлама.

Ақынға көп болғанмен шимай түрі,  
Белгілі жамандыққа қимайтыны.  
Өз басын өлең қылған кімді көрдің,  
Халықтың жағдайы ғой қинайтыны.  
Содан кейін оны да жалпақ елдің,  
Ханнан бетер қастерлеп сыйлайтыны.  
Осыдан ғой ақылды патшалардың,  
Ақындарды қасына жинайтыны.

Айтысты жыл күткесін, ай күткесін,  
Мына ісің түк бітірмей жай бітпесін.  
Құдайым халқымызға бақыт берсін,  
Шаңырақ шаттығына сай қып берсін.  
Шетелдерге сатылып кетпейтіндей,  
Жер астында сақталған байлық берсін.

Қысқарып кетпейтұғын жұмыс берсін,  
Ай сайын ап тұратын айлық берсін.

Біз жаңа титтей әзіл тауып ек қой,  
Біріміз - бірімізге қауіп ек қой.  
Ораз-ау, тықыр келді, тұрайық та,  
Тық десе тиетұғын тауық ек қой.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Іші менен сырты бір сыралғының,  
Құмырсақадан дауламас қыран құнын.  
Ендеше елім еңсенді түсірмегін,  
Жабағы жүн түлетіп туар күнің.  
Әрқашан айға ұмтылып өсейікші,  
Біз болмасақ көтерер ұранды кім?  
Беріктігі бөрідей ел едік қой,  
Қорқауға қой бермейтін тұманды күн.  
Сәл ғана шыдайықшы, қайран халқым,  
Шеберлігі шындалар шыдамдының.

Ақиқат түссе қамауға,  
От ойнап жүр жанарда.  
Бөрілі байрақ көтеріп,  
Ап шығар бір күн алаңға.  
Сынық сүйем келмейді,  
Көтерсең де жамауға.  
Мың жерден тас түссе де,  
Сөз сатылмас базарда.  
Айтылған небір алтын сөз,  
Ілінбей жатыр назарға.  
Осымен, халқым, тұрайын,  
Бекарыстай бек жігіт,  
Қолыңды сенің алам да.  
Айтқан бүгін ойыңды,  
Халайық салар таразға.

# ОРАЗАЛЫ ДОСБЫСЫНОВ ПЕН РИНАТ ЗАЙЫТОВТЫҢ АЙТЫСЫ

## ОРАЗАЛЫ:

Амалдап, қап арқалап, жамау жамап,  
Шетімізден боп алдық маман қазақ.  
Сүндет той, міндет той деп тойлап жүрміз,  
Жағдай жоқ аш қалам деп алаңдамақ.  
Бейіт жаңартып тоймайтын болып алдық,  
Бабамыздың басына мазар қалап.  
Әйтеуір тойдан құдай айырмасын,  
Танытып пендесіне адал қабақ.  
Мұнай саттық, қаршыға, күмай саттық,  
Адам саттық, жетімді товар санап.  
Тағы да жер сатамыз деп жатырмыз,  
Сауда атаулының бәрін адал санап.  
Енді 2030 –ға дейін барсақ,  
Құр жатып ішіп жейміз набор санап.  
Ринатжан, Ринатжан,  
Ақын болсаң дарынды,  
Ортаға салғын барыңды.  
Халықыңа бүгін танытқын,  
Жырың менен әліңді.  
Өзің де, Ринат, дүр едің,  
Жақсыдан алған тәлімді.  
Оза шапсаң бөйгеден,  
Құдайым ашсын бағыңды.  
Ағаңнан сөзіңді асырсаң,  
Таласпай-ақ беремін,  
Қалап отқан тағыңды.  
Берейін кезек әр қарай,  
Жаға бергін шамыңды.

## РИНАТ:

Алдыңа шықты тағы да,  
Қаршығадай өренің,



Не болса да, ағайын,  
Пешенемнен көремін.  
Өзім жайлы сөйлесем,  
Қазақ деп туған ер едім.  
Қазақтың қара баласы,  
Тырналып кетсе жарасы,  
Төбесін ояр төренің.  
Айтатын сөздің айғағын,  
Желбіреп тұрған байрағым,  
Желкеніндей кемеңің,  
Еліме мынау сенемін.  
Желмаядай желемін,  
Көкте құдай жебесе,  
Алқалы жұртым демесе,  
Сүрінбек түгіл бүгілмей,  
Тобыңнан озып келемін.  
Жасайын біссімілләдан жыр жобасын,  
Кез мынау таңдайыма үн қонатын.  
Бұл Ораз жылдар бұрын жетектеген,  
Семейдің Ринаттайын бір баласын.  
Өзімнің пір тұтатын ұстазымсың,  
Демеймін саған бүгін кім боласың.  
Ал, егер бүгін сенен оза алмасам,  
Онда, Ореке, өзің бүгін ұл боласың.

Демесең шарықтаймын, асқақтаймын,  
Кетсінші көңіліңді тастап қайғың.  
Ағайын, аруақтар қолдау берсе,  
Жолымды бақытсызға бастатпаймын.  
Қанша мықты болса да алдарыңда,  
Арыстанмен айқасудан бас тартпаймын.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда,  
Ағанды теңеп отсың арыстанға.  
Семіз сөйлеп, арық шық деген бар ғой,  
Жете бер әрқашанда табыстарға.

Шабамын, шабамын деп айтқаныңмен,  
Шаңға бөгіп, қақалып, қалыс қалма.  
Дәл осы талабыңмен жүре берсең,  
Жетерсің әлі талай алыстарға.

Тапалап көк бедені сабан қылған,  
Сен неге оқырындың жаман құнан.  
Қақпалап бас үйретіп сыңар езу,  
Өзіңді өзім едім адам қылған.  
Енді мен осал сөзді жаратпаймын,  
Жинаған болсаң егер одан-бұдан.  
Қутындайсың, Ринат-ау,  
Ін аузындағы суырдай.  
Бұлтындайсың тағы да,  
Қатпаған әлі буындай.  
Сөздеріңді сөйлеп қал,  
Ақ құйрық шайдың буындай.  
Желбіреткен тұлымды,  
Егемендіктің туындай,  
Жұлқынасың сахнада,  
Айтақынның жынындай.  
Еңкейіп алып отырсың,  
Есеймей жатып бойына  
Ер-тоқым салған құлындай,  
Түсінем қайтіп мұныңды-ай?

### **РИНАТ:**

Жұлқынды деп Ринат,  
Айта берер шуда әркім  
Жұлқынбасам қазақ боп,  
Тексіздікке уландым.  
Ал, жұлқындым, жұлқындым,  
Жұлқынып туған бір жанмын.  
Көтермесең бұлданба,  
Көтере алар бұл халқым.  
Ырылдайсың, қаппайсың,  
Менен жақсы таппайсың.

Қандай болып жүрсем де,  
Саған тартып туғанмын.

Отырсың сыпайлықты дәріптеп сен,  
Көрейін өз ойыңды қалыпты етсен.  
Жұлқынам он сегіздің оты барда,  
Сен бүгін шабысымды танып кетсең.  
Монтиып бұл отырған кезінде, аға,  
Қайтесің қадамыңды қауіпті етсем.  
Жұлтқынтпай көрейінші осы арада,  
Қара жерге қазық қып қағып кетсең.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Отырсың інім қандай бағыт құрып,  
Басталды елім үшін анық қызық.  
Дейсің ғой қара жерге қағып тұрып,  
Мен сені қағып қайтем қазық қылып.  
Одан да ес білмейтін інімсің ғой,  
Жақсылыққа жіберейін табыстырып.  
Әлі-ақ ертең саған да ес кіреді,  
Оған мен сенімдімін анық шындық.  
Жұлқынсаң жұлқына бер, ау, інішек,  
Желді жыртып, жебедей сауыт бұзып.  
Жұлқынған сендей ұлдан айналайын,  
Халықты қысқан кезде нарықшылық.

Сабырды күдай күтеді мұсылманнан,  
Мен де сенің күтемін ісіңді алдан.  
Орындығың арт жаққа құлап жатыр,  
Тілімді алмай дәл бүгін ұшыңнаннан.  
Тағы тілімді алмасаң, ау, Ринатжан,  
Құтылғанның өзі артық құтырғаннан.

### **РИНАТ:**

Жігіт ем жалған сөзді ұнатпайтын,  
Орындық құлайды деп сынапты айқын.  
Тақ сүйетін қазақтың ұрпағымын,  
Анау-мынау орындықты шыдатпайтын.

Айналайын, ағайын,  
Берменірек қараңдар!  
Берменірек қарасаң,  
Ринат дейтін балаң бар.  
Жырлай берсем әрменнен,  
Аруақты бабам бар.  
Ақылды небір данам бар,  
Ақылды таудай ағам бар,  
Өзгеден биік бағам бар.  
Жырласам мынау қазақты,  
Таңға ұратын шамам бар.  
Үлесінде жоқ өзгенің,  
Бәрі де менің өз жерім.  
Айтқаныңыз есімде,  
Асқақтаған кездерің.  
Түгендеп мен де өтейін,  
Жерінде жатқан өзгенің.  
Мекке де менің өз жерім,  
Құнанбай мешіт салған жер.  
Мысыр да менің өз жерім,  
Бейбарыс сұлтан болған жер.  
Парижде менің өз жерім,  
Қажымұқандай балуан  
Чемпионатын алған жер.  
Индия да өз жерім,  
Оралхандай қаламгер  
Бабам шейіт болған жер.  
Москва да өз жерім,  
Шәкі би мен Боранбай  
Елші болып барған жер.  
Бұл сөзімді айтшы, аға,  
Қандай ақын жалған дер.  
Өзіңе тартып туғанмын,  
Текті сөйлер талғамды ер.

Атыңнан айналайын, Оразалы,  
Енді інің өзіл жаққа жол алады.

Әзілім қатты тисе айып етіп,  
Молдадай шыңғырмассың моладағы.  
Мүйізінді шоғырайта берсең егер,  
Өгіздей өкіртемін қорадағы.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Інішек, саған да мен аштым құшақ,  
Ал, енді осыменен таптым нысап.  
Өз сөзімді өзіме айтып отсың,  
Қой терісін жамылған қасқыр құсап.

Сен мені өгіз дейсің қорадағы,  
Өгізің бола қоймас Оразалы.  
Қолдаса екеумізді мына халық,  
Ринат та талай топтан озар әлі.  
Болашақ сені жолға салатұғын,  
Халықтың желпіп тұрса орамалы.  
Болар бұқа бұзауынан танылады,  
Талпынып көр, Ринат-ау, оған әрі.

Бұл ағаң өгіз емес үйленіп ед,  
Отыр ғой мына залда үйдегі кеп.  
Ринат та мына менен өлеңімді,  
Әйтеуір әйтіп-бүйтіп үйреніп ед.  
Ал, енді осы жағын сен үйренгін,  
Созғалы жүрсің, Ринат, кімге білек.

Жанатұғын сен - дағы ұлсың бағы,  
Ертерек тауып алғын бір сырғалы.  
Қазақ санын көбейтуге үлес қосқын,  
Уыс майға қуанбай ұртындағы.  
Өзіндей алып-ұшқан текті жігіт,  
Жақсы үміт күтіп отыр жұртым-дағы.  
Жарысып көктемдегі шатырлармен,  
Шаптырған бала құсап жүрсің бе әлі?

Елге мәлім, Ринат-ау, үлгімісің,  
Сен-дағы көрегенсің, дүрбілісің.  
Алдыңнан бақыт мен де тілейінші,  
Ағаңның жалғастырғын игілі ісін.  
Қыздардан қорқып жүрсең оны да айтқын,  
Бітірісіп берейін бір жұмысын.

### **РИНАТ:**

Айтылса той жайында тағы әніміз,  
Жарамас қостамасақ ағаны біз.  
Ол рас кәмелетке толғаннан соң,  
Отауға ие болсын дейміз баланы біз.  
Жанұя жаман емес ұрпақ болып,  
Өшпейтін ошағыңда қалады із.  
Біз бірақ ол жағына ойланбаймыз,  
Жаңа өмірге басылған соң қадамымыз.  
Сіз келіп, аға, үйлен деп айтасыз,  
Балапандай балаға баладыңыз.  
Жоқ әлде бас құда боп барар оймен,  
Бас мүжуге ашылып жүр ме араныңыз?  
Сен мұны ессіздікке ырымдама,  
Ішінде ағалардың құның дара.  
Өзің қате кеткендей ақыл айтып,  
Санама енгіздің ғой ұғым жаңа.  
Ойнайтын боз далада еркінсіп бір,  
Уақыт болмаушы ме ед құлында да.  
Өзің де жиырма жаста үйленбеп пе ең,  
Енді ақылшы бола қалған түрін қара.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Ринат, енді жүрдің ірі іспенен,  
Осылай түзеледі жүріс деген.  
Аман-есен үйлі боп сен де, Ринат,  
Жүре бер мініспенен кіріспенен.  
Сенің бақытыңды ойлап отырмын ғой,  
Басқалардың тағдырына кіріспегем.  
Қашанғы желік қуып сен жүрсең,

Жарысып, жағаласып ұры итпенен.  
Үйленсең өзің күрисың деген қазақ,  
Үйленбесең тұқымың күрид деген.  
Ойың дұрыс, Ринат-ау,  
Маған айтқан алғашқы.  
Орынсыз жерден салды деп,  
Ренжіп қалма салмақты.  
Есі түзу жігітке,  
Жарың да болар бар жақсы.  
Оның рас бұл Ораз,  
Құда болып бармақшы.  
Бас жеген ата ұлымын,  
Жатсынбаймын бірақ жамбасты.  
Басқа қызығып тұрғам жоқ,  
Ойлағын, Ринат, ар жақты.  
Сен үйленсең құда боп,  
Ораз рас бармақшы.  
Барған кезде құда боп,  
Құдаша қарсы алмақшы.  
Құдашадан құр қалмай,  
Құрығын Ораз салмақшы.

### **РИНАТ:**

Айтқан соң, тез үйлен деп аға лебіз,  
Жуырда әйел аламыз шамамен біз.  
Ол рас, бас құда боп бас мүжитін,  
Ежелде бабаларым салған негіз.  
Жамбасты да тартпаушы ма ед бас құдаға,  
Тарихтан әркез тәлім алған елміз.  
Бас құдаға Жүрсін ағам лайық деймін,  
Көлдей терең, ақылы тең тауға деңіз.  
Ол кісі тұрған кезде сізге, Ореке,  
Сирақ пен төс тисе де тәубә деңіз.  
Жырлайын енді көсіліп,  
Жаңылмас сірә тіл деген.  
Бассыз балаң мен емес,

Әліптің артын білмеген.  
Ақын ақын бола ма,  
Ұлылыққа бас имеген.  
Шындыққа ғашық балаңмын,  
Бабамдай болам деп жүрмін,  
Түйінді сөзбен түйреген.  
Өнер ғылым барлығын,  
Деп жүрген едім үйренем.  
Құбылмалы заманда,  
Байтал түгіл бас қайғы,  
Не бетіммен үйленем.  
Жайым жоқ мынау жалғанда,  
Түйе жасар түймеден.  
Барлығына үлгерем,  
Шал емеспін, ағасы,  
Саптамасын сүйреген.

Үйленсем саған қызды тап демейін,  
Құрықты бір сұлуға сап көрейін.  
Егер де мәшинені бере салсаң,  
Ішіне келін салып ап келейін.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Бүгінгі бай Манаптың ізіменен,  
Сен үйленсең мен інім іріленем.  
Інім боп сен қаласаң керегінді,  
Әйтеуір ағаң болып түбі берем.  
Құдалар байқуатты екен десін,  
Жарыған уызына түбіменен.  
Алсаң да бұл мәшинені қоя тұрғын,  
Бүгінгі нұрыменен, жүгіменен.  
Ақшасы көп адамдай біз мақтанып,  
Ап қайтайық Жүрсіннің Джипіменен.  
Айналайын, інішек,  
Ақылға сені бұрайын.  
Көздеуің бөйге болса егер,



Ол үшін жеме уайым.  
Ел алдында мен біраз,  
Қызықты санат құрайын.  
Байтал түгіл бас қайғы,  
Деп айтасың бағана.  
Тағы да қолқа сұрайын,  
Інішегім өзіңнен.  
Жар боларлық ылайым,  
Бір сұлуды таппасаң,  
Сенген қойым сен болсаң,  
Күйсегенінді ұрайын.  
Айналайын, інішек,  
Алам десең жеңіп ал,  
Ыстық пенен суықты  
Ел алдында көріп ал.  
Ақылы асқан іні болсаңыз,  
Ағандікін тегін ал.  
Жақсы тұлпар болам деп  
Келешегіңе сеніп ал.  
Өзің білсең ағанның,  
Азын-аулақ сөзін ал.  
Жақсы қылыш болсаңыз,  
Қынабыңнан шық-тағы  
Қызыл бидай орып ал.  
Бұл өмірде, қарағым,  
Әр жігіттің жолы бар.  
Сондықтан да қорықпай,  
Ертерек, інім, келін ал.

Халайық, бір ыңғайға жол бұрылды,  
Құдайым істі бүгін оңды қылды.  
Інішекпен екеуміз айтысқанда,  
Ағайын жалықпады қолды ұруды.  
Бәтуаға біз келдік, ау, ағайын,  
Деп жүрейік ісімізді оңды қылды.  
Апалар құр отырмай неғып отсың,  
Тіге бер, келін аламыз қоржыныңды.

Жат елге бір жақсылап із көргізіп,  
Жасайық бүгін енді біздер қызық.  
Алқа топтың алдына келген кезде,  
Қуанышпен жүрекке жырды енгізіп.  
Басқа жұрттар қырқысып жатқан кезде,  
Тәуелсіз Отаныңды гүлдендіріп,  
Кешегі мерекеге жалғастырып,  
Жасайық одан әрі біздер қызық.

### **РИНАТ:**

Бісмилләдан басталған,  
Ислам еді тірегім.  
Оның рас, ағасы,  
Қыз деп соғады жүрегім.  
Әйел алам деп жүрген,  
Алаңды ұлдың бірі едім,  
Бір алса екеу алатын,  
Қайтпайтын елдің ұлы едім.  
Біреу емес, ағасы,  
Екі әйел алу тілегім.  
Парламенттің шығарар,  
Заңын күтіп жүр едім.

Деп тіле балаң әлі арындасын,  
Тек құлқынға құл болып қағылмасын.  
Өзіңді сыйлап өтем өмір бойы,  
Өнерге бойындағы табынғасын.  
Бермесе де құдайым барын маған,  
Өзің үшін садаға малым, басым.  
Келешек көрсетеді бәрін әлі,  
Бұл інің аптығуға салынбасын.  
Сахнада қанша әзіл айтсам-дағы,  
Өмірде өзің үшін жаным қалсын.

Жырымыз осы жерде бірігіп тең,  
Қалмаспын бүгін сенен жығылып мен.

Бойыңа бар өнерді сіңіріп ап,  
Табысқан Оразсың ғой ұлылықпен.  
Әлі де талай-талай айтыстарда  
Шаша бер қазағыма жылылық кең.  
Осыменен екеуіміз қоштасайық,  
Ағалық махаббатпен, інілікпен.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Кешіремін, інім, маған оқ атсаң да,  
Өзіңмен бірге барам қонаққа да.  
Енді жөнге келдің-ау, ау, інішек,  
Отырсың жақсылыққа жолап қана.  
Ақыры үйленуге келістің бе,  
Құдай жүрсін, бағынды мол ақтара.  
Адам-Атадан бері қарай біз еркектер  
Әйел үшін түсерміз тозаққа да.

Әрине шын бағынды таптың ба сен,  
Жүре бергін баянды бақ қыл да сен.  
Пайғамбар өз аузымен айтқандайын,  
Демеймін ойға қалай шақтырмас ем.  
Біз аңсаған жұмақтың өзі, Ринат,  
Ананың табанының астында екен.

## **ЕСЕНҚҮЛ ЖАҚЫПБЕКОВ ПЕН ТӘУШЕН ӘБЕУОВАНЫҢАЙТЫСЫ**

### **ЕСЕНҚҮЛ:**

Ассалаумағалейкум,  
Арнайы келген қонақтар,  
Саңлақты біздің қазақтар,  
Құр қалмаған өнерден.  
Домбыра қолға алайын,  
Әніме біраз салайын.  
Көптен бері сағындым,  
Аманбысың, ағайын!

Ақынның пірі – Абай - ды,  
Абайды айтпай болмайды.  
Аруғынан айналдым,  
Пірлерінен бастайын,  
Өлеңді түйдек тастайын.  
Етейін сабыр саспайын,  
Ақынның пірі – Сүйінбай,  
Сөйлемеген ақындар,  
Сүйінбайға сыйынбай.  
Ақынның пірі – Жамбылды,  
Өлеңге, сөзге даңғылды.  
Барлығыңа, артына  
Өнеге, үлгі қалдырды,  
Қарасақ көзді талдырды.  
Үйретіп кетті ақындар,  
Сендерге де әр жырды.  
Құттықтаймын мінекей,  
Шақырып кепті бұл күнде,  
Ақындардың кәрісін,  
Өлең-жырдың бәрісін.  
Ақын деген кім енді,  
Оның бәрі, бәрі жын.  
Құтты болсын бәріңнің,  
Бүгінгі күнгі табысың.  
Басты қосып қалыпсың,  
Халқыңа белгілі,  
Шабыс пенен алысың.  
Аруағы бабаның  
Қашан болса қолдасын.  
Қастық қылған біздерге,  
Ешқашанда оңбасын.  
Аруақты батырлар –  
Бақтораз бен кешегі,  
400-ге жасы жеткенде  
Қазаққа болған ұлы батыр,  
Аруағы Қарасай  
Барлығыңды қолдасын!

## ТӘУШЕН:

Армысың осы отырған барша қазақ,  
Ақ тілекті келіп ем, арқалап ап.  
Сіздерді көрмегелі он жыл болды,  
Жүрсіздер ме бәріңіз сау-саламат.

Жасымда ақын болып білінбедім,  
Ешбір жанның көзіне ілінбедім.  
Маған берген құдайдың абыройы,  
Айтысқанда шалдардан сүрінбедім.

Жүрсінжан әдейілеп шақырыпты,  
Мақтан етіп мен бұған дүрілдедім.  
Егемендік алғандарың құтты болсын,  
Содан бері мен сіздерді бүгін көрдім.

Құрметпенен шақырған соң келіп едік,  
Сөз білмесек бұл жерге неге келдік.  
Нұрсұлтаннан айналдым, асыл халқым,  
Қазаққа алып берген Егемендік.

Бізге бақыт – өркендеп өскендердің,  
Өз қолың өз аузыңа жеткендерің.  
Ақмоланы атантып Астана ғып,  
Құтты болсын тұсауын кескендерің.

Жігітсіндер барлығың жанып тұрған,  
Анадан ақылды боп, алып туған.  
Айналайын мен - дағы Президенттен,  
Қазақты жер жүзіне таныттырған.

Арнапты Бақтораздай ағамызға,  
Жақсы адам сақталады санамызда.  
Інілерім, мінекей, еске алып жатыр,  
Осы шығар жеткеніңіз бағаңызға.

Аруағына бас иіп, біз де келдік,  
Жүрген шығар рухы арамызда.

Әлімнің келгенінше жыр арнадым,  
Не деймін деп, құдай-ау, қиялдадым.  
Еске алып ағасына кеше ғана,  
Қабыл болсын оқытқан құрандарың.  
Жақсының өзі өлсе де, ісі өлмейді,  
Ұмытпайды ұрпағың, ұландарың.

Өнер деген өмірмен бірге келер,  
Айтыссаң сиқырлы сөз тілге келер.  
Айтыс десе қоятын ішкен асын,  
Қазағымның қанына сіңген өнер.  
Халқым, тамашаға келгенсіңдер,  
Талай-талай доданы көргенсіңдер.  
Қол соғып, жұма сайын ақын қылған,  
Мына мені, ағайын, сендерсіңдер.

Өмірге келгеннен соң адам болып,  
Жүресің әр нәрсеге алаң болып.  
Айналайын, Есенқұл, енді саған,  
Мен сөйлеймін қарағым анаң болып.

Мінезіңнен айналдым қыздай болған,  
Өлең-сөзің үп-ұзақ жырдай болған.  
Сен енді ұлымменен жасты екенсің,  
Көзіңнен айналайын түздай болған.

Анаңнан қатты сөйлер мен емеспін,  
Артықсың көп ақыннан кем емессің.  
Жүрсіннен айтысам деп сұрап апсың,  
Айта қойшы, қарағым, не демексің?

### **ЕСЕНҚҰЛ:**

Ассалаумағалейкум Алматыма,  
Жиналған үлкен-кіші, көрі-жасыма.

Жамбылдың жолбарысы жүр ме екен деп,  
Қараймын қайта-қайта тау басына.  
Армысың аңқылдаған, Тәушен апа,  
Келтірген талай шалды тәубасына.

Апасы, қартайдым деп жорта айтасың,  
Өлеңіммен көңілді марқайтасың.  
Осындай қарқыныңыз бола берсе,  
Әлі талай шалдарды қартайтасың.

Қартайған деп сізді осы,  
Жүр екен, апа, кім санап?  
Кәріден озып кетпейді,  
Бүгінгі туған мың талап,  
Қызыл ауыз қызталақ.  
Қазақтан қалған бір мақал:  
“Кемеліне келгенде,  
Кемпір де болса қыз тамад”.

Қазақтың қасиетті кемпірлері,  
Өткен өмір суреті – өң - түрлері.  
Өз үйінде өзі келін сияктанып,  
Келінінің алдында елпілдеді.  
Жүрісіннен мына сізді сұрағанда,  
Діңкелетіп отырғам жоқ өлтіргелі.  
Жүрсіннен сізді әдейі сұрап алдым,  
Қүдіретті білсем деп кемпірдегі.

Тәушен апа, балам дейсің маған бүгін,  
Өз ұлындай боламын саған бүгінс.  
Өздеріндей аналар тірі жүрсе,  
Байқамайсың батпандай заман жүгін.

Апамның айтқан өлеңі  
Мына бізге сабақтай.  
Жас балалармен айтысып,  
Шалдарды қойдың жаратпай.

Шалдарменен айтыссаң,  
Қадалушы едің өкпеге,  
Өкімет салған налогтай.  
Мені де қуып жүрмегін,  
Алды-артыма қаратпай.

### **ТӘУШЕН:**

Көңілімізге кәрілік байқалмайды,  
Нағыз ақын айтыстан тайсалмайды.  
Есенжан, біз қартайдық, мойындаймыз,  
Өнер, шіркін, бірақ та қартаймайды.

Алпыстан әлде қашан асқан шағым,  
Жетпісті алқымдатып жатқан шағым.  
Апаммен айтысам деп жабысқан соң,  
Қалай енді мен сенен бас тартамын.

Талай жасқа, қарағым, келгенім шын,  
Талай шалмен айтысып көргенім шын.  
Тілегіңнен айналдым, асыл халқым,  
Қол соғып, ақын қылған өздеріңсің.

Айтпасақ та, Есенжан, біліп жатыр,  
Құлағын ақындарға іліп жатыр.  
Қазақтың сылпылдаған кемпірі көп,  
Сахнада қай кемпірі жүріп жатыр.

Бақыт тілеп сендердей балларыма,  
Жетсін деймін аңсаған арманына.  
Айтысып ел-жұртыма таныс қылған,  
Рахмет айтам шалдарыма.

Бұл дәстүр шығады деп білген жоқпын,  
Дегенмен жаман өмір сүрген жоқпын.  
Әріптес болғаным бақыттымын,  
Жендім деп сол шалдарды жүрген жоқпын.



Қарапайым мен жүрген бір кісімін,  
Ескіліктің көзіндегі үлгісімін.  
Кейбіреу оқымаған деп айтады,  
Оқымаған Сараның сіңілісімін.

### **ЕСЕНҚҰЛ:**

Даусыңнан айналайын, асыл анам,  
Тағдырдан не көрсе де жасымаған.  
Ақын кемпір болсаң да оқымаған,  
Түріңіз көрінбейді тоқыраған.  
Өзіңізбен айтысқанда кейбір шалдар,  
Секілді жеңіл асық шашыраған.  
Өмірбақи шалдармен айтыссаң да,  
Тандайыңа ешбір шал татымаған.  
Кемпір боп осы жерге келсең-дағы,  
Қайтасың қыздай болып сахнадан.

Шалдарын апам жаман демейді екен,  
Ескі көз ескі көзді жебейді екен.  
Тасбақаның өзіне лайықты,  
Болады махабаты демей ме екен.

### **ТӘУШЕН:**

Жүзден жүйрік деген бар, мыңнан тұлпар,  
Көркім жаман болса да сөзім - сұңқар.  
Талай шалды жендің деп сен отырсың,  
Талай шал сыртымыздан болған іңкәр.

Кемпірдің шалға айтатын назы жоқ па,  
Шалдардың кемпірге айтар зары жоқ па?  
Сұрастырып көрсейші мына залдан,  
Айтысатын бұл жердің шалы жоқ па?

Мен отырмын өзіңнен сасайын деп,  
Отырмысың көңілімді ашайын деп.  
Байқап тұрмын, Есенжан, іркініңді,  
Бірдеңе отырсың-ау жасайын деп.

Бұл күнде қыздарыңнан кемпір қымбат,  
Отырсың ба бір шалға сатайын деп.  
Жалтақтап қарай берем жан-жағыма,  
Шалдар шыдас бермейді-ау жанжалыма.  
Сатсаң егер, қарағым, бай шалға сат,  
Тамақ болып қалсыншы балларыма.

### **ЕСЕНҚҰЛ:**

Балаң сенің отырған жоқ сасайын деп,  
Өзіңе отыр бір жақсылық жасайын деп.  
Өзіңіздей, апасы, тұлдыр кедей,  
Отырмын Әлімқұлға қосйаын деп.

Апасы, даусың сенің жадырады,  
Мейірімді даусың мынау аңырады.  
Өз еліне қонбайтын сал кемпірді,  
Бай шалдар-ау, апасы, не қылады?

### **ТӘУШЕН:**

Апаңа айтқан бұл сенің сырың ба еді,  
Өтірік пе, кім білед, шының бе еді.  
Әлімқұлға қоссаңыз жаман емес,  
Сом алтынның ол да бір сынығы еді.

Сөзі жоқ жақсы адамның жаңғырмаған,  
Әлімқұлды өнерсіз жан қылмаған.  
Мені алса егерде жақсы болад,  
Қолдайды ғой киелі Жамбыл бабам.

Ақындар бір бастаса тоқтамайды,  
Айтысқанда уәжден бос қалмайды.  
Әлімқұлға егерде мені қоссаң,  
Туамын-ау, қарағым, Тоқсанбайды.

### **ЕСЕНҚҰЛ:**

Әлімқұл жүр қайратты, қуатпенен,  
Өзіңізге деген бір шуақпенен.

Қазақта бір нақыл сөз бар емес пе,  
“Батырдан барымташы туад” деген.  
Әлімқұлдың тұқымын алғың келсе,  
Шалыңнан бір, екі, үш күн сұрап берем.

### **ТӘУШЕН:**

Бағымызды ол кезде ашпас па екен,  
Кім біледі кемпір-шал саспас па екен?  
Құдай білед мен барсам Әлімқұлға,  
Менен бұрын ол шалың қашпас па екен?

Іздегенге бұл апаң табылатын,  
Көпшілікті көрмесең сағынасың.  
Әншейін өзіл қылып жатырмыз ғой,  
Қажап сен кемпір-шалды не қыласың.  
Сенен мен ұтылмаспын, арғымағым,  
Тілімді терең сөзге барғызбадым.  
Ағайын, бұл сөзімді айып етпе,  
Әншейін балама қалжыңдадым.

Небір сөз сөйлей берсең сөз болады,  
Төмпек сөз айта берсең кез болады.  
Қайтеді осыменен аяқтасақ,  
Естігеннің құлағы мезі болады.

### **ЕСЕНҚҰЛ:**

Әлімқұл – қартаймайтын қатқан шалым,  
Жанына көп кемпірдің жатқан шалым.  
Боз биенің сүтіне шомылдырсақ,  
Артығырақ болады жастан шалың.

Бір сипап, ақын апа, кеттің мені,  
Көңілім өзіңменен көп гүлдеді.  
Айтысайын өзіңмен деп келгем жоқ,  
Келіп ем қыр-сырынды естіргелі.

Аман жүрсін өзіндей  
Өлеңдегі жақсылар.

Аман болсын өзіндей  
Ескіден қалған бақсылар.  
Апамменен айтысқан,  
Менде де арман жоқ шығар.

### **ТӘУШЕН:**

Ақын інім, бәрін де біліп тұрсың,  
Өнерінді мына жұрт сүйіп тұрсын.  
Апаңды мақтадың-ау, айналайын,  
Мәртебең әр уақытта биік тұрсын.  
Әр бір сөзің, қарағым, келісті еді,  
Бір сөзіңді келмейді теріс дегім.  
Анаңның ақ тілегі осы айтылған,  
Шалынсын құлағына періштенің.

Әркімдер сөз айтады досыменен,  
Көңілдің біз де айттық хошыменен.  
Тірі болсақ, ағайын, кездесейік,  
Аман болындар әйтеуір осыменен.

### **ЕСЕНҚҰЛ:**

Жарықтық, жалпақ қана шешем едің,  
Жарылып, желімделген кесем едің.  
Адам біліп болмайды әлі күнге,  
Қай күні бейнетіңнің өтелерін.  
Өзіндей аман болсын енелерім,  
Көтерген бәрін бірдей қара жерім.  
Бөленіп шуағына мына өмірдің,  
Қызығын көре бергін немеренің.

Жамбыл атам сияқты  
Жүзге, апа, келіп кет.  
Немере мен шөбере,  
Ары қарай өріп кет.  
Жүзден жасың асқанда,  
Шөберенің боғына  
Тайып-жығылып өліп кет.

## СЕРІК ҚҰСАНБАЕВ ПЕН ОРАЗАЛЫ ДОСБОСЫНОВТЫҢ АЙТЫСЫ

### СЕРІК:

Алатау аялаған мәңгі аспанын,  
Тұғыры нелер жайсаң марғасқаның.  
Алла деп, атқа қонып, қолыма алдым,  
Айтыстың алтын сапты алдаспанын.  
Бармақтай бақ тіледі талабыма,  
Ертісті ен жайлаған қандастарым.

Жайқалған жалпақ жұртым орманым ең,  
Орданда орманым деп толғанып ем.  
Айтыста пірім дедім Иса сынды,  
Тең басқан төрт аяғын жорғаны мен.  
Атамның асыл жырын жалғайын деп,  
Қолға алып домбырамды қомданып ем.  
Киелі заты қазақ Керекуден,  
Сәлем ал, аты орыс болғанымен.

Өзгеше өзге күннен болып бұл күн,  
Қияны қиялыммен шолып тұрмын.  
Қайтарып қарымтасын қарашаның,  
Жұбайым үл тапқандай болып тұрмын.  
Айтыстың алақұйын аясында,  
Ораздай отты ақынды жолықтырдым.  
Ендеше сәт тілейін сапарыңа,  
Қатарын жүйріктердің толықтырғын.

### ОРАЗАЛЫ:

Алашым менің, армысың,  
Отырған мұнда бәрі кеп.  
Мәдинеден Мұхаммед,  
Түкістанда Қожахмет,  
Отырарда отыз бап,  
Баптардың бабы Арыстан бап,

Тілегін елдің қабыл ет.  
Жігерін қыздыр, жалын ет,  
Айдай жүзін жарық ет.

Бисмилла деп бастайын,  
Маңғыстауда ер Бекет.  
Аталы сөзден қашпайын,  
Жетісуда Райымбек.  
Осы біздің айтыстың,  
Бата беріп, басын мүжіген  
Сүйінбай мен Құлмамбет.  
Арқадан келдің, ағасы,  
Мәшһүр Жүсіп атамыз,  
Қолдасын десең сабыр ет.

Алқалы жұртым, аман ба,  
Амандық қылдым саған да.  
Амандасып алғаным  
Жеңілдеу болар маған да.  
Қолыма алып домбыра,  
Алаш деп бүгін айғайлап,  
Жеткізейін біраз ғаламға.  
Армысың, Серік ағам Құсанбаев,  
Сізге де бала жырмен түс арнайық.  
Бұрын шығып танылып қалдың елге,  
Сондықтан қарсы алады-ау құшақ жайып.  
Байқаңыз, көзсіз шыбын көзге кірер,  
Түзу жерде көлденең мұқалмайық.

Сөйлейді деме қалай бала мына,  
Әйтсе де оралмаймын балағыңа.  
Ақындық, азаматтық егіз ұғым,  
Мұны да салайын бір назарыңа.  
Үлде мен бұлде киіп келіп қапсыз,  
Тартылған тауардай боп таразыға.

Ірілігінді көрейін тірлігінді,  
Тірілеу сөз қалдыршы қазағыңа.  
Сөйлеші түйе басын сыйдырғандай,  
Түскі асыңды ішетін табағыңа.  
Жырлашы ойдың шалын сүйендіріп,  
Сүбелі сөздің аса таяғына.

Нарқы қандай сөзімнің, арты қандай,  
Андап басып айтайын аңшылардай.  
Халқымның тілегі мен лебізінен,  
Алтын еріп, ақ күміс балқығандай.  
Бақ пен дәулет келеді бір-ақ сәтте,  
Тал түсте тағдырыңа ай туардай.  
Сондықтан ағамменен шығып қалдым,  
Айтыста жол болған соң тартына алмай.  
Тебіндіріп шабайық тұлпарларша,  
Қамшы ұрса қара саннан қан шығардай.  
Ақиқат та ақ болып көрінбес ед,  
Ата-бабам аңыздан аршып алмай.  
Бұта шайнар бурадай кеп қалыпсың,  
Қайыңды қасқа тіспен аршығандай.

### **СЕРІК:**

Жырың бар таудан өзен құлататын,  
Жырың бар сырласыңды жылататын.  
Болашақ мұғалім ғой Ораз ақын,  
Көбірек сөйлегенді ұнататын.

Аңызда асылдардың аты қалған,  
Түңілген жан емес ем заты нардан.  
Оразжан, мына бізді айтып жатыр,  
Кезінде ақындар деп қапы қалған.  
Осы бір суық сөзге ой жіберсең,  
Тарихы тұратындай сатылардан.  
Мысалы Бекежан да қапылыста,  
Өлтіріп Төлегеннің атын алған.

Ұрпаққа ұран болып аты кеткен,  
Бабалар дамыл алды ақыреттен.  
Алаштың азаттығын аңсап өтті,  
Хан Кене, Әлихандар, Ахметпен.  
Аруағы асқар таудай бабаларым,  
Бармағы шайнауда қап, қапы кеткен!

Жатса да дариядай тасып арман,  
Қапыда қиылады асыл арман.  
Іздеген інжу-маржан ірілерім,  
Моншақтай абайсызда шашып алған.  
Атадан тексіз туған ақылсыз ұл,  
Қапыда Махамбеттің басын алған!

Өлең, жыр, ән менен күй құндағымыз,  
Адамға соқпақ болмас құмдағы із.  
Құранын құрметтеген қаршадайдан,  
Құдайдың құлақ кесті құлдарымыз.  
Екеуміз екі адам боп сөйлегенмен,  
Тоғыссын бір арнада жырларымыз.  
Жырыңды қапы қалмай жалғап жібер,  
Қапыда кеткен елдің ұлдарымыз.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Бекежан Төлегеннің атын алған,  
Болған жоқ алда, шіркін, асыл арман.  
Жасым кіші дегенмен Төлегеннің,  
Ағамыз Бекежандай жатып алған.  
Сөзіңнің мәнісіне түсінбедім,  
Отырсың ба өткенді етіп арман.  
Айтыстай додаға бір шыққан кезде,  
Жөн болмас шын ақынға қапы қалған.

Ел жатыр бізді күтіп есі қалмай,  
Біз болсақ, отырмайық көсіле алмай.  
Қиыннан қиыстырып сөз сөйлейік,  
Бит қабымен биялай тоқығандай.



Айтыстың Айманынан айырылмайық,  
Аңғалдыққа салынған Көтібардай.  
Балды жақсы көргенмен байкүс аю,  
Ара көрсе кетеді есі қалмай.  
Қытығына көп тисең бұл ініңнің,  
Кетерсің бұл айтысты есіңе алмай.

### **СЕРІК:**

Жырың бар лапылдатып жағатұғын,  
Сөзің бар қайдан болсын табатұғын.  
Кез келді шаршы топта шаң көтеріп,  
Көсіліп аянбастан шабатұғын.  
Сөзімді «қапы» деген ұқпай қапсың,  
Жөнің бар мұнан да сөз табатұғын.  
Мәлс бастап бір топ ақын пайда болды,  
Бір сөз айтсаң далаға лағатұғын.

Қолдаған қалың елдің ардағымыз,  
Қозады қиқуласа аруағымыз.  
Айналу Азияның барысына,  
Болашақ бағдарымыз, арманымыз.  
Сүрінбей сын сағаттан сырғып өтіп,  
Шайнауда қалмаса екен бармағымыз.  
Ел жетсе мұратына ештеңе емес,  
Қапыда екеуміздің қалғанымыз.

«Біреудің аспандағы асылымыз,  
Біреудің жұртта қалған жасығымыз».  
Айналып қайта келмес аламанда,  
Күркіреп тау суындай тасуымыз.  
Бұл айтыс ширақтықты ұнатады,  
Сондықтан, Ораз інім, асығыңыз.  
Есесін бұл қазақтың қайтарса екен,  
Алдымда алтын қабақ ғасырымыз.

Ағанды сөзбен бүгін демемексің,  
Сонда сен астар сөйлеп не демексің.

Айтысқа келтірмеймін деп айтасың,  
Сен өзің қайдан шыққан кереметсің?

### **ОРАЗАЛЫ:**

Дейсің ғой, қайдан шыққан кереметсің,  
Сөзіңді деп тұрғам жоқ елемеспін.  
Қолға алып домбыраны шыққанымда  
Әр сөздің түбін тауып шегелеппін,  
Кешегі Сүйінбай мен Құлманбеттің,  
Артында қалған, шіркін, көбелекпін.

Алды тақыр заманның, арты тақыр,  
Айтар сөзім тілімнің ұшында тұр.  
Жер қайысқан қолменен келсе-дағы,  
Бір ауыз сөзден қайтқан бүкіл батыр.  
Ақ сөзге ақыл қылмай, ғапыл қылған,  
Серік ағам қайсының түсында тұр?

Әр сөзімді салмақты қабыл алғай,  
Тасқа тұяқ батырған тағылардай.  
Мәлс бастаған деп бір сын тақтың,  
Айтатын жауабың бар тағы қандай?  
Тілім орып кетуші ед тиген жерін,  
Қан жоса қып қамыстағы қабыландай.  
Тілімнің ұшы сүйір, белі жуан,  
Сондықтан шыдап баққын ауыр алмай!  
Сахнаны сағынып шыққаннан соң,  
Боп тұрмын бүгін тағы жарылардай.  
Қиыннан қиыстырып сөйлеші, аға,  
Тіліңді әкеп тісіңе жанығандай.

Еліміз бізге қолын ұрып отыр,  
Не айтад деп ақыным тұнып отыр.  
Ал, енді түзу жолға түскен ұлды,  
Ағамыз арлы-берлі сырып отыр.

Заманды жырлашы деп мынау ағам,  
Буынсыз жерден пышақ сұғып отыр.  
Өзіңнің айтқан жаңа сөздеріңіз,  
Сол орайға ағасы кіріп отыр.  
Қазағымның заманын қалай айтам,  
Айтпасам да өздері біліп отыр.  
Қазағым, мына сенің заманыңның,  
Бір көзі әу бастан-ақ өзі соқыр,  
Бір көзін әдейі істеп жұмып отыр.

Айтыскер ақындай боп ағылатын,  
Мен емес әрбір сөзден жаңылатын.  
Атыңнан айналайын, Серік аға,  
Ақындардың ішінде бағы басым.  
Сағынып сахнаны Сіз де келдің,  
Таланттың табаққа сап түйір асын.  
Айтысқа шыққаннан соң ініңменен,  
Ақ түйенің қарнындай жарыласың.  
Сондықтан ары қарай өлеңінді айт,  
Бар болса біраз шумак табылатын.  
Халайық, жаман ойлап сіз қалмағын,  
Соңғы айналымда шабады нағыз ақын.  
Мысалы мына менің Серік ағам,  
Павлодардан келген жоқ «по благу».

### **СЕРІК:**

Қырағы қыран болсаң самғағайсың,  
Сөзіңді санаға сап талдағайсың.  
Аш қасқыр аңдамаған қақпан басар,  
Сондықтан алды-артынды аңдағайсың.  
Төренің тұқымындай талтаң қағып,  
Шалқақтап мына маған паң қарайсың.  
Төбелес тоң немеден басталған деп,  
Ағаңмен ерегісіп қалмағайсың.

Байқаймын, өлең-жырға құмардайсың,  
Биікте жеке біткен шынардайсың.

Көп-көрім ана тілде сөйлеп едің,  
Аяғын не себептен шұбарлайсың?

Шабайық шама келсе құр атпенен,  
Тігілді, міне, бізге құлақ деген.  
Шынымен ақын болсаң отты жырмен  
Халықты бір күлдіріп, жылат деген.  
Манадан ініміздің шабысын бұл,  
Ағайын, мен де байқап сынап келем.  
Оразжан, бір сөзді сен айтып қалдың,  
Оқыста ел күтпеген, «блат» деген.

Сен өзі, ақ сөйлейтін ақынбысың,  
Айтылар жас ұрпаққа нақылмысың.  
Блатты сен бекерге айтпадың-ау,  
Байқаймын, сол блатқа жақынбысың.

Мынау жұрт барлығын да көреді ғой,  
Бұл пенде неге болсын көнеді ғой.  
Шыққан соң ең алғашқы айналымнан,  
Екіншіде шапқан ат көп еді ғой.  
Осында үш шапқанда жол боп маған,  
Мынау жол Бекжанның жолы еді ғой.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Бұл ағам аямасын, аяласын,  
Тіліммен жеген ұлмын адал асын.  
Анда-санда бір қосқан орысшаны,  
Ой анық болу үшін Абай ақын.  
Ақындардың ақыны, пайғамбары,  
Доода тұлпар болмас аянатын.  
Халықтың пайғамбардай ақынына,  
Ағасы қалай қылды көзқарасын.

Айтпайын десем айтқызған,  
Айтқанға көнбес ағамсың.

Көңіліңді бүгін мен тапсам,  
Менің де көңілімді табарсың.  
Топ алдына келгенде,  
Мағынасын сөздің білмесең,  
Маған серт те, саған сын.  
Талғампаздығың болмаса,  
Тартпасыз ердей ауарсың.  
Талғампаздық бар болса,  
Абайша айтсам сөзімді –  
«Самородный сары алтын».

### **СЕРІК:**

Шығатын Ораз інім, шыңың бар ғой,  
Төгілген інжу-маржан жырың бар ғой.  
Ән салсаң Алатаудан асқақтатып,  
Арқаға жететұғын үнің бар ғой.  
Осылай орысшаны айта берсең,  
Орысша айтысатын түрің бар ғой.

Сөйлейсің көпті көрген дана құсап,  
Ашпасын қалай саған ана құшақ.  
Көз жұмсам мына тұрған кең сарайым,  
Кетеді шалқып жатқан дала құсап.  
Несіне жаутаң-жаутаң қарай бердің,  
Борбайын былғап алған бала құсап.

Дегенде Ораз ақын, Ораз ақын,  
Өлеңмен ашқан жігіт оразасын.  
Менің бір «солақайым» секілденіп,  
Қалмайды сенің де енді қораз атың.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Ініңді көргің келмей торғайдай түк,  
Арбанды жоғарғыға зорға айдай шық.  
Бұл ініңе баталы сөзіңді айтпай,  
Кеткенің не, ағасы, борбайды айтып?

Жаңылар өз-өзінен өстіп адам,  
Деп отырсам қылыштай өткір ағам.  
Көдімгі бес жастағы баладайсыз,  
Сөзінің жөнін айтса доп сұраған.  
Барлығын біліп келіп, жиып-теріп,  
Жаудыра салмақсың-ау оқты маған.  
Қулығың бес жастағы баладай-ақ,  
Түйеден түрің қандай деп сұраған.  
Шабытыңды мен бүгін шалқытам ғой,  
Көңіліңе алып қалма кекті жаман.

Тамыр терең бойламас талаптанбай,  
Түйірсіз, түпсіз сөзге тояттанбай.  
Атындай Алпамыстың адымдашы,  
Күн тигізбей Гүлбаршын жаратқандай.  
Шала піскен қарбыздың шопағы көп,  
Таза асыл сөйлеңіз тау асқандай.  
Аюды арман еткен ақ қояндай,  
Бас жетпейтін жерге әкеп аяқ салмай.  
Ініңнің жолын ашып шыққансыз ғой,  
Қылайын тағдырыңа таң атқандай.  
Ал, ағасы, ендеше қамдана бер,  
Ініңінің сөздеріне қарап қалмай.

### **СЕРІК:**

Ойымда інім болып қалшы бүгін,  
Көңілге тамып кетсін тамшы жырың.  
Байқаймын, мың құбылтып мақамыңды,  
Ақындықтан басымдау ма әншілігің.

Сауысқан сұңқар болмас баққанменен,  
Жабы тұлпар болмас шапқанменен.  
Айтыстың абыройын көтермейді,  
Оразжан, жазып алған жаттанды өлең.

Шабыттың шалқарынан жуынып айт,  
Апшысын әріптестің қуырып айт.

Қайтесің жазба жырмен жүртты алдап,  
Өленді шамаң келсе суырып айт.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Аға, әрине басым емес әншілігім,  
Сақаңды қолға-ақ, аға, алшы бүгін.  
Теңізді толтыратын осындайда,  
Мен сізге байқатайын тамшы құнын.

Тұманбай ағамыз кеп отырған соң,  
Есіме түсіп кетті Шәмші бүгін.  
Сондықтан аяқ асты бақ ашылып,  
Ашылып отыр менің әншілігім.

Тұрғансыз ба сол жамбаспен ақ төсектен,  
Арылса біздің қазақ аста-төктен.  
Қалайша тамаша ойлар айтады іні,  
Ағалар отырып ап тартса етектен.

Ал, енді қуырайын қуыр десең,  
Айтылған әр сөзіме жүгірмесең.  
Мен сізді сескенсін деп отырғам жоқ,  
Жүгінбей-ақ қойыңыз жүгінбесең.  
Ал, енді ініңізге қарсы тұрғын,  
Жарып ап арыстанның түгін жесең.

Көмейіме ал, енді құйыл дастан,  
Жайнасын, жадырасын бүгінгі аспан.  
Ағасы, арзан ойды айтпайық та,  
Құмнан құрап қыл ескен қыбын тапқан.  
Сөзіңіз сараң байдай боп жүрмесін,  
Қозысын қимай дәметкен қуырдақтан.  
Мергенмін деп мертiккен мергендер көп,  
Тиынды атам деп жүріп, сиырды атқан.

Сен түгіл Абылайдың басы қатқан,  
Ағасы бастап кеттің қиын дастан.  
Алты айлық пенсиядай көріндің ғой,  
Кемпірдің кепкен ернін қыбырлатқан.

### **СЕРІК:**

Төсінде дүбір салдың кең даланың,  
Соңынан ерген іні, мен де ағамын.  
Арыстанның түгін жарып жегенім жоқ,  
Бала боп сүтін емдім мен де ананың.

Ауызға алдық біздер бабаларды,  
Мына жұрт өзі біліп бағалар-ды.  
Қазаққа небір асыл ұл сыйлаған,  
Кемпір деп кемітесің аналарды.

Байқаймын бойыңда інім желік бар ма,  
Саласың шырға тартып Серікті алға.  
Ананы кемпірлер деп кемітем деп,  
Байқағын, інішегім, кеміп қалма.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Ашпаған гүлдей әлі қауызын да,  
Ағасы, бұрылсаңшы тағылымға.  
Оң сөзді теріске әкеп бұрмалама,  
Мен емес әзер тұрған жаңылуға.  
Ел ішінде кемпір мен ақсақал көп,  
Түспей жүрсең әрқашан ауызыңда.

Мен емес аналарды кеміткен де,  
Ағасы, айналдың-ау көріпкелге.  
Әйтеуір әйтіп-бүйтіп тапқан сөз бе,  
Әйтпесе шабыт деген желіккен бе.

Ол рас, анам, атам берген бата,  
Турасын көздеп тұрып мерген болса.



Бақсы да өлесің деп бетке айтады,  
Жеті күн зікірден соң ем қонбаса.

**СЕРІК:**

Шабытсыз алаулап мен жанбас едім,  
Қашанда жорғасынан танбас елім.  
Қынаптан суырғанда қылыш сөзді,  
Бұлтақсыз қиып айтар алмас едім.  
Ананы кемпір демей дұрыс айтсаң,  
Қисайып аузы-мұрның қалмас еді.

**МҰХАМЕДЖАН ТАЗАБЕКОВ ПЕН БЕКЖАН  
ӘШІРБАЕВТЫҢ АЙТЫСЫ**

**БЕКЖАН:**

Қайталансын Бекжан боп,  
Қырандарға тән өлім.  
Мысалы болсам қайтесің,  
Мәртебелі мәренің.  
Ассалаума-ғалейкум,  
Ассалаума-ғалейкум,  
Ар-ұяты, пейілі  
Пәренжелі пәк елім.

Аузындағы түкірік,  
Тұмар болған төрені  
Дайындаған ерлікке  
Махаббаты дер елі.  
Әулие төрім едің ғой,  
Тәрбие төрім едің ғой,  
Сағынудың сіздерді  
Сәті келе береді.

Рентгендік қасиет дарысын,  
Тыңдарманға ең берік.

Ревизор болып отырған,  
Пиғылдарға пенделік.  
Аспан тектес жас буын,  
Адал ішіп ас-суын,  
Рекордтарды жаңартсын  
Айтысқа әрлі рең беріп.  
Ырысын елдің кеміткен,  
Бос уәде, бос рай.  
Жалқаулыққа оқытар  
Одақ та қалды ойпыр - ай.  
Болаттардан құт дарып,  
Перзенттерің ұлт танып,  
Әкеден кейін туылып,  
Дәулетгі болсын осылай.

Алқалы топ, әлеумет,  
Көңілге мәрттік, кеңдік бер.  
Таразылар сәт келді,  
Тіліме заңды теңдік бер.  
Тазабековпен айтыста,  
Бес сайманым сай тұста,  
“Бермеймін” деген немістен,  
Берлинді алған ерлік бер.

Әріп біткенге атау боп,  
Алфавиттерде жоқ қазір,  
Келтіре қоймас от зәбір.  
Ойнамастан ұрыспақ,  
Айтысайық дұрыстап,  
Кезекті саған берейін,  
Бас бөйгелі боп қағыр.

#### **МҰХАМЕДЖАН:**

Біссіміллә, сөз бастайын билердей боп,  
Жанымыз жақсы сөзден киген көйлек.  
Мен бүгін сөз сиқырын көрсетейін,  
Сүлейменнің жүзігін кигендей боп.

Ассалаумағалейкум, бапкер елім,  
Бақ сынадым алдыңа именбей кеп.  
Бас иіп, сәлем бердім Қағбадағы  
Қара тасқа маңдайым тигендей боп.  
Халқымның жүзін көрсем қуаттанам,  
Хазіреттің саусағын сүйгендей боп.

Семсер тіл мұқалған жоқ сескенеңдей,  
Көңілім құлазымас көшкен елдей.  
Ой – қалта, санам – сандық, зердем – қоржын,  
Зерлеген сөзді ғана екшегендей.  
Құмардан бір халықты шығарайық,  
Күйеу кеп күйлі ауылдан төс жегендей.  
Ақындарын сағынып қалған шығар,  
Көк биенің саумалын көксегендей.

Жырымен жампоз нарды иіткендей,  
Жүргем жоқ үлкендерді биік көрмей.  
Маңғаздар маңдайшадан таяқ жейді,  
Бастарын босағаға иіп келмей.  
Сахна да сардала секілді ғой,  
Саңлағын іріктейді жиып-термей.  
Саудырап өңкей жастар жиналыпшыз,  
Кимелеп суға келген киіктердей.

Жалын сөз жас жүректен пайда болар,  
Маздаған отты ұштасаң май да жанар.  
“Айтыс” деген ауызша кітапхана,  
Әркім естіп, қажетін пайданалар.  
Ақын айтқан сөз жетсін жүректерге,  
Әұранның сүресіндегі ойға қонар.  
Бекем болып келдің бе, Бекжан ақын,  
Жігіттей жорға мініп тойға барар.  
Бармақтай бақ, балдақтай тақ сүйемес,  
Марғасқаның ізі де майдаланар.  
Жас жігіттей жарқылдап сөйле бүгін,  
Көп білгенсіп көсемсу қайда барар.

Аталы сөзді ұқпасаң, абыройың,  
Сал-серінің атындай сайда қалар.  
Шаңшып айтсам шамданып қалмағайсың,  
“Тақымы бос ашуын тайдан алар”.  
Орақ тілдің орамын бір жазайық,  
Отырыс болсын осы ойда қалар.

### **БЕКЖАН:**

Атыңнан айналайын, туған дала,  
Туған дала, мен үшін тұлғаң дара.  
Баладың Сара қызды биігіңе,  
Қарадың сол көзбенен Біржанға да.  
Татулық – ең бірінші атар оғың,  
Батырға көмек келер тылдан ғана.  
Шарықтау аспанында қиын екен,  
Қаншама арманшыл боп туғанда да.

Алысып арнасымен теңіз біткен,  
Ауызға толтырып ап қобыздық дем.  
Аңсатып жаялықтан тән иісті,  
Ақ жырдың адал сүтін еміздік тең.  
Ешкіммен бөліспейтін сенім күшін,  
Тұрамыз болат мінез сегіздіктен.  
Атағы Аспан сүйген серігім ең,  
Қиын-ау сәттерінді егіз күткен. . .

Сарайдан сауат ашып сан мұраға,  
Бабында отырғанда бар құрама.  
Мүмкіндік екеумізде тең болмаса,  
Шығарып сахнаға пар қыла ма?  
“Келсең – кел” айтысына шақырайын,  
Көршілер араласпаған заңды бала.  
Зор екен Сізге деген ел құрметі,  
Шапалақ ұрып қояр алдын-ала.  
Өзіңді “еркін баға” заманында,  
Балапты феноменге арғын аға.  
Азуыңды айналып өтіп кетсем,  
“Жол тәртібін бұздың” деп зар жылама.

Асығам достасуға тең өремен,  
“Әдебиет – ардың ісі” деген ермен.  
Алғы сөздер жазатын мәртебең бар,  
Бәрі де басталған-ау “Бере берден”.  
Баласың апасымен тойға барып,  
Қалтаға өрік-мейіз төге берген.  
Ал, енді аруағың қолдаса екен,  
Айтысқа өзіңменен ере келген.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Құрметтеп ұлы өнерді жүрген ерсің,  
Қадірін өріптестің білген ерсің.  
“Азуыңды айналам” деп отырсың,  
Талай-талай додаға кірген ерсің.  
Азуымды айналып өтемін деп,  
Өңештен өтіп кетіп жүрмегейсің.

Қолда деп батыр бабам, ақын бабам,  
Атадан сөз асырар ақылды адам.  
Балбырап балалардың шабысына,  
Көкжиекке жамбастап жатыр далам.  
Қызыл тіл – қынсыз қылыш, тіс – ақсауыт,  
Ауыз – ошақ отты сөз лапылдаған.  
Бастамаң дұрыс болды, Бекжан ақын,  
Ал, енді тартысқа шық тақымдаған.  
Жеңіс күн жер қозғалар сөз айтпасақ,  
Көркімізді көруге шақырмаған.

Сұм соғыс ұмыттырып балалықты,  
Түтінге түншықтырған даналықты.  
Сол кездегі солақай саясат та,  
Пайдалана біліпті-ау шалалықты.  
Орта Азиядан барғандар неміс үшін,  
Қайтпайтын қара орыс боп саналыпты.  
Сонда да олар Отан деп орда бұзып,  
Берлинге барып танытқан даралықты.

Міне, Бекжан, сол жеңіске елу үш жыл,  
Болып түр ел ырысты, дала құтты.  
Енді ешқашан соғыстың кілті ашпасын,  
Қаһармандар сап кеткен қара құлыпты.

Айтқаны ақындардың ұғынықты,  
Фаламға жүргізеді кім үгітті.  
Соғыс жылы Жеңіске деген сенім,  
Левитанның даусымен тіріліпті.  
Сол секілді халықты рухтандырып,  
Бұл Бекжандар танытсын ірілікті.  
Жөкеңнің “Ленинградтық өренінен”,  
Фашистің танкілері сүрініпті.  
Қажымұхан самолеті сезіндірген,  
Әке-шешең бермеген жылылықты.  
Ер боп туған Әлия, Мәншүгіңнен,  
Еркектердің тізесі бүгіліпті.  
Баукеңнің қаһарынан қорыққандар,  
Әйелдің етегіне тығылыпты.  
Рейхстагқа ту тігер ұлды берген,  
Қайдасындар, қазақтар, діні мықты.

Ақынсың жүйрік болып саналғандай,  
Шабуылға шыға қалсам шараң қандай?  
Артық қимыл жасамай, сақ отырсың,  
Арланның апанына қамалғандай.  
Борықтай борпылдаған бозбаласың,  
Құс мұрын, құмай кеуде, марал маңдай.  
Жүректі солқ еткізер сөз айтайық,  
Қара жерге найзағай қадалғандай.  
Ал, ақыным, сөз баста арқаланып,  
Арқардың күлтекесі жаранғандай.  
Көзің сүзіп қарайсың көрерменге,  
Ерініңе насыбай сап алғандай.

## БЕКЖАН:

Саралар азаматты дос елегі,  
Дұшпандық ақырында бос өледі.  
Тек қана ауа райы тәуелді еткен,  
Бабамның рухы мықты, есен еді.  
Айтысу, көкпар тарту қиулатып,  
Қазақтың қасиетті қос өнері.  
“Өңешке кіріп кетпе” деп отырсың,  
Айтысым бұлай болса өсер ме енді?  
Қарсылас жеңісіне сенімді екен,  
Ал, оның болған екен не себебі?  
Бәйгенің ауылына апаратын,  
Әкеңнің атындағы көше ме еді?

Бағамдап қарсыластың шартты райын,  
Шекара күзетінде сақ тұрайын.  
Табиғат заңы емес қой –жеңе беру,  
Бағамды бара-бара арттырайын.  
Ерлікке бару үшін себеп керек,  
Оған да дайын адам боп тұрайын.  
Адамдар сұлулықты сурет көріп,  
Айнадан іздейді екен жоқ шырайын.  
Саусақтар қайталауға ұшырайды,  
Қазақтың санай берсең көп “күдайын”.  
Спорттық сипат алды айтысымыз,  
Мұхажан: ұғымыңды нақтылайын.  
Солақай боксершының тәсілімен,  
Күтпеген қапталыңнан соққылайын.  
Николай Озеровтың дауысыменен,  
Қақпаға кіріп кетер доп қылайын.

Ақ айдыннан алыстап шортан балық,  
Бостандығын ап қойды ортаңғы арық.  
Нарықтық заң орнады зәлім ниет,  
Капиталист қоғамнан қолтаңба алып.  
Қырық бірдің қырғыны сынап берген,  
Әлеуметтік орта бар кемтар, ғаріп.

Ордендерін сатқыздық соғыста алған,  
Окоптағы дауыстан дерт арналып.  
Өгей көзбен қарайтын өлкелерден,  
Бос бөтелке іздеді дел-салданып.  
Әр әжімнің тарихын жатқа білмей,  
Қарт танымын отырмыз келте аңғарып.  
Бар ошақта олардың болуы шарт,  
Мәртебесі – Әнұран, Елтаңбалық.

Мәншүктер өлтірмесе немісті егер,  
Қазіргі әрекетің теріс келер.  
Анаңның ақ жүрегі ақ парақтай,  
Қалдырған автограф періштелер.  
Баһадүр ұлдарыңа пейілді боп,  
Бойыңда базар ашқан келісті өнер.  
Ұлылық егіз туса қайтар еді,  
Табиғи дауыс бар да тең естілер.  
Қарсылас қорғаныста ойнайды екен,  
Алдағы жоспарына тегіс сенер.  
Жасанды “абзый” қылу ойымда бар,  
Әйтпесе, түрің жоқ қой жеңіс берер.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Бекжан, мен отырмын жайыңды ұғып,  
Сөйлейік сүре, түре, қайым қылып,  
Озеровты айтасың, қақпаны да,  
Тыңдап тұрмын сөзіңді пайымды ғып.  
Болаттай ағамызды демеуші ғып,  
“Қайратқа” жіберейік ойыншы ғып.

Өзіңе қарсылас боп, жақын қылып,  
Отырмын кеудеңдегі сәтінді ұғып.  
Әкемнің атындағы көше де жоқ,  
Бір құдайым жаратқан ақын қылып.  
Жеңіске жетсем, Бекжан, жетіп жүрмін,  
Қазағымның көңілін көпір қылып.



Бабаңның ұлық тұтсаң бар мұрасын,  
Жартастағы дауыстай жаңғырасың.  
Жігітсің бұлттан биік, ұлттан төмен,  
Жасықтық жігерінді жаншымасын.  
Жиырма бестің қайратын көрсет бүгін,  
Халқыңның бір толтырып қанжығасын.  
Балалықта даналық танытпаса,  
Ақыл тіс кімге керек алжығасын?

Ұстаған суретшідей қыл қаламын,  
Сөзден сурет салсам жанар мұнда бағым.  
Халық жайлы толғанып, ойды айттың,  
Төмен түсіп кеткендей бір қабағың.  
Балықтар басынан кеп шірігенмен,  
Айтайықшы көңілде тұрған әнін.  
Бүгіндегі жастарды ойланам да,  
Жан-жағыма қарап мен мұданамын.

Ештеңе тіліп айтпас тіл секілді,  
Жырлайық, туған елім, бір шетінді.  
“Бұл дүние - біреуге бақ, біреуге сор”,  
Дегені бабалардың шын секілді.  
Соқыр ішектей шошайып жүргендер көп,  
Сәлем берсең, шалқаяр пір секілді.  
Халықтың көңілі қазір мұң шертіп тұр,  
Қобызға қолдан таққан қыл секілді.  
Ұлттық рухын жоғалтқан ұлдарың көп,  
Қылышына тар келген қын секілді.  
Тамырын тарата алмас қыздарың бар,  
Шелекке отырғызған гүл секілді.  
Құдайсыз ұрпақты да өсірдік-ау,  
Құмырадан шығарған жын секілді.

Келмейді бұл қазаққа сырттан қайғы,  
Сырттағы елге өзі де сұқтанбайды.  
Алдын алып көрмеппіз аурудың,  
Дертін де дер кезінде құнтталмайды.

Есіріп, есі кеткен жас буындар,  
Ертең ұлық болғанда ұлтты алдайды.  
Жастарында тәрбие-тәлім болмай,  
Жұлдызы жанып тұрған жұрт болмайды.  
Ағаштың да діңгегін ақтап тұрсаң,  
Өріктің өзегінде құрт болмайды.

Бұл заман байқап тұрсаң, күрес кілең,  
Шайқасады бір ессіз бір естімен.  
Құс базары дегенді білуші едік,  
Қыз базарын, Бекжан-ау, кім естіген?

Тағдырдың татпаса да жұмсағынан,  
Қазақ қызды сыйлаған гүл шағынан.  
Жер – өлемді жаулаған Шыңғысхан да,  
Қыпшақ қыздың шықпап па ед құрсағынан?  
Азияға әйгілі Әлия, Мәншүк,  
Аман еді өсектің бұршағынан.  
Ал, бүгінде жан-жаққа қараймын да,  
Ілгергі ізгілікті шын сағынам.

Сұлулар суға еритін шекер ме еді,  
Көргенсіздік жайлап тұр көп елдерді.  
Талдай түзу жігіттер тағыланып,  
Мейіздей сұлу қыздар мекерленді.  
Ар, иманы ақаусыз болса егер,  
Арабтарға сатылып кетер ме еді?  
Аймақтың гүлі болған ару қыздар,  
Байлардың күні боп жүр шетелдегі.  
“Ауруды ажал кеп әшкере етер”,  
Бетімізді баспайық бекерге енді.

Сүйгендей айым-асқар, күнім-шынды,  
Еріген май боп елге үнім сінді.  
Батысты оқып, Шығысты тоқылғалы,  
Ой өсіп, санам сергіп, тілім сынды.

Заңды ұрпағы болар ек заңғарлардың,  
Заман жайлы шерте алсақ бүгін сырды.  
Біздің дәуір қорабы темекінің,  
Жылтырлармен ораған күлім сінді.  
Ұрпақты улап келген жиырма ғасыр,  
Жанып біткен жиырма тал шылым сынды.

### **БЕКЖАН:**

Осылай сахнаға ұшар денем,  
Әрине, қарсыластан күш ал деген.  
“Қайратқа футболист бол” деп отырсың,  
Мұхажан, сөйлеп едім мысалменен.

Барондар бара қоймас қате істерге,  
Боп шығар мансаптыға шатыс пенде.  
Қоғамдық акустика әлсіреген,  
Кім айтар ақиқатты қатысты елге?  
Лениндік сенбіліктің “көрермені” –  
Қазақтың жалқаулығы таныс перне.  
Ойнайтын эпизодтық рольдерді,  
Ұқсайды тағдырымыз әртістерге.  
Болдық-ау анекдоттар кейіпкері,  
Жас әулет әуестеніп жат істерге.  
Тағдыры ел мен жердің былай қалып,  
Тек қана ұлтшылымыз-ау ас ішкенде.

Қашан да ұлы айтыстың тың тәлімі,  
Ысырмас ыдыс-аяқ ынталыны.  
Патефон, пілтешамның дәуірінде,  
Атомның ақиқатын кім таныды?  
Тарихты паралаудың құрамындай,  
Патшаның пайымында пұл қадірі?  
Баласы Қаңтарбайдың сабақта жоқ,  
Ап кеткен бөтелкелес бір тамыры.

Тілге еркіндік бердік деп,  
Дінге еркіндік бердік деп,

Ділге еркіндік бердік деп,  
Кімге еркіндік бердіңдер?  
Пушкасы келіп үйді атқан,  
Пушкині келіп миды атқан,  
Әселханға ұқсамас  
Пілге еркіндік бердіңдер.

Академиялық білімді  
Әкеден алу – әділ жол.  
Қазақша біткен қарын да  
Қанағатымен қадірлі ол.  
Азаттығыңның жолында,  
Қазақ тілінің жолында,  
Аспан көздермен атысқан,  
Дудаевтардай әділ бол.

Миссионерлерден жисын да,  
Мәсісін киген ел есін.  
Бейітке белгі болғанша,  
Бұл жерге өзің егесін.  
Кришнайтка өткендер,  
“Крышалары” кеткендер.  
Махамбетінді мазақ қып,  
Мияулап өткен демесін.

Ұят-аятын білместер,  
Құлағын түрмес есті үнге.  
Бес парызын өтеуде,  
Бейтараптар бес тілде.  
Баптистерге иланып,  
“Илла-лаһқа” қиналып,  
Болашақтың аузымен  
Құттықталмайды ешкім де.  
Құдайдың үйін келіспес,  
Уәделермен бітірген.  
Қағып түсер қарғыс бар,  
Қате кетсең үтірден.

Мультфильмдегі қояндай,  
Мүфтиің қойды-ау оянбай?  
Пікір айтуға көшті ғой,  
Қалтасы толып пітірден.

Сәлем саған сан рет,  
Ниетгілер мекені.  
Бабаға берген сертінен,  
Сырғымаған екі елі.  
Табиғат сенің ділің ғой,  
Шариғат сенің дінің ғой,  
Рәтбектерге осыны  
Ескертсендер не етеді?

Алланың атын аз көрме,  
Басқарып тұрған пультпенен.  
Құндылықтарын өлтірсе,  
Ұмытылады ұлт деген.  
Мырқымбайларға айтындар,  
Қыртымбайларға айтындар,  
Елінен жеген арам ас,  
Жерінен шығар күтпеген.

Бабымды бекемдесем бір іс тынар,  
Шабытым шетінемес ұрыс құмар.  
Көңілдің хат тасушы кептері боп,  
Жаңалық әкелуге тырыссын Ар.  
Болсаң да айтыстағы реформатор,  
Шама бар қарқынынды ығыстырар.  
Мұхажан, суырып сап айта қалсаң,  
Оныңды атап өткен дұрыс шығар.

Даламның даңқың дәріптер,  
Қайда сері, қайда сал?  
Ауылдың сәнін кетірген,  
Кәсіпсіз кемпір, майда шал.  
Ханыңды тақтан алардай,

Арыңды ақтап алардай,  
Күдірет керек ақынға,  
Құран Кәрімге ой қосар.

Зиялы қауым зеріктің,  
“Зекетін” беріп ши бұттың.  
Кеңсайға тұрып кезекке,  
Ақсайдан тәуір үй күттің.  
Дорбаңның түбін қағатын,  
Докторлық қорғап алатын,  
Безендірілуі мықты ғой,  
Беделі азған биліктің.

Заңдар шығып жатыр ғой,  
Тілек айту түрінде.  
Велосипедтен құлаудай,  
Беделден құлау бұ күнде.  
Бастықтарды кекірген,  
Мінбелерден лепірген,  
Бұрышқа ғана тұрғызып,  
Жазалаймыз-ау түбінде.

Октябрядтар орнына –  
Ақпа құлақтар келді ғой.  
Пионерлер орнына –  
Зиян ерлер келді ғой.  
Комсомолдар орнына –  
Нан соғарлар кеді ғой.  
Коммунистер орнына –  
Коррупцистер келді ғой.

Дамыған шалдар ауылда,  
Домино ойнап жүр дейді.  
Кемпірлеріне кездеспей,  
Әр үйде ойнап жүр дейді.  
Емізік ему ауыр деп,  
Есірткі шегу тәуір деп,

Құдайдың салып суретін,  
Сәбилер ойнап жүр дейді.

Қайық қайда барарын ағыс біліп,  
Жағалаудан күтуде алыс күдік.  
Таныстырып ойнайтын басшыларды,  
Аспанында қазақтың тағы үскірік.  
Сексен бестен басталған реформаға,  
Ел сенбеске айналды әдісті ұғып.  
Таныта алған бір кезде жүйріктігін,  
Кәрі тарлан шабады намыс қалып.  
Әлиханның заманы бара жатыр,  
Алихандра сериялы ауыстырып.

Осынау тауқыметке тола ғасыр,  
Әліптің артын бақсаң болады асыл.  
Мысалы, Мырзалиев мұрат еткен,  
Атанар қазақ тілі төраға тіл.  
Ұрлана қарап қойып “шпорына”,  
Халықпыз айта білер молаға сыр.  
Тек бізге екі ауызды болмау керек,  
Айтарым ініге де сол-ақ ақыл.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Жыр кетті тарихтардың жағасында,  
Сүт кетті ғасырлардың сабасында.  
“Екі ауыз болма” десең мен болмайын,  
Бір ауыз бола білсем нанасың ба?  
Құранға ой қоспай-ақ қояйықшы,  
Ой алса да жетер елдің ағасына.  
Пешенелі пенденің соқпағы бар  
Бесік пенен бейіттің арасында.  
Елдің жайын жырладың, жердің жайын,  
Соны айтып көкейге ой саласың да.

Жерініп биліктінің тоқтығынан,  
Жалдың қылы ұшқандай шоқтығыңнан.

Соның бәрі, Бекжан-ау, өрістейді,  
Бойындағы тектіліктің жоқтығынан.

Желісін ғасырлардың желі үзбеген,  
Тарих пен тағылымды егіз көрем.  
Кешегі Кенесары тұлпарына  
Доңыздың басқан шөбін жегізбеген.  
Ұмайдың үлгісіндей Зере әжеміз  
Құнанбайды дәретсіз емізбеген.  
Атаның бойындағы тазалықтан  
Абай туды тектілік негізбенен.  
Азғындап жүрген пенде аз ба бүгін,  
Торқа киіп, мінсе де семіз дөнен.  
Былғанған бұлақтар кеп күйғанменен,  
Кінә артпаймын халықтай теңізге мен.  
Осынау аурудан айықса деп,  
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар ем іздеген.

Қазақтың жағдайы жоқ мастанардай,  
Сызды басып сүйегі қақсағандай.  
Өкімет өз былығы өзімен боп,  
Халықтың жағдайы үшін саспағандай.  
Немқұрайлы тірлікті көзбен көрдік,  
Қоғамның ақыл-ойы ақсағандай.  
ГСК – ны ашты да қайта жапты,  
Шалалық керек енді басқа қандай?  
Біреудің әлпештеген қызын алып,  
Үш күннен соң талақ қып тастағандай.

Билікте жігіттер жүр мол арналы,  
Ауызына да алмаған тобанды әлі.  
Кешегі банк басқарған Жандосовың,  
Ілгергі Жандосовтай бола алмады.  
Орысша ойлап, жөйітше түс көргесін,  
Халқының көкейіне қона алмады.  
Ораздай бабасының тектілігі,  
Баласының бойына оралмады.



Осындай ұлдар тізгін ұстаған соң,  
Қобалжу басылмайды қоғамдағы.

Келгенмен “Нарық” деген саналы шақ,  
Бұрынғыдай жаймады дала құшақ.  
Заңың да, заманың да бұрмаланып,  
Көбейді кигіз тілген қара пышақ.  
Парламентің жатыр-ау заң туғызып,  
Жылда құрсақ көтерген ана құсап.  
Бірақ сол заң жетілмей қалып жатыр,  
Полигонда туылған бала құсап.

Шебер ақын сөйлемес шегініп құр,  
Ойларыма құлақ сал менің ұтқыр.  
Егеменді елімнің есігінде,  
Қылмыстың қыл арқаны керіліп тұр.  
Ақшаға адам атқан қарақшылар,  
Қан сорған қандаладай семіріп тұр.  
Қазан аттай ерлерден ерте айырылып,  
Қазақтың қабырғасы сөгіліп тұр.  
Ел деп келген Мұстафа Өзтүрігім,  
Желкілдеп келмеп еді желігіп құр.  
Ел намысын қорғаған ұл еді деп,  
Алатау – қарт бабамыз егіліп тұр.  
Жер-Ананың жоғалтқан перзенті үшін,  
Көк аспанның көз жасы төгіліп тұр.

### **БЕКЖАН:**

Әрқашан алдымда сен болшы дара  
Атанбай пақыр іні, паңшыл аға.  
Әу баста ойнағансып басталатын,  
Төбелес аяқталар қан шығара.  
Құласа жерге жетпей мерт болады,  
Аспанға жақын тұрған даршы бала.  
Айтысты осыменен тәмамдайық,  
Әсте-әсте жақындасып қалсын ара.  
Жамбыл да көп сөйлеуді ұнатпаған,  
Жамбылдың көп сөйлеген жасы ғана.

### **МУХАМЕДЖАН:**

Халқыңның отыр, міне, саналары,  
Аузыңды аман болса бағады әлі.  
Ауыз емес, ақылы сөйлейтұғын,  
Самұрық жігіт едің даладағы.  
Биіктен биіктерге өрлей бергін,  
Бәйтерек секілденіп жағадағы.  
Қасиетті бір ұл бол қазағына,  
Көмпііп көмпеш нандай табадағы.

Көкейде көп сырларым жатыр аман,  
Сөзің бар сүйіншіге татымаған.  
Көк шөй ішіп көпірген сарт құсамай,  
Азды ұнатсын мұндайда ақын адам.  
Келіп бір қуантып ек көрерменді,  
Кетіп бір қуантайық сахнадан.

### **БЕКЖАН:**

Алақан маған біткен көл себердей,  
Таулардың тәні бірге теңселердей.  
Қыз-қырқын ренжіп қалар реңіміз жоқ,  
Рәпәті келіспеген кеңселердей.  
Сен менің пошымымды көп айтасың,  
Тірідей салмағымды өлшегендей.  
Сиқырлауда айтылар сөз тәрізді,  
Бір уәж айтпайсың ба ел сенердей.

Аспаны поэзияның бейғам ішкі,  
Қарсылас, игереді кім ғарышты?  
Арналар ересектер зейініне,  
Ғаламат айтыс жасап сый дарытшы.  
Мұхажан, бойдақ болмай үйленіп ал,  
Уақыт кешірмейді ырғалысты.  
Болсаң да өңін бермес өкіметтей,  
Ойлағын анашыңа қолғабысты.  
Әкесін ата қылу анты болған,  
Қайдасың барыс мінез ұл намысты?

Айтарым, Мұхамеджан, жалғастырғын,  
Кешегі ата-бабаң қылған істі.

**МҰХАМЕДЖАН:**

Тіркесін бір қуайын тізбек жырдың,  
Сәулесін іздегендей сізден нұрдың.  
Үйлену жайында сөз қозғадың-ау,  
Қандай жауап келер деп бізден бүгін.  
Алматыда, әрине, қыз жоқ емес,  
Майысқан сабағындай үзген гүлдің.  
Ағылшынша сөйлейтін арулар көп,  
Қазақша ойлайтын қыз іздеп жүрмін.

Қыз Жібек, Айман-Шолпан, Құртқа бәрі,  
Жұлдыздай сәуле шашқан жұртқа жаны.  
Тарпаң тағдыр бойдақ қып қоймас мені,  
Сыбағамды күтемін сырттан әлі.  
Уақыттың уысында сығымдалып,  
Уыз да сүрленгесін құрт болады.  
Көп кешікпей көлеңкем екеу болар,  
Көңілімнің табылса құт қонағы.  
Таңертең тау да таза көрінгенмен,  
Күн батпай-ақ басына бұлт қонады.

**МҰХАМЕДЖАН ТАЗАБЕКОВ ПЕН  
ӘЛФИЯ ОРМАНШИНАНЫҢ АЙТЫСЫ**

**МҰХАМЕДЖАН:**

Біссімллә, жайып тастап жыр тақтаны,  
Мен келдім кеуделерге гүл таққалы.  
Биязы ақын жібектей сөз ширатар,  
Қызыл тіл - қызулының үр тоқпағы.  
Ассалаумағалейкум, көңілі аппақ,  
Көшпенді елдің көшелі ұрпақтары.  
Жақсы атадан қап кеткен жәдігердей,

Ұлылылардың бүгінгі ұнтақтары.  
Шешен тілмен шегелеп сөз саптайын,  
Шешемнің рас болса ұл тапқаны.

Болар ма қазақ тілі мұнша өтімді,  
Дүниені теңселткен дүр секілді.  
Қызыл тіл қызмет қылсын жүрегіме,  
Қожайынға берілген құл секілді.  
Мұндайда аруақтың қолдайтыны,  
Азбайтұғын пендені шын секілді.  
Ақындар жоқтан жонып сөз табады,  
Құдыққа қармақ салған қу секілді.  
Мөлдіреген ойларың тамшыласын,  
Сүңгіден сырғып түскен су секілді.  
Сөз сәулесін сүйекке сіңірейін,  
Түңліктен түнде түскен нұр секілді.  
Желкілдеп кеп желбіреп қайтсам деп ем,  
“Қарасайлап!” көтерген ту секілді.

Бабам ғой бүгін маған бағыт берген,  
Аруақтанып сөйлейін анық төрден.  
Жеңгесімен шыққасын сахнаға,  
Жұртымның сәулесі бар жарық берген.  
Сыйынайын бабаның аруағына,  
Дәл орын алып жатқасын тарих төрден.  
Жарықтық аруағыңнан айналайын,  
Көл-көсір бар халықты алып келген.

Армысың, айтыстағы бозінгенім,  
Қымырандай жұтады сөзінді елім.  
Ағытсам деп өлеңнің өз ілгегін,  
Ақ сұңқардай күндіз-түн көз ілмедім.  
Жеңеше, көркіңізден көшпегіті әлі,  
Мылқауға тіл бітірген сезімдерің.  
Бетегедей жайқалған сахнада,  
Берекелі бәйбіше өзің бе едің.

Апамсың шашы бұлттай, басы күндей,  
Әуенің әуедегі қаз үніндей.  
Қасыңа батыл басып қайның кеді,  
Шайырдың шынжыр балақ нәсіліндей.  
Май шам боп жарқырасын маңызды ойлар,  
Майқы би айтқан сөздің тәсіріндей.  
Айтысқа біз айшықты із тастайық,  
Түлкінің түнде жортқан тәсіліндей.  
Қанжығамыз қампайып қайтсын бүгін,  
Кәсібі бар адамның нәсібіндей.

Ақынбыз өлшем болар ар-намысқа,  
Айтқан сөз – халыққа үлгі, ханға нұсқа.  
Жарқын жүзін көрмесем жеңешемнің,  
Алтын жүзік жарамас алданышқа.  
Сексенінші жылдармен серіктесіп,  
Жалын құшқан жас шағың қалды алыста.  
Қайныңның айдарынан сипашы енді,  
Мойны озған жүйрік едім әр жарыста.  
Халықтың деміне бір тербелсінші,  
Бал құрақ басын сүйеп нар қамысқа.

### **ӘЛФИЯ:**

Қайным-ау, барасың ғой үдеп дейін,  
Дегенмен көңіліңді жүдетпейін.  
Күттім ғой мен тарығып өлеңді,  
Көп күткен Төлегенді Жібектейін.

Ақ сенгір тұра алар ма айға атылмай,  
Көрінер бабалардың қайратындай.  
Төкашар Алатауым, аманбысың,  
Бел бермес дұшпаныма айбатымдай.

Тарих қып айта жүрер бабасы бар,  
Үкілі үміт күтер баласы бар.  
Көп болды ортаңызға келмегелі,  
Армысың, алматылық жанашырлар.

Жібіне жырларымның тізіп арман,  
Қуғам жоқ дүниені жүзі жалған.  
Тобылдың ар жағынан келіп тұрмын,  
Қас батыр бабамыздың ізі қалған.

Қайным-ау, мен де сырды ұғамын да,  
Салмақсыз түлкі ізінің бұлаңына.  
Өзіңе жеңге болып шыққаннан соң,  
Бабаға келін болып шығамын да.

Жырменен жөргегімнен қатайдым ба,  
Өзіңді арқандап бір матаймын да.  
Төрежан, саған жеңге болғаннан соң,  
Бабаның атын қалай атаймын да.

Көрейік қайнымызбен байқасып-ай,  
Түрі бар домаланған сай тасындай.  
Ұрпағы батыр баба өзіңсің ғой,  
Өз атын өзі атаған шайқасып-ай.

Темірді түйе берсең балға шығар,  
Ер жігіт белін буса жорға шығар.  
Бабаның арманы жоқ деп ойлаймын,  
Марғасқа Нұрсұлтандай жалғасы бар.

Көңілім биік ұшса айға барар,  
Тамаша бұлбұл қонған жайға барар.  
Өлеңнің ұйқасымен атап қойдым,  
Келінді кешіріңдер қайынағалар.

Өмірім жақсы көрсем жайланатын,  
Жүремін ойға түйіп, ойлап атын.  
Жеңген де оңай олжа емес саған,  
Ах, десең қанжығаңа байланатын.

Бұл заман заманы екен айлалының,  
Түсірдің еске бәрін қайдағының.

Ат қойдың бозінген деп жеңешеңе,  
Сөзімді жалғап жібер, тайлақ інім.

### **МУХАМЕДЖАН:**

Шығайын бер жағыңнан, ар жағыңнан,  
Жасқанбай ат көтермес салмағыңнан.  
Олжалап өзіңізді неғылайын,  
Жиырма жыл бұрын көкем олжа қылған.  
Қайныңыз ырза болар бүгін, жеңге,  
Қара өленді сыйласаң қалжа қылған.

Қайының қызыл тілі алмас деген,  
Жақсы атаның баласы ем жамбас жеген.  
Атаның келінімін деп отырсың,  
Үзеңгіге аяғын салмас төрден.  
Қиылып қарайсың ғой бұл қайыңа,  
Қыздай боп кездесуге алғаш келген.

Әдемі жеңгем едің әңгелектей,  
Бола ма жырдың гүлін дәлдеп екпей.  
Ентелеп әрекетке мен бармасам,  
Еркелеп отырмаспын бал бөбектей.  
Қайрақтай қайыңа не көрініпті,  
Әңгелектей жеңгесін дөңгелетпей.

Ал, енді мен жиылып түйінейін,  
Жеңсіз берен, ақсауыт киінейін.  
Жайындай жақсы жеңгем жолыққасын,  
Қайындай қасыңа кеп иілейін.  
Таңғы шықтай жарқырап отырғасын,  
Қара бұлттай қалайша түйілейін.  
Реті келсе салмақтап сахнада,  
Торпақтың топайындай иірейін.  
Жазатайым құйынға түсіп кетпей,  
Жалғыз аттың жалындай тігілейін.  
Жеңгем болсаң шыдап бақ желкенізге,  
Қызыл көрген қырғидай шүйілейін.

Жансың-ау қырғидан да жасымаған,  
Астарлы сөзді ұғады асыл адам.  
Бойдақтардың өзілі бой балқытар,  
Саумал қымыз секілді ашымаған.  
Ауылыңа әндетіп қайтарайын,  
Бауыр бүтін боп тұрса, басым аман.  
Мамық төс, марал құсап қарайсың ғой,  
Жанарынан жасын от шашыраған.  
Ашамайда алшайып отырғандай,  
Шайқасаңыз мен несін жасыра алам.  
Қалмақтың ханшасындай былқылдайсың,  
Жіліктің майын беріп асыраған.

### **ӘЛФИЯ:**

Байқаймын жеңгесіне кекті бала,  
Әңгелек жасап алып тепті бала.  
Қазақтың қашаннан да салты бар ғой,  
Жеңгеге шүйілмейді текті бала.

Шырағым, жыр айтайын қарасынбай,  
Өзіңді қалап едім баласынбай.  
Қайнылар жібек мінез жөнін білер,  
Сыйлаған жеңгелерін анасындай.

Алдың ғой өзің сөзді сұрап деймін,  
Көңілім биіктерде тұрад деймін.  
Тоям деп әңгелекке жүгірмегін,  
Қайным-ау, ішің сенің бұрап деймін.

Білемін жырларың бар тасқын деймін,  
Қазақтың сөзін терең астың деймін.  
Анаға айналып кеп бас иесің,  
Кеуденді бір азырақ басқын деймін.

Түскем жоқ, айналайын, жолға жаман,  
Сүйеген ақ сұлудай қолдап анам.



Олжалап кеткен жоқ қой мені аған,  
Жетелеп Торғай жаққа олжалаған.

Халқымның алтыны ма ең, қасқасы ма ең,  
Талаймен жыр төккенде жасқасып ең.  
Неғылам саған, қалқам, көзді сүзіп,  
Ойнармын қызып кетсем бастасыммен.

Білген жөн, айналайын, сөздің жайын,  
Алдыңа кес-кестеп мен неғылайын.  
Жеңгеңе арнар қандай өлеңің бар,  
Жалғашы өрі қарай, қаратайым.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Қайныңның шүйілгенін жаратпадың,  
Кездестіре беретіндей әр ақ таңың.  
Жамбыл да жеңгесімен көп ойнаған,  
Ұмытпа бұл тарихтың сабақтарын.  
Қазақтың жөн-жосығын жақсы білсең,  
О баста анаңмын деп неге айтпадың?  
Жеңгеңмін деп желіктірген өзің едің,  
Сондықтан алды-артыңа қаратпадым.

Жиылып жыр қоздатқан жыршы кілең,  
Отыр ғой құба белге құлшынумен.  
Өнердің желмаясын мінген адам,  
Өмірдің танысады қыр-сырымен.  
Талайлар қорғаныңнан аса алмапты,  
Жеңілсе жер сүзгендей тұмсығымен.  
Мен де бүгін қақпаңды қақтым, жеңге,  
Қайнылық жүрегімнің дүрсілімен.

Жаныңыз үндеседі баламен де,  
Әніңіз тілдеседі даламен де.  
Керімсалдай есілген кең тынысты,  
Салиқалы жарсыз-ау саналы ерге.

Қыпшақтың садақ тартқан қыздары да,  
Халықтың құты болған қара көмбе.  
Жаугершілік заманда туылсаңыз,  
Батырдайсыз от шашқан жанары елге.  
Қара жолда көш бастап жүрер едің,  
Қасқайып мініп алып қарагерге.

Айтыста көңілдіміз күйге келмей,  
Болармыз өнер тәжін кимегендей.  
Қиоласып кетпесең қиналарсың,  
Қып-қызыл шоқ үстінде билегендей.  
Өнерді қатар сүйреп отырайық,  
Шанаға қос ат жегіп сүйрегендей.  
Текті атаның баласы қайның едім,  
Көрінгенге өз басын имегендей.  
Көк шалғындай жайқалып отырсың-ау,  
Шалғы түгіл, сары жел тимегендей.  
Балқытсын қайның бүгін бар бойыңды,  
Теріні айранға сап илегендей.

### **ӘЛФИЯ:**

Тапқандай енді көңіл жарасымын,  
Көтердім бүгінгі күн бала сынын.  
Он жерден жеңген, қалқам, болсам-дағы,  
Аяулы балалардың анасымын.

Келемін бала жастан жыр, жазып өн,  
Сөзімнің жылуымен бүр жарылған.  
Құшағын бұл жеңгеннің көргің келсе,  
Аяман жақсы ақынның жұрнағынан.

Білмеймін нашар ойға құлайсың ба,  
Шыққандай болдың, қалқам, сұрай шыңға.  
Талайды көріп жүрген көрі тарлан,  
Жеңгеннің қызуына шыдайсың ба?

Сен мені оң жағымнан жебе дейін,  
Әзілің артық, қалқа, неге дейін.  
Сүйікті қайным болшы одан - дағы,  
Мен сені еркелетіп төре дейін.

Қайнымның болмай қалды-ау ойлағаны,  
Бүгінгі арнап келген ойда бары.  
Сарт-сұрт тоқтатсам да түсінбейді,  
Тақымдап бұл жеңгесін қоймағаны.

Төрежан, жана берсін бағың деймін,  
Арайлап ата берсін таңың деймін.  
Қазақтың маңдайдағы бір ұлысың,  
Сынбасын ешқашан да сағың деймін.

Қай кезде шындыққа мен жүгіндім-ау,  
Арналар ағайынға жырым мынау.  
Артықтау кетсе жеңгең өкпелеме,  
Енесі тепкен еті ауырмас құлынның-ау.

## **РИНАТ ЗАЙЫТОВ ПЕН АМАНҒАЗЫ КӘРІПЖАНОВТЫҢ АЙТЫСЫ**

### **РИНАТ:**

Ардақты айбын асқан алашымнан,  
Ақылды азаматтар жаратылған.  
Ақ тулы Абылайлар дара тұлғаң,  
Бұқар жырау байламды бағыт беріп,  
Бірлігімен қазақтың бағы ашылған.  
Төле би, Әйтеке мен Қазыбектер  
Ой түйінін қопарған нақ асылдан.  
Қабанбай, Бөгенбай мен Наурызбайлар  
Қазақты алып шыққан нақ асылдар.  
Кеңгірбай, Алшынбай мен Құнанбайлар  
Ақ сұңқардай аспанда аласұрған.  
Ұлы Абай, Мұхтар менен Шәкәрімдей,

Семейдің даласында дана туған.  
Бас иіп, бақ тіледім бар анаға,  
Ардақты асылдарды ана туған.  
Қырандай қар боратсам қанатымнан,  
Балаң ем, бағыт алған бар асылдан.  
Айызын ағайынның қандырайын,  
Түяқ бүтін тұлпардай таң асырған.  
Ойы өткір, ордалы елім аманбысың,  
Терең тамыр түркілерден жаратылған.

Ақ мамыққа оранып дала жатыр,  
Жайлауында жанымның қала ма сыр?  
Көкейімде құйқылжып түрлі сезім,  
Шіркін, дәурен, дариға-ай салады асар.  
Ал, ендеше ағайын, құтты болсын,  
Жаңа дәуір, жаңа көпір, жаңа ғасыр.

Ой беріп Шәкәрімнің дара күші,  
Шешілсін шабытымның тарамысы.  
Қарсылас боп маған да кезігіпті,  
Бойы ұзын, қабақ шытқан қара кісі.  
Төрт аяғын тең басқан тұлпарменен,  
Таласады кедейдің жабағысы.

Кез бүгін қара жерден шаң шығатын,  
Кез бүгін жыр тұлпарға қамшы ұратын.  
Алымыңа қарымың сай болмаса,  
Ініңнің найзасына жаншыласың.

Сырлы сөзді сарала санаңдағы,  
Қүдіретті өнер дарыған саған-дағы.  
Өзіңмен біраз жақсы желіп көрсем,  
Менің де беріледі бағам-дағы.  
Он жыл бұрын айтысты тастадым деп,  
Таймаған тұлпар едің тағаң- дағы.  
Арқырап келіп қалған аманбысың,  
Азуы алты қарыс Аманғазы.

## АМАНҒАЗЫ:

Сөздері сыраға бал, сыйға татым,  
Келместен бір жармастың Ринат ақын.  
Ағаңа сөз берместен бастап кеттің,  
Түрің бар бұл айтыста қирататын.

Заманның үркітті ме сырқаттары,  
Өлеңнің тағы да ұшты сыр сақтауы.  
Ассалаумағалейкум, қазақ деген,  
Тарихтың тамшылаған бұршақтары.

Келеді мен де сырды айта бергім,  
Әйтеуір бір ұлы едім байтақ елдің.  
Он жыл бұрын Төкен ағам жазба ақын деп ед,  
Қайтып келген қыздардай, қайта келдім.  
Ал, бүгін тәуелсіздік айтысы деп,  
Сонан соң жан сырымды айта келдім.

Жәнібек, Қабанбай мен Ақтамберді,  
Боранбай, Ырғызбайдың ұрпақтары.  
Абай мен Мұхтар болып күллі әлемге,  
Тұтанды киелі елдің бір шақпағы.

Қоғамда ақ-қараны өлшетпеді,  
Қарынның қасіретін көрсетпеді.  
Мерекең құтты болсын қазақ деген,  
Тарихтың мұң көтерген бөлшектері.

Жібердің полигон мен химияны,  
Жоғалған қойдың орны қи-қи әлі.  
Сібірің сары аязы сапырса да,  
Рухымен суытпапты сыйлы ұяны.  
Аман ба, кешегі алаш астанасы,  
Бүгінгі Өскеменнің филиалы.

Қоғамда қызыл шөлмек шағып келдім,  
Кеудемнен пенделікті қағып келдім.

Мінеки, ақындардың басы болып,  
Оққа тіреп, жырдың отын жағып келдім.  
Елу екі градус аязды естіп,  
Жылуын оңтүстіктің алып келдім.  
Кешегі желтоқсанда бел тіресіп,  
Еліме көк галстук тағып бердім.

Тұғырдан құлатсақ та сан алыпты,  
Көтерген құбылысты сана мықты.  
Өлеңнің өзегінен үшқын шашып,  
Айта отыр тағы да, інім, жаңалықты.

### **РИНАТ:**

Ұлы Абайға сиынсам,  
Аруағы қолдайды.  
Қателессе сөзінен,  
Ешбір ақын оңбайды.  
Қайтып келген қызбын деп айттың,  
Болып отыр сол қайғы.  
Қайтып келген қыздардың,  
Қайырлысы болмайды.

Ендеше сөз айтамын үре бермей,  
Сен де ойыңды бір сапыр шын өлеңдей.  
Жаман атқа ие болып нең бар еді,  
Баяғы өлең жазып жүре бермей.

Айтайын бұл еліме саналы ұғым,  
Бала деп көрінбесін шалалығым.  
Ал, ендеше ағаеке, құлақ түрсең,  
Мен айтайын Семейдің жаңалығын.

Ақтап біз үміттерін сан ғасырдың,  
Қуаныштың тандарын алмастырдым.  
Дірілдеген қалпыңды сен жүқтырып,  
Мына мені сөзден де алжастырдың.  
Дүниедегі төртінші көпір салып,  
Еуропа мен Шығысты жалғастырдым.

Інісіне аға кінә тағады ма,  
Әрбір сөзі Аманның саралы да.  
Егер бұлай қалшылдауды қоймасаңыз,  
Басындағы қалпағың түсіп қалады да.

### **АМАНҒАЗЫ:**

Інімнің жараспағты келекесі,  
Қазақтың құтты болсын мерекесі.  
Қайтқан қыздың көз жасын төркін білер,  
Қайтқан малдың бар дейді ғой берекесі.

Осы да бір қазақтың заманы ғой,  
Шыңдалсын, інім, бүгін талабың-ай.  
Теңдікті көзбен көрген жырламасам,  
Сенің де жарытарың шамалы ғой.

Семейдің полигонмен аты қалды,  
Полигон кеткенменен таты қалды.  
Арматур, релісің мен көп металды,  
Арзанқол қытайлар кеп сатып алды.  
Полигон кеткеннен соң Өскеменге,  
Қалғанын бір-ақ оқпен атып алды.

Көпірді мақтаудан да жалықпайсың,  
Асылып арқаныңда қалықтайсың.  
Жарысып не қыласың жабағы інім,  
Ағаңа ілесем деп арықтайсың.

Інім де киелі елдің досы болсын,  
Әрдайым көңіліңнің хошы болсын.  
Еуропаң керек емес жалғастырған,  
Қазақты тығырықтан алып шығар.  
Ізгілік көпірі де осы болсын.

Жаңалық керек болса қораланып,  
Кеп жатқан сары халық пен қара халық.  
Буддистер, бахавистер, кришнайттер,  
Іште жүр жылан құрттай орап алып.

Быжып жүр шетелдіктер шегірткедей,  
Барыңды, балығыңды тонап алып.  
Шетелге шашып жатқан көп металдан,  
Шекара орнатуға жарамадық.

Жүрмесек талай жерде қауақ теріп,  
Жырынды біз де жүрміз сауап көріп.  
Тағы да не сұрайсың бұл ағаңнан,  
Өтейін қолдан келсе жауап беріп.

Кешегі желтоқсанда тілімделіп,  
Жонымызды жамады жырым келіп.  
Құдайым зар заманда ұрда-жығып,  
Кетіп ек сол заманның түрін көріп.  
Айтысқа бір желтоқсан қатысып ед,  
Кеудеден сен итердің бүгін келіп.  
Ойда жоқ қатысқанда бір батырды,  
Қирататын түрің бар қырын келіп.

Кешегі желтоқсанда аспанменен,  
Тілдесіп жұлдыз болып ақсам деп ем.  
Ордасын өктемдіктің шашсам деп ем,  
Күл қылып, отын қылып жақсам деп ем.  
Тарихтың төрт аяғы көктеп келіп,  
Халқымның көз алдында жатсаң деп ем.  
Мен сөйтіп дария болып тассам деп ем,  
Мысыммен өктемдікті бассам деп ем.  
Сонан соң шындықты айтып шыр айналып,

Ғасырдан ғасырларға қашсам деп ем.  
Сол кезде сен бар болсаң жанар ма едің,  
Өмірден өз жолыңды табар ма едің.  
Ер мінез Қайраттардай елім үшін,  
Алауын бір жеңістің жағар ма едің?  
Жоқ әлде көлеңкеңнен қорқып сен де,  
Үндемей жатағыңда қалар ма едің?



## РИНАТ:

Білмеймін жалғаның ба, шындығың ба,  
Бұл ағам шыныменен бұлқынуда.  
Өзіндей арыстандар шыққан кезде,  
Жатақта жатып алар, жындымын ба?

Санадағы сөзі елдің сарқылмайды,  
Мерейі қазағымның алтындайды.  
Бізге де бұл күндері батып жатыр,  
Өзіндей жеп жүргені батыр қайғы.  
Отыз жыл ақша төлеп жүресің деп,  
Бұл ағам басқа жақтан жақындайды.  
Елу жыл ақша төлеп жүрсем-дағы,  
Мерейі қазағымның сатылмайды.

Бұл ағам пейілдесім бола қалсын,  
Ниетсіздер нағыз асыл бола ма шын.  
Ендеше мен де біраз сөз айтайын,  
Қыран жырдың сыпырып томағасын.

Опасыздар орнағасын өр жағыңа,  
Оңтайлар орамдасын өз жағына.  
Ойрандап ортаңда жүр опасыздар,  
Осылай өсер заман орнады ма?  
Жүгенсіз бәлелерің кеше келіп,  
Ұлы жерде жарған алып бомбаны да.  
Қытайлар Ертісінді бұрып алса,  
Түйедей шөлге қазақ сонда шыда.  
Қазаныңда қырып алар қаспақ қалмас,  
Қанағат дей берсеңдер қолдағыға.  
Жері үшін қасық қанын қиып кеткен,  
Бабалар сату үшін қорғады ма?

Кеудемде талай күйік жатталады,  
Оны айтпасам жүрегімнен жас тамады.  
Егеменді ел болдық дегенменен,  
Көш келеді түзелмей, ақсап әлі.

Қыздарың қонақ үйдің маңын торып,  
Қашанғы қайран намыс тапталады.  
Апалар жүр базарда арақ сатып,  
Күн көретін қалмаған соң басқа амалы.  
Алты айлық пенсиясын ойлап кетсе,  
Еңіреп егілуге шақ қалады.  
Мына заман не болып барады деп,  
Зар қағады ауылдың ақсақалы.  
Ал, енді өзің айтшы, Аман аға,  
Мына заман бізді қайда апарарды?

### **АМАНҒАЗЫ:**

Сен де бір ұлы өнердің ақтабаны,  
Осымен таусылды елім мақтағаны.  
Жөн айттың жерін ешкім жоқтамады,  
Қара Ертісті бұрып ап орнына оның,  
Қара қытай қаптауы тоқтамады.

Байқоңырым Ресей боп үріп жатыр,  
Жер асты іштен тынып ұлып жатыр.  
Сыр бойынан тірлікті ысырып жатыр,  
Үкімет шекпендіге жерді сатып,  
Құлқынға ел байлығын бұрып жатыр.  
Ресейге тегін берген түсті металл,  
Төбеңнен протон боп ұрып жатыр.

Шығады жақсылық та үйден күліп,  
Қайтеміз бұл елімді имендіріп.  
Қонақ үйлік қыздарды айта бермей,  
Көңілді отырсаңшы күйге ендіріп.  
Біреуін құтқарсаңшы одан да сен,  
Өзіңді жіберейін үйлендіріп.

Кеуденде заманды ойлап із қалады,  
Ағанның енді ашылды мұз қабағы.  
Тезірек үйленбесең құдай да енді,  
Сендерден жалғыздығын қызғанады.  
Одан да қасіреттен құтқарсаңшы,  
Бұл елде қаптап жүрген қыз баланы.

### **РИНАТ:**

Ағаке, айтшы неге сөзің ұзақ,  
Бұл ағам не деп маған көзін қысад.  
Қатын алып қайтемін он жетімде,  
Отыз үште үйленем өзің құсап.

### **АМАНҒАЗЫ:**

Сен де өзіңді биікке теңедің ғой,  
Ағаңды жақсы сөзбен жебедің ғой.  
Айға қарап жүрген жоқпын осы жаста,  
Елі үшін отқа түскен мен едім ғой.

Сайыстың осы болса басталғаны-ақ,  
Шығады ертеңіме жастан қонақ.  
Мен болсам, ұзақ жылдар бел тірестім,  
Ал, сендер неғып жүрсің аспан қарап?

### **РИНАТ:**

Бұл ағам бірсыпыра ақылды ғой,  
Айтпайды мына маған батылды ой.  
Қуғында жүрсе - дағы Мағжандарың,  
Жасында талай қызды қатырды ғой.

### **АМАНҒАЗЫ:**

Інім де бастап берді ерегесті ой,  
Ешкімнен айбаты да кем емес қой.  
Мағжан да бір серісі бұл қазақтың,  
Бұл ағаң сол Мағжанмен тең емес қой.  
Ондайдан мына ағаңның кем қалғанын,  
Тізетін, інішегім, сен емес қой.

Сөзбенен сөз сапырса көрікті елім,  
Ағаңды бір сынауға келіп пе едің?  
Тек қана ерлігі емес бұл ағаңның,  
Не істегенін сен тексеріп, көріп пе едің?

## АЙТАҚЫН БҮЛҒАҚОВ ПЕН ӘЗІМБЕК ЖАНҚҮЛИЕВТІҢ АЙТЫСЫ

### АЙТАҚЫН:

Амансың ба, Алатау, асқаралым,  
Сен тұрғанда мен кімнен жасқанамын?  
Амансың ба, көңілі жаз гүліндей,  
Жомарт елі оңтүстіктік астананың.

Ақ пейілі ұқсайтын,  
Алатаудың қарына.  
Алматылық, ағайын,  
Келдім сені сағына.  
Сүйінбайға сиынсам,  
Дем береді жаныма.  
Бақтыбайға сиынсам,  
Сөз салады жағыма.  
Ал, Әзімбек, көмілме,  
Енді менің шаңыма.

Өкіметті көшірдік Ақмолаға,  
Енді Алматым қазаққа жат бола ма?  
Шенеуніктер кеткенмен мафия бар,  
Айналмаса болғаны атқораға.

Зиялы қауым мұндағы,  
Көктегі күн, ай болса,  
Аппақ қардай Алматым,  
Атына заты сай болса,  
Қарма жеген жарлы да  
Байпаңдаған бай болса.  
Алатаудың бөктері,  
Иран баққа айналса.

Азаттықтың айналған ақ туына,  
Жандайшаптың көнбеген жаттығына.

Қасиетті Желтоқсан себеп болған,  
Бодандықтың қамытын лақтыруға.

Қанмен жуған Желтоқсан,  
Қасиетті алаңды.  
Сүріндірген Желтоқсан,  
Дінмұхаммед данамды.  
Дүр сілкінткен Желтоқсан,  
Он сегіз мың ғаламды.

Бұйырмады демесем қыз жаныма,  
Құдай әкеп байлап тұр тұзағыма.  
Желтоқсанда Әзімбек жолығыпсың,  
Тондырайын өлеңнің ызғарына.

Ала жаздай гөлайттап,  
Желпілдеген Әзімбек.  
Желтоқсанда Отансыз,  
Селкілдеген Әзімбек.  
Крыловтың шегірткесі  
Секілденген Әзімбек.

### **ӘЗІМБЕК:**

Жүйріктің мініп келдім жарамдысын,  
Өлеңнің өріп келдім орамдысын.  
Ақынға одан асқан бақыт бар ма,  
Халқының арқаласа бар алғысын.  
Арқалық қаласынан мен де келдім,  
Тең ұстап үзеңгімнің таралғысын.  
Айтыс десе арқасы бірге қозар,  
Көрермен астаналық, аманбысың.  
Жалаңдап сол жағымда сен отырсың,  
Секілді Айтақыным, жаналғышым.

Ал, енді ақтарайын өлең кенін,  
Қайран ел, сен болмасаң келер ме едім?

Халықтың біз білеміз баяғыдан,  
Киелі өнерменен көгергенін.  
Астана көшсе-дағы Ақмолаға,  
Көшпеген аманбысың, көрерменім.

Көп боп еді келмегелі астанаға,  
Астана боп кетіпті басқа қала.  
Кеткендердің орынын қытай басып,  
Қазақтар, қап қоймайық маскараға.

Бар нәрсе Ақмолада іліп алар,  
Бұл жақта бірі қалып, бірі барар.  
Егер де жүз мың бойдақ қыздар қалса,  
Олардың кім кеп енді сырын алар.  
Жекеше үйі болса сол қыздардың,  
Қытай кеп пропискаға тұрып алар.

Болмаса қамыңды ойлар бір адамың,  
Алашым, ашыла ма сірә бағың.  
Еліне жағатындай ісі жоқтар  
Білеміз Заманбектен құлағанын.  
Кешегі Премьерді қуған Зәкең,  
Қытайдың таппас пе екен бір амалын?

Кеп жүрген Әзімбектің аты дара,  
Бұл күнде ақын деген аты ғана.  
Атағым болмаса егер бір кездегі,  
Айтысқа Жүрсін мені шақыра ма?  
Әкім боп қайта келген Заманбектей,  
Ақын боп қайта шықтым сахнаға.

Ал, халқым, барлығыңды жыр етемін,  
Құлпыртып тотыдайын түлетемін.  
Көзіңмен көріп қалшы енді бүгін,  
Әйтеуір Әзімбектің тірі екенін.

Айтақын шыға салып секең етті,  
Байқаймын, өлең сөзге көкем епті.  
Өзіңді Жамбыл жаққа шақырып ап,  
Тепкізіп қояр ме еді текеметті.

Ақыным, атағыңмен көк тірейсің,  
Армандап айға қолым жетті дейсің.  
Қанекей сөздерінді жалғай түсші,  
Тағы да қайтып жерді тепкілейсің?

### **АЙТАҚЫН:**

Жамбыл қалаң өзгеріп Тараз болды,  
Мысқылыма Әзімбек араз болды.  
Әлде ұрттап алған ба “Таразынан”,  
Қоқиланып бұл неге қораз болды?

Алуан түрін арақтың,  
Алты әлемге тараттың.  
Парқын бұзған осы арақ,  
Салауатты санаттың.  
Мерейінді көрейін,  
Жырдан жаңбыр себейін,  
Алып келші, Әзімбек,  
Текеметіңе қосып ап,  
Тентегіңді тебейін.

Айтып кеткен Ілияс Матайдағы,  
Кенже, Тұңғат Матайда сақайдағы.  
Мен түгілі қобызшы Молықбайдың,  
Күй шерткенде жыбырлапты бақайшағы.

Сарбас ақын сайраған,  
Мұртын қаққан деседі.  
Шашубай да күйрықпен,  
Жорғалапты кешегі.  
Меніменен айтысқан,  
Бақайыма өш еді.

Жұқты маған солардан,  
Өнердің осы “кеселі”.

Химзаводың бар еді,  
Елдің үйін улаған.  
Винзаводың бар еді,  
Елдің миын улаған.  
Пайда қуған қуларға,  
Оңтайлы болды бұл заман.

### **ӘЗІМБЕК:**

Мен сенің айтқаныңа көне білдім,  
Байқаймын екпіні бар өлеңіңнің.  
Жарым жолға келгенде жалтақтайсың,  
Түсе алмасаң түйеге неге міндің?

Айтайын жағдаятты Жамбылдағы,  
Білесің шетелдіктің лаң қылғаны.  
“Лукойл” фирмасы кеп химзаводқа,  
Ол жақта елдің бағын жандырмады.  
Керекті жабдықтардың бәрін сатып,  
Есінен ел-жұртымның тандырғаны.  
Барлығын аш қасқырдай жалап-жұқтап,  
Біздерге ешнәрсе де қалдырмады.

Осылай шетелдіктер кетті қырын,  
Қалың ой толғантады көпті бүгін.  
Алпыс миллион арқалап долларларын,  
“Казфосфор” Алматыдан кетті бүгін.  
Тізгінді өкімет неге кеш берді оған,  
“Аузы сасық ауылдағының”, – депті бұрын.

Жүре бер, Айтақыным, тасқа сынбай,  
Отырсың маған қарап аш қасқырдай.  
Жүлқынып шыға келдің қайта-қайта,  
Бесті айғырдың бой бермес қасқасындай.



Екеуіміз заман жайын жырлайық та,  
Шындықты айтпай бүгін тұрмайық па?  
Түгендеп шықтық атын бабалардың,  
Өзіңді көп мақтауың лайық па?

Болдық біз бір-бірімізге неге бөтен,  
Қазақты қазақтай-ақ жеген екен.  
Пугачева Алланы құдай көрген,  
Ұғымы “Бутяның” да төмен екен.  
Алланың спонсоры болғанменен,  
Жүрегі өз ұлтына шемен екен.  
Туғанына түк бермес біздің байлар,  
Біздерге қараспауы неден екен?  
Егер де “иттің қиы дәрі болса,  
Сариды дарияға”, – деген екен.

Сен бүгін амалыңды асырасың,  
Айқайлап, тепкіленіп басынасың.  
Сен айтпасаң барлығын айтып берем,  
Неліктен мұндай жайды жасырасың?

Есімін бабалардың жаңғырт, далам,  
Қазақта қазақ болмас әнді ұқпаған.  
Тағы да қамшылағын намысыңды,  
Жүйрік ең шашасына шаң жұқпаған.

### **АЙТАҚЫН:**

Игәйіңә мына жұрт таң қалмайды,  
Жалықтырсаң бұл жерде жан қалмайды.  
Арық қойдың сорпасында дәм болмаса,  
Ақылсыздың сөзінде мән болмайды.

Көресің енді бағыңнан,  
Өз обалың өзіңе,  
Өзіңнен көр қағынған.  
Ұқсаймын деп тотыға,

Шықылықтап сауысқан,  
Жүрісінен жаңылған.

Мына заман қай заман, түрі жаман,  
Қасқыр құсап жортатын ұры заман.  
“Мен сенбеймін байыма”, – дегендейін,  
Зар жылатқан халықты сұры жаман.

Мына заман қай заман,  
Арбаны жарға айдаған.  
Екі қадам аттасаң,  
Базар толған айналаң.  
Бұлбұлдардың үні өшіп,  
Әтештері сайраған.  
Саудагердің заманы,  
Басы айналған пайдадан.  
Қылмыскердің заманы,  
Болып кеткен хайуанаң.  
Соның бәрін тиятын,  
Қайда тәртіп, қайда заң?

Біреу кедей, біреу бай,  
Ұшынып тұрған бұл заман.  
Жомарттың қолын жоқ байлап,  
Қысылып тұрған бұл заман.  
Қолынан келген қонжиып,  
Қонышын басқан бұл заман.  
Социализм сансырап,  
Мерт болғанда қансырап,  
Қайта туып капитал,  
Орнын басқан бұл заман.  
Күні үшін күйбектеп,  
Қазақ деген қайран ел,  
Малын сатқан бұл заман.

Желбір жекен желігіп,  
Арын сатқан бұл заман.

Доллар үшін домалап,  
Тәнін сатқан бұл заман.  
Шешіп беріп шекпенді,  
Алтынын да, мысын да,  
Мұнайын да, құсын да,  
Шедірейген шетелге,  
Бәрін сатқан бұл заман.

Ақын қайда сөзінен жау жасыған,  
Аққан бұлақ секілді тау басынан.  
Әзімбек те “Бас десен құлақ” дейді,  
Саудагердей жаңылған саудасынан.

Өлеңіңнің ұйқасы  
Шала піскен бөлкедей.  
Олақ әйел құраған,  
Көк жібі кеткен көрпедей.  
Шайнауға тіпті келмейді,  
Тарамыс болған желкедей.

### **ӘЗІМБЕК:**

Батырлар ел қорғауда өтті арланбай,  
Жайың бар оны айтуға оқталғандай.  
Жаудың бәрін шаптырып болдың ғой сен,  
Арпа, бидай ас деген күн кеп қалғандай.

Қайран ел, бастан нені өткермедің,  
Қанатты қиындықта көп сермедің.  
Өз туың, Әнұраның, Елтаңбаң боп,  
Байрағы азаттықтың көкке өрлегін.  
Шайқалмай шаңырағың шарықтай түс,  
Жаратқан, осыны тек көп көрмегін.

Байқасам бұл Айтақын теңіз дейді,  
Жыртықтың бәрін түгел негіздейді.  
Ағындап алға қарай жылжымасак,  
Жыламаған сәбиді емізбейді.

Жатқандай көкейіңнен от өріліп,  
Отырсың елдің жайын өте біліп.  
Одан да жақсылыққа жорысаңшы,  
Қалсын бір елдің жалы көтеріліп.

Қосылып көпшіліктің жарысына,  
Салайық қамшыны біз намысына.  
2030-ыншы жылды күтпей,  
Айналайық Азияның барысына.

Қазаққа бақ пен Қыдыр қона жатса,  
Құдайым, сөйтіп елім пана тапса.  
Бүйрегі бюджетіңнің томпаймады,  
Жабылып жатқанымен балабақша.  
Аузынан сәбилердің жырып алған,  
Кімге опа болып жатыр арам ақша?

Айтақын, әңгіменді бастай бергін,  
Тағы да сауалыңды тастай бергін.  
Әйтеуір көзі ашық ақынсың ғой,  
Манағы сөздеріңді қоштай келдім.

### **АЙТАҚЫН:**

Бөбекті айтып Әзімбек дау қылады,  
Жамандаған жақынын жау қылады.  
Балабақша түк емес біздің қазақ,  
Туберкулез, мерезбен ауырады.

Айтақыныңнан не пайда,  
Төрде отырған төрелер  
Сөзіңе құлақ салмаса.  
Аштан қазақ өлмейді,  
Мендеп жатқан індеттен,  
Қырылып бір күн қалмаса.

Қасіреттің жамылдық бүгін торын,  
Байқайсың ба, ақыным, мұның сорын.  
Орта Азия ішінде Қазақстан,  
Алады екен СПИД-тен бірінші орын.

Жүйрігі сенсің Тараздың,  
Ел мақтаған ақтабан.  
Биі де сенсің Тараздың,  
Дауы болса жатпаған.  
Көсемі сенсің Тараздың,  
Көш-керуенін бастаған.  
“Қазақ елі” газеті,  
Жар салып жүр жаһанға,  
Жамандық жерде жатпаған.

Қарағанды жерінде,  
Қазыбектің елінде,  
Үш жүз елу адамы,  
СПИД-пенен ауырып,  
Қазақты сыртқа жау қылып,  
Ел намысын таптаған.  
Күдіретті құдай да,  
Сақтанғанды сақтаған.

Ұрпақ жайын кім айтар бұл ертеңгі,  
Жұбатпайды көңілді жыр-ертегі.  
Ұстаз қайда бұл күнде ұлағатты,  
Ақша жинап балдардан күнелтеді.

Мектепке бармай кей бала,  
Қатардан қалып мұңайды.  
Кітап пенен жылуға,  
Ұстаз ақша жинайды.  
Айтатын болсам мен шындық,  
Соқыр көз де жылайды.

## ӘЗІМБЕК:

Айтақын осы қап ед жетпегендей,  
Отырсың бір асауды ерттегендей.  
СПИД-ті айтып сен өзің қоймайсың ғой,  
Осыны он жыл бойы зерттегендей.

Қарайсың қайта-қайта оң жағыңа,  
Ойыма көңіліңіз толмады ма.  
Мынадай сөздеріңмен, Айтақыным,  
Қалдырарсың жарты жолда молданы да.  
СПИД пен мерездердің бәрін зерттеп,  
Доктор боп кетпесеңіз болғаны да.

Әрине мұғалімдер жылайды ғой,  
Олар тек шәкіртімен шырайлы ғой.  
Болмаса білім берер ұстаздарың,  
Мектебің бір-ақ күнде құлайды ғой.

Айтақын біраз жайды ұқпады ғой,  
Айтқаны құлағыма жүкпады ғой.  
Келе сап бәрін айтып түк қоймадың,  
Аузыңнан бір жақсы сөз шықпады ғой?

Еліміз болашаққа беттесін де,  
Қайғы-азап, қияметті шекпесін де.  
Жақсылыққа жорып айт сен одан да,  
Жамандық шекарама жетпесін де.

Белгілі көсемдігің, даналығың,  
Қалмапты қырықта да балалығың.  
Өзінді күтіп едім он сағаттай,  
Осы ма айтатұғын жаңалығың.

Сен бүгін айттың біраз ойларыңды-ай,  
Сарқытпен келуші ме ең тойға мұндай.  
Сөздерің шашыраңқы болып кетті,  
Қойшының қасқыр шапқан қойларындай.

Шабыттың айналдырып диірменін,  
Отырасың келіспей күйінгенің.  
Тағы да айтысатын ақындар бар,  
Айтеке, осы жұпты түйіндегін.

### **АЙТАҚЫН:**

Айып па екен мен мұны ашып айтсам,  
Жол бермейтін жолбарыспын қарсылассаң.  
Табылады қысыр сөз іздегенге,  
Сылтау қылып өлеңді салғылассаң.

Өлеңің теңіз тереңі,  
Айташ елге сенеді.  
Жаманды айтпай жақсылық,  
Әзімбек, қайдан келеді?

Елбасының талқылап жолдамасын,  
Қалай мұны ақындар қолдамасын.  
Дұрыс болса бағыты қарашасы,  
Хан жарлығын қалайша қорғамасын.

Жүзеге асса әр ісі,  
Қолдаса жас пен кәрісі.  
Қазақстан болады,  
Орта Азия барысы.  
Жүрегіңнің түгі бар,  
Жолдан таймас жолбарыс,  
Мұқалмаса намысы.  
Қыран қонар өр болсын,  
Көңіліңіз көл болсын,  
Тілерім сол Тәңірден,  
Төрт құбылаң тең болсын!

### **ӘЗІМБЕК:**

Көрермен, ошағыңнан от кетпесін,  
Өмірің қиындықпен тек кетпесін.

Айтақын, бұдан былай шіренбегін,  
Тартпаңыз байқаусызда шорт кетпесін.

Айбатты арыстандай ақырайық,  
Бұл айтыс біздер үшін болды лайық.  
Қоштасайық сахнадан қимастықпен,  
Тату-тәтті достардай ал, тұрайық.

## МАҚСАТ ЖҰМАШЕВ ПЕН ҚАНЫША РАЙЫСОВАНЫҢ АЙТЫСЫ

### МАҚСАТ:

Ақындар жырын елге арнады ма,  
Реніш болмасыншы қалғаныма.  
Қанышадай апамды ертіп бүгінгі күн,  
Халқым-ау, тағы шықтым алдарыңа.  
Ал, енді Бісмілла” деп сөз бастайын,  
Сиынып ата-баба аруағына.

Атыңды тұрмын тәте атай қалып,  
Кетейін қасиетті батаңды алып.  
Ақыры апамызға қосылдым-ау,  
“Қазығын табар, – деген, – ат айналып”.

Ал, апа, өзіңізге сәлем етем,  
Қиылып алдыңыздан әрең өтем.  
Қанышадай апамызды көрдіңіздер,  
Жеріндей Жетісудың әдемі екен.

Халықтың қазынасын жыр етемін,  
Апама қарай қалсам дір етемін.  
Бұл күнде Алматы мен Талдықорған,  
Әрине, білесіз ғой бір екенін.  
Алдында көрерменнің дәлелдейік,  
Қанеки, Жетісудың кім екенін.



### **ҚАНЫША:**

Дегендей жақсылықтың жалғасымыз,  
Төтті оймен, текті сөзбен алмасыңыз.  
Бөліп-жарар түгі жоқ бұл екі елдің,  
Екеуміз бір өзеннің арнасымыз.

Өзгеден сөз саптасың ірі сенің,  
Әрине, айтқан жоқпын мұны тегін.  
Апалап отырғанда не айтамын,  
Тіледім тек бекзаттық, інішегім.

Сөйлесең сөзінді егер жүйесімен,  
Өзінді іні деуге тиесілі ем.  
Селт етіп не көрінді қарап маған,  
Қолдаймын кимешектің киесімен.

Жансың-ау өзгелерден жайың бөлек,  
Сананды сауықтырар пайым-дерек.  
Жүрсін-ау, мына айтыс қалай болды,  
Шығады жеңге менен қайын деп ек.

Бұл өзі айтыс деген қатал ағын,  
Көрсетші сапалы жыр сапаларын.  
Қайын ғып қаққанда қан алар едім,  
Оралып етегіме апаладың.

### **МАҚСАТ:**

Мақсаттар бағытынан адаспайды,  
Басыңа әкелдім бе оғаш қайғы?  
Қазақтың қасиетті қыздарына,  
Жеңге деп төмендеткен жараспайды.

Шықтым ғой жастығыма қарамастан,  
Бала ем үлкендермен араласқан.  
Екеуміз жақсы айтыс жасайық та,  
Бұл қауым жалығып бір тармастан.

Себеп бар апа десем тегі менің,  
Мен осы жеңге жайлы не білемін?  
Бастағы шаңырақ боп тұра білсең,  
Астында кереге боп керілемін.

Бір кезде өндірістің алды болған,  
Дәл қазір ауытқыған заңды жолдан.  
Жағдайын Алматының мен айтамын,  
Не тірлік жасап жатыр Талдықорған?

### **ҚАНЬША:**

Бұл інім сұлу сөзді сұрыптады,  
Қысқалау болып жатыр кулықтары.  
Алдыма апалап кеп отырып ап,  
Шіркін-ай, қу дінкемді құртқаны.

Бір кезде бұл айтысың дүркіреді,  
Айтысты дүркіреткен Жүрсін еді.  
Көп адам Ермановқа қарсы шығып,  
Нөсер жыр басылмады, сіркіреді.

Қолдасын аруағымен Дінмұхаммед,  
Өзіңсіз осы кеште жыр құсалы ед –  
Қайырымың қайтсын дедім бір Алладан,  
Өнердің құлы болған – Құл-Мұхаммед.

Бұл апаң тістетпейді, тартыспайды,  
Қайтейін сөз ғып енді артық жайды.  
“Хабардан” жұртқа аян ғып жатқан жоқ па,  
Сатылмас қазынамыз айтыс жайлы.

Бұл сауда болды әйелге басыбайлы,  
Шаршаған өңінен мұң шашырайды.  
Еркегі жұмыс жоқ деп үйде жатып,  
Дірдектеп әйел байғұс асырайды.

Ал, енді бұл өмірге көзің қалай,  
Селт етер сергектік бір сезім қалай?  
Мақсатжан, мына жұртқа айта қойшы,  
Айтылар болашаққа сөзің қалай?

### **МАҚСАТ:**

Аруақтар әуелбастан қолдағанда,  
Ақындар, тындандаршы толғағанда.  
Әрине, Жүрсін ағам бұл айтысты,  
Бастады салиқалы оң қадамға.

Не керек осы күнде тасынғаным,  
Одан да дұрыс болар ашынғаның.  
Осы күні көрсек те үндемейміз,  
Шетелдіктер әбден-ақ басынғанын.  
Жұмыссыз ер жігіттер тентіреуде,  
Байқадық қылмысқа да бас ұрғанын.  
Сейфуллин көшесінде – күл базарда,  
Отыр ғой жұмыс тосып асылдарың.  
Бұл күнде сол күл базар аз болғандай,  
Естідік, қыз базардың ашылғанын.

Неге біз алау оттай жана алмаймыз,  
Әйтеуір қу тірлікте амалдаймыз.  
Қазақтар бетке айтуды білмейді ғой,  
Артынан не болар деп алаңдаймыз.  
Әкімдер билік құрса мақтаймыз да,  
Ал, ертең түсіп қалса жамандаймыз.

### **ҚАНЫША:**

Көкесі осы болды сыбағаның,  
Шықпады, сірә, алдымнан сұрағаның.  
Осылай ақиқатты айта білер,  
Өзіндей ұл туғанға қуанамын.

Өзіндей әр нәрсені сөз қылмайын,  
Жібекті білместерге бөз қылмайын.

Соншама кеңкілдейсің неге, Мақсат,  
Жаттап ап жаңылмайсың елдің жайын.

Шоқ болып айтқан сайын маздайсың ба,  
Ойыңды терең етіп қазбайсың ба?  
Тіліңнен, қолыңнан да келіп тұр ғой,  
Заманды жарқыратып жазбайсың ба?

Жатырсың жаттауыңды ала келіп,  
Артынан шынығарсың маған еріп.  
Айтыстың тағы жолы болмады ғой,  
Отырмын баламенен бала болып.

Арна боп Жетісуға ақшы дедім,  
Риза боп әр сөзіңе жатсын елің.  
Апалаған тіліңнен айналайын,  
Айт күні кимешекпен бақ тіледім.

## **СЕРІК ҚҰСАНБАЕВ ПЕН ӘСЕЛХАН ҚАЛЫБЕКОВАНЫҢ АЙТЫСЫ**

### **СЕРІК:**

Желпініп желмая жыр желгеннен соң,  
Тереңнен сөз маржанын тергеннен соң,  
Айтысты бісміллә деп бастап кеттім,  
Сөйле деп апам кезек бергеннен соң.

Жайым жоқ енді сөзден тарығатын,  
Шығады сөзім жанып анық ақын.  
Түнжарым болса-дағы мынау залың,  
Түрі жоқ айтыстан бүл жалығатын.  
Мен-дағы бір бақытты адам болдым,  
Екі бірдей жолыққан халық ақын.

Әлі де бүлкілдейді салар өнім,  
Апасы, өлеңінді бағаладым.

Төсіне Алатаудың дүбір салып,  
Үкілеп жыр тұлпарын тағаладым.  
Болғанда халқым теңіз тебіренген,  
Төсінде шарықтаған шағаламын.  
Осылай қос ақынға жұптап салған,  
Жасай бер ортадағы, ағаларым.  
Сіздерден үлгі алсақ жаңылмаспыз,  
Дұшпанға жыртылмаған жағаларың.

Көңілің аш бөрідей жалақтасын,  
Өлеңде бірге болған табақтасың.  
Шалғайда жатса-дағы Әсел апам,  
Көңілі жақын өзі қабақтасым.  
Інісі осыменен сәл дамылдап,  
Өлеңді Әсел апам сабақтасын.

### **ӘСЕЛХАН:**

Жырлайық жалықтырмай халықтарды,  
Уақыт талай жерге барып қалды.  
Аруағына бір-екі сөз айтайықшы,  
Арналды деп айтқан соң алыптарың.

Абай – бас, Жамбыл – жамбас, Мұхтар – мойын,  
Бірінің алға апарған бірі ойын,  
Ғаламның қарашығын қарықты ғып,  
Қаптаған інжу-маржан тұла бойын.

Жақсыдан өшпейтүғын із қалады,  
Кейінгі ұрпаққа үлгі нұсқағалы.  
Халқымен көзайым боп жасай бермек,  
Алаштың аласармас үш тағаны.

Жасқанбай ағалық бір атағынан,  
Бұл Серік сөз бастады шатағынан.  
Сұққылап саусағымен түк қоймайды,  
Жұлмалап Қонысбайдың сақалынан.

Көрсетгі осы жерде ағаң қандай,  
Беретін бұл өнерге бағаң қандай?  
Халық ақын маңдайыңа бұйырып тұр,  
Бар енді сыбағаңыз маған қандай?

### **СЕРІК:**

Өлеңнің түскеннен соң сапарына,  
Кеп қалдым, ақын апа, қатарыңа.  
Бәйгеде біреу озар, біреу қалар,  
Ол, сірә, күндегенге жатады ма?  
Абайлап тамыр басып сөз сөйледім,  
Ағамның қол салғам жоқ сақалына.

Бұл сөзді зерделі жұрт тыңдайды ма,  
Шарққа сап шар болатты шыңдайды ма.  
Ағаның сақалына қол салғанша,  
Ағайын ондай қолым сынбайды ма.

Қашанда ағаларды саялаймын,  
Сөзінді, өзінді де аялаймын.  
Деген бар күш атасын танымайды,  
Жаңылған жерінде, апа, аямаймын.

Көңілің жадырап тұр күз емес қой,  
Мынау жер ел ортасы, түз емес қой.  
Көріп жүрген он бес жылда сол сыбаға,  
Оған да жаситұғын сіз емес қой.

### **ӘСЕЛХАН:**

Қашанда жүзі сынбас елі бардың,  
Қазақи Алатаудай төрі бардың.  
Қарағым, аямасаң аямай көр,  
Бөлені сенен келген көріп алдым.

Апаңды онда тыңда ал, қарағым,  
Жырыммен жақсыларды баурап алдым.

Қызмет, мансап емес, дүние емес,  
Тағдырдан өлең еді даулағаным.  
Көркімді көп аттыға бұлдағам жоқ,  
Жұртымды өлеңіммен жаулағанмын.  
Не керек Майлықожа, Құлыншақтың  
Жұртына талай барып аунағанмын.  
Әмірлі әкімдерге қарсы шықтым,  
Асынып Махамбеттің жау-жарағын.  
Мен бүгін жақсылардың жалғасы боп,  
Назарын дүниенің аударамын.

### **СЕРІК:**

Өзіңдей жырда бүгін сыңарым бар,  
Төгілген көшемізде жыр-әнің бар.  
Әлгінде өзің айтқан Түркістанмен,  
Арыстан баб қанбай жүрген құмарым бар.  
Сол елдің топырағын түйіп алып,  
Мойныма салып алған тұмарым бар.

Ел ойлар ақын жырын толғайды деп,  
Толқиды жырдан сәлем жолдайды деп.  
Жүрегім менің - дағы сезіп отыр,  
Сүрінсе Серік қазір сорлайды деп.  
Өзімше мен де ойланып отырмын ғой,  
Топырағы бабаның қорғайды деп.

Атың бар Әселхандай қазағымда,  
Әзірге тарқаған жоқ базарың да.  
Қырықтың қырқасына шықсаң-дағы,  
Қыздай боп нұр төгеді ажарың да.  
Әуелден жарқырап кеп топқа кірдің,  
Келесің жақсы, жайсаң назарыңда.

Алдыңда үміт оты күлімдесін,  
Өзіңді ел жұлдызды, айлы түнім десін.  
Сыр бермей сара жолдан желіп өттің,  
Ешқашан осалдығың білінбесін.

Алла деп үкілеген жыр тұлпарын,  
Тілегім өле-өлгенше сүрінбесін.

### **ӘСЕЛХАН:**

Серікжан ел сенімін ақтай берсін,  
Әпкесін үйтіп-бүйтіп мақтай берсін.  
Түркістанның түйсеніз топырағын,  
Тіл-көзден сені, қалқам, сақтай берсін.

Халқыңа қарызың көп өтелетін,  
Ізгі ойлар көңіліңді жетелесін.  
Болған соң азамат боп әріптесім,  
Сен-дағы ер күнәсін көтересін.

Біріміз - бірімізді мақтап алып,  
Айтылар сөзді артқа сақтамалық.  
Қоғамның шіріп жатқан күнәсынан,  
Ерлерді шықшы, кәне, ақтап алып.

### **СЕРІК:**

Кеуденде бір жүйрік жыр құлшынады,  
Шабытың келген кезде жыр шығады.  
Байқаймын, апатайым аузын ашса,  
Көмейінен зар толы үн шығады.  
Қоғамның былығы мен шылығы көп,  
Соны айта алмай талайлар түншығады.

Інің ем өнерге бас иіп жүрген,  
Өзіңмен бірге елін сүйіп жүрген.  
Сөз сөйлеп тоқсан ауыз топ алдында,  
Тобықтай ғып айтарын түйіп жүрген.  
Қайтейін басшыларға тіл тигізіп,  
Онсыз да жаным содан күйіп жүрген.

Ақындар домбырасын қолға алады,  
Қолға алса заман жайлы толғанады.



Атын атап, түсімен түстемей-ақ,  
Айтайын қоғам жайын сонда-дағы.

Бұл күнде аңтарылып халық деген,  
Жете алмай жетер жерге зарықты өлең.  
Ауылда тауық милы басшылар көп,  
Қалғандай қайранда бір ауып кемең.  
Осыны жер-жерлерде айтыста айтып,  
Басшылар құлағына салып келем.  
Мал бітті өрісінде, ей, ағайын,  
Геноцид боп кетед деп қауіптенем.

Барады саясатқа айналып жыр,  
Пысықтар шаппай-ақ та бәйге алып жүр.  
Айлық жоқ ала жазда мынау халің,  
Бар теңге базарынды айналып жүр.  
Банкир мен коммерсанттың ым-жымы бір,  
Мұрттары сорпа ішкендей майланып жүр.

Туады, халқым, жарқын күнің анық,  
Зарды да біз айтамыз күліп алып.  
Кендікті кең даладай көрсететін,  
Қазағым – пейілі кең ұлы халық.  
Осы ойды, Әсел апам, үзбеңіз тек,  
Жөнелші әрмен қарай іліп алып.

### **ӘСЕЛХАН:**

Екен ғой өлеңіңінің сынық тасы,  
Ұғылды анадайын ғұрып басы.  
Тауыққа теңеме ол жамандарды,  
Адал ғой тауықтың да жұмыртқасы.

Кеп жатқан қайда осы тәуелсіздік,  
Дегенмен тәуелсіздік күдер үздік.  
Әншейін дабырайған нәрсе сынды,  
Әңгіме қылатұғын сіз бен бізді.

Айтпайды ақын өлең тоқтығынан,  
Не пайда сахнада соқтығудан.  
Қасірет шегіп жатса қалың халық,  
Әлі сол тәуелсіздік жоқтығынан.

Келген жоқ тәуелсіздік бізге әлі,  
Әзірше сор татиды оның дәмі.  
Бостандық, бостандық деп, бостандық деп,  
Бос қалған бос сандықтай кетті сәні.

Қоғамның тұрғаннан көп жығылғаны,  
Жаныңның жыбырлай ма шыбын жаны.  
Аландап Ресейге отырмыз ғой,  
Сағаттың қозғай алмай тілін-дағы.

### **СЕРІК:**

Болашақ болжап көрсем көктем екен,  
Саясат сенің сұрқың өктем екен.  
Дамыған барлық елдер бұл қазақтың,  
Қазіргі кезеңінен өткен екен.  
Әлемге аты шыққан жапондықтар,  
Отыз жылда осы халге жеткен екен.

Ақын ем көңіліңді жасытпаған,  
Деп ойлаймын көңілің ашық маған.  
Ақын ба бұндай тойда тебіреніп,  
Көңілден қос өзен жыр тасытпаған.  
Бізге де келеді, апа, ондай күндер,  
Арбамен қоян алар асықпаған.

Көңіліңде гүлдей берсін көктем гүлі,  
Көрінсін өлеңіңнің өктемдігі.  
Шәрият елінен келдің деп Шәмші ағаның,  
Айтып ем өзіңізге өткен жылы.

Ақындық парызың сол өтелді ме,  
Намыс та келді қолдан кетер, міне.

Көшесін біз бергенін құлақтандық,  
Ал, басын Шәмші ағаның көтерді ме?

Ініңіз жыр маздатып жағып отыр,  
Өзіңе кінә етіп тағып отыр.  
Әрине, оған апам кінәлі емес,  
Ішінен басын шайқап налып отыр.  
Елдегі әкімдерің мәселені,  
Көтермей, ақын апа, неғып отыр?

### **ӘСЕЛХАН:**

Бұл күнде айналып тұр бұл расқа,  
Замана кетті тіпті жылымасқа.  
Шәмшіні аяулауға, көтеруге,  
Болып тұр Шәмшекеңнің жүзі басқа.

Тіл кеспей айтарды айтып қалу керек,  
Жерінде өзің айтқан қалу керек.  
Бір істі Шымкентге бітіруге,  
Алдымен Дулат болып алу керек.

Кентаулық естідің бе кеншілерді,  
Асусыз бір тұйыққа ел тірелді.  
Алмаған соң ай-жылдап жалақыны,  
Ашуы кеншілердің өршіген-ді.

Білместен күн батысын, таң атысын,  
Қопарған қара жердің қара мысын.  
Кеншілер жұмысына қайтады ғой,  
Қайтарса мемлекет жалақысын.

Ашығып арлан жатса иіретіліп,  
Әу түлкі жем қылмай ма шиге тығып.  
Көгертті мына заман ішімізді,  
Бітпестен, я қоймастан сүйретіліп.

Көп жоқтың бір жоғы ғой олардікі,  
Ойымен орала ма қоғам құты.  
Теңге емес, теңдік іздер күн туар ма,  
Аяққа басылды деп адам құны?

Қиын ғой мына заңның есеймегі,  
Жаншылды ел арманы көкейдегі.  
Білсе де ақ-қараны ләм деместен,  
Үн-түнсіз отыр Шымкент дөкейлері.

Қарасаң кіршігі жоқ бой, басына,  
Құрық та бойламайды айласына.  
Заңгерлер залым молда болып кетті,  
Шарифатты бұратын пайдасына.

### **СЕРІК:**

Ақиқат ақ сөйлеуді ұнатады,  
Өлмейді, өркендейді гүл атады.  
Қайсы бір дінде жүрген дүмшелерің,  
Жігерінді құм қылып уатады.  
Бұл күнде қалталының бәрі қамы,  
Ондайлар біздің кезде жын атады.

Шалқымай қалмас көңіл, сірә, бүгін,  
Өлеңнің маздайтұғын шырағымын.  
Домбыраң сөйлемей көп, Әсел апа,  
Кеп жатыр жәрдемші боп мұғалымың.

Шәмшінің жайын сізге жүктеп едім,  
Ойымнан шықпады ма діттегенім.  
Аядай Шымкентті бұл не сұмдық,  
Көзімді бақырайтып жіктегенің.  
Халық деп сөйлейтұғын ұлы ақыннан,  
Мен мұндай рушылдық күтпеп едім.

## ӘСЕЛХАН:

Айтысқа шықты ақындар,  
Серіппедей атылып.  
Бірлікті айт деп отырсың,  
Жауыр болған тақырып.  
Айта-айта ақындар,  
Ауыр болған тақырып.  
Көп ішінде көсемдер,  
Бірлікті айтар қатырып.

Былай шыға көз қысар,  
Өз жүздесін шақырып.  
Ел бөлініп жатқан жоқ,  
Ел басқарған көкелер,  
Бақылдаған текелер,  
Түшкіргені мәкүрік.

Аузына алып құдайды,  
Өп-өгірік жылайды.  
Қора-қора сабан сөз  
Біріктірмес лайды.

Төле, Әйтеке, Қазыбек,  
Үш жүзімнің құтындай,  
Ошақтың үш бұтындай.  
Бірі келіп Сыр жақтан,  
Бірі келіп қыр жақтан,  
Бірі келіп ой жақтан,  
Бір қазанды қайнатқан.  
Ордабасы үстінде,  
Бір ошақты майлатқан.

Бір - бірін сөзбен аларда,  
Қарсы шықса соларға,  
Қисынын тауып әділет,  
Қиыса кеткен жол арна.

Осылардай ұл тумай,  
Шындық үшін жұлқынбай,  
Халыққа бірлік қонар ма?

**СЕРІК:**

Сөзімді сараладым, сапаладым,  
Өзіңді аяладым, апаладым.  
Кеудемде асау тайдай тулап әркез,  
Ағайын, саған деген жатады өнім.  
Жүрекке ұшқын тастап жібергенде,  
Серік деп айқайлаған шапалағың.

Заманды нарық, сірә, билейді екен,  
Сорлыға несібесі тимейді екен.  
Кешегі Абай атам айтып кеткен,  
Жаманды мынау заман илейді екен.  
Бөлінген басшыларың жүзге, руға,  
Неге, апа, жүздері күймейді екен?

Маржан ғып тағы жырды шашар ма еді,  
Құбылтып құба белден асар ма еді.  
Кешегі Ауғанстан секілді ғып,  
Соларды дар ағашқа асар ма еді.

Түңілме қазағыңның тірлігінен,  
Сұрап сен ал жинайсың жырды кімнен.  
Ынтымағы ыдырамай ырысты елдің,  
Құдайым айырмасын бірлігінен.

Осыған жауап іздеп кезген жаман,  
Жүрегің бір сұмдықты сезген жаман.  
Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы,  
Сыр бермей неге болсын төзген заман.  
Айт, айтпа сол қазақтың асыл қызы,  
Жерініп өз дінінен безген заман.

Құдайым қуат берсін дінімізге,  
Құдайым шуақ берсін тілімізге.

Ағайын, дініміз бен тілімізді,  
Өшірсек көрер ертең күніміз не?  
Тіл менен дініміз өшіп жатса,  
Шықпайды кеудедегі үніміз де.

**ӘСЕЛХАН:**

Болса да төрт аяғым тең секілді,  
Әлі де айтпағаным кем секілді.  
Лақтырып сый жарлықты тастамасақ,  
Созылар суға тиген көн секілді.  
Қыбырсыз мүшкілдіктен жақсылық жоқ,  
Арбалаған әбжыланға жем секілді.  
Серпіліп, дүниеге сергек қарап,  
Тазарып тәубе қылсаң жөн секілді.  
Домбыра алып не қып жүр мұны айтпаса,  
Ақындар сені менен мен секілді?

**ШОРАБЕК АЙДАРОВ ПЕН ҚУАНЫШ МАҚСҮТОВТЫҢ  
АЙТЫСЫ**

**ШОРАБЕК:**

Шетіңнен қырансындар шынға самғар,  
Алмайтын қамалың жоқ шындасаңдар.  
Айтысқа қиып келген мың теңгесін,  
Ағайын, айналайын, мың жасаңдар!

Жарасты әнімсіз бен сәніміз де,  
Түк қылмас қиындықтың бәрі бізге.  
Бабамыз біздің батыр болған ғой деп,  
Өлсек те қарамаймыз әлімізге.  
Армысың, алматылық ағайын-жұрт,  
Сәлем бердім кіші мен көріңізге.

Алайда аңдарымыз алтын боп па,  
Түспесе деп тілеймін халқым отқа.

Тіршілік үшін күрес жүріп жатыр,  
Басылып бас ішінде бар кнопка.  
Қарамай қарны ашып жатқанына,  
Қазақтың ән салатын салты жоқ па?  
Асығып жеттік мынау айтысқа да,  
Жүрсінді отырғызып банкротқа.

Жүйрікті жюри бүгін шеттетпесін,  
Ел-жұртым оларға өкпе етпесін.  
Айтыстың арты тағы опыр-топыр,  
Төбелес “без правил” боп кетпесін.

Шын талант бағы бүгін ашыла ма,  
Айласын ала аяқтар асыра ма.  
Айтысты қайдам енді, ал әйтеуір,  
Ел-жұрттың екі көзі машинада.

Қуаныш, сенің шығар шоқың қандай,  
Қалмасын жүрегінде отың жанбай.  
Шыдай біл шымшып айтқан сөздеріме,  
Екі жүз жиырма вольттық тоқ ұрғандай.  
Сызылып қалыпсың ғой, Қуаныш-ау,  
Бастықтан қызмет сұрап отырғандай.

Бұл сөзім көңіліңе жаққан шығар,  
Әзілім жарасымын тапқан шығар.  
Сызылғанның бірақ та сыры мәлім,  
Ішінде бір бау жантақ жатқан шығар.

### **ҚУАНЫШ:**

Адам – шәкірт, өмір – ұстаз, Алла – ғалым,  
Жария ойдан білім сөз талғағаным.  
Япырмай, көктем келіп қалыпты ғой,  
Наурыздың қоса шырқап арман әнін.  
Ассалаумағалейкум, текті ұрпақ,  
Осы болсын өлеңмен арнағаным.



Көктемде қыздар келіп қастарына,  
Жігіттер жорға мінер астарына.  
Жайбарақат жарда жатқан қара бура,  
Желпінсе көтереді бастарын да.

Әнім көп осындайда басатұғын,  
Кездерде шабыттанып тасатұғын.  
Шөкеңе кез болыппын, рухыменен,  
Кімнің болсын мыстарын басатұғын.

Дәстүрдің әрқашан да серті болған,  
Заманның жасалмасын дерті қолдан.  
Шөкеңсіз бұл қазақтың мықты ақыны,  
Тіліне де, дініне де берік болған.  
Байзақ датқа сияқты бабаларың,  
Наурызбай, Кенесарыға серік болған.  
Байзақ датқа ұрпағы, армысындар,  
Айдынға аққу ұқсап келіп қонған.

Тимесін жүректерге салқыныңыз,  
Бәріміз бұл айтыстың алтынымыз.  
Айтыста батыл сөйлеп көрейікші,  
Шыдаса жүйке менен балтырыңыз.  
Орауы күнан пілдің терісіндей,  
Қамшы құсап ойнасын жарқыныңыз.

Отырмыз ұлы өнердің кемесінде,  
Сөгеміз талай ойдың көбесін де.  
Кездескен қандай жақсы мықты ақынмен,  
Көктемнің көгілдір бір белесінде.

### **ШОРАБЕК:**

Қуаныш, жалау жырды желбіреттің,  
Қозғадың бар сезімін сен жүректің.  
Бабанды айтсаң жырларың бүрқ-сарқ қайнар,  
Шәйнектей үстіндегі кемпіректің.

Білесің бе, сен осы, Байзақ бабам,  
Әрекетін істеген ержүректің.  
Арттағы ұрпағының бақыты үшін,  
Аузына тығын болған зеңбіректің.

Жан едің кісі мінін санағыш-ақ,  
Боп қапсың енді маған қара пышақ.  
Екі көздің арасын жаралапсың,  
Қашаған қайыс нөқта тана ұқсап.  
Тырнағы ұзын қыздарға тырнаттың ба,  
Біріншіде оқитын бала ұқсап.

Қарайтын кім бар бүгін баланы аяп,  
Жасыңда көп жейсің ғой қара таяқ.  
Бұл іске бір ұсыныс білдірейін,  
Зерделі, зерттеп жүрген данадай-ақ.  
Балалар мектебіне келе берсін,  
Аяқ-киім жоғына қарамай-ақ.  
Иванов әдісіне сенсек қыста,  
Пайдалы екен жүру жалаңаяқ.

Жағдай бар қаратпайтын еш кейінге,  
Жаңалыққа мен-дағы көшпейін бе?  
Балалардың жағдайын ойламайтын,  
Басшыларды мен бүгін дос дейін бе?  
Басқаның басы жетпей жатса егерде,  
Мәселені мен былай шешейін бе?  
Көп баланың ақыры киімі жоқ,  
Сабақты өтсін деймін бассейінде.

Осыда не бар енді тұрған оғаш,  
Қалайша қазаққа бұл бақ қарамас.  
Бассейінде оқыса бала біткен,  
Жаңалық ашудан да құр қала алмас.  
Архимед “Эврика” жасар ма еді,  
Ваннаға түспегенде тыржалаңаш.

Жақсы сөз ел мерейін өсіреді,  
Қуаныш байқап отыр несібені.  
Үстіндегі шапанын сілкіп тастап,  
Бұл неге сахнада шешінеді.  
Бүйте берсе жалаңаш Кейкуаттай,  
Мініп ап мойнымызға көсіледі.

Өргізіп өлеңменен қандаланды,  
Қуаныш, сахнадан салма лаңды.  
Осымен мен өзіңе бердім кезек,  
Ал, енді билете бер домбыранды.

### **ҚУАНЫШ:**

Мен едім қырандардың көкбарағы,  
Азаматтың кемшіні көп болады.  
Қанша жынды болсақ та “ламбадамен”,  
Көктемде әсерленген шоқ болады.  
Көңіл тойған, көз тойған бұл заманда,  
Ақындар да байсалды, тоқ болады.

Балалар жалаңаяқ жүрмесін деп,  
Шөңгелер табанына кірмесін деп,  
Несие берем дейді бұл үкімет,  
Қиындықты өмірде көрмесін деп.

Ол қаржы қай ошақты байыта алады,  
Қазақтың қай шарбақты сай табағы.  
Төрт жүз доллар ақшаны алады да,  
Төрт жылға қарыздарын қайтарады.

Облысқа облысты қосып жатыр,  
Ауылдың адамдары босып жатыр.  
Еркектер жұмыс жоқтан үйде отыр,  
Базардағы әйелін тосып жатыр.

Кеме де теңіз соқпай шайқалмайды,  
Ырыстың молайары байқалмайды.

Мен білсем төрт жүз доллар несиені,  
Қазақтар үкіметке қайтармайды.

Білдің бе, неге бастым тормызымды-ай,  
Тұрғанда жар құламай, ор бұзылмай.  
Қуаныштың қасында Шорабектер,  
Пейіштен жаңа шыққан хор қызындай.

Бауырға көп ықылас ала кепті,  
Жүрегі жақсы жырға тола кепті.  
“Тамшада” Құдайбергенді білетіндер,  
Айтыста таниды ғой Шорабекті.

### **ШОРАБЕК:**

Қуаныш, арқалы сен ақын болдың,  
Басшыларды жамандап батыр болдың.  
Комсомолда қызмет қып бір кездері,  
Құдай жоқ деп атеист кәпір болдың.  
Қайта құру қалыпқа қайтарған соң,  
Майлы жер, мансап іздеп әкім болдың.  
Әкімдіктен абырой кеткеннен соң,  
Редактор боп газетке жақын қондың.  
Әр төбенің басын бір шала берме,  
Келмесе бар өнерден тақыр болғың.

### **ҚУАНЫШ:**

Аруақтың арқасы ғой батыр болсам,  
Халқымның арқасы ғой әкім болсам.  
Сені де бір төбе деп мен қояйын,  
Төбелікке, ағатай, татыр болсаң.

Қуатын Шорабектің халық білген,  
Тауларды қопарарын анық білген.  
Сенің ұлы жаңалығың әзіл еді,  
Қазақтың айтысына алып кірген.  
Өзіңменен жарасқан Қуанышты,  
Емеурінмен таниды халық бірден.

### **ШОРАБЕК:**

Күн көріп келеміз ғой әзілменен.  
Қалжың сөз қаша қоймас әзір менен.  
Білмеймін дәл өзіндей бір тентекке,  
Қандай сый жарасады әзірлеген.  
Бұл айтыста боп жатыр бір жаңалық,  
Жас қуанып, кәрілер безілдеген.  
Артық ұпай алуда жастар жағы,  
Басқандай тұзды алтылық көзірменен.

Қызықты жасағансың талай-талай,  
Алдыңменен артыңа қарайламай.  
Айтыста айтқан сөзің бұрындары,  
Жататын нысанаға маңайламай.  
Осы жолы күш жинап келдің бе екен,  
Сөйлейсің Шорабекке қалай-қалай.

Жүрсең де жырларыңды жиі ақтармай,  
“Ламбада” билеп кетсең ұят қандай.  
Газетте істеген соң қиын екен,  
Айтқаның айтыста бұл кіл ақпардай.  
Екі қолыңды ербендетпей отыршы тек,  
Жүгенсіз Жириновский сияқтанбай.

### **ҚУАНЫШ:**

Өсер бала несібеден кеш қалар ма,  
Шорабек шахматты еске алар ма?  
Егер де ақылменен жүре білсең,  
Ферза болып шығады пешкалар да.

Таң қалам тараздықтар істеріне,  
Кіре ме Мәскеу жиі түстеріне.  
Несіне Жириновскийді сөз қыласың,  
Аузыңа батыр қазақ түспеді ме?

Қонар ма аққу қайта көлімізге,  
Құрар ма гүл салтанат белімізге.

Мысал қып Бауыржанды неге айтпайсың,  
Батыр тұлға боп кеткен елімізге.

Қарсылас, өленді сен тез құрасың,  
Қалайша алтыныңды жез қыласың.  
Бауыржандай батырым тұрған кезде,  
Қайдағы сасық орысты сөз қыласың.

Ақындар танылады зерек болса,  
Келтірер ел алдында дерек болса.  
Айтыстан шал кетті деп мұңаймаймыз,  
Батаға шақырамыз керек болса.

Тәңірім ісімізді ондайды ғой,  
Қуаныш тереңінен толғайды ғой.  
Мен тоқтадым, ағайын, осыменен,  
Көп айтқанмен су сорпа болмайды ғой.

### **ШОРАБЕК:**

Айтыс та айтыс болмас ұсталмай шын,  
Қуаныш, осыменен тұспалайсың.  
Өзіңді Бауыржанға теңер едім,  
Бірақта оған түк те ұқсамайсың.

Қолыңды селжілдетпе, серендетпе,  
Тамыңды өз қолыңмен көлемді етпе.  
Жириновский садаға кетпейді ме,  
Бағасын батырлардың төмендетпе.

Көзге ұрып көрінбейтін бар наласы,  
Ішінде көпшіліктің жан жарасы.  
Сигареттің суретін іліп қойған,  
Қазақтың әр көшесі, әр қаласы.  
Бейнелеп бере алмасаң қоғам мінін,  
Қуаныш, құр бекерге сарнамашы.  
Өзіңді өзің отырсың насихаттап,  
Секілді темекінің жарнамасы.

Айтасың фактілердің ең ескісін,  
Ең ескісін және де көмескісін.  
Факты менен цифрды ұмытпайтын,  
Сен осы, робот адам емесісің?

Фактінің қалдырмадың ешқандайын,  
Сонда да мына сенен жасқанбайын.  
Жұрт пікірін аузынан жырып айтып,  
Отырсың Америка ашқандайын.

Биікке жетелемес соқыр арман,  
Аспайды асулар мен шоқылардан.  
Тың ойды тауып айтар табан асты,  
Жүрегінде жылт еткен оты бар жан.  
Әлгі айтқан әңгіменді мына халқым,  
Газеттен бір ай бұрын оқып алған.

### **ҚУАНЫШ:**

Өлеңім көңілімнің шуағы ғой,  
Немесе ниетімнің бұлағы ғой.  
Қасқа айғырдың баласы құрығанда,  
Туғанда төбел болып туады ғой.

Шореке, басқан ізін білінбеген,  
Сын бар ма көздеріңе ілінбеген.  
Көсемнің суретіндей жарқырайсың,  
Төрлерге ұмыт болып ілінбеген.

Арнама айтыс сайын тола айтамын,  
Халықтың көңіліне бола айтамын.  
Тоқтаған дұрыс шығар осы жерде,  
Әйтпесе таң атқанша қона айтамын.

### **ШОРАБЕК:**

Кетіп ек көптен бері қатынаспай,  
Отырмыз енді біздер ақыл аспай.

Мақтаса бермейікші бір-бірімізді,  
Бөліскен бөтелкені екі мастай.

Біреуге бұл Қуаныш пірдей ме екен,  
Біреуге бұл Қуаныш дүрдей ме екен?  
Бірде өкім болатын, бірде өкім,  
Байлық пен қулығыңа бірдей ме екен?  
Ал, енді қол алысып біз тұралық,  
Бұл уақыт жетегіңе жүрмейді екен.

## ШОРАБЕК АЙДАРОВ ПЕН ЛЕНА ӘБДІХАЛЫҚОВАНЫҢ АЙТЫСЫ

### ШОРАБЕК:

Айтыскер ақын деген көзсіз мерген,  
Таласта таңдайлыны сөзсіз жеңген.  
Көпшіліктің көңілінен шыға алмайды,  
Кейбір ақын көргенін көп тізгенмен.  
Көргенді көрерменім, армысыздар,  
Өмірім өтсе деймін тек сіздермен.  
Айтыстан соң әрқайсың такси ұстап,  
Құритын болды-ау тағы бес жүз теңген.

Ағайын, бәріңізге бақ тілеймін,  
Пейілің көңіліме жақты деймін.  
Қалтырап қорқып барам бірақ тағы,  
Алдында Еленадай ақ дүлейдің.

Әзілсіз бұл айтыста мән жоқ деген,  
Дәлелсіз айтқан сөзде дәм жоқ деген.  
Сенен менің сескелер жағдайым сол,  
Тышқанға мысықтан дәу аң жоқ деген.

Айта алмай сұлу қызға арманымды,  
Талай-талай тістегем бармағымды.



Мен өзім қойдан жуас момын жан ем,  
Білмеймін қайтіп қатын алғанымды.

Қалайша Еленадан қорықпалық,  
Анау-мынау ақынға жолықпадық.  
Қайда енді қашарымды білмей тұрмын,  
Шалғайдан шақырумен келіп қалып.  
Жыр қамқоры Жүрсіннің арқасында,  
Жеттік-ау бір айтысқа өліп-талып.

Елеусіз қалды бүгін әдебиет,  
Елеусіз қалды бүгін мәдениет.  
Адамның ақыл-ойын байыптатып,  
Талантқа танытпаймыз неге ниет.  
Әйтеуір Әуезовке айтыс өтті-ау,  
Жүр еді көптен қышып дәмелі иек.

Заманның бүгінде бір қилы шағы,  
Тұртсең де түк көрмеуге тырысады.  
Қоғамда қозғалыс жоқ бұл күндері,  
Тіл жайы жылжымай тұр, тыныш өлі.  
Дүниені қозғап еді Мұхтар ойы,  
Секілді Архимедтің рычагі.

Өнерсіз жұтамай ма кісі жаны,  
Идеологиямыз пышырады.  
Жан дүниесі адамның жадау тартса,  
Қатал заман қағынып, ұшынады.  
Көркем дүние көңілді демдемесе,  
Басынар, елім, талай пысық өлі.  
Дінгегі дінге сенбей бүгіндері,  
Имансыз сонда неге тұшынады.  
Осылай өміріміз өте берсе,  
Құранның ұрып кетер құшыры өлі.  
Қоғамның қос қанаты бірі сынып,  
Руханият репрессияға ұшырады.

Бұл күні болып алдық базар елі,  
Ақшаға ғана ауысты назар енді.  
Өнердің өзегінен тебер болсаң,  
Адамзат көңілінен азар еді.  
Егер Мұхтар осы күні тірі болса,  
Ойлы сөздің ошағын қазар еді.  
Айтысты дамытушы ақын қыз деп,  
Сен жайлы бір мақала жазар еді.

Айтыста сөз айтамыз басқа қалай,  
Сен мені орта жолда тастамағай.  
Кезек те көшіп саған бара жатыр,  
Ауысқан Ақмолаға астанадай.

### **ЛЕНА:**

Keң далам, арқа далам, тастақ далам,  
Берердей ұлылықты бастап маған.  
Бар ма ел өнер десе ас батпаған,  
Армысың, Алатауым асқақтаған.

Көп болды арнап сәлем бермегелі,  
Ақынға осы, сірә, ең керегі.  
Қолыма ақ домбыра ұстап тұрып,  
Көп болды Алатауды көрмегелі.

Ассалаумағалейкум, арма Шора,  
Жыр көңіл өзіңізбен жалғаса ма?  
Жан аға зарықтырып, жабықтырып,  
Жоқ әлде шалғайыма жармаса ма?  
Жаныма нұр күйсаңыз ризамын,  
Жарқ етіп жұлдызымыз жанбаса да.  
“Алтынды тот баспайды”, – дейді халық,  
Көңілің шын пәк болса шаң баса ма?  
Шындаса шауып түсер бір қыз едім,  
Шоңқайып орта жолда қалма, Шора.

Жаныңа әзіл-күлкі саяланған,  
Жүрт күлді өзің елге таяғаннан.  
Жасыңнан момын болсаң, жасық болсаң,  
Жеңгеміз тиген шығар аяғаннан.

### **ШОРАБЕК:**

Өзінді қандай жігіт сағынбай жүр,  
Алашқа арнап жүрсің лағылдай жыр.  
Әйелім мені аяп тиіп апты,  
Сені аяр жігіт бірақ табылмай жүр.

Басыңа бақыт құсы қонған кезде,  
Шалынар шаттық бірде шолған көзге.  
Жападан-жалғыз жүрсің сен қалайша,  
Астананың өзі екеу болған кезде.

Өмірлік серігінді таппадың ба,  
Емексіп ешкімге жіп тақпадың ба.  
Қосағыңмен қоса ағармай не ғып жүрсің,  
Қосылып екі облыс жатқанында.

Болмаса жанға қамқор жолдасың да,  
Файыптан келіп біреу қолдасын ба?  
Ебі жоқ еркек бүгін толып жатыр,  
Жан сақтаған жарының арқасында.  
Күйеуге шықпауыңның бір мәнісі,  
Саудаға сап қояр деп қорқасың ба?

Мен қалай сезімінді оятамын,  
Кімнен кем түсіп жатыр қай атағың.  
Жұтынып жұбыңды іздеп жүрсің бе әлде,  
Ішінен “Мерседес” пен “Тойотаның”?

Десең де өз теңімді тауып, сүйем,  
Өмірдің өз обалын танып сүйем.  
Өтіп кетер ме екенсің, Еленажан,  
Өзіңе өткізсеңші аукцион.

Бар шығар деп жүргендер бәсің берем,  
Бар нәрсе сатылуда әсіл деген.  
Бәйбіше боп қалуың әбден мүмкін,  
Өтсе аукцион Голландық тәсілменен.  
Бұралып жүрсең саған жараспай ма,  
Ақ күндік, бүрме көйлек мәсіңменен.

Айтыста сөз қозғаймыз басқа қандай,  
Алаштың арманы іске аспағандай.  
Нарықтың зары жұртты науқас қылып,  
Айықпас ауруға бастағандай.  
Уызын ұрттаймын деп отырғанда,  
Қысыр қап құнажыны қашпағандай.  
Нарықты бұрын қызық көруші едік,  
Көзіміз болды енді тостағандай.

Дүние кетті бүгін шыр айнала,  
Жоқшылықты көресің былай қара.  
Жалпы жұрт қиыншылық көріп жатыр,  
Қызық қуған ығай мен сығай ғана.

**ЛЕНА:**

Айналып өлең мен жыр сырласы ма,  
Шақырып қиялым жүр қыр басына.  
Шамасы отырған қыз деп сөгесің,  
Қарасам сөзіңіздің сұлбасына.  
Жазымыштан оза алатын жан бар ма екен,  
Тілейді жалғыздықты кім басына?  
Өмірге елес сынды сіңіп кетем,  
Жуам да тағдырымды жыр-жасыма.

Жатқанда қылтық тауып түбіттен де,  
Көп болды күйеу деген үміт менде.  
Бақытты ете алмаған бір ақынын,  
Обалым мына сендей жігіттерде.

Жүргенде арман күтіп күз күн болды,  
Демегін бұл ақындар күзғын болды.  
Сексен мың бойдақ қыз деп санап еді,  
Бүгінде соның саны жүз мың болды.

### **ШОРАБЕК:**

Сендейді біздің жақта би қыз дейді,  
Би қыздар беттен бізге сүйгізбейді.  
Жалғыздығыңды, Ленажан, менен көрме,  
Бір атқа екі қамыт кигізбейді.

Болсаң да әзіл сөзге өткір мендей,  
Кіршіксіз көңілім түр тек кірленбей.  
Жанкүйердің бірі едім мен де, Лена,  
Тілеуіңді тілейтін шет жүргендей.  
Тағдырдың тәлкегі бар иіп әкеп,  
Жаманға жақсы бетін өптіргендей.  
Бұйырып бір жаманға кете берме,  
Шектен тыс азап мұңын шектіргендей.  
Олай болса обал ғой ойлы қызға,  
Шұлғауды гүлге жайып кептіргендей.

Жақсы қыз жұрт алдында сызылады,  
Сыпайы қызға әркім-ақ қызығады.  
Әдептілік әрнеден сақтайтынын,  
Басқалар білмесе де қыз ұғады.  
Абай бол өзіңе өзін, Еленажан,  
Жел тимей жүре берсін жүзің әлі.  
Қыз деген әлі шикі қызыл ет қой,  
Қалдырсаң бетін ашық бұзылады.

Бүгінгі мінездерің жат секілді,  
Сен маған сырын білмес ат секілді.  
Қыздың сыры құпия, жұмбағы көп,  
Қағазға сүтпен жазған хат секілді.

Сырынды алдырғанша бір мысқалдай,  
Болайын бүгін мен де нұр күшқандай.  
Құпиясын шашпайды қыз дегенің,  
Қазіргі ашылмайтын қылмыстардай.

Терең ғой текті қыздың ұғымы да,  
Болады жұртшылыққа жұғымы да.  
Ешкімге ішкі сырын алдырмайтын,  
Шпион секілді ғой құдды бұл да.  
Рәтбек, Әкежанмен бірге сен де,  
Істесең білмес едік КГБ-да.

Айналған мемлекеттің маяғына,  
Премьердің ісі жөнге саяды ма?  
Әкежанды көріп едік әкеміздей,  
Мәскеуден келген кезде баяғыда.  
Ал, әкеміз қазақты аяды ма,  
Аяса шетел жаққа таяды ма?  
Артық жеп қоймаса егер арғымағым,  
Ақсар ма еді жем түсіп аяғына.  
Қазынасын орғайтқан Қазақстан,  
Сүйеніп қала берді таяғына.

Мұндағы бітпей қойды-ау мешіт тегі,  
Дақпыртын көп болып ед есіткелі.  
Бұл күндері мектепке барып-кеп жүр,  
Сол кезде жатқан бала бесіктегі.  
Қайран елдің қаржысы қайда кетті,  
Жинаған жылдар бойы несіптері.  
Қанша қаржы құйса да қампаймайтын,  
Қалтасы мүфтиіңнің тесік пе еді.

Айтайын болсақ егер заман жайлы,  
Көңілім мына жайтқа алаңдайды.  
Ата-анасы жұмыссыз жүргендердің  
Балалары мектепке бара алмайды.

Өйткені өтеу үшін қажеттерін,  
Азды-көпті ақшаны таба алмайды.  
Баламызды әлпештеп баға алмасақ,  
Құдайым мына бізді неге алмайды.

**ЛЕНА:**

Заманның ашып беріп ара-жігін,  
Баурап ап Алатауды барады үнін.  
Сазыңмен ойбайлаған, байбайлаған,  
Шореке, шақырмаңыз жаман ырым.

Жақсы жан қызды нәзік гүлге теңер,  
Шореке, сен де соны үлгі ете бер.  
Обалым болса менің тап өзіме,  
Қасіретін қалған қыздың кім көтерер?

Сөйлеген бұл әншейін амалым де,  
Айтыста таусылған ба шара мүлде.  
Ұлтының келешегін ойламаған,  
“Күніндей қорғансыздың” заманың де.

Келтіріп шабытымды шарықтатып,  
Салғанмен әсем әнді қалықтатып,  
Жүректен әл берсем де, жан берсем де,  
Пайдасы тиер емес халыққа түк.  
Өсиет, қасиетке қарайлатпай,  
Барады ел жанына нарық батып.

Айтыста семсер де асқақ, қалқан да асқақ,  
Жақсы ғой шын шабыт ап шалқарласпақ.  
Рәтбек қажыменен айтысуды,  
Бүгінде берді бізге Қалтай бастап.

Зұлымдық әлде елді қоршады ма,  
Тақалдық надандықтың зор шағына.  
Қалтасы қайдан толсын күштілердің,  
Түскен соң тиын-тебен жемсауына.

### **ШОРАБЕК:**

Замана сан өзгеріп, жалт беріп жүр,  
Жалт бергенін мұндағы халық көріп жүр.  
Заманның азғандығы сол емес пе,  
Біздерге бойдақ қыздар тап беріп жүр.  
Жігіттерге кінәні арта берме,  
Қай елдің қызы байға қарық боп жүр.

Мына заман қай заман, қандай заман,  
Әйтеуір ауыл жақта жағдай жаман.  
Бір кезде миллиард пұт астық алса,  
Бұл күнде бір-ақ үзім нанды ойлаған.  
Бір кезде елу миллион қойды айдаса,  
Бұл күні бір қойы жоқ, таңдай қағам.  
Бас-басына табылмай басқа кәсіп,  
Базарға ауылдастар арба айдаған.  
Арбасын ішіп алса жарға айдаған,  
Арбасын ұрлап кетсе соры қайнаған.  
Арбасын айдай алмай зорға айдаған,  
Бұл өзі болып кетті қандай заман?

Бұл өзі қос дүниеге көпір заман,  
Байға ну, ал кедейге тақыр заман.  
Бейшара, ғарып-кесір, сорлылардың,  
Көз жастарын көрмейтін соқыр заман.  
Құлқыны үшін құдайын ұмытатын,  
Кәнігі ұрыға дос-кәпір заман.  
Ағайын, айтыңдаршы айналайын,  
Жақындап қалған жоқ па ақырзаман?

Елена, бұл сөздерім ұнады ма,  
Әлгі бір жауап берем сұрағыңа.  
Кел, екеуміз қосылып ойбайлайық,  
Құдайдың жетер ме екен құлағына?!

### **ЛЕНА:**

Қай заман, мына заман, қай-қай заман,  
Іске аспас қарарлармен айғай заман.



Жанды ұқпай, жұрт қарамай бір - біріне,  
Ақыны Шорабектей ойбайлаған.  
Сөзіңе қосыламын мен де, Шора,  
Шынымен ел жағдайы, ойбай, жаман.

Көңілімнен ағыл-тегіл жырды айтайын,  
Біртіндеп айтқан сайын ұлғайтайын.  
Өсірген мына мені, әлпештеген,  
Ағайын, тыңдасаңыз сырды айтайын.

Сыр деген заманында ең көрікті,  
Тарихта Тұран аты зор болыпты.  
Адамның арзымайтын азаматы,  
Қорқытқа мәңгі мекен – көр болыпты.  
Кешегі Абылайлар соғыстан соң,  
Ес жинап, жайлаулатып ел қоныпты.  
Шалқыған ару теңіз Аралымен,  
Көк майса жері шұрай көл болыпты.  
Қазаққа ең алғашқы астана боп,  
Үш жүздің басын қосқан жер болыпты.  
Бір шеті Ұлытауды қорғап-қоршап,  
Бұқарбай, Жанқожадай ер болыпты.  
Ошағы мәдениеттің бір шетінде,  
Түркістан, Отырардай зер болыпты.

Бұл күнде осы айтқаным ертегідей,  
Бастады берекелі өлке жүдей.  
Жанымыз сүйсінетін іс қалмады,  
Елімнің қарасаңыз ертеңіне-ей.

Шындықты айтар болсам күлкілдемей,  
Шырқырап, шырылдайды, шіркін, көмей.  
Орыстар ордамызда ойқастады,  
Ұшырып зымыранын күн-түн демей.  
Тонналап мұнай шашып жатқанменен,  
Жалаң бас, жалаң аяқ, жұртым кедей.  
Барады халық азып, тозып, босып,  
Қала ма қос бүйрегің бүлкілдемей?

Жарылыстан сызат түсіп санаға кіл,  
Байқоңыр дерті мендеп арада тұр.  
Қазақтың қасиетті бір мекені,  
Екінші Семей болып бара жатыр.  
Құр босқа ойбайламай, ақын Шора,  
Осындай бір сұмдыққа араша тұр.

### **ШОРАБЕК:**

Таң қалам, Лена, сенің қандайыңа,  
Қандай сөз түсіп кетті таңдайыңа.  
Ойбайламақ түгілі байбайларсың,  
Қазақтың қанық болсаң жағдайына.

Көргенде көңіл жұрты құлазиды-ай,  
Отыр ғой ел мекенін біраз қимай.  
Айтуға мұңым менің жетіп жатыр,  
Жүрекке отырмын ғой жүк аз жимай.  
Жау шаппай-ақ Жаңатас жамсап жатыр,  
Ресей бомбылаған Грозныйдай.

Жағдайы Сыр бойының аянышты,  
Қайталап айтпашы тек баяғы істі.  
Ешкім сенің мұңыңды тындамайды,  
Таппасаң бір құдайдан таянышты.

Елімнің емес пе еді қойыны құт,  
Құт бірақ құтаймады қойы құрып.  
Тұралап жатыр қазақ шаруасы,  
Құяңдай белден қалған шойырылып.  
Ауыр тыныс алуда ауыл бүгін,  
Құлаған Құлагердей сойыл ұрып.

Қалмап еді қой баласы қорамызда,  
Ал, енді елім айтшы, оңамыз ба?  
Қой деген жануарды көру үшін,  
Ертең біз зоопаркке барамыз ба?

## ҚҰДАЙБЕРЛІ МЫРЗАБЕКОВ ПЕН АБАШ КӘКЕНОВТІҢ АЙТЫСЫ

### АБАШ:

Орайы келсе тілді қалам байлап,  
Сәлем беріп жатыр ма ауыл-аймақ.  
Қол бастаудан сөз бастау қиын деген,  
Көрейін шамам келсе мен де жайлап.  
Алдыңа аман-есен шыға келдім,  
Қолда, деп, аруағы «Қабанбайлап!».

Ақын едік көкіректен жыр ұсынған,  
Жыр ұсынған халыққа нұр ұсынған.  
Бергеніңе, құдайым, тәуба дейміз,  
Айырмасын халықты ырысыңнан.

Салайын сахнада сауық-сайран,  
Тиер ме екен халыққа менің пайдам.  
Алатаудың баурындағы ел аман ба,  
Деп сұрады қытайдағы қазақ қайран.

Халықты көтереміз төбемізге,  
Ақындық берген құдай өремізге.  
Ассалаумағалейкум, сәлем бердік,  
Құдаш деген қасымда төремізге.

### ҚҰДАЙБЕРЛІ:

Армысың, ақын қалам, батыр қалам,  
Көркіңе көзайым боп жатыр ғалам.  
Арқаға астананы аттандырып,  
Бастың ба болашаққа батыл қадам?  
Кеткендер қайта қашып келмесе екен,  
Тоңғанда сары аяздан сақылдаған.

Өзіңсің тұсауымды кескен менің,  
Арқанда оза шауып, төске өрледім.

Түгіне кілемнің тайғанақтап,  
Сүрініп кеткенімді ескермедім.  
Ассалаумағалейкум, ағайындар,  
Бұл бала – біздің бала дескендерің.

Халықтың өнеріне жаратқандай,  
Жігітім, өнер қонбас талаптанбай.  
Айтысқа бүгін көптеу жиылыпсың,  
Ақындар айлық әкеп таратқандай.  
Мәз болып отырарсыз қолың соғып,  
Шеберге жыртығынды жаматқандай.

Сөйлейік осындайда тасынып-ай,  
Қалмайық бұл заманға басылып-ай.  
Ізденіп талпынбасаң күн болмайды,  
Ештеңе жатқан жоқ қой шашылып-ай.  
Көкшетауда жабылып қалса-дағы,  
Сөйлейік мұнда келіп ашылып-ай.

Дегенде Абаш ақын, Абаш ақын,  
Бұл өзі көп ақыннан тамаша ақын.  
Қызбенен салсаң-дағы қымсынбайтын,  
Кемірмен салсаң-дағы жарасатын.  
Ініңмін мен қасыңа еріп жүрген,  
Дүбірде үзеңгілес жанасатын.  
Ал, енді өлеңіңді жырлай бергін,  
Бәйгең бұл осы жерде таласатын.

Өзіңмен таласпаймын төр үшін-ай,  
Жатыр ғой Шығыс жақта қонысың-ай.  
Шақырылмай келген қонақ жаудан жаман,  
Деуші еді ұлы халық орысым-ай.  
Өзіңе Семей жақты қосып алып,  
Бермейсің Көкшетауға қол ұшыңды-ай.

Өзіңді мықтылармен шендестіріп,  
Сөйлейтін болып апсың елге ысқырып.

Бұл күнде сен отырсың шалқақ қағып,  
Абайды, Әуезовты жерлес қылып.

Жүрмін деп мақтанасың қайыншылап,  
Көрейін ағайынның жайын сұрап.  
Ол жақта жағдай қатты қиын болып,  
Қүдекеңнен келдің бе қайыр сұрап?

### **АБАШ:**

Айтатын сөздерінді тосып алдық,  
Не айтса да Қүдекең қосылайық.  
Үй ішіне үй тіксе отау деген,  
Қызғанасың ба, Семейді қосып алдық.

Өлеңің ары қарай дауылдасын,  
Ол жағына басыңыз ауырмасын.  
Сахнаға сайран салып шыға келдік,  
Мұхамеджан ініміз ауырғасын.

Биіктен елім мені көріп еді,  
Айтыс деген өмірдегі өрім еді.  
Мұхамеджан ініме мың рахмет,  
Ағасына орны менен төрін берді.

### **ҚҰДАЙБЕРЛІ:**

Мен де жауап табайын шошығанша,  
Бұл Абаш ақындардың досы болса.  
Өскемен қайта айналып берер ме екен,  
Семей сені өзіне қосып алса?

Ақындар елге сөзін арнап жатыр,  
Кейбіреу айтқан сөзін жалдап жатыр.  
Кешегі Абылайдың елі еді деп,  
Қариялар қазанын таңдап жатыр.  
Үкімет сол шалдардан қорыққасын,  
Қайтадан қосамыз деп алдап жатыр.

### **АБАШ:**

Тіршілігін халық та жалғай жатыр,  
Біздің ел астанадан шалғай жатыр.  
Халықтың халі мүшкіл дей алмаймыз,  
Балалар бірақ мектепке бармай жатыр.

Сөзіңнің ұйқасы жоқ құрағанмен,  
Кеңескелі отырсың бір ағаңмен.  
Жоқ-жоқ деп айтуға да ұяласың,  
Кім береді қолыңдағыны сұрағанмен.

### **ҚҰДАЙБЕРЛІ:**

Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралы,  
Өрт шалып, отқа күйді алқалары.  
Бастарын бұзақының үйітер ме еді,  
Мұрнынан қайнағандай маңқалары.  
Шынымен нарық деген осы ма деп,  
Қарттары біздің жақтың зар қағады.

## **ШОРАБЕК АЙДАРОВ ПЕН ӘСЕЛХАН ҚАЛЫБЕКОВАНҢҢАЙТЫСЫ**

### **ШОРАБЕК:**

Мән берсе жұрт ақынның мәңгісіне,  
Сөзінің қарап мәнді, дәмдісіне.  
Абашты елім қайтадан шақырды ғой,  
Сөзінің риза болып әрлісіне.  
Адуынды айтыскер Әсекене,  
Қарамай қарсы тұрдым мен - күшіме.  
Халқым-ау, енді қайттім, кез боп қалдым,  
Ақынның белі жуан әлдісіне.

Жасыңнан жыр додасын жарып өстің,  
Қара сөз қасиетін танып өстің.  
Осымен сөз кезегін бердім саған,  
Өлең сөздің өзенін кәне, кешкін.

Бал қымыз жырларыңнан дәм татайын,  
Ауызын ағыта бер сары местің.

### **ӘСЕЛХАН:**

Шорабек, шыға сала дауыс қылдың,  
Сен-дағы біреуі едің қауіпті ұлдың.  
Естімей қаламын-ау дегеннен соң,  
Сен үшін орынды ауыстырдым.

Әзілің, найзаң да көп пістелеген,  
Бұл өнер көнбейді ғой күшке деген.  
Айта бер Әселханға әзіліңді,  
Соңына саңыраудың түспе деген.

### **ШОРАБЕК:**

Айтайын айтарымды осындай бір,  
Өзіңе арнайыншы жасындай жыр.  
Азайып айтыс деген кеткеннен соң,  
Басымыз бүгін біздің қосылмай жүр.  
Ымменен көрсетсең де түсінеміз,  
Соншалық саңыраудан шошынбай жүр.  
Осы жолы мені ая, онсыз-дағы,  
Сүйегім әзер ғана шашылмай жүр.

Үмітті жүрміз әлі үзбегендей,  
Айтайын әр нәрсені тізбелемей.  
Қайта-қайта өзіңе қарай берем,  
Өзіңнен бір жылулық іздегендей.  
Бірақ та сөздеріңді естігенде,  
Боламын екі пачка тұз жегендей.

### **ӘСЕЛХАН:**

Бала едің түк ерсілік қылмайтұғын,  
Ел үшін көз жанарын дымдайтұғын.  
Естімей қалса-дағы бір құлағың,  
Қауіпке жеткен жоқсың ымдайтұғын.

Бұл айтыс басталып ед бесіндетіп,  
Ұстадық тізімді біз көшіп жетіп.  
Шашпастан сүйегінді жинайын мен,  
Қалғандай есірткіден есің кетіп.

**ШОРАБЕК:**

Бұл жерде болмай жатыр көңілде кім,  
Әр кезде жылы сөзге семіргенмін.  
Опасыз оң құлақтың арқасында,  
Жердей болып өзіннен жеңілгенмін.  
Сондықтан, Әселханым, ая мені,  
Ес жиып енді-енді көрінгенмін.

**ӘСЕЛХАН:**

Шореке, орын бердің жыр бұлаққа,  
Ұқсайсың бір кездегі қыркұлаққа.  
Құлағым керек деп сен кемсінбеші,  
Бір басқа жетеді ғой бір құлақ та.

Халықтың қабағы мен бойы қандай,  
Ол неге азат болса мойығандай.  
Жұмақтың төбесінде жүрсе-дағы,  
Көңілі өректенді тойына алмай.  
Елдегі қарақшы мен жемқорлардың,  
Күнде мас, күнде думан тойы қандай.  
Ақ жүрек ақындарым неге мұқтаж,  
Бір үйді астанадан ойып алмай.  
Шерхандай ағалары қанша айтса да,  
Тойымсыз тобырлардың ойы қандай.  
Адамның қай тірлігі бітіп еді,  
Жерлерде сөз өтпейтін сойыл алмай.

**ШОРАБЕК:**

Әзіл сөз шаршағанда тапшы емес пе,  
Біз енді жүгінелік жақсы елеске.  
Әлгі сөзді, Әсеке, естігенше,  
Тас керек боп қалғаным жақсы емес пе?



Өкімет өктемдік қып ел күтпеген,  
Қызметті жатыр бүгін кертiп неден.  
Шолжитты штаттарын мекемелер,  
Жігіттей жүрген қысқа шортикпенен.

Өмірдің қаламыз ба мінін көрмей,  
Шығады кім нарықтан шығын бермей.  
Менмендер мемлекетті талап алды,  
Жұмысшы шаруаға түгін бермей.  
Қоқысын ғана тастап қоңы барлар,  
Қалғанын бойларына сіңіргендей.  
Тобылғы тор сыраны толғап тұрып,  
Көбігін үрлеп тастап сіміргендей.

Жасалды мен білмеймін жоба қандай,  
Бай мен бастық байлықты тонағандай.  
Кейбіреуге кедейлік көз аштырмас,  
Алдынан қиыршық тас борағандай.  
Қолдан бай мен кедейді жасап өкімет,  
Қанауды қайта әкелді обал, Алла-ай!  
Жағдайды сонда да өкімет жақсы дейді,  
Шандырды шарбы майға орағандай.

Кедейлер ырғалмады, жырғалмады,  
Қинайды үлесінен күр қалғаны.  
Көзден ұшты бұл күні көпшіліктің,  
Жарқырап маңдайында тұрған бағы.  
Қателіктер ұқсайды қарап тұрсаң,  
Отыз бен тоқсаныншы жылдардағы.  
Отызыншы жылдарда өте асығыс,  
Коллективтік меншікті құрғандары.  
Коллективтік меншікті енді жойып,  
Қазақтың тең жарымын қырғандары.  
Жүруде жекешелер жылдам бөрі,  
Коллективтер көшкесін жекешеге,  
Қаптың түбі қағылып үн қалмады.  
Қорадағы қойдан да дым қалмады,  
Халайық, мұның бәрін кім жалмады?

### **ӘСЕЛХАН:**

Сақтасын ондай дерттен құдай тағы,  
Тас керең боламын деп мұңайтады.  
Шынымен сен таскерең бола қалсаң,  
Япыр-ау, мына сөзді кім айтады?

Ол рас, қиянатшыл тоқтамады,  
Ішінде алақұйын от жанады.  
Қылмыскер пара беріп, алшаң басып,  
Ақшасыз кінәсіздер сотталады.

Күн сайын өрши түскен лаң қылық,  
Қалаулылар құлатады құланды ұрып.  
Бола ма бұдан артық төзімділік,  
Бола ма бұдан артық шыдамдылық?

### **ШОРАБЕК:**

Жатырмыз ұластырып ойды елеске,  
Жеңеше, болмай тұрсың қой демеске.  
Құлақты енді екеуміз айтпайықшы,  
Садақа бастан құлақ дейді емес пе?!

Жер-жерде жекеменшік жайлап алды,  
Ал, сонда ауыз бірлік қайда қалды.  
Ауданның аумағы өсіп іріленіп,  
Ал, ауыл бөлшектеніп майдаланды.  
Қисапсыз қиқым бастық көбеюде,  
Халыққа бұдан қандай пайда бар-ды.  
Шашылып мал-мүліктің сүйегіндей,  
Техника тетіктері сайда қалды.  
Жер егуді бұл халық жетістірмес,  
Қырғыздар суды бастан байлап алды.  
Нарықтық саясаттың шырғалаңы,  
Қоғамды бұл күндері қайда апарды?  
Нарықтың қандай жыртқыш екендігін,  
Ел біліп, енді-енді жайға қанды.

“Өз күніңді өзің көр” деп өкімет,  
Алашқа айтар сөзін сайлап алды.  
Үңгірден өзің тірі шық деп отыр,  
Халықпен бірге қамап айдаһарды.

**ӘСЕЛХАН:**

Көп созып уақытты алыпсыз ғой,  
Көп жайға біз екеуміз қанықпыз ғой.  
Үйренді біздің қазақ нарыққа да,  
Үйренер тозаққа да халықпыз ғой.

Бұл күнде шынымен де той көбейді,  
Әрине, шақырмайды бай кедейді.  
Әйтеуір ешкім тойдан тартынбайды,  
Сояды тай демейді, қой демейді.

Қазақтай тойшыл бар ма басқа жұртта,  
Күледі көршілерім шашпалыққа.  
Ертеңін ойлайтұғын қазекен жоқ,  
Қазанда қайнап жатса қос қабыртқа.

**ШОРАБЕК:**

Ол рас бұл күндері той көбейді,  
Тойда бірақ сау адам сөйлемейді.  
Кітапхана, клубтар жабылуда,  
Бұл өзі не нәрсені бейнелейді?

**ӘСЕЛХАН:**

Жүлдесін бұл айтыстың алып тұрып,  
Екеуміз сөз сөйледік анық қылып.  
Тұрайық орнымыздан ей, Шореке,  
Алмастан мына елді жалықтырып.





## **АЙТЫС АҚЫНДАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ**

### **Абаш Какенов**

1956 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында туған. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген. Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының иегері.

### **Айнұр Тұрсынбаева**

1977 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында туған. Он жылдық мектепті 1994 жылы Жамбыл облысы Мойынқұм ауданында бітірген. Жамбыл қаласындағы орталық мәдени және өнер колледжін бітірген. Қазір Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде сырттай оқиды.

### **Айтақын Бұлғақов**

1960 жылы Талдықорған облысы Жаркент ауданында туған. Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу педагогикалық университетінің педагогика-психология факультетін бітірген.

### **Айтбай Жұмағұлов**

1975 жылы Қарағанды облысында туған. Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген. Қарағанды мемлекеттік университетінде аспирант.

### **Ақмарал Леубаева**

1969 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Алғабас ауданында туған. 1992 жылы Шымкенттегі педагогика институтының филология факультетін бітірген. А.Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-түрік университетінің Шымкент бөлімшесінде оқытушы.

### **Аманжол Әлтаев**

1971 жылы Жезқазған облысы Жаңаарқа ауданында туған. 1993 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірді. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты.

Филология ғылымдарының кандидаты. Мемлекеттік “Дарын” жастар сыйлығының иегері.

### **Аманғазы Кәріпжанов**

1962 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.

### **Әселхан Қалыбекова**

1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданында туған. Қазақстанның халық ақыны.

### **Әсия Беркенова**

1950 жылы Қостанай облысы Әуликөл ауданында туған. Алматыдағы қыздар педагогикалық институтын бітірген. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің доценті. Қазақстанның халық ақыны.

### **Әзімбек Жанкүлиев**

1960 жылы Жамбыл облысы Байзақ ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. 2003 жылы қайтыс болды.

### **Әлфия Орманшина**

1955 жылы Торғай облысы Амангелді ауданында туған.

### **Балғынбек Имашев**

1977 жылы бұрынғы Талдықорған облысы Кербұлақ ауданында туған. 1994 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірген. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы.

### **Баянғали Әлімжанов**

1954 жылы Көкшетау облысы Степняк қаласында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

### **Бекарыс Шойбеков**

1976 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданында туған. А. Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-түрік университетін бітірген. Сол университеттің қызметкері.

### **Бекжан Әшірбаев**

1974 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданында туған.

1996 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген.  
Сол университетте оқытушы.

### **Дәулеткерей Кәпұлы**

1977 жылы Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы Баян-нуур сұмынында туған. 1999 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы.

### **Есенкүл Жақыпбеков**

1954 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

### **Ермек Жұматаев**

1966 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген.

### **Жәкен Омаров**

1974 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданында туған. Шымкенттегі Әл-Фараби атындағы мәдениет институтын бітірген.

### **Жібек Болтанова**

1974 жылы Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында туған. А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын бітірген. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аспиранты.

### **Иманғазы Нұрахметұлы**

1966 жылы Шығыс Түркістанда туған. А. Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетін бітірген. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қызметкері.

### **Қаныша Райысова**

1956 жылы Талдықорған облысы Қапал ауданында туған.

Зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын бітірген.

### **Қонысбай Әбілев**

1954 жылы Қостанай облысы Жанкелді ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Қазақстан Жазушылар және журналистер одағының мүшесі. Астана қаласы тіл дамыту басқармасының бастығы. Қазақстанның халық ақыны.

**Қуаныш Мақсұтов**

1963 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында туған.

Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген.

**Қойлыбай Асанов**

1964 жылы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданында туған. Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген. Филология ғылымдарының кандидаты.

**Лена Әбдіхалықова**

1970 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданында туған. Қорқыт атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін бітірген.

Білім және ғылым министрлігінде қызмет істейді.

**Мұхамеджан Тазабеков**

1975 жылы Жамбыл облысы Свердлов ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген.

Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері.

**Мәлс Қосымбаев**

1970 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Жетісай ауданында туған. Оралдың А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институтын бітірген. Сол университеттің оқытушысы. Филология ғылымдарының кандидаты.

**Ринат Зайтов**

1983 жылы Семей облысы Аягөз қаласында туған. Семей қаласындағы музыкалық колледжін тәмамдаған. Шөкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің студенті.

**Рүстем Қайыртайұлы**

1985 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті.

**Салауат Исақиев**

1974 жылы Атырау облысы Жылой ауданында туған. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетін бітірген.

**Серік Құсанбаев**

1963 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан қаласында туған. Шөкәрім атындағы Семей педагогикалық институтын бітірген.

Қазақстан Республикасы Президентінің мақтау грамотасымен марапатталған.

**Серікзат Дүйсенғазин**

1975 жылы Семей облысы Аякөз ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы.

**Тәушен Әбеуова**

1932 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында туған. Зейнеткер.

**Тілеген Әділов**

1973 жылы Қарағанды облысы Шет ауданында туған. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін бітірген.

**Оразалы Досбосынов**

1975 жылы Алматы облысы Райымбек ауданында туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қызмет істейді.

**Шорабек Айдаров**

1955 жылы Жамбыл облысы Талас ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген.



## МАЗМУНЫ

Алғысөз. М. Жолдасбеков	3
Аманжол Әлтаев пен Жібек Болтанова	13
Аманжол Әлтаев пен Жәкен Омаров	26
Аманжол Әлтаев пен Ермек Жұматаев	33
Аманжол Әлтаев пен Ақмарал Леубаева	41
Айтбай Жұмағұлов пен Рүстем Қайыртайұлы	49
Баянғали Әлімжанов пен Аманжол Әлтаев	57
Баянғали Әлімжанов пен Дәулеткерей Кәпұлы	69
Баянғали Әлімжанов пен Тілеген Әділов	81
Бекарыс Шойбеков пен Мәлс Қосымбаев	93
Әсия Беркенова мен Бекарыс Шойбеков	100
Мұхамеджан Тазабеков пен Бекарыс Шойбеков	112
Мұхамеджан Тазабеков пен Балғынбек Имашев	122
Мұхамеджан Тазабеков пен Қуаныш Мақсұтов	130
Мәлс Қосымбаев пен Мұхамеджан Тазабеков	138
Қойлыбай Асанов пен Әнуар Омаров	150
Бекжан Әшірбаев пен Қуаныш Мақсұтов	158
Оразалы Досбосынов пен Бекарыс Шойбеков	168
Оразалы Досбосынов пен Ринат Зайытов	180
Есенқұл Жақыпбеков пен Тәушен Әбеуова	191
Серік Құсанбаев пен Оразалы Досбосынов	201
Мұхамеджан Тазабеков пен Бекжан Әшірбаев	213
Мұхамеджан Тазабеков пен Әлфия Орманшина	231
Ринат Зайытов пен Аманғазы Көріпжанов	239
Айтақын Бұлғақов пен Әзімбек Жанкүлиев	248

Мақсат Жұмашев пен Қаныша Райысова	260
Серік Құсанбаев пен Әселхан Қалыбекова	264
Шорабек Айдаров пен Қуаныш Мақсұтов	275
Шорабек Айдаров пен Лена Әбдіхалықова	284
Құдайберлі Мырзабеков пен Абаш Көкенов	295
Шорабек Айдаров пен Әселхан Қалыбекова	298
Айтыс ақындары туралы қысқаша мәлімет	304

## **ҚАЗІРГІ АЙТЫС**

1-кітап

Редакторы

*Н. Айтұлы*

Көркемдеуші редактор

*Б. Жапаров*

Техникалық редакторы, беттеуші

*С. Жапарова*

Корректоры

*А. Елешева*

Компьютерде терген

*Б. Баман*

Басуға 20. 04. 04. қол қойылды. Пішімі 60x90/16. Офсеттік басылыс.

Қағазы офсеттік. Қарып түрі «Times». Баспа табағы 19,5.


Шартты бояулы беттаңбасы 20,5. Есептік баспа табағы 17,5.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №...

Дайын диапозитивтерден ЖШС “Жедел басу баспаханасында” басылды.  
480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.




1602




ҚР Ұлттық Академиялық Кітапханасы  
Национальная Академическая Библиотека РК




210030009224



ҚР Ұлттық Академиялық Кітапханасы  
Национальная Академическая Библиотека РК



210030009224





KULTECİN